

POER

Пайдалану нұсқаулығы

Пайдалану нұсқаулығы



POER

Өз автокөлігіңізді неғұрлым жақсырақ білсеңіз, оны қолдану да сізге соғұрлым көбірек қуаныш пен жайлылық сыйлайды. Дәл осы себепті:

Автокөлікті пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз. Бұл жерде автокөлікті пайдалану туралы маңызды ақпаратты табасыз және осының арқасында оның барлық техникалық артықшылықтарын толық деңгейде қолдана аласыз. Сонымен бірге автокөлігіңізге күтім жасау, қауіпсіз жүргізу, сондай-ақ жол қозғалысының қауіпсіздігі туралы пайдалы ақпарат аласыз.

Сізге шын жүректен жеңіл әрі сәтті сапар тілейміз!

26/09/2024

Жалпы мәліметтер

Нұсқаулықты пайдалану жөніндегі нұсқауды, шартты белгілерге түсініктемелерді қамтиды.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз.

Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Құрамдас бөліктер, қосалқы бөлшектер және аксессуарлар

Бүгінгі таңда автокөлік иелерінің тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді ғана емес, сондай-ақ автокөліктің осы моделіне сәйкес келетін басқа өндірушілердің қосалқы бөлшектері мен құрамдас бөліктерін сатып алу мүмкіндігі бар. Тіпті тиісті мемлекеттік/өңірлік органдарда сертификаттаудан өткен болса да, түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен құрамдас бөліктерді қолдану автокөліктің қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін. Great Wall компаниясы автокөлікке орнатылған түпнұсқа емес қосалқы бөлшектер мен құрамдас бөліктерге қатысты ешқандай жауапкершілік көтермейді және ешқандай кепілдіктер бермейді.

Автокөлікті түпнұсқа емес компоненттерді қолдана отырып қайта жабдықтауға тыйым салынады. Түпнұсқа емес құрамдас бөлшектерді пайдалана отырып қайта жабдықтау автокөліктің пайдалану сипаттамаларына, қауіпсіздігіне немесе қызмет ету мерзіміне әсер етуі, сондай-ақ заңнама талаптарының бұзылуына алып келуі мүмкін. Сонымен бірге автокөліктің ақаулықтарының және жұмыс істеуіндегі проблемалардың себебі оны қайта жабдықтаумен байланысты болса, автокөлікке сапа кепілдігі қолданылмайды. Автокөліктің аспасын, тежеу жүйесін және басқа да жүйелерін қайта жабдықтауға тыйым салынады. Бұл жүргізу қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін.

Сақтандырғыш блоктарына өзгерістер енгізуге тыйым салынады, себебі бұл автокөліктің электр жабдықтарының жұмысына кері әсер етуі мүмкін.

Электрондық компоненттерге, бағдарламалық құралға және электр сымдарына өзгертулер енгізу олардың функционалдығына, сондай-ақ басқа компоненттердің, соның ішінде қауіпсіздік жүйелерінің жұмысына әсер етуі мүмкін. Бұл өз кезегінде автокөлікті пайдалану қауіпсіздігіне әсер етеді және апаттардың туындау немесе жарақат алу қаупін арттырады. Сондықтан сымдарға, электрондық компоненттерге және бағдарламалық құралға өзгертулер енгізуге тыйым салынады.

Осы нұсқаулықтың өзектілігі

Осы нұсқаулықта берілген барлық ақпарат шығарылған уақытында өзекті болады. Алайда біз өз өнімдерімізді үздіксіз жетілдіріп отыратындықтан, онда мазмұндалған мәліметтерді қосымша хабарлаусыз жаңарту құқығын өзімізге қалдырамыз.

Нұсқаулықта сипатталған және суреттерде көрсетілген жабдық сіздің автокөлігіңізде бар жабдықтан өзгеше болуы мүмкін.

Осы нұсқаулықта көрсетілген дисплейлердің кескіндері (суреттерді, белгілерді, мәтінді және т. б. қоса алғанда) тек иллюстрациялық мақсатқа арналған. Дисплейде көрсетілетін ақпараттың автокөліктің жинақтамасына, бағдарламалық құралына, тақырыптарға және баптауларға байланысты айырмашылығы болуы мүмкін. Өз автокөлігіңіздің нақты жинақтамасын басшылыққа алыңыз.

Шартты белгілер

Ескерту

Ерекше назар аударуды қажет ететін ескерту ақпаратын білдіреді.

Оны елемей ауыр жарақатқа және кісі өліміне әкелуі мүмкін. Мұндай ескертулер өзіңізге және айналадағыларға жарақат келтіру қаупін төмендету үшін қандай әрекеттерді жасау немесе жасамау қажет екені туралы ақпарат береді.

Назар аударыңыз

Сақтық шаралары туралы ақпаратты білдіреді.

Бұл сақтық шараларын елемей салдарынан автокөлікке немесе оның жабдықтарына зақым келуі мүмкін. Мұндай ескертулер автокөлікке және оның жабдықтарына зақым келтіру қаупінің алдын алу немесе төмендету үшін қандай әрекеттер жасалуы немесе жасалмауы тиіс екені туралы ақпарат береді.

Хабарлама

Ұсыныстарды білдіреді.

Сізге пайдалы болуы мүмкін қосымша ақпарат бар.

X-бет

Осылайша қандай да бір сұрақ бойынша қосымша ақпаратпен танысуға болатын беттердің нөмірлері белгіленеді.

Сақтық шаралары

Ескерту

Көлікті жүргізген кездегі жалпы сақтық шаралары:

› Сау күйде жүргізу: алкоголь, есірткілер, дәрілік препараттар немесе анестетиктер жүргізушінің реакциясын баяулатады, жағдайды бағалау қабілеті мен координациясын нашарлатады, бұл көлік құралын бақылаудан айыруы және күрделі апатқа алып келуі мүмкін.


- › Абайлап жүргізу: автокөлікті жүргізу кезінде ерекше абай болыңыз. Уақытылы шешім қабылдау және апаттың алдын алу үшін әрқашан басқа жүргізушілердің немесе жаяу жүргіншілердің жол бойындағы қате әрекеттеріне назар аударыңыз.
- › Мұқият жүргізу: жүргізуші бар назарын автокөлік жүргізуге аударуы керек. Басқару түймелерін реттеу, мобильді телефонмен сөйлесу немесе мәтіндерді оқу секілді жүргізушінің назарын бұратын кез келген әрекет соқтығысуға алып келуі мүмкін және сізге, жолаушыларыңызға және айналадағы адамдарға күрделі жарақаттар немесе өлім қаупін төндіреді.

Ескерту

Балаларды, мүмкіндігі шектеулі адамдарды немесе үй жануарларын автокөлікте қараусыз қалдырмаңыз.

- › Балалар, мүмкіндігі шектеулі жандар немесе үй жануарлары автокөліктен өз бетінше шыға және өздеріне көмек көрсете алмайды. Өртүрлі климаттық жағдайларда автокөлік ішіндегі температура өте жоғары немесе өте төмен болуы мүмкін, бұл жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне әкелуі мүмкін.
- › Егер балаларға немесе үй жануарларына кілттер қолжетімді болса, олар автокөлікті қозғалысқа келтіруі, сондай-ақ өздеріне және жол қозғалысының басқа қатысушыларына қауіп төндіруі, мысалы, қозғалтқышты оталдырып жіберуі, тұрақ тежегішін босатуы, берілістерді ауыстыруы, есіктерді немесе терезелерді ашып жіберуі мүмкін.

Автокөлік экстерьері



82CE187D8D91


- | | |
|--|--|
| А Камера:
Айнала шолу жүйесі 137 | О Капот 39 |
| Б Артқы борт тұтқасы 29 | П Камера:
Айнала шолу жүйесі 137 |
| С Отын құю мойнының қақпағы 41 | Қ Соқтығысу қаупі туралы ескерту
жүйесі 135 |
| Д Рейлингтер 56 | Л Алдыңғы сүйреу құлақшасы 280 |
| Е Автоматты алдыңғы
әйнектазартқыш 66 | М Тұман фарасы 59 |
| Ф Сыртқы артқы көрініс айнасы 50 | Н Алдыңғы құрамдасқан фара 59 |
| Г Терезе 35 | О Есік құлпы 24 |
| Н Соқтығысу қаупі туралы ескерту
жүйесі 135 | |



Хабарлама

Кейбір модельдердің сыртқы түрі кескіннен сәл өзгеше болуы мүмкін.
Автокөлігіңіздің нақты конфигурациясына қараңыз.

Салон интерьері



33E25B0EE813

- А Жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыш **59**
- В Рульдің сол жағындағы түймелер:
Мультимедиа жүйесі **213**
Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе **149**
- С Аспаптар тақтасы **193**
Аспаптар тақтасының индикаторлары **200**
- Д Рульдің оң жағындағы түймелер:
Аспаптар тақтасының баптаулары **195**
- Е Әйнектазартқыштардың құрамдасқан ауыстырып қосқышы **66**
- Ғ Мультимедиа жүйесінің дисплейі **220**
- Г Климат-контроль жүйесін басқару түймелері **74**
- Ғ Апаттық жарық сигналын беру жүйесінің түймелері **64**
- І Орындықтарды баптау түймелері **44**
- І Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесінің түймесі **181**
- Қ Сыртқы артқы көрініс айналарын басқару түймесі **51**
- Қ DPF регенерациялау түймесі **188**
- М Фаралар түзеткішінің реттегіші **64**
- М Электрондық тұрақтандыру жүйесінің түймесі **182**
- О Қуат/оталдыру жүйесінің ажыратқышы **109**
- Р USB-порт (мультимедиа) **217**
USB-порт (қуат) **86**
- О Орталық консольдағы басқару тақтасының түймелері **9**

® Қосымша қуат көзі ағытпасы (12 В)

86

⑤ Ілмек 86

① Климат-контроль жүйесінің
дефлекторлары 78

② Ұсақ-түйек бөлімі я 84

Орталық консоль



370273241660

- А USB-порт (мультимедиа) **217**
USB-порт (қуат) **86**
- В Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі **80**
- С Қуат ажыратқышы 12 В (1) **86**
- Д Тұрақ тежегішінің ажыратқышы **114**
- Е Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясының түймесі **115**
- Ф Қуат ажыратқышы 12 В (2) **86**
- Г Қуат ажыратқышы 12 В (3) **86**
- Н Қосымша қуат көзі ағытпасы (12 В) **86**
- І Берілістерді ауыстырып қосу селекторының тұтқасы **119**
- Ј Артқы дифференциалды құлыпталу түймесі **131**
- К 4L түймесі **126**
- Л Айнала шолу жүйесінің түймесі **137**
- М Жүру режимінің ауыстырып-қосқышы **126**

Мазмұны

Пайдалану

Кілттер	20
Кілттер туралы ақпарат	20
Кілттегі түймелердің сипаттамасы.....	21
Кілттің қуат элементін ауыстыру..	22
Есіктердің құлпы	24
Интеллектуалды кіру жүйесінің көмегімен құлыптау және құлыпты ашу.....	24
Кілтпен құлыптау және құлыпты ашу.....	25
Орталық құлып түймесімен құлыптау және құлыпты ашу	25
Ішкі тұтқаның көмегімен құлыпты ашу.....	26
Механикалық кілтпен құлыптау және құлыпты ашу	26
Апаттық құлыптау	26
Бала бекітпесі	27
Автоматты қайта құлыпталу.....	28
Қозғалтқышты өшірген кезде есіктердің құлпын ашу	28
Қозғалыс кезінде автоматты құлыпталу.....	28
Соқтығысу кезінде құлыптың автоматты ашылуы.....	28
Жүк бөлімі	29

Жүк бөлімінің есіктерін ашу және жабу.....	29
Жүк бөлімі есігінің баспалдағы	30
Қақпақты (жалпақ түрі) ашу және жабу.....	31
Тасымалданатын жүктер туралы..	33
Терезелер	35
Әйнеккөтергіштерді баптау	35
Жүргізуші есігіндегі әйнеккөтергіштерді ауыстырып қосқыштар блогы	35
Жолаушы есіктеріндегі әйнеккөтергіштердің түймесі.....	37
Қызып кетуден қорғау функциясы	37
Кідіріс функциясы	37
Қысып қалудан қорғау функциясы	37
Әйнеккөтергіштерді басқару бағдарламасын қалпына келтіру ..	38
Капот	39
Капот қақпағын ашыңыз	39
Капот қақпағын жабу	39
Отын құю	41
Отын құю	41
Отын туралы ақпарат	43
Орындықтар.....	44
Алдыңғы орындықтардың жылытқышы/желдеткіші	44
Бассүйегіштер	45

Қолмен реттелетін орындық.....	46	Апаттық жарық сигналын беру жүйесі	64
Электр жетегі бар орындықтарды реттеу	48	Фаралардың көлбеу бұрышын реттеу	64
Артқы қатар орындықтарын реттеу	49	Салон жарығы.....	64
Артқы көрініс айналары.....	51	Әйнектазартқыштарды басқару.....	66
Қолмен күңгірттелетін сыртқы артқы көрініс айнасы	51	Алдыңғы әйнектазартқыштар мен жуғышының параметрлері	66
Автоматты күңгірттеу функциясы бар сыртқы артқы көрініс айнасы ..	51	Автоматты әйнектазартқыштар	66
Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу	52	Алдыңғы әйнектазалағыштың тыныштық аумағын жылыту	70
Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту	53	Климат-контроль жүйесі.....	71
Руль	54	Климат-контроль жүйесі баптауларының экраны	71
Рульді реттеу	54	Климат-контроль жүйесін басқару ..	76
Руль жылытқышы	54	Климат-контроль жүйесінің дефлекторлары	78
Рульді бейтарап күйге қайтару туралы еске салу	55	Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі	80
Дыбыс сигналы	55	Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі	80
Рейлингер	56	Салон жабдығы	83
Рейлингер	56	Күнқағар	83
Жарықты басқару	58	Косметикалық айна.....	83
Жарық баптаулары	58	Ұсақ-түйек бөлімі	84
Жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыш	59	Ілмек.....	86
Күндізгі жүріс жарықтары.....	62	Қуат көзі ағытпалары.....	86
Алдыңғы тұман фараларының қосымша көмескі жарығы	63	Автокөлікті басқару	
Шұғыл тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру жүйесі.....	63	Автокөлікті басқару қағидалары	92

Автокөлік жүргізу алдында	92	Электр-механикалық тұрақ тежегіші	114
Қозғалыс кезінде	93	Берілістерді ауыстырып қосуды басқару.....	118
Жолаушыларға арналған сақтық шаралары.....	96	Беріліс қорабы режимдерінің сипаттамасы	118
Автокөлікті тоқтату және тұраққа қою	97	Берілістерді ауыстырып қосу	119
Үнемді жүргізу	97	Р берілісін апаттық жағдайда құлыптан шығару	121
Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізу бойынша ұсыныстар	99	Баяу старт функциясы.....	123
Тұманда жүргізу	99	Оталдыру және тоқтату	123
Жаңбыр жауып тұрғанда жүргізу..	99	Рульдің күшейткішінің режимдері....	125
Су басқан аймақтан (су өткелінен) өту	100	Рульдің күшейткішінің режимдері	125
Автокөлікті жылдың ыстық мезгілінде басқару	101	Жүргізу режимдері.....	126
Автокөлікті жылдың суық мезгілінде басқару	102	Жүргізу режимдері.....	126
Автокөлікті сынап жүргізу кезеңінде басқару бойынша ұсыныстар.....	108	Дифференциалды құлыптау.....	130
Шиналар	108	Дифференциалды құлыптау туралы жалпы мәліметтер	130
Тежегіш қыспақтары	108	Артқы белдіктің дифференциалының құлыпталуы	131
Қуат / оталдыру ажыратқышы.....	109	Тұраққа қою көмекші жүйесі.....	133
Қуат көзі режимдерін ауыстырып қосу	109	Автотұраққа көмектесу жүйесін анықтау құрылғылары	133
Руль бағанының құлпын ашу.....	110	Соқтығысу қатері туралы ескерту жүйесі	135
Автокөлікті оталдыру және өшіру ...	111	Артқы көрініс камерасы	136
Оталдыру	111	Айнала шолу жүйесі	137
Автокөлікті өшіру.....	112	Тұраққа қою көмекші жүйесінің баптаулары	139
Тұрақ тежегіші	114		
Сақтық шаралары	114		

Дөңгелек түрі.....	140
Дөңгелек түрі.....	140
Шина қысымын бақылау жүйесі.....	142
Шина қысымын бақылау жүйесі .	142
Жүргізушінің шаршағанын бақылау жүйесі	144
Жүргізушінің шаршағаны туралы ескерту.....	144
Круиз-контроль жүйесі.....	146
Круиз-контроль жүйесі	146
Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйелер.....	149
Жүргізу кезінде көмек көрсететін интеллектуалды жүйелерді анықтау құрылғылары.....	149
Алға жүруге көмектесетін жүйе ..	153
Жол қатарымен жүруге көмектесетін жүйе	157
Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі.....	160
Жол белгілерін тану жүйесі	163
Бейімделетін круиз-контроль жүйесі.....	166
Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі.....	172
Жүргізуге көмектесетін жүйелер	179
Жүргізуге көмектесетін жүйелерді пайдаланған кездегі сақтық шаралары	179
Тежегішті блоктау жүйесі.....	179
Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе	180

Шұғыл тежеу кезінде көмектесетін жүйе.....	180
Бос айнарудан сақтау жүйесі.....	180
Төңкерілуден сақтау жүйесі	181
Қайта соқтығысуды азайту жүйесі	181
Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе.....	181
Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі	181
Электрондық тұрақтандыру жүйесі	182
Динамикалық тұрақтандыру жүйесі	183
Пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесі.....	185
Пайдалы ақпарат	185
Оттегі датчигі	185
Каталиттік бейтараптандырғыш ..	185
Пайдаланылған газдарды рециркуляциялау жүйесі	186
Турбокомпрессор.....	186
Отын буларын бақылау жүйесі ...	186
Картер газдарын рециркуляциялау жүйесі	187
Жоғары қысымды отын жүйесі.....	187
Автокөліктің диагностика жүйесі ..	187
Күйе сүзгісі	187
Бензиндік күйе сүзгісі.....	191
Аспаптар тақтасы	193
Аспаптар тақтасы туралы жалпы мәлімет.....	193

Рульдегі түймелер	195
Сапар туралы ақпарат терезесі .	196
Баптаулар мәзірі	197
Ескерту хабарламаларының интерфейсі	197
Аспаптар тақтасының түсін баптау	199
Аспаптар тақтасының индикаторлары	200
Аспаптар тақтасының индикаторлары.....	200

Мультимедиа жүйесі

Сақтық шаралары	214
Сақтық шаралары	214
Қолдану	214
Радио.....	215
USB-жинақтағыштар	215
Bluetooth	215
Орталық дисплей.....	216
Рульдегі түймелер	216
Сыртқы құрылғыларды қосу	217
Функциялардың сипаттамасы	219
Мультимедиа жүйесінің дисплейі күй жолағы.....	219
Тез реттеу тақтасы	221
Медиа ойнату көздері	222
Bluetooth арқылы қоңырау шалу	224
Мобильді телефонды қосу	226
Жүйе баптаулары	228

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері	234
Сақтық шаралары.....	234
Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу ..	236
Алдыңғы орындықтардың алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулері	236
Үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін пайдалану	238
Артқы қатардағы ортаңғы орындықтың үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін пайдалану.....	238
Қауіпсіздік жастықтары.....	240
Сақтық шаралары.....	240
Қауіпсіздік жастықтарының орналасқан жері.....	241
Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары.	241
Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары ..	244
Қауіпсіздік қалқалары	245
Бала бекіту жүйесі	247
Бала орындықтарын қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулар ..	247
Бала орындықтарын бекіту нүктелері	248
Бала орындықтарының ұсынылатын түрлері.....	249
Бала автоорындығын орнату	250
Автокөліктің айдап өкетуге қарсы жүйесі	254
Жүйе сипаттамасы	254
Қолдану	254

Соқтығыс кезінде отын беруді тоқтату жүйесі	256
Соқтығыс кезінде отын беруді тоқтату жүйесі	256
Оқиғалар туралы деректерді тіркегіш	257
Жүйе сипаттамасы.....	257
Деректерді оқу.....	257
Деректерді ашу	259

Апаттық жағдайлар

Борттық құрал-саймандар жинағы..	262
Борттық құрал-саймандардың орналасуы	262
Автокөлікті көтеру	264
Автокөлікті көтеру нүктелері.....	264
Қосалқы дөңгелек	265
Орналасыру орны	265
Шығарып алу және орналастыру әдісі.....	265
Дөңгелекті ауыстыру	267
Шина зақымдалуының белгілері	267
Дөңгелекті ауыстыруға дайындық	267
Қосалқы дөңгелекті орнату.....	268
Апат жағдайындағы әрекеттер	272
Жол-көлік оқиғасы орын алған кездегі іс-әрекеттер.....	272
Автокөлік батып қалған жағдайдағы әрекеттер.....	272

Қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдыру.....	274
Аккумулятор зарядының төмен екенінің белгілері	274
Қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдыру тәсілдері	274
Қозғалтқыштың қызып кетуі	277
Қозғалтқыштың қызып кетуі	277
Сүйреу.....	279
Арнайы техникамен сүйреу.....	279
Сүйреу құлақшасы	280
Сүйреу сымарқаны	281
Сүйреу құлақшасының көмегімен сүйрету	281
Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесі .	284
Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесі	284

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету қажеттілігі	288
Мотор бөлімі	289
Сақтық шаралары.....	289
Сұйықтықтар мен майлар деңгейлері.....	290
Мотор майы	291

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы.....	293
Тежегіш сұйықтығы	293
Өйнекужуғыш сұйықтық.....	294
Радиатор, желдеткіш	295
Аккумулятор батареясы	295
Ескерту белгілері мен жапсырмалар	296
Радиатор қақпағындағы ескерту жапсырмасы	296
Мотор бөліміндегі ескертуші жапсырмалар	296
Аккумулятор батареясындағы ескертуші жапсырмалар	296
Бөлшектерді ауыстыру	298
Сақтандырғышты ауыстыру	298
Алдыңғы өйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру.....	300
Автокөлік фаралары	301
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету	303
Шиналарға күтім жасау.....	303
Жаңа автокөліктердегі қорғаныш үлдір	306
Шанаққа күтім жасау	306
Салонға күтім жасау	309
Коррозияның алдын алу шаралары	313
Автокөлікті ұзақ сақтау	314
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету	316

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесі	325
Ауыр пайдалану жағдайлары	325

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік	326
---	-----

Кепілді техникалық қызмет көрсету

Кепілдік міндеттемелер жайлы ақпарат	332
Кепілдік міндеттемелер жайлы ақпарат	332
Шанақты тексеру	337
Кепілдік туралы нені білу керек	340
Мерзімді техникалық қызмет көрсету	340
Түпнұсқа қосалқы бөлшектер.....	340
Конструкцияны өзгерту.....	340
Кепілдік төменде аталған жағдайлардан туындаған кемшіліктерге қолданылмайды: ..	340
Мыналарға да назар аударыңыз:	342
Автокөлік иесінің міндеттері.....	345
Одометрді ауыстыру картасы.....	346
Автокөлік туралы ақпараты бар тіркеу картасы	349
Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасы	353
Ерекше белгілер	355

Сату алдындағы дайындық	356
-------------------------------	-----

Техникалық деректер

Автокөлікті сәйкестендіру.....	358
Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі	358
Қозғалтқыш нөмірі.....	359
Автокөлік параметрлері.....	361
Динамикалық сипаттамалар.....	361
Шиналардың техникалық сипаттамалары	362
Дөңгелек параметрлері	363
Аспа сипаттамалары	363
Тежеу жүйесінің параметрлері ...	364
Майлар мен сұйықтықтардың параметрлері.....	364

1


Пайдалану

Кілттер	20
Есіктердің құлпы	24
Жүк бөлімі	29
Терезелер	35
Капот	39
Отын құю	41
Орындықтар	44
Артқы көрініс айналары	51
Руль	54
Рейлингтер	56
Жарықты басқару	58
Әйнектазартқыштарды басқару	66
Климат-контроль жүйесі	71
Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі	80
Салон жабдығы	83

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Кілттер туралы ақпарат



338397361396

- Ⓐ Смарт-кілт
- Ⓑ Кілт нөмірі бар бирка


Хабарлама

- › Кілтті және бирканы дұрыс сақтаңыз. Кілт нөмірі бар тақтайшада сіздің автокөлігіңізге арналған механикалық кілт коды көрсетілген. Тек осы код болған жағдайда ғана сервис орталығынан жаңа механикалық кілтке тапсырыс беруге болады.
- › Автокөлікті сатқан немесе басқа тұлғаға берген жағдайда бирканы жаңа иесіне табыстау қажет.

Назар аударыңыз

- Смарт-кілттің электрондық компоненттері бар. Оның зақымдалуынан сақтану үшін келесі нұсқауларды орындау қажет:
- › Кілтті жылудың әсеріне ұшырайтын орында, мысалы, аспаптар тақтасының үстінде қалдырмаңыз.
 - › Қажеттілік болмаса, кілтті бөлшектемеңіз.
 - › Кілтті басқа заттарды соққылау үшін қолданбаңыз, оны жерге құлатып алудан сақ болыңыз.
 - › Кілтті суға батырмаңыз және ультрадыбыстық тазартқышқа салып өңдемеңіз.
 - › Кілтті электр-магнитті толқындар тарататын құрылғылардың, мысалы, мобильді телефондардың жанында қалдырмаңыз.

Кілттегі түймелердің сипаттамасы



2AF9A1972B89

- Ⓐ Оталдыру түймесі
- Ⓑ Автокөлік іздеу түймесі
- Ⓒ Құлыптау түймесі
- Ⓓ Құлыпты ашу түймесі

Оталдыру түймесі

Көлікті қашықтан оталдыру үшін барлық есіктер мен жүк бөлімінің есіктері жабық және құлыптаулы екеніне көз жеткізіңіз. Содан кейін кілттегі оталдыру түймесін бір рет басып, келесі секунд ішінде оны қайтадан басып, ұстап тұрыңыз.

Хабарлама

Егер қашықтан оталдырғаннан кейін автокөлік 15 минут ішінде пайдаланылмаса, қозғалтқыш автоматты түрде өшеді.

Автокөлікті іздеу функциясы

Тұрақта тұрған автокөлікті тезірек табу үшін есіктер құлыпталған кезде іздеу түймесін басыңыз.

Іздеу функциясын өшіру үшін автокөлік сигнал берген кезде түймені қайта басыңыз.

Құлыптау түймесі

Құлыптау түймесін басу автокөліктің барлық есіктерін құлыптайды. Бұл жағдайда апаттық сигнал шамдары 1 рет жыпылықтайды.

Хабарлама

Егер есіктерді құлыптаған кезде апаттық сигнал шамдары жыпылықтамаса, барлық есіктердің толық жабылғанына көз жеткізіңіз.

Құлыпты ашу түймесі

Бұл түймені басқанда барлық есіктің құлпы ашылады. Бұл жағдайда апаттық сигнал шамдары 2 рет жыпылықтайды.

Назар аударыңыз

› Өз қалауыңыз бойынша тарату жиілігін өзгертпеңіз, тарату қуатын ұлғайтпаңыз (қосымша қуат күшейткіштерін пайдалануды қоса алғанда), сыртқы антенна немесе өзге таратқыш антенналар қолданбаңыз.

- › Смарт-кілтті қолдану ресми радиобайланыс қызметтеріне кедергілер тудырмауы тиіс. Егер кедергілер тудырып жатқаныңызды байқасаңыз, оны қолдануды тоқтатыңыз және кедергілерді жою бойынша қажетті шаралар қолданыңыз. Осыдан кейін смарт-кілтті пайдалануды жалғастыруыңызға болады.
- › Кілтті пайдалану кезінде оның жұмысына әр түрлі радиожабдық әсер етуі мүмкін, ол оның функцияларын уақытша істен шығаруы мүмкін.

Кілттің қуат элементін ауыстыру

Ескерту

Смарт-кілтке таблетка пішінді қуат элементі орнатылған.

- › Автокөлік кілтінде қолданылатын қуат элементтері қауіпті, сондықтан олар жаңа болғанына немесе пайдаланылғанына қарамастан, әрқашан балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы керек.
- › Жұтып қойған немесе дененің кез келген жеріне түскен жағдайда қуат элементі 2 сағаттан аспайтын уақыт ішінде ауыр немесе өмірге қауіпті жарақатқа алып келуі мүмкін.


- › Қуат элементі жұтылған немесе ағза ішіне енген деген күдік туындаса, кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

- › Пайдаланылған қуат элементтерін жергілікті заңнамаға сәйкес жойыңыз. Пайдаланылған қуат элементтерін дұрыс жоймау қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін.

Назар аударыңыз

- › Барлық операцияларды құрғақ қолдарыңызбен орындаңыз — ылғал қуат элементін коррозияға ұшыратуы мүмкін.
- › Смарт-кілтте электронды компоненттер бар, осыған байланысты оны соққылардан, жоғары температураның әсерінен, күннен, сұйықтықтардан, ылғалдан, коррозиядан және т. б. қорғау керек.
- › Кілттің компоненттерін ұстамаңыз немесе қозғамаңыз.
- › Қуат элементінің полюсін сақтаңыз.
- › Қуат элементін ауыстырған кезде мұқият болыңыз, бөлшектерін жоғалтпаңыз.

1. Смарт-кілттегі бекіткішті басып, механикалық кілтті шығарып алыңыз.



C9F645464F00

- Ⓐ Жүгірткі
- Ⓑ Механикалық кілт

2. Кілттің қақпағын тегіс бұрағышпен ақырын іліп алып, шешіңіз.



2B67E1113B45

3. Ескі қуат элементінің орнын және оның полярлығын есте сақтаңыз, содан кейін оны шығарып алыңыз. Жаңа қуат элементін полярлығын сақтай отырып орнына орнатыңыз.



161DBEED0148

Қуат элементінің түрі: CR2032.


4. Кілт қақпағын орнатыңыз және барлық кілт түймесінің дұрыс жұмыс істеп тұрғанын тексеріңіз.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Интеллектуалды кіру жүйесінің көмегімен құлыптау және құлыпты ашу

Смарт-кілт жаныңызда болса, интеллектуалды кіру жүйесінің (PEPS) көмегімен автокөлік есіктерін құлыптауыңызға және құлыптарын ашуыңызға болады.



- Ⓐ Құлыпты ашу датчигі
- Ⓑ Құлыптау түймесі

Құлыпты ашу тәртібі

Құлыпты ашу датчигін түртіп, автокөліктің барлық есіктерінің құлпын ашуыңызға болады. Бұл жағдайда апаттық сигнал шамдары 2 рет жыпылықтайды.

Есіктерді құлыптау

Бұл түймені басу автокөліктің барлық есіктерін құлыптайды. Бұл жағдайда апаттық сигнал шамдары 1 рет жыпылықтайды.

i Хабарлама

Егер есіктерді құлыптаған кезде апаттық сигнал шамдары жыпылықтамаса, барлық есіктердің толық жабылғанына көз жеткізіңіз.

i Хабарлама

› Есіктерді смарт-кілт анықталған жағдайда ғана басқаруға болады.


- › Бір мезгілде құлыптау түймесін басуға және құлыпты ашу датчигін түртуге болмайды.
- › Есіктің тұтқасын қолғап киіп ұстағанда есіктің құлпын аша немесе есікті құлыптай алмауыңыз мүмкін.
- › Интеллектуалды қол жеткізу жүйесінің радио толқындары өте әлсіз, сондықтан жақын жерде басқа сымсыз құрылғылар болса немесе сигнал кедергілермен бұғатталса, смарт-кілт пен автокөлік арасындағы байланыс үзіліп, жүйенің жұмысында ақаулар туындауы мүмкін.
- › Автокөлік есіктерін әрбір сәтті құлыптағаннан немесе құлыптарын ашқаннан кейін интеллектуалды кіру жүйесі 3 секундқа жұмысын тоқтатады.
- › Есіктердің сыртқы тұтқалары:
Жылдың суық мезгілінде автокөлікті жуғаннан кейін есіктердің сыртқы тұтқаларының саңылауларынан судың қалдықтарын мүмкіндігінше тезірек кетіру өте маңызды. Су тұтқаның механизмінде қатып қалуы және оның кептелуіне әкелуі мүмкін. Атап айтқанда, есік тұтқасынан тартқаннан кейін механизм детальдары орнына барып тұрмауы мүмкін, сонда есік тиісінше жабылмай қалады. Егер осындай проблема туындаған болса, мұзын кетіру үшін есік тұтқасынан бірнеше рет тартыңыз.

Кілтпен құлыптау және құлыпты ашу

Кілт түймелерінің сипаттамасын қараңыз.

(▷ 21-бет)

Орталық құлып түймесімен құлыптау және құлыпты ашу



5F946C7E4EC3

Ⓐ Құлыпты ашу түймесі

Ⓑ Құлыптау түймесі

Орталық құлып түймесі жүргізуші жақтағы есікте орналасқан, барлық есіктерді құлыптау немесе құлпын ашу үшін оны басуға болады.

Есіктердің құлпы

Ішкі тұтқаның көмегімен құлыпты ашу

1

Пайдалану




D84B986251CC

Егер жүргізушінің есігі құлыпталуы болса, оны ішкі тұтқаны тарту арқылы ашуға болады. Егер құлыпталған есіктің ішкі тұтқасынан жүргізуші жақтан тартсаңыз, құлпын ашасыз, екінші рет тартсаңыз — есік ашылады.

Хабарлама

Артқы бүйір есікті ішкі тұтқасымен ашқан кезде бала бекітпесінің өшірілгеніне көз жеткізіңіз. Өшірілмеген болса, есік ашылмайды.

Механикалық кілтпен құлыптау және құлыпты ашу



AE4A3EA10D94

Механикалық кілтті құлыпқа салып бұраңыз.

Хабарлама

Есікті механикалық кілтпен ашқан кезде, айдап әкетуге қарсы сигнал беру жүйесі іске қосылуы мүмкін.
(254-бет)

Апаттық құлыптау



75738DF66DD8

Алдыңғы жолаушы есігі мен артқы есіктер апаттық құлыптау құрылғыларымен жабдықталған.

Электр қуаты өшіп қалса немесе есіктерді құлыптаудың электронды жүйесі ақаулы болса, механикалық кілтті пайдаланыңыз. Оны құлыптың оймасына салыңыз және суреттегі көрсеткі көрсеткен бағытқа бұраңыз. Содан кейін есікті жабыңыз, ол құлыпталады.

Механикалық кілтті шығарып алу туралы ақпарат смарт-кілттің қуат элементін ауыстыруға арналған бөлімде берілген. (▷ 22-бет)

Хабарлама

Егер сізге есіктерді құлыптаудың осы әдісін қолдану қажет болса, бұл есіктерді электронды құлыптау жүйесіндегі ақаулықты білдіруі мүмкін. Диагностика жүргізу және жөндету үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласуға кеңес береміз.

Бала бекітпесі

Қауіпсіздік мақсатында балаларды артқы орындықтарда тасымалдаған жөн. Артқы есіктер есіктің кездейсоқ ашылып кетуіне жол бермейтін бала бекітпесімен жабдықталған.



Тұтқаны көрсеткі бағытына жылжыту арқылы бала бекітпесін құлыптай аласыз. Бала бекітпесінің құлпын ашу үшін тұтқаны қарама-қарсы бағытта жылжытыңыз.

Ескерту

Бала бекітпелері тек артқы есіктерге ғана орнатылған. Егер бала артқы орындықта жалғыз өзі отырса, есіктердің абайсызда ашылып кетуіне жол бермеу үшін екі есіктің де бала бекітпелерін іске қосыңыз.

Хабарлама

Бала бекітпелері құлыптаулы болғанда, есіктерді есіктің тұтқасын автокөлік сыртынан тарту арқылы ғана ашуға болады.

Есіктердің құлпы

Автоматты қайта құлыпталу

Егер кілттегі құлыпты ашу түймесін басу арқылы есіктердің құлпын сәтті ашқаннан кейін 30 секунд ішінде қуат қосқышымен немесе есіктермен ешқандай әрекет жасалмаса, онда барлық есіктер автоматты түрде қайтадан құлыпталады.

Қозғалтқышты өшірген кезде есіктердің құлпын ашу

Қозғалтқышты өшірген кезде барлық есіктердің құлыптары автоматты түрде ашылады.

Қозғалтқышты өшірген кезде есіктердің құлпын автоматты түрде ашу функциясын қосу немесе өшіру үшін мультимедиа жүйесінің дисплейі ар

【Автоөлікті бақылау】→【Борттағы жабды кезде таңдаңыз.

Қозғалыс кезінде автоматты құлыпталу

Автокөліктің жылдамдығы берілген мәннен асқан кезде барлық есіктер автоматты түрде құлыпталады.

【Автоөлікті бақылау】→【Автоөлікті бақылау】→【Борттағы жабды кезде таңдаңыз.

【Жолға шығу жылдамдық тақырыптың тармағындағы мультимедиялық экран арқылы есіктерді автоматты түрде құлыптау функциясын өшіруге немесе оның ол іске қосылатын жылдамдықты орнатуға болады.

Хабарлама

Қозғалысты бастамас бұрын барлық есіктердің жабық екеніне көз жеткізіңіз.

Соқтығысу кезінде құлыптың автоматты ашылуы

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON режимінде болса және жүйе соқтығысуды тіркесе, барлық есіктің құлыптары автоматты түрде ашылады.

【Қозғалтқышты өшірген құлыпты ашу】тармақтарын

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Жүк бөлімінің есіктерін ашу және жабу

Жүк бөлімінің есігін ашу



D534DE8A300B

Жүргізуші есігінің құлпын ашыңыз, содан кейін оны ашу үшін жүк бөлімінің есігінің тұтқасын тартыңыз.

Жүк бөлімінің есігін жабу

Оны жабу үшін жүк бөлімінің есігін қолмен жоғары көтеріңіз.

⚠ Назар аударыңыз

- › Егер автокөлік жаңбырдан қорғайтын қақпақпен жабдықталған болса, алдымен қақпақты, содан кейін есікті ашу керек. Өйтпесе, қақпақ немесе автокөліктің басқа бөліктері зақымдалуы мүмкін.
- › Жүк бөлімінің есігін ашқан кезде ашу процесін жылдамдату үшін шамадан тыс күш салмаңыз, себебі бұл белдіктер мен амортизаторларды зақымдауы мүмкін.
- › Жүк бөлімінің есігін ашқан кезде есік пен шанақ едені бір деңгейде болатындай етіп екі жақтағы ілмектер толығымен созылуы керек.
- › Егер жүк бөлімінің есігі мұздап жабысып қалған болса немесе бетін қар және мұз жауып тұрса, оны күштеп ашуға тырыспаңыз. Есікті ашпас бұрын мұз ерігенше күтіңіз. Төтенше жағдайда жүк бөлімінің есігін ашу қажет болғанда, мұз бен қарды еріту үшін оған жылы су құйыңыз. Есікті ашпас бұрын мұз ерігенше күтіңіз.
- › Жүк бөлімінің есігін жапқанда, сөмкелер, киім, галстуктар және басқа заттар есіктің тесігіне кірмейтініне көз жеткізіңіз.
- › Есік жабылғаннан кейін оның толығымен жабылғанын тексеріңіз.

Ескерту

- Жарақат алуға жол бермеу үшін балаларға жүк бөлімінің есігін басқаруға рұқсат бермеңіз.
- Жүк бөлімінің есігін шамадан тыс күшпен жаппаңыз, себебі бұл есіктің өзіне және басқа бөлшектерге зақым келтіруі мүмкін.
- Жүк бөлімінің есігін жапқанда ауыр жарақат алмау үшін басқа адамдардың қолдарын, аяқтарын немесе бастарын ұрып-соғудан сақ болыңыз.

Жүк бөлімі есігінің баспалдағы

Баспалдақ жүк бөліміне қол жеткізуді жеңілдетеді.

Ескерту

- Баспалдақты автокөлік тегіс жерде тұрған кезде ғана пайдалану керек.
- Баспалдақты тек жақсы жарықтандырылған жерлерде қолдануға болады.
- Баспалдақты қолданар алдында оның таза екеніне көз жеткізу керек.
- Жалаң аяқ болғанда баспалдақты пайдаланбаңыз.
- Баспалдаққа түсетін жүктеме (адам мен жүктің жалпы салмағы) 150 кг-нан аспауы керек.
- Баспалдағы суырылған автокөлікті жүргізуге тыйым салынады.

Баспалдақты суыру

- Жүк бөлімінің есігін ашыңыз.
- Баспалдақтың қорғаныс қаптамасындағы түймені басыңыз, ол сәл суырылады.



6F59D7791F13

- Баспалдақты толығымен суырып, оны ең төменгі күйге түсіріңіз.



31769DD13FAB

⚠ Назар аударыңыз

Қандай да бір заттарды баспалдақпен сүйреуге тыйым салынады.

Баспалдақты алып тастау

Баспалдақты көлденең күйге дейін жоғары бұраңыз және оны толық бекітілгенше жүк бөлімінің есігіне қайта сырғытыңыз.

Қақпақты (жалпақ түрі) ашу және жабу**Ашу**

0E271209FCCA

Жүргізушінің есігінің құлпы ашылған кезде, қақпақ қосқышын басып, оны қолмен көтеріңіз.

Жабу

1. Артқы бортты жауып, құлыптаңыз.
2. Қақпақты толығымен жабылғанша қосалқы белдікпен ақырын түсіріңіз.
3. Қосалқы белдікті жіберіп, оны қайтадан жүк бөліміне салыңыз.

4. Қақпақтың екі жағын сыртынан басыңыз (суретте көрсетілгендей). Сырт еткен дыбыс қақпақтың бекітілгенін білдіреді.



0189D88802EB

5. Қақпақтың толық жабылғанына көз жеткізіңіз.

Жүк бөлімінің сыртында құлыпты апаттық ашу

Егер қақпақ электр құлыптау жүйесімен ашылмаса, оны арнайы қақпақ кілтін пайдаланып шұғыл түрде ашуға болады.

Жүк бөлімі

1

Пайдалану

1. Қақпақты ашып, қақпақ кілтін құлыптың оймасына салыңыз да, қақпақтың құлын ашу үшін бұраңыз.



2. Қақпақты қолмен көтеріңіз.

Жүк бөлімінің ішінде құлыпты апаттық ашу

Жүк платформасында жолаушыларды тасымалдауға тыйым салынады. Алайда, егер күтпеген жағдайға байланысты адам шанақта құлыпталып қалса, ол ішкі механизмнің көмегімен қақпақты аша алады.



Суретте көрсетілгендей, қақпақты қолмен ашу үшін сол және оң жақ құлыпты ашу механизмдерін ауыстырыңыз.

Ескерту

- › Автокөліктің қақпағы ашып жүруге тыйым салынады.
- › Егер адамдар қақпақтың жанында болса, оны ашқанда немесе жапқанда ешкім зардап шекпейтініне көз жеткізіңіз.
- › Қақпақты жапқан кезде жеке заттарыңыздың, мысалы, сөмкенің немесе галстугіңіздің қақпаққа қысылып қалмауын қадағалаңыз.
- › Кездейсоқ жарақат алуға жол бермеу үшін балаларға осы қақпақты басқаруға рұқсат бермеңіз.
- › Қосымша белдікті пайдаланған кезде шамадан тыс күш салмаңыз және қысылып қалмау немесе басқа жарақат алмау үшін қолдарыңызды немесе дененің басқа бөліктерін қақпақтың қозғалыс аймағына кіргізбеңіз.

Назар аударыңыз

- › Қақпақ жабық болғанда жүк бөлімінің есігін ашпаңыз. Өйтпесе, қақпақ немесе басқа бөліктер зақымдалуы мүмкін.
- › Қақпақты ашқан кезде шамадан тыс күш түсірмеңіз. Бұл оған зақым келтіруі мүмкін.
- › Қатты жел соғып тұрғанда қақпақты абайлап ашыңыз. Қатты жел қақпақты тым кең ашып, оның деформациясына әкелуі мүмкін.
- › Қақпақтың тірек тіреулеріне ешқандай сәндік элементтерді орнатпаңыз немесе жапсырмаңыз.
- › Қақпақты көлденең бағытта күшпен тартпаңыз. Бұл тірек тіреулерінің қисаюына және деформациясына әкелуі мүмкін.

Хабарлама

- › Қақпаққа ауыр керек-жарақтарды қоймаңыз. Бұл тірек тіреулерінің қақпақты көтерілген күйде мықтап ұстай алмауына әкелуі мүмкін.
- › Қақпақты өз бетіңізше бөлшектемеңіз.

Тасымалданатын жүктер туралы

- › Тасымалданатын жүктердің ұзындығы мен ені жүк платформасының өлшемдерінен аспауы тиіс.
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүктерді сымарқандармен бекітіңіз немесе брезентпен жабыңыз.

- › Тым жоғары жүктерді тасымалдамаңыз.

Тасымалданатын жүк желдің немесе бұрылыс кезінде пайда болатын орталықтан тепкіш күштің әсерінен автокөлік шетке лақтырылмауы үшін мүмкіндігінше төмен болуы керек.

- › Мүмкін болса, жүк бөлімінің есігіне ауыр заттарды қоймаңыз. Егер бұл мүмкін болмаса, есікке зақым келтірмеу үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

Автокөлік қозғалыссыз болғанда және жүк бөлімінің есігі көлденең күйде болғанда, оған уақытша жүктеме 150 кг-нан аспауы керек.

Тиеу немесе түсіру кезінде жүк бөлімінің есігін соққыламаңыз.

Жүкті жүк бөлімінің есігінде ұзақ уақыт қалдырмаңыз.

Жол жүрмей тұрып жүк бөлімінің есігі толығымен жабылғанына көз жеткізіңіз. Жүк бөлімінің есігін ашып жүруге тыйым салынады.

Қозғалыс кезінде жүк мықтап бекітілуі керек, кері жағдайда соққылар мен заттардың жылжуынан жүк бөлімінің есігі зақымдалуы мүмкін.

Ескерту

- › Адамдарды жүк платформасында тасымалдауға тыйым салынады.
- › Адамдарды немесе жануарларды қақпақпен жабдықталған жүк платформасында тасымалдауға тыйым салынады. Өйтпесе, оттегінің жетіспеушілігі өлімге әкелуі мүмкін.
- › Терезелерден сөндірілмеген темекі, сіріңке және басқа да от көздерін тастауға тыйым салынады. Желдің әсерінен олар жүк платформасына түсіп, жүктің тұтануына және өртке әкелуі мүмкін.

Назар аударыңыз

- › Жүк тіректері ретінде қорғаныс жақтауын немесе артқы бортты пайдалануға тыйым салынады.
- › Жүк платформасын біркелкі емес жүктеуге тыйым салынады. Бұл жекелеген аймақтарда қозғалыс пен шамадан тыс жүктеме кезінде тұрақсыздыққа, сондай-ақ жүк платформасы мен шассиге зақым келтіруі мүмкін.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Әйнеккөтергіштерді баптау

Әйнеккөтергіштерді **А**втокөліктің баптаулары → **Б**орттағы жабдық **Б**өлімінде мультимедиялық жүйенің дисплейі арқылы баптауға болады.

Қозғалыс кезінде терезелердің автоматты түрде жабылуы


Автокөлік жылдамдығы белгіленген мәнге жеткенде терезелер автоматты түрде жабылады.

Егер сіз бұл функцияны пайдаланғыңыз келмесе, оны **А**втокөліктің баптаулары → **Б**орттағы жабдық **Б**өлімінде **OFF** түймесін басу арқылы өшіруге болады.

Құлыптау кезінде терезелерді жабу

Бұл функция қосылған кезде, барлық есіктер смарт-кілтпен немесе кілтсіз кіру жүйесімен сәтті құлыпталған кезде терезелер автоматты түрде жабылады.

Жүргізуші есігіндегі әйнеккөтергіштерді ауыстырып қосқыштар блогы



CB9EE9450788

- Ⓐ Әйнеккөтергіштерді құлыптау түймесі
- Ⓑ Жүргізуші есігіндегі әйнеккөтергішті ауыстырып қосқыш
- Ⓒ Алдыңғы жолаушы есігіндегі әйнеккөтергішті ауыстырып қосқыш
- Ⓓ Сол жақ артқы есіктің әйнеккөтергішін ауыстырып қосқыш
- Ⓔ Оң жақ артқы есіктің әйнеккөтергішін ауыстырып қосқыш

Қолмен басқару

Терезені ашу немесе жабу үшін тиісті ауыстырып қосқышты басыңыз немесе тартыңыз. Әйнек қажетті күйге жеткенше оны ұстап тұрыңыз, содан кейін жіберіңіз.

Бір рет басу арқылы басқару

Әйнеккөтергішті ауыстырып қосқышты әдеттегіден қатты басыңыз да, жібере салыңыз: терезе автоматты түрде толық ашылады. Оны тоқтату үшін ауыстырып қосқышты тартыңыз. Әйнеккөтергішті ауыстырып қосқышты әдеттегіден қатты тартыңыз да, жібере салыңыз: терезе автоматты түрде толық жабылады. Жабылу процесін тоқтату үшін ауыстырып қосқыш түймесін басыңыз.

Хабарлама

- › Кейбір модельдерде жүргізуші жақтағы әйнек қана бір рет басу арқылы басқару функциясымен жабдықталған.
- › Егер әйнектерді бір рет басу арқылы көтеру/түсіру функциясы жұмыс істемесе, аккумулятор зарядының таусылуына немесе басқа себепке байланысты жүйенің жұмысы бұзылған болуы мүмкін. Бұл әйнеккөтергіштерді басқару бағдарламасын қалпына келтіру қажет ➔ [38-бет](#)

Терезелерді апаттық жабу

Апаттық жағдайда әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын жоғары қарай тірелгенше тартып ұстап тұрыңыз. Терезе қысып қалудан қорғау іске қосылмастан жабылады.

Әйнеккөтергіштерді құлыптау

Әйнеккөтергіштерді құлыптау түймесін басқаннан кейін артқы есіктердегі ауыстырып қосқыштарды пайдаланып оларды басқару мүмкін болмайды. Түймені қайтадан басу артқы есіктердегі әйнеккөтергіш ауыстырып қосқыштарының функцияларын қалпына келтіреді.

Хабарлама

Көлікте бала болса, баланы қауіпсіздігі жоғарырақ артқы орындыққа отырғызған және әйнеккөтергіштерді құлыптау функциясын қосып қойған жөн.

Ескерту

Терезені жаппас бұрын жолаушылардың қолдары және бастары мен денесінің басқа бөліктері қауіпсіз қашықтықта екеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе, жолаушылар ауыр жарақат алып қалуы мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз

Төмен температурада әйнек пен жақтаудың арасында мұз пайда болуы мүмкін, бұл әйнектің қозғалысына кедергі келтіреді. Бұл жағдайда көтеру-түсіру механизміне зақым келтіріп алмау үшін ауыстырып қосқыштарды қайталап баспаған жөн. Салон температурасы көтеріліп, мұз ерігенше күтіңіз. Осыдан кейін әйнеккөтергіштерді пайдалануға болады.

Жолаушы есіктеріндегі әйнеккөтергіштердің түймесі

Әйнеккөтергіштерді ауыстырып қосқыштар жолаушылар жақтағы есіктердің шынтақтаяныштарында орналасқан және тиісті терезелерді ашуға және жабуға арналған.

Қызып кетуден қорғау функциясы

Әйнеккөтергіш ауыстырып қосқышын ұзақ уақыт бойы қайталап басу әйнеккөтергіш электржетегін қызып кетуден қорғау функциясын іске қосуы мүмкін. Бұл ретте әйнеккөтергіш ауыстырып қосқышы уақытша жұмыс істеуін доғарады. Электржетек суыған кезде ауыстырып қосқыштың функциялары қалпына келеді.

Кідіріс функциясы

Қуат режимін ON күйінен OFF күйіне ауыстырғаннан кейін терезелерді біраз уақыт басқаруға болады.

ⓘ Хабарлама

Жинақтамаға байланысты кейбір модельдерде алдыңғы есіктер ашылған кезде кідіріс функциясы өшеді.

Қысып қалудан қорғау функциясы

Егер терезені жабу кезінде оған бөтен зат тиетін болса, онда қысымның белгілі бір мәніне жеткен кезде терезе жабылуын доғарады және автоматты түрде біршама қашықтыққа жылжиды.

⚠ Ескерту

- › Дененің кез келген бөлігімен әйнектің қозғалуға жол бермеу арқылы қысып қалудан қорғау функциясын тексеруге тыйым салынады.
- › Толық жабылғанға дейін терезеде қандай да бір зат болса, қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемейді.
- › Терезелерді апаттық жабу функциясы іске қосылған кезде қысып қалудан қорғау функциясы жұмыс істемейді.

Хабарлама

- › Қолайсыз жағдайларда, мысалы, төмен температурада немесе күшті селкілдеу кезінде әйнекті көтеру барысында қысып қалудан қорғау іске қосылып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайда әйнеккөтергіштің ауыстырып қосқышын әдеттегіден қаттырақ тартыңыз да, жібере салыңыз: терезе толық жабылады.
- › Егер бір рет басу арқылы әйнектерді көтеру және түсіру функциясы істен шықса, қысып қалудан қорғау функциясы да жұмысын тоқтатады және бұл функциялардың қалыпты жұмысын қалпына келтіру үшін қалпына келтіруді орындау қажет болады.

Әйнеккөтергіштерді басқару бағдарламасын қалпына келтіру

Егер бір рет басу арқылы әйнеккөтергіштерді басқару функциясы дұрыс жұмыс істемесе, оны келесідей қалпына келтіруге болады:

1. Қуатты ON режиміне ауыстырыңыз.
2. Терезе толығымен жабылғанша әйнеккөтергішті ауыстырып қосқышты қарсылық нүктесінен жоғары көтеріп, оны осы күйде шамамен 3 секунд ұстаңыз.

3. Әйнеккөтергіш ауыстырып қосқышын қайтадан іске қосыңыз: қалпына келтіруді аяқтау үшін бір рет басу арқылы әйнекті толығымен түсіріңіз және толығымен көтеріңіз.

Хабарлама

Бір рет басу арқылы әйнекті көтеру/түсіру функциясы істен шыққан кезде, барлық терезелерді басқару бағдарламасын қалпына келтіру керек. Сондай-ақ, аккумуляторды ажыратып, қайта қосқан сайын қалпына келтіру қажет.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Капот қақпағын ашыңыз

1. Жүргізуші жақтағы аспаптар тақтасының астында орналасқан тұтқаны тартыңыз. Капот сәл ашылады.



7638BA847BEE

2. Қолыңызды пайда болған бос орынға апарыңыз, ысырманы көрсеткі бағытында жылжытыңыз және капотты көтеріңіз. Ол автоматты түрде ашық күйге көтеріледі.



677FD4158699

Капот қақпағын жабу

Капот қақпағын төмен қарай тартыңыз. Құлыпқа 20-30 см қалғанда, қақпақты біраз күшпен тез басыңыз, сонда ол жабылады.



Ескерту

Көлік жүргізбес бұрын капот қақпағының сенімді жабылғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе ол қозғалыс кезінде ашылып кетіп, апаттық жағдай тудыруы мүмкін.



Назар аударыңыз

- › Капот қақпағын жаппас бұрын оның астында бөтен заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- › Жапқан кезде капоттың қақпағын шамадан тыс күшпен баспаңыз. Әйтпесе ол майысып кетуі мүмкін.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.


Отын құю

1. Отын құю мойнының есігін ашатын тұтқаны көрсеткі көрсеткен бағытта тартыңыз.



B444C1DF0A23

2. Теріс бағытта бұрай отырып отын бағының қақпағын бұрап ашыңыз.



42E9E028BD18

⚠ Ескерту

- › Егер қақпақты бұрап ашқан кезде ысқырған дыбыс естілсе, кідіріп, дыбыстың тыйылуын күту және содан кейін қақпақты жайымен ашу қажет.

Ыстық ауа райында бак ішінде шамадан тыс қысым жиналатындықтан, отын құю мойнынан отын атқылауы мүмкін, бұл адамға жарақат келтіруі мүмкін.

- › Автокөлікке отын құйған кезде келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

Қозғалтқыш өшіп тұруы керек.

Автокөліктің жанында от көздері болмауы тиіс.

Мобильді телефонмен сөйлесуге тыйым салынады.

Автожанармай құю станциясында қабылданған басқа да сақтық шараларын сақтауға кеңес беріледі.

Назар аударыңыз

- › Отын бағының шектен тыс толтырылуына жол бермеңіз. Жанармай құю пистолетін бірінші рет тоқтағанда суырып алыңыз. Әйтпесе, отын буын ұстау жүйесіне отын түсуі мүмкін, бұл оның қызмет ету мерзімін қысқартады және оның жұмысындағы ақауларды тудырады.
- › Отынның шанаққа тиюіне жол бермеңіз — бұл лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.
- › Автокөлікке тек көрсетілген отын түрін ғана құйыңыз.

3. Автокөлікке отын құйып алғаннан кейін отын құю мойнының қақпағын орнына салыңыз да, оң бағытта шыртылдаған дыбыс естілгенше бұрап жабыңыз.

Хабарлама

Отын бағының қақпағын мықтап жабу керек, әйтпесе отын ағып кетуі мүмкін.

4. Отын құю аузының қақпағын жабыңыз.

Хабарлама

- › Отын құйғаннан кейін отын құю аузының қақпағын бірден жабыңыз. Егер отын құю аузының қақпағын ұзақ жаппай ұстасаңыз, ішіне шаң және балшық жиналуы мүмкін, бұл қақпақтың жабылмауына немесе жапқаннан кейін ашылмай қалуына алып келеді. Мезгіл-мезгілімен есіктің кронштейнін, есіктің құлып саңылауын және отын құю мойнының айналасын тазалап отырыңыз.
- › Отын құю аузының қақпағын ашумен байланысты өзге проблемаларды болдырмау үшін көлікті құлыптамас бұрын қақпақты толық жабыңыз. Егер проблемалар туындаса, ақаулықты жою үшін дереу сервис орталығына хабарласыңыз.
- › Бекіту механизмінің деформациялануынан және бұзылуынан сақтану үшін отын құю аузының қақпағын ашқан кезде күш қолдануға тыйым салынады, себебі бұл қақпақтың ашылмай немесе жабылмай қалуына алып келуі мүмкін.
- › Автокөлікті отын құю аузының қақпағы ашық тұрған күйде жууға тыйым салынады.

Отын туралы ақпарат

Бензинді отын

Параметр	Деректер
Отын сипаттамалары	Октандық саны 92 және одан жоғары маркалы бензин
Отын багының сыйымдылығы [л] (анықтамалық мән)	80 ±3

Дизель отыны

Параметр	Деректер
Отын сипаттамалары	Жергілікті шығарындылар стандартына және температураға сәйкес келетін дизель отынын пайдаланыңыз.
Отын багының көлемі[л] (анықтамалық мән)	78 ±3



Назар аударыңыз

- › Дизельді автокөліктерге бензин құюға тыйым салынады — бұл қозғалтқышты істен шығаруы мүмкін.
- › Дизель отынында парафин түзілуіне және қозғалтқыш жұмысының бұзылуына жол бермеу үшін қоршаған орта температурасына сай келетін отынды таңдаңыз.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Алдыңғы орындықтардың жылытқышы/желдеткіші

1. Оталдыру жүйесі қосылу кезде климат-контроль баптауларының мәзірін ашу үшін орындықтарды басқару түймесін  басыңыз.



ECDFE33C2A53

2. Климат-контроль мәзірінде тиісті орындықтың жылыту немесе желдету деңгейін реттеу үшін сол  немесе оң  орындық түймесін түртіңіз.



D924681D97A6

Хабарлама

Бір орындықтың жылыту және желдету функциялары бірге қосылуы мүмкін емес.

Ескерту

Орындықтарды жылыту функциясын қолдану кезінде келесі санаттағы жолаушыларға ерекше абай болу қажет:

- › Сәбилер, балалар, қарттар, белгілі бір аурулары бар немесе мүмкіндігі шектеулі адамдар.
- › Терісі сезімтал адамдар.
- › Қатты шаршаған адамдар.
- › Алкоголь өнімдерін тұтынғандықтан немесе дәрілік препараттарды қабылдағандықтан ұйқылы-ояу күйде отырған адамдар.

⚠ Назар аударыңыз

- › Орындықтарды және олардың электр жүйесін қайта жабдықтауға тыйым салынады. Бұл жылыту жүйесінің функционалдығы мен қызмет ету мерзіміне кері әсер етуі мүмкін.
- › Орындықтарды жылыту функциясы қосулы тұрғанда қатты қызып кетуіне жол бермеу үшін орындықтарды жамылғылармен, жастықтармен және басқа да жылу оқшаулайтын әсері бар заттармен жаппаңыз.
- › Аккумулятордың қуаты таусылып қалмас үшін қозғалтқышты оталдырмай, орындықтарды жылыту функциясын ұзақ уақыт бойы қолдануға тыйым салынады.
- › Келесі жағдайлар орындықтарды жылыту жүйесі маттарының зақымдалуына алып келуі мүмкін және жылытқышты қосар алдында олардың ақаусыз екеніне көз жеткізіп алу қажет:

Орындыққа көп су төгілген.

Орындық өткір затпен (ине, пышақ және т. б.) зақымдалған.

Орындықтан бөтен иіс шығады.

Бассүйегіштер

Бассүйегіштерді реттеу

⚠ Ескерту

Көлік қозғалысы кезінде бассүйегіштерді реттеуге тыйым салынады.

Ортасы құлақтардың үстіңгі бөлігінің деңгейінде тұрған кезде бассүйегіш өзінің қорғаныш функцияларын ең жақсы орындайды.

Алдыңғы орындықтардың бассүйегіштерін реттеу



2C76CB730457

Артқы қатардағы орындықтардың бассүйегіштерін реттеу



E7017835B926

- › Бассүйегіштің қажетті биіктігін орнату үшін оны жай ғана қажетті күйге дейін көтеріңіз.
- › Егер бассүйегішті түсіру қажет болса, бассүйегішті реттеу түймесін басып тұрып, оны қажетті күйге дейін басып түсіріңіз.



Хабарлама

- › Бассүйегіштің шекті төменгі күйі — жұмыссыз. Бассүйегішті пайдалану үшін оны міндетті түрде қажетті биіктікке дейін көтеріп алыңыз.
- › Бассүйегішті реттегеннен кейін сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін оны басып тексеріңіз.

Бассүйегіштерді шешіп алу

Бассүйегішті шешіп алу үшін бассүйегішті реттеу түймесін басып тұрыңыз және оны толықтай жоғары қарай тартып шығарыңыз.

Қажет болса, орындықтың арқалығын бассүйегішті шешіп алуға болатындай етіп реттеңіз.



Ескерту

Бассүйегіштері алып тасталған автокөлікті жүргізуге тыйым салынады. Өйтпесе соқтығысу кезінде мойын аймағы күшті соққы әсеріне ұшырайды, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Қолмен реттелетін орындық



Ескерту

- › Қозғалыс кезінде орындықты реттеуге тыйым салынады.
- › Қозғалысты бастамас бұрын орындықты дұрыс күйге келтіріп алыңыз. Орындықтың дұрыс емес күйі басқару кезіндегі қателіктерге алып келуі және апатқа ұшыратуы мүмкін. Сонымен қатар бұл жағдайда қауіпсіздік белбеулерінің, қауіпсіздік жастықтарының, бассүйегіштердің және басқа жабдықтардың тиімді жұмыс істеуі мүмкін емес болып қалады.
- › Орындық арқалығын артқа тым көп шалқайтпаған дұрыс. Өйтпесе соқтығысу кезінде адам белбеудің бел тармағының астынан сытылып шығып кетуі мүмкін. Қауіпсіздік белбеулері орындық арқалығына сүйеніп тік отырғанда ғана жүргізуші мен жолаушыларды максималды қорғауды қамтамасыз етеді.

Орындықтарды ілгері-кейін бағытта реттеу




C8DA0A8C2913

Орындық күйін реттеу тұтқасын жоғары тартып, орындықты алға немесе артқа қозғап, қажетті күйге келтіріңіз де, тұтқаны жіберіңіз.

i Хабарлама

Орындықты реттегеннен кейін оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу



74013DAE1845

Орындықтың арқалығына нық сүйеніп отырып, арқалықтың еңкейту бұрышын реттеу иінтірегін тартыңыз, арқалықты қажетті күйге келтіріп шалқайыңыз және иінтіректі жіберіңіз.

! Назар аударыңыз

Орындық арқалығының еңкейту бұрышын реттеу үшін реттеу иінтірегін шеткі күйге дейін көтеру қажет. Олай болмаса, орындыққа механикалық зақым келтірілуі мүмкін.

Орындықтың биіктігін реттеу



528E97CFB6BA

- › Орындықты көтеру үшін биіктікті реттеу тұтқасынан бірнеше рет тартыңыз.
- › Орындықты түсіру үшін биіктікті реттеу тұтқасын бірнеше рет басыңыз.

i Хабарлама

Кейбір функциялар тек жүргізуші орындығына ғана қатысты қолданылады.

Электр жетегі бар орындықтарды реттеу

1

Пайдалану

Ескерту

- › Қозғалыс кезінде орындықты реттеуге тыйым салынады.
- › Қозғалысты бастамас бұрын орындықты дұрыс күйге келтіріп алыңыз. Орындықтың дұрыс емес күйі басқару кезіндегі қателіктерге алып келуі және апатқа ұшыратуы мүмкін. Сонымен қатар бұл жағдайда қауіпсіздік белбеулерінің, қауіпсіздік жастықтарының, бассүйегіштердің және басқа жабдықтардың тиімді жұмыс істеуі мүмкін емес болып қалады.
- › Орындық арқалығын артқа тым көп шалқайтпаған дұрыс. Өйтпесе соқтығысу кезінде адам белбеудің бел тармағының астынан сытылып шығып кетуі мүмкін. Қауіпсіздік белбеулері орындық арқалығына сүйеніп тік отырғанда ғана жүргізуші мен жолаушыларды максималды қорғауды қамтамасыз етеді.

Хабарлама

Кейбір функциялар тек жүргізуші орындығына ғана қатысты қолданылады.

Орындықтың арқалығын еңкейту бұрышын реттеу



B85E8996CEEC

Орындық арқалығының еңкейту бұрышын реттеу үшін тұтқаның артқы бөлігін алға немесе артқа жылжытыңыз.

Ескерту

Соқтығысу кезінде белдік белбеуінің астынан сырғып кетпеу үшін орындықтың арқалығын тым қатты шалқайтпаңыз. Қауіпсіздік белбеулері орындық арқалығына сүйеніп тік отырғанда ғана жүргізуші мен жолаушыларды максималды қорғауды қамтамасыз етеді.

Орындықтарды ілгері-кейін бағытта реттеу



6303012C4B10

Орындықты бойлық бағытта алға немесе артқа жылжыту үшін тұтқаны алға немесе артқа итеріңіз.

Орындықтың биіктігін реттеу



82F2C98CF723

Орындықтың биіктігін реттеу үшін түйменің артқы бөлігін жоғары немесе төмен жылжытыңыз.

Артқы қатар орындықтарын реттеу

Орындықтың жастықтарын жию

Артқы қатардағы орындықтардың көпшіктерін жай ғана жоғары қарай еңкейту арқылы бөлек жинауға болады. Орындық көпшігін ең жоғарғы күйде бекітуге болады.

Орындық көпшіктері жиналып тұрғанда заттарды сақтауға арналған қосымша орны пайда болады.

Хабарлама

Орындық көпшігін жинамас бұрын оның бетіндегі заттарды алыңыз.

Ескерту

Қозғалыс кезінде орындықтарды жинауға тыйым салынады.

Орындық жастығын бастапқы күйге қайтару



B0BBA7657CEC

Орындық көпшіктерін бөлек түсіру үшін бауларды әр жағынан тартыңыз. Көпшік бастапқы күйіне қайтарған кезде, қауіпсіздік белбеуінің ілгегі орындық көпшігінің ойығына еркін кіретініне көз жеткізіңіз.

Орындықтың көпшігін жинау



9F10FAEAE1CE

1. Орындықтардың бассүйегіштерін шеткі төменгі күйге түсіріңіз.

- Орындықтың қауіпсіздік белбеуін арқалықты жиюға кедергі келтірмейтіндей етіп реттеңіз.
Егер артқы қатардағы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуінің тілшігі құлыпқа салынған болса, оны ағыту керек.
- Әр жағын бұғаттан шығару үшін арқалықтың екі жағындағы бауларды тартыңыз, содан кейін арқалықты алға қарай жинаңыз.

Хабарлама

- › Арқалықты жимай тұрып, орындық үстіндегі барлық затты алып тастаңыз.
- › Жиылған арқалықтың үстіне ауыр заттар қоймаңыз.

Ескерту

Қозғалыс кезінде орындықтарды жинауға тыйым салынады.

Орындық арқалығын бастапқы күйге қайтару

- Арқалықты бастапқы күйге қайтару кезінде орындықтардың қауіпсіздік белбеулерін қысылып қалмайтындай етіп реттеңіз.

Назар аударыңыз

Артқы қатардағы ортаңғы орындықтың қауіпсіздік белбеуін жиналған арқалықпен қыспаңыз. Әйтпесе, бөгде шу шығуы немесе қауіпсіздік белбеуі тез тозуы мүмкін.

- Арқалықты жоғары қарай тартып, бастапқы күйге келтіріңіз. Орындық арқалығы бекітілгенін алға-артқа жұлқып тексеріңіз.


Хабарлама

Арқалықты жинап, жайған кезде орындық көпшігінің жұмыс (көлденең) күйінде екеніне көз жеткізіңіз, әйтпесе арқалық дұрыс бекітілмеуі мүмкін.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Қолмен күңгірттелетін сыртқы артқы көрініс айнасы




5GFE72044E30

- Ⓐ Стандартты режим
- Ⓑ Күңгірттеу режимі

Қараңғылау режимін қосу үшін шағын интіректі өзіңізге қарай тартыңыз. Бұл режимде артта келе жатқан автокөліктердің фараларының жарығы күңгірттеледі.

Автоматты күңгірттеу функциясы бар сыртқы артқы көрініс айнасы



ED5E4F7C1106

- Ⓐ Индикатор
- Ⓑ Ажыратқыш

Оталдыру жүйесінің ажыратқышы ON режимінде тұрғанда, сыртқы артқы көрініс айнасының автоматты түрде күңгірттелуі әдепкі бойынша белсенді. Оны өшіру немесе қосу үшін ажыратқышты басыңыз.

Жанып тұрған индикатор автоматты қараңғылау функциясының қосылуы екенін білдіреді. Артқы көрініс айнасы артқы жақта жүріп келе жатқан көлік құралдарының фараларының жарықтығына байланысты шағылысқан жарықтың қарқындылығын автоматты түрде бәсеңдетеді.

Артқы көрініс айналары

Сыртқы артқы көрініс айналарын реттеу

Айналарды реттеу



Ⓐ Таңдау түймесі

Ⓑ Реттеу түймесі

1. Реттеу үшін сәйкес сыртқы айнаны таңдау үшін таңдау батырмасының сол (L) немесе оң (R) жағын басыңыз.
2. Таңдалған айнаның күйін реттеу үшін реттеу түймелерін пайдаланыңыз (жоғары, төмен, солға, оңға).
3. Реттеуді аяқтағаннан кейін таңдау түймесін бастапқы күйге қайтарыңыз.

⚠ Ескерту

Көлік қозғалысы кезінде сыртқы айналарды реттеуге тыйым салынады. Әйтпесе басқару қателері апаттарға, ауыр жарақатқа немесе кісі өліміне әкелуі мүмкін.

Айналарды электржетек көмегімен жию



Бүйірлік айналарды жинау үшін түймені басыңыз. Оларды жазу үшін түймені қайта басыңыз.

⚠ Назар аударыңыз

Сыртқы артқы көрініс айналасы электржетектің көмегімен жиылса, оны қолмен жинамаңыз. Әйтпесе айнаның ішкі механизмін зақымдап алуыңыз мүмкін.

Есіктерді құлыптаған кезде айналардың автоматты жиылуы

Сыртқы артқы көрініс

айналарыны

немесе

үшін мультимедиялық жүйенің дисплейін

пайдаланы

баптаулары

→ 【Борттағы жабдық】 → 【Сыртқы

айналарды жинау】.

ң 【Автоматты ж

【Көлем】 режимі

ңыз 【Автоөлік

】 → 【Авто

【Автоматты жинау】 режимінде айналар есіктер құлыпталғанда немесе құлпы ашылғанда жиналады және жазылады.



Ескерту

- › Қозғалысты бастар алдында артқы көрініс айналарын жазу және тиісінше реттеп алу қажет.
- › Жарақаттанбау немесе артқы көрініс айнасына зақым келтірмеу үшін саусақтарыңызды, заттарды және басқа нысандарды қозғалыс кезінде айнаның қозғалмалы бөліктерінің арасына салмаңыз.

Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту

Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясы мұндай функциямен жабдықталған автокөліктерде климат-контроль жүйесінің артқы әйнекті жылыту функциясымен бірге қосылады немесе өшіріледі. Бұл функцияны қосқаннан кейін сыртқы артқы көрініс айналарының қыраулануы немесе булануы жойылады. Біраз уақыттан кейін сыртқы айналарды жылыту функциясы автоматты түрде өшеді.



Ескерту

Сыртқы артқы көрініс айналарын жылыту функциясын қосқаннан кейін күйік шалудан сақтану үшін айнаның бетінен ұстауға тыйым салынады.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

2. Рульді кеудеңіздің тұсында болатындай және аспаптар тақтасы мен индикаторларды көлегейлеп тұрмайтындай етіп реттеңіз.
3. Реттеу аяқталғаннан кейін рульді бекітіп қою үшін реттеу иінтірегін көтеріңіз.

⚠ Ескерту

- › Қозғалыс кезінде рульдің күйін реттеуге тыйым салынады. Әйтпесе басқару қателері апаттарға, ауыр жарақатқа немесе кісі өліміне әкелуі мүмкін.
- › Рульді реттегеннен кейін оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе бекітілмеген рульдің күтпеген жерден ығысып кетуі апатқа, сондай-ақ ауыр жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Рульді реттеу



2C92C1A30B7F

1. Рульдің астындағы реттеу иінтірегін түсіріңіз.

Руль жылытқышы



05BB90CA0799

Руль жылытқышы суық мезгілде автокөлікті басқаруды ыңғайлы етеді.

Қуатты қосыңыз, қозғалтқышты іске қосыңыз. Функцияны қосу немесе өшіру үшін жылыту түймесін басыңыз.



Хабарлама

Руль жылытқышын қозғалтқыш өшіп тұрғанда ұзақ уақыт қосып қоймаңыз. Бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына және қозғалтқышты іске қосылмауына әкелуі мүмкін.

Рульді бейтарап күйге қайтару туралы еске салу

Қуат ON режимінде болғанда, рульді бейтарап күйге қайтару туралы еске салу функциясын мультимедиялық жүйенің дисплейі арқылы қосуға немесе өшіруге болады:

【Автоял к

баптаулары

】→【

→【Борттағы жабдық】→【Рульді бейтарап күйге қайтару туралы еске салу】.

Рульді бейтарап күйге қайтару туралы еске салу функциясы қосылып тұрғанда, егер келесі шарттар орындалса, аспаптар тақтасында рульді бейтарап күйге қайтару қажеттілігі туралы хабарлама пайда болады:

- › Қозғалтқыш жұмыс істейді.
- › Автокөлік қозғалыссыз, Р берілісі қосұлы.
- › Сол және оң бұрылыс көрсеткіштерінің ауыстырып қосқышы өшірулі.
- › Рульдің бұрылу бұрышы берілген мәннен үлкен.

Дыбыс сигналы

Дыбыс сигналын беру үшін рульдегі дыбыс сигналы белгішесін немесе оның айналасын басыңыз.



Назар аударыңыз

- › Рульдің ішінде алдыңғы қауіпсіздік жастығы орналасқан. Дыбыс сигналының түймесін соқпаңыз. Бұл апат кезінде қауіпсіздік жастығының дұрыс іске қосылмауына немесе оның апат жоқ жерде кездейсоқ іске қосылып кетуіне алып келуі мүмкін, мұның нәтижесінде ауыр жарақаттар немесе кісі өлімі орын алуы мүмкін.
- › Рульдегі дыбыс сигналының түймесіне қандай да бір сәндік заттар бекітуге тыйым салынады.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Рейлингтер

Егер рейлингтерге жүксалғыш торын орнату қажет болса, оны орнату бойынша нұсқаулықпен мұқият танысып алыңыз.

Хабарлама

Жүксалғыш торын орнатқанда және қолданғанда жергілікті жол қозғалысы ережелерінің тиісті талаптарын сақтау қажет.

Рейлингтердің жүккөтергіштігі

Рейлингтердің максималды жүк көтергіштігі 50 кг; жылдамдықты ара-тұра күрт төмендетіп қозғалған кезде рейлингтердің максималды жүк көтергіштігі 35 кг құрайды.

Хабарлама

Тасымалданатын жүктің салмағына рейлингтердің және басқа осындай көмекші құрылғылардың салмағы кіргізілуі тиіс.

Ескерту

- › Апаттың алдын алу үшін жүк торына жүк сенімді бекітілуі керек.
- › Жүк торына жүкті орналастыру автокөліктің ауырлық нүктесінің жоғарылауына алып келеді. Жоғары жылдамдықпен жүруден, қозғалысты күрт бастаудан, кілт бұрылу әрекеттерінен, шұғыл тежеуден немесе басқа шұғыл маневрлерден сақтаныңыз. Басқару қателіктері автокөлікті бақылаудан шығарып алуға немесе оның аударылуына және күрделі жарақаттарға немесе кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- › Рейлингтерге ауыр немесе өлшемдері шектен тыс жүктерді салып тасымалдаған кезде ауырлық ортасының ығысуына және ауа кедергісіне ұшырайтын ауданның ұлғаюына байланысты автокөліктің жүріс сипаттамалары өзгеруі мүмкін, бұл апат қаупін тудырады. Нақты жағдайға сәйкес жүргізу стилін және қозғалыс жылдамдығын таңдауға кеңес беріледі.
- › Бүйірден соққан күшті жел жағдайларында жүргенде жылдамдықты азайту қажет. Профилінің ерекшеліктеріне және жоғары орналасқан ауырлық ортасына байланысты автокөлік бүйірден соққан желге анағұрлым сезімтал. Жылдамдықты азайту автокөліктің басқарылу сипатын жоғарылатады.
- › Ойлы-қырлы жермен немесе тегіс емес жолмен жүргенде жылдамдықты асырмаңыз, соқпалы жолдардан, кілт бұрылудан, бөтен заттарға соғылудан сақтаныңыз. Аталған факторлардың бәрі басқарудан айырылуға немесе автокөліктің аударылуына алып келуі және аспа мен жүріс бөлігін күшті зақымдауы, сондай-ақ ауыр жарақаттар келтіруі немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- › Беткейде көлденең бойлай қозғалмаңыз. Беткейде тура жоғары немесе төмен қарай қозғалған жөн. Олай болмаса, автокөлік аударылуы мүмкін.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Жарық баптаулары

Жарық баптауларын жүргізу үшін мультимедиа жүйесі дисплейінің

көмегімен **【Автокөліктің басқаруы】** → **【Жарық баптаулары】** тарамақ

Белсенді қарсы алуды баптау

Оталдыру жүйесі сөніп, жарық ауыстырып болғанда, жарық деңгейі жеткілікті түрде төмен және есіктердің құлпын ашқанда (құлыпты механикалық кілтпен ашуды қоспағанда), автокөліктің сыртқы жарығы біраз уақытқа қосылады. Бұның арқасында қараңғыда автокөлікке қауіпсіз жақындауға болады.

Энергия үнемдеуді режимін кідірту уақыты

Энергия үнемдеу функциясының белсенді күйге келтірілуін кідірту уақытын баптауыңызға болады. Оталдыру жүйесін өшіргеннен кейін, егер қуат режимі мен есік құлыптарының күйі берілген уақыт ішінде өзгермейтін болса, электр энергиясын үнемдеу үшін сәйкес жарықтандыру автоматты түрде өшеді.

【Тұрақты жарық тандыру】 режимін таңдағанда және оталдыру жүйесін өшіргенде, шамдар қосулы қалады.

Хабарлама

- › Қозғалтқыш өшірілген кезде габарит жарықтарын ұзақ уақыт пайдалану аккумулятор қуатының таусылуына және қозғалтқышты одан әрі іске қосудың қиындығына әкелуі мүмкін.
- › Егер тұрақты жарықтандыру қажет болмаса, автокөлікті құлыптамас бұрын энергияны үнемдеу баптауларын өзгертіңіз немесе негізгі жарық немесе **【AUTO】** күйін ауыстырыңыз.

Ішкі жарықтың өшірілуін кідірту уақыты

Егер ішкі жарық есікті басқару функциясының көмегімен қосылса, барлық есіктер жабылғаннан кейін ішкі жарықтың өшірілу уақытын белгілеуге болады.

«Мені үйге шығарып сал» функциясының кідірісі

«Мені үйге шығарып сал» функциясының кідіру уақытын баптауға немесе бұл функцияны толығымен өшіру болады.

Функция қосулы кезде оталдыру жүйесі өшіп тұрғанда және жарық ауыстырып қосқышы AUTO күйінде болғанда, жарық деңгейі жеткілікті түрде төмен болғанда және жүргізуші есігі ашылғанда, габарит жарықтары мен таяу жарық белгілі бір уақытқа қосылады. Бұның арқасында қараңғыда автокөліктен қауіпсіз шығуға болады.

Автокөлікті іздеу режимі

Автокөлікті іздеу функциясын белсенді күйге келтіргенде, хабар беру режимін белгілеуге болады.

Жарықты басқаратын құрамдасқан қосқыш

Бас жарық ауыстырып қосқышы

❗ Хабарлама

Автокөлікті құлыптамас бұрын және одан шықпас бұрын аккумулятор батареясы таусылмауы және автокөлікті одан әрі пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін негізгі жары немесе **[AUTO]**



08A6266DA914

- › Габарит жарықтары мен нөмір белгісінің көмескі жарығын қосу үшін жарық ауыстырып қосқышын габарит жарықтарын қосу күйіне бұраңыз.

⚠ Назар аударыңыз

Автокөліктің қозғалысы кезінде таяу жарық фараларының орнына габарит жарығын қолдануға тыйым салынады. Бұл апаттық жағдай қауіпін тудырады.

Габарит жарықтарының жарықтығы автокөлік алдындағы жол төсемін тиісінше жарықтандыру үшін, сондай-ақ жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің сізді көре алуы үшін жеткіліксіз. Көру мүмкіндігі болғанда нашар немесе ымыртта фаралардың таяу жарығын қосу керек.

- › Таяу жарық шамдарын қосу үшін жарық ауыстырып қосқышын төмен жарық күйіне бұраңыз. Бұл ретте габарит жарықтары мен нөмір белгісінің жарығы қосулы күйінде қалады.

Жарықты басқару

1

Пайдалану

- › Жарық ауыстырып қосқышын **【AUTO】** күйіне ауыстырыңыз, содан кейін сыртқы жарықтандыруға байланысты габарит жарықтары мен таяу жарық автоматты түрде қосылады немесе өшеді.

Назар аударыңыз

- › Күндіз тұманның әсерінен жарық кейде автоматты түрде қосылмауы мүмкін. Бұл жағдайда оны қолмен қосу қажет.
- › Жарықты автоматты басқару автокөлік жүргізуде тек көмекші құрал рөлін атқарады. Кез келген жағдайда жүргізуші сыртқы жарықтандыру аспаптарының тиісінше басқарылуы үшін жауапкершілік көтереді.
- › Автокөліктің барлық жарықтандыру аспаптарын өшіру үшін бас жарық ауыстырып қосқышын **【OFF】** режиміне ауыстырыңыз.


Тұман жарығын ауыстырып қосқыш



7D9D24C9C875

- › Көмекші сыртқы жарықтандыру қосулы кезде (габарит жарықтары, нөмір белгісінің көмескі жарығы), тұман фараларының ауыстырып қосқышын алдыңғы тұман фараларының  күйіне бұраңыз.
- › Таяу жарық немесе алдыңғы тұман фаралары қосулы кезде тұман жарығының ауыстырып қосқышын артқы тұман фараларының  күйіне бұраңыз. Тұтқаны жіберіңіз, сонда ол автоматты түрде бастапқы күйіне қайтады.


Бұрылу және жол қатарын ауыстыру сигналдары



- Ⓐ Жол қатарын ауыстыру сигналы
- Ⓑ Бұрылыс көрсеткішінің сигналы

- › Жол қатарын ауыстыру сигналы: жарықты басқаратын құрамдасқан қосқышты сәл көтеріңіз немесе түсіріңіз. Сіз оны жіберген кезде, ол бастапқы күйіне оралады және сәйкес бұрылыс көрсеткіші 3 рет жыпылықтайды.
- › Бұрылыс сигналы: жарық ауыстырып қосқышын көтеріңіз немесе түсіріңіз. Сіз оны жіберген кезде, ол бастапқы күйіне оралмайды. Бұл ретте тиісті бұрылыс көрсеткіші жыпылықтайды.

Таяу және шалғай жарықты қолмен ауыстырып қосу



- Ⓐ Шалғай жарық фараларын қосу
- Ⓑ Шалғай жарық фараларын жыпылықтату


- › Таяу жарық фаралары қосуды кезде шалғай жарық шамдарын қосу немесе өшіру үшін жарықты басқаратын құрамдасқан қосқышын өзіңізге қарсы бағытта басыңыз. Сіз ауыстырып қосқышты жіберген кезде ол автоматты түрде бастапқы күйіне қайтады.
- › Шалғай жарықты қосу үшін жарықты басқаратын құрамдасқан қосқышты өзіңізге қарай тартыңыз; сіз оны жібергеннен кейін ауыстырып қосқыш автоматты түрде бастапқы күйіне қайтып оралады, ал шалғай жарық сөнеді. Шалғай жарықты жыпылықтату үшін осы әрекетті бірнеше рет қайталаңыз.

Жарықты басқару

Автоматты бас жарықтандыру функциясы

1

Пайдалану



6F16257A42DD

Бұл функция автокөліктің ағымдағы жылдамдығына және сыртқы жарықтандыруға байланысты таяу және шалғай жарық фаралары арасында автоматты түрде ауысуды қамтамасыз етеді. Таяу жарық қосулы және шалғай жарық өшірулі болғанда, автоматты бас жарықтандыру функциясын қосу немесе өшіру үшін  түймесін басыңыз. Функция қосылған кезде аспаптар тақтасында автоматты бас жарықтандыру функциясының жасыл индикаторы жанады .

Ескерту

Автоматты бас жарықтандыру функциясы көмекші функция болып келеді. Жүргізуші жарықтандыруды және көру мүмкіндігін негізге алып, жолдағы ахуалға және ауа райы жағдайларына байланысты фаралардың жарығын шалғай жарықтан таяу жарыққа (және керісінше) қолмен ауыстырып қосуы тиіс. Келесі жағдайларда жарықты қолмен ауыстырып қосу қажет:

- › Ауа райының қолайсыз жағдайлары (мысалы, тұман, жаңбыр немесе қар).
- › Шұғыл бұрылыс немесе өрде жүру.
- › Қиылыста немесе қарсы жолақтар толық көрінбеген кезде, мысалы, жол қоршауының арғы бетіндегі қарсы келе жатқан автокөліктердің фаралары көрінбейтін кезде жүргенде немесе жоғары жылдамдықты жолмен жүргенде.
- › Құрылысы тығыз аймақтарда жарық аз болған кездегі жүру.
- › Жолдың жанында жеткілікті түрде жарықтандырылмаған жол қозғалысының қатысушылары болған кезде (мысалы, жаяу жүргіншілер немесе механикалық емес көлік құралдары).
- › Егер жолдың жанында шағылысу қабілеті жоғары объектілер болса (мысалы, жол белгілері).
- › Алдыңғы әйнегіндегі жаңбыр және жарық датчигі аймағына балшық, қырау немесе оның жұмысына кедергі келтіретін басқа да объектілер жабысқан кезде.

Күндізгі жүріс жарықтары

Автокөлігіңіз басқа жүргізушілерге жақсырақ көрінуі үшін қозғалтқышты оталдырғаннан кейін автоматты түрде күндізгі жүріс жарықтары қосылады.

Күндізгі жүріс жарықтары келесі жағдайларда өшіріледі:

- » Фараларды қосқан кезде.
- » Бұрылыс көрсеткіштері жұмыс істегенде.
- » Берілістерді ауыстыру тұтқасы селекторының тұтқасын Р күйіне ауыстырған кезде (автоматты беріліс қорабы бар автокөліктер үшін).

 Ескерту

- › Күндізгі жүріс жарықтары қараңғы кезде жүргізуге арналмаған.
- › Жүргізуші автокөлікті жүргізудің тиісті бас жарықты қолдана және жол қозғалысы ережелерін сақтай отырып жүзеге асырылуын әрдайым қадағалауы тиіс.

Алдыңғы тұман фараларының қосымша көмескі жарығы

Бұрылу кезіндегі көмекші жарықтандыру функциясы сәйкес тараптың алдыңғы тұман фарасын автоматты түрде белсенді күйге келтіреді, ал артқы жүріспен жүргенде барлық тұман фараларын белсенді күйге келтіреді. Бұл жарықтың жақсырақ жарықтандырылуын қамтамасыз етеді.

Алдыңғы тұман фараларының қосымша көмескі жарығын қосу үшін келесі шарттарды бірге орындау қажет:

- › Автокөлік сағатына 35 км төмен жылдамдықпен қозғалады.
- › Таяу жарық фаралары қосылып тұр.
- › Бұрылыс көрсеткіші қосулы немесе рульдің бұрылу бұрышы 60° С асады.
- › Тұман фаралары қосылмаған.

Шұғыл тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру жүйесі

Бұл функцияны мәзірдегі
мультимедиялық экран арқылы қосуға
немесе өшіруге болады.
баптаулары → 【Авто】 → 【Авто
→ 【Авто жылдамдығы】 → 【Шұғыл
тежеу кезіндегі апаттық сигнал беру
және үйесі】 . Функцияның
автокөліктің жылдамдығы 50 км/сағ-тан
асқан кезде, шұғыл тежеу кезінде
апаттық сигнал шамдары тез
жыпылықтай бастайды, бұл сіздің
артыңызда келе жатқан автокөлікті
соқтығысу ықтималдығы туралы
ескертеді.

Жарықты басқару

Апаттық жарық сигналын беру жүйесі



Автокөлік ақаулы немесе жол-көлік оқиғасы болған жағдайда жол қозғалысының басқа қатысушыларына ескерту үшін апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосу немесе өшіру үшін ажыратқышты басыңыз.

Фаралардың көлбеу бұрышын реттеу



Фаралардың көлбеу бұрышын жолаушылардың санына және автокөліктің жүктемесіне сәйкес реттеуге болады.

- › Реттегішті жоғары қарай айналдыру: фаралар жарығы жоғары бағытталады.
- › Реттегішті төмен қарай айналдыру: фаралар жарығы төмен бағытталады.

Салон жарығы

Назар аударыңыз

Қозғалтқыш оталмай тұрғанда жарықты ұзақ уақытқа қосуды күйінде қалдырмаңыз. Бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына әкелуі мүмкін.

Кітап оқуға арналған шам



- › Сәйкес шамды қосу немесе өшіру үшін сол  немесе оң  жақ оқу шамының ауыстырып қосқышын түртіңіз.
- › Оны қосу немесе өшіру үшін оқу шамының ажыратқышын  басыңыз.

Есіктерді басқару түймесі



7DA4AB569972

Есіктерді басқару түймесін басу есіктердің күйіне байланысты жарықты басқару функциясын қосуға немесе өшіруге мүмкіндік береді.

Бұл функцияны қосқаннан кейін оқу шамдары сыртқы жарық пен есіктердің күйіне байланысты автоматты түрде қосылады немесе өшеді.

Төбе жарығының артқы плафоны



3343A648A4F8

- › Ауыстырып қосқышты жылжыту арқылы төбе шамын, сондай-ақ есіктерді жапқан кезде өшіру функциясын қосуға немесе өшіруге болады. Есіктер жабылған кезде өшіру функциясын қосқаннан кейін плафондар сыртқы жарық пен есіктердің күйіне байланысты автоматты түрде қосылады немесе өшіріледі. OFF күйі: плафон өшірулі.
- › Аралық күй: есіктерді жапқан кезде өшіру.
- › ON күйі: плафон қосұлы.

Автокөліктің жабдықтауы


Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Алдыңғы әйнектазартқыштар мен жуғышының параметрлері

Мультимедиялық жүйе дисплейінің көмегімен **【Автокөлік баптаулары】** → **【Автокөлікті басқару】** → **【Борттағы жабдық】** → **【Жуудан кейінгі алдыңғы әйнектазартқыштардың жұмыс аралығы】** таңдап, әйнекті жуу функциясын қосу мен алдыңғы әйнектазартқыштарды іске қосу арасындағы кідіріс уақытын орнатыңыз.

Автоматты әйнектазартқыштар

Әйнектазалағыштардың жұмыс режимі



89D5E093F1DB

Ⓐ Үзік режим (MIST)

Әйнектазартқыштарды басқаратын құрамдасқан қосқышты

【MIST】 күйіне жоғары жылжытып, жібере салыңыз. Ол бастапқы күйіне қайтып оралады, ал әйнектазартқыш бір рет жұмыс істейді.

Ⓑ Әйнектазартқыштарды өшіру (OFF)

Ⓒ Автоматты режим (AUTO)

Ⓓ Төмен жылдамдық режимі (LO)

Ⓔ Жоғары жылдамдық режимі (HI)

i Хабарлама

Егер әйнек режимінде болса және сіз жүргізушінің есігін ашсаңыз, әйнектазартқыштар автоматты түрде тоқтайды. Бұл функция әйнектазартқыштар жұмыс істеп тұрған кезде судың шашырауына жол бермейді.

Назар аударыңыз

- › Егер алдыңғы әйнектің беті ластанған немесе онда бөтен материалдар (қар, ағаш шайыры және т. б.) бар болса, алдымен әйнекті тазалап, ластауыштарды алып тастау қажет. Әйтпесе, әйнектазартқыш функциясын пайдаланған кезде бұл алдыңғы әйнектің, щеткалардың немесе әйнектазартқыш механизмнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- › Жылдың суық мезгілінде әйнектазартқыштарды іске қоспас бұрын щеткаларының алдыңғы әйнекке жабысып қатып қалмағанына көз жеткізіңіз. Егер щеткалар жабысып қалған болса, әйнектазартқыштарды щеткалары ерігеннен кейін ғана пайдалануға болады. Әйтпесе әйнектазартқыштар және олардың электржетегі зақымдалуы мүмкін.
- › Әйнекке қардың жиналуына немесе қандай да бір басқа себепке байланысты әйнектазартқыштардың жұмысы бұзылған жағдайда оларды өшіріңіз, автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және әйнектазартқыштардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін әйнекті қардан және басқа бөгде заттардан тазалаңыз.

Әйнектазартқыштардың жұмыс істеу жиілігін автоматты түрде реттеу



9513280E7CB0

Жаңбыр мен жарық датчигінің сезімталдығын реттегішті айналыдырып өзгертуге болады, бұл автоматты режимде әйнектазартқыштардың жұмыс істеу жиілігінің өзгеруіне әкеледі.

Ескерту

- › Жауын және жарық датчигі әрдайым жауын-шашынды анықтай және әйнектазартқыштарды қоса алмайды. Егер алдыңғы әйнектегі жаңбыр тамшылары көрініске кедергі келтірсе, қажет болған жағдайда жұмыс режимін немесе әйнектазартқыштардың іске қосылу жиілігін қолмен дер кезінде реттеу керек.

- › Әйнектазартқыш тар **【AUTO】** режимінде болғанда, сыртта біреу салондағы артқы көрініс айнасының жанындағы алдыңғы әйнекке тиіп кетсе немесе алдыңғы әйнек дірілге ұшыраса, олар күтпеген жерден іске қосылуы мүмкін. Әйнектазартқыштар саусақтарды немесе дененің басқа бөліктерін қысып қалмау үшін абай болу керек.
- › Автокөлікті жуу кезінде немесе оларды пайдалану қажет болмаған кезде әйнектазартқыштарды **【AUTO】** режиміне қайтару қажет. Кері жағдайда әйнектазартқыштар күтпеген жерден іске қосылуы мүмкін.

⚠ Назар аударыңыз

- › Егер салондағы сыртқы артқы көрініс айнасының жанындағы алдыңғы әйнектің беті ластанған болса немесе оған бөгде материалдар (қар, шайыр және т.б.) жабысып қалса, әйнекті ластанудан тазарту қажет. Әйтпесе олар әйнектазартқыштардың автоматты режимдегі қалыпты жұмысына әсер етуі мүмкін.
- › Қар ұшқындарының әртүрлі пішіндеріне байланысты жауын және жарық датчигі тіпті қар датчикке тиіп кетсе де кейде оларды дұрыс тани алмайды, нәтижесінде әйнектазартқыштар дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Қар еріген кезде әйнектазартқыш автоматты түрде қосылуы мүмкін.

Әйнектазартқыш функциясы



5107E4324CFE

Әйнектазартқыштарды басқару тұтқасын өзіңізге қарай тартыңыз және алдыңғы әйнекті жуу сұйықтығымен тазалау үшін оны ұстаңыз. Жібергеннен кейін тұтқа бастапқы күйіне оралады.

⚠ Назар аударыңыз

- › Әйнектазартқышты ұзақ уақыт пайдаланбаңыз. Әйтпесе әйнектазартқыштың сорғысы істен шығуы мүмкін.
Сорғыны қорғау үшін біраз уақыт үздіксіз жұмыс істегеннен кейін әйнектазартқыш автоматты түрде өшіп қалуы мүмкін.
- › Жуу сұйықтығын уақытылы толтырыңыз. Жылдың суық мезгілінде мұз болып қатпайтын сұйықтық қолдану қажет. Әйтпесе мұз қату салдарынан тек әйнектазартқыш функциясы ғана жойылмай, сонымен қатар құрылғының бөлшектері де зақымдалуы мүмкін.

- › Әйнектің бетінде жабын түзетін құралдарды (мысалы, жылтыратқыш немесе күңгірттендіргіш әсері бар жуғыш құралдар, әйнектерге арналған үлдірлер және т. б.) пайдаланбаңыз, себебі бұл әйнектазартқыштың жұмыс істеу кезінде дірілдеуіне және дарылдауына алып келуі мүмкін.
- › Әйнектазартқыштардың щеткаларын майлы негіздегі құралдармен тазаламаңыз. Мұндай құралдарды қолданудан туындауы мүмкін химиялық реакциялар щеткалардың деформациялануына алып келуі мүмкін.

Әйнектазартқыш бүріккіштерінің жылытқышы

【Автоөлік баптаулары】 →

【Автоөлікті басқару】 → 【Борттағы жабды

б таңдап, терінің жылытқышын мультимедиялық жүйе дисплейі арқылы алдыңғы әйнектазартқыш бүріккіштерінің жылытқышын қосуға немесе өшіруге болады. Біраз уақыттан кейін жылыту функциясы автоматты түрде өшеді.

【AUTO】 режимінде жүйе сыртқы температураға байланысты жылыту функциясын қосу және өшіруді автоматты түрде басқарады.

Бұл функция бүріккіштердегі қар мен мұзды ерітуге мүмкіндік береді, осылайша олардың бітелуіне жол бермейді.

і Хабарлама

- › Суық ауа райына сәйкес келетін жуғыш сұйықтықты таңдаңыз, әйтпесе бұл бүріккіштерді жылыту функциясы сұйықтықтың қатып қалуының және оның шашырамауының алдын алмайды.
- › Аккумулятор қуатының таусылуына жол бермеу үшін бұл функцияны қозғалтқыш өшіп тұрғанда ұзақ уақыт бойы қолданбаған жөн.

Қысқы режим

Суық мезгілде, автокөлік қозғалмай, сыртқы ауа температурасы 5°C-тан төмен болған кезде, алдыңғы

әйнектазартқыштар автоматты түрде жылытқыш режимге өтеді. 【AUTO】

режимінде олар автоматты түрде қосу шарттары орындалған кезде де жұмыс істемейді. Бұл әйнектазартқыштар қатып қалған жағдайда әйнектазартқыштар жетегінің немесе щеткаларының бұзылуына алып келуі мүмкін тазалау функциясының автоматты түрде қосылуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Әйнектазартқыштарды басқару

1

Пайдалану

Егер сізге қысқы режимдегі әйнектазартқыштарды пайдалану керек болса, үзіліссіз, төмен жылдамдықты немесе жоғары жылдамдықты режимді қолмен қосуға болады.

Сыртқы ауа температурасы 5°C жоғары көтерілгенде немесе автокөлік қозғала бастағанда, әйнектазартқыштар автоматты түрде қысқы режимнен шығады.

Хабарлама

Қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін қысқы режимді тек бір рет қосуға болады.

Назар аударыңыз

Жылдың суық мезгілінде әйнектазартқыштарды іске қоспас бұрын щеткаларының алдыңғы әйнекке жабысып қатып қалмағанына көз жеткізіңіз. Егер щеткалар жабысып қалған болса, әйнектазартқыштарды щеткалары ерігеннен кейін ғана пайдалануға болады. Әйтпесе әйнектазартқыштар және олардың электржетегі зақымдалуы мүмкін.

Алдыңғы әйнектазалағыштың тыныштық аумағын жылыту

Алдыңғы әйнектазартқыштың тыныштық аймағын жылыту функциясы бар автокөліктерде бұл функция климат-контроль жүйесінде алдыңғы әйнекті жылыту режимін қосумен бір уақытта қосылады және өшіріледі. Алдыңғы әйнектазартқыштың тыныштық аймағын жылыту щеткалардың алдыңғы әйнекке қатып қалуымен күресуге мүмкіндік береді.

Ескерту

Алдыңғы әйнектазартқыштың тыныштық аймағын жылыту жүйесі қосұлы кезде алдыңғы әйнектің төменгі жағы мен алдыңғы тіректердің бүйір беттері қатты қызуы мүмкін. Күйіп қалмау үшін оларға қол тигізбеңіз.

Хабарлама

Аккумулятор қуатының таусылуына жол бермеу үшін бұл функцияны қозғалтқыш өшіп тұрғанда ұзақ уақыт бойы қолданбаған жөн.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Климат-контроль жүйесі баптауларының экраны



- › Климат-контроль жүйесі қосылған кезде температураны реттеу үшін мультимедиялық жүйе дисплейінің сол жағындағы температураны жоғарылату  немесе температураны төмендету  түймесін басыңыз.
- Климат-контроль жүйесін қосқаннан кейін реттеу тақтасын ашу үшін температураны жоғарылату  немесе температураны төмендету  түймелері арасындағы мәнді басыңыз.
- › Климат-контроль жүйесінің баптаулары мәзірін ашу немесе жабу үшін мультимедиялық жүйе дисплейінің сол жағындағы үрлеу қарқындылығын реттеу түймесін  басыңыз.
- Климат-климат-контроль жүйесін қосқаннан кейін баптаулар экранының төменгі жағында ағымдағы үрлеу қарқындылығы деңгейі көрсетіледі.

Климат-контроль жүйесі

1

Пайдалану

- Алдыңғы әйнекті максималды үрлеу функциясын қосу немесе өшіру үшін алдыңғы әйнекті үрлеу түймесін  басыңыз. Функцияны қосқан кезде түйме жанады, алдыңғы және бүйірлік әйнектер жылытылады, ал мұз немесе конденсат біртіндеп кетеді.



Хабарлама

Егер жылыту жүйесі бар алдыңғы әйнектазартқыш орнатылған болса, онда алдыңғы әйнектің мұздануын немесе булануын жою функциясы қосылған кезде жылыту жүйесі бар алдыңғы әйнектазартқыш қосылады.

- Климат-контроль жүйесін өшіру үшін **OFF** түймесін басыңыз.
- Ішкі айналым режимі мен ауаны сырттан қармау режимі арасындағы климат-контроль жүйесін ауыстыру үшін ішкі айналым/ауаны сырттан қармау режимін ауыстыру түймесін түртіңіз .

Егер түйме жанып тұрса, бұл ішкі ауа циркуляциясы режимінің қосылғанын білдіреді. Егер ол жанбаса, бұл салонға сырттан ауа кіретін таза ауаны қармау режимі қосылғанын білдіреді.



Хабарлама

- Қалыпты жағдайларда ауаны сырттан қармау режимін пайдалануға кеңес беріледі. Ішкі ауа циркуляциясы режимін қолдану, әсіресе компрессор өшірулі тұрған кезде, автокөлік әйнектерін буландыруы мүмкін.
- Тоннель ішінде немесе автокөлік кептелісінде, ластанған көше ауасы жағдайларында жүріп бара жатқанда, сондай-ақ автокөлік ішіндегі температураны тез төмендету немесе жоғарылату қажет болған кезде ішкі циркуляция режимін қолдану қажет.
- AUTO** сенсор түймесін басып, автоматты режимді қосуға болады. Бұл түйменің көмескі жарығы автоматты режимнің қосылуын көрсетеді. Бұл жағдайда климат-контроль жүйесі салқындатуды немесе жылытуды, сондай-ақ берілген температураға сәйкес үрлеу режимі мен қарқындылығын дербес реттейді.



Хабарлама

Егер автоматты түрде белгіленген ауа үрлеу режимі мен қарқындылығы Сізге сәйкес болмаса, оларды қолмен реттеуге болады. Бұл жағдайда климат-контроль жүйесі автоматты режимнен шығады және түйме сөнеді.

- › Компрессорды жанғанда, бұл компрессордың қосұлы екенін білдіреді. Бұл жағдайда берілген температураның төмендеуі автокөлік салонындағы температура мен ылғалдылықты төмендетеді.
- › Климат-контроль жүйесін қосқаннан кейін оны реттеу үшін баптаулар экранындағы температура мәнін сырғытыңыз.
- › Сәйкес ауа үрлеу режимін таңдау үшін ауа үрлеу режимі түймесін  ,  ,  ,  басыңыз.
- › Ауа ағынының қарқындылығын реттеу үшін желдеткіш белгішесінің жанындағы үрлеу қарқындылығы шкаласын  басыңыз.

Климат-контроль жүйесін басқару панелі

1

Пайдалану



AA89446608F2

- › Климат-контроль жүйесін қосу немесе өшіру үшін  түймесін басыңыз. Түймедегі шам жанғанда, бұл климат-контроль жүйесі қосулы дегенді білдіреді.
- › Автоматты режимді түймесін басыңыз. Түймедегі шам жанғанда, бұл автоматты режим қосулы дегенді білдіреді. Бұл режимде климат-контроль жүйесі салқындатуды немесе жылытуды, сондай-ақ берілген температураға сәйкес ауа беру режимі мен қарқындылығын дербес реттейді.

Хабарлама

Егер климат-контроль жүйесінің автоматты реттеу функциясы сіздің қажеттіліктеріңізге сәйкес келмесе, жеке баптауларыңызды қолмен беруіңізге болады. Бұл ретте автоматты режим өшіріледі және оның индикаторы сөнеді.

- › Компрессорды қосу немесе өшіру үшін **【A/C】** түймесін басыңыз. Түймедегі шам жанғанда, бұл компрессор қосулы дегенді білдіреді. Компрессор қосылған кезде төмен температураны орнату автокөлік ішіндегі температура мен ылғалдылықты төмендетеді.
- ›  түймесін басу арқылы үрлеу қарқындылығын төмендетуге болады.
- ›  түймесін басу арқылы үрлеу қарқындылығын жоғарылатуға болады.
- › Алдыңғы әйнекті максималды үрлеу функциясын қосу немесе өшіру үшін алдыңғы әйнекті үрлеу түймесін  басыңыз. Түймеде шам жанғанда, бұл алдыңғы әйнектің жылыту функциясы қосылып тұрғанын білдіреді. Бұл қосудың **【A/C】** алдыңғы және бүйір әйнектердегі мұз немесе бу біртіндеп жойылады.

Хабарлама

Егер жылыту жүйесі бар алдыңғы әйнектасартқыш орнатылған болса, онда алдыңғы әйнектің мұздануын немесе булануын жою функциясы қосылған кезде жылыту жүйесі бар алдыңғы әйнектасартқыш қосылады.

›  Түймесін басу сыртқы артқы көрініс айналары мен артқы әйнек жылытқышы функциясын қосады және өшіреді. Түймедегі шам жанған кезде, бұл сыртқы артқы көрініс айналары мен артқы әйнек жылытқышы функциясы қосылғанын білдіреді. Бұл сыртқы артқы көрініс айналары мен артқы терезедегі қырау мен будың біртіндеп жойылуына мүмкіндік береді.

Біраз уақыттан кейін сыртқы артқы көрініс айналары мен артқы әйнек жылытқышы функциясы автоматты түрде өшеді және түймедегі шам сөнеді.

Ескерту

Артқы әйнек жылытқышы функциясын қосқаннан кейін, күйіп қалмас үшін сыртқы айналар мен артқы әйнекке қол тигізбеңіз.

Хабарлама

Аккумулятор батареясының заряды таусылып қалмауы үшін қозғалтқышты оталдырмастан бұл функцияны ұзақ уақыт пайдаланбау керек.

› Ішкі айналым / ауаны сырттан қармау түймесін  басу ішкі және сыртқы ауа айналымы режимдері арасында ауысуға мүмкіндік береді. Түймедегі шам жанғанда, бұл ішкі ауа айналымы режимі қосылғанын білдіреді. Түймедегі индикатор сөнсе, бұл сырттан ауа қармау режимінің қосылғанын білдіреді.

Хабарлама

Сыртта күшті иіс шығып тұрған немесе ауа райы кенеттен нашарлаған жағдайда, мысалы, құмды дауыл, күшті жел, нөсер жауын немесе күшті қар жауған кезде климат-контроль жүйесін басқару панеліндегі ішкі циркуляция/сырттан ауа қармау режимдерінің ауыстырып қосу түймесін басып тұрыңыз. Бұл жағдайда люк және барлық терезелер автоматты түрде жабылады және ішкі циркуляция режимі қосылады, бұл пайдалану ыңғайлылығын және қозғалыс қауіпсіздігін арттырады.

Климат-контроль жүйесін басқару

1

Пайдалану

Салқындату/жылыту

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін:

1. **【AUTO】** режимін таңдаңыз. Бұл кезде сәйкес индикатор жанады. Компрессор температура мен қоршаған орта жағдайларына байланысты автоматты түрде қосылады және өшіріледі.
2. Қажетті температураны белгілеңіз, сонда жүйе тиісті жағдайлар жасау үшін автоматты түрде ауа үрлеу режимі мен қарқындылығын баптайды.
3. Рециркуляциялау режимі ауаны тезірек жылытуға және салқындатуға мүмкіндік береді және үнемділігі мен жайлылығы тұрғысынан анағұрлым тәуірлік режим болып табылады.

Хабарлама

- » Автокөлік күннің астында ұзақ тұрған жағдайда салон ішіндегі температура өте жоғары көтерілуі мүмкін. Егер мұндай жағдайда жол жүру қажет болса, желдетіп алу үшін барлық терезелерді ашуға, содан кейін ауаны кондициялау режимін қосуға кеңес беріледі. Ыстық ауа шығып кеткеннен кейін барлық терезелерді жабыңыз.

- » Температураны белгілегеннен кейін климат-контроль жүйесі салондағы және сырттағы температураны есепке ала отырып, автоматты түрде кондиционер және жылытқыш жүйелерінің жұмысын басқарады. Жылдың суық мезгілінде климат-контроль жүйесін қосқан кезде қалыпты жұмыс істей бастамас бұрын ол қыздырылуы тиіс. Сондықтан жылытқыш контурдың толық қыздырылуы аяқталғанға дейін климат-контроль жүйесі ыстық ауа айдамауы мүмкін немесе ауа үрлеу қарқыны салыстырмалы түрде төмен болады. Бұл қалыпты жағдай.

Алдыңғы әйнектегі қырауды/конденсатты кетіру

Қозғалтқышты оталдырғаннан кейін:

1. Алдыңғы әйнекті жылыту режимін қосқан кезде сәйкес индикатор жанады.
2. Үрлеу қарқындылығы мен ауа температурасын реттеуді, компрессорды іске қосуды немесе өшіруді, сонымен қатар рециркуляция мен сырттан ауа қармау режимдері арасында ауысуды өз қалауыңыз бойынша орындай аласыз.

Хабарлама

Салондағы ауа ластанған немесе ылғалдылығы тым жоғары болса, сырттан ауа қармау режимін қосуға кеңес беріледі.

Назар аударыңыз

- › Радиатор мен кондиционер конденсаторын жүйелі түрде тексеріңіз. Олардың бетінде жиналған жапырақтарды, жәндіктерді және шаң-тозаңды кетіру үшін қысымы төмен су пистолетін немесе жұмсақ щетканы пайдаланыңыз. Әйтпесе ластауыштар ауа легіне кедергі келтіріп, салқындату әсерін төмендетеді.
- › Кондиционерді жүйелі түрде қосу компрессордың және тығыздауыштардың қажетті майлану деңгейін ұстап отыруға және олардың ағып кетуін болдырмауға мүмкіндік береді. Тіпті кондиционерді қолдану қажет болмайтын жылдың суық мезгілінде де оны кемінде аптасына бір рет кемінде 10 минутқа қосып отырыңыз.
- › Егер климат-контроль жүйесі ауаны айтарлықтай тиімді салқындатпаса, тексерту және жөндеу үшін сервис орталығына жүгініңіз.
- › Салқындатқыш агент тікелей атмосфераға төгілсе, қоршаған ортаға зиян келеді. Салқындатқыш агентті оқудан өткен және сертификаты бар мамандар кәдеге жаратуға арналған арнайы контейнерлерді пайдалана отырып жинауы тиіс.

Хабарлама

Климат-контроль жүйесінен бөтен иістердің шығуы

› Сыртқы иістердің көздері

Кондиционерлеу ішкі және сыртқы ауаның алмасуын білдіреді. Ұзақ пайдаланғаннан кейін климат-контроль жүйесінде кір жиналады, ол зеңнің және жағымсыз иістердің пайда болуына әкеп соғады.

Климат-контроль жүйесінің сүзгісі ұзақ уақыт пайдаланылғаннан кейін онда бөтен иістер шығаратын су буы мен шаң жиналады.

› Ұсынылатын шаралар

Егер автокөлік сыртындағы ауа жеткілікті деңгейде таза болса, салондағы ауа циркуляциясын ұстап отыру үшін сырттан ауа қармау режимін пайдалануға кеңес беріледі.

Егер климат-контроль жүйесі салқындату режимінде жұмыс істеп тұрса, оны өшіру үшін алдымен кондиционерді ауыстырып қосқышпен **【A/C】** өшіріп алу және жүйені тағы 3-5 минутқа жұмыс істетіп қою қажет, осыдан кейін оны өшіруге болады. Бұл кондиционердің буландырғышындағы ылғалды кетіруге, климат-контроль жүйесін кептіруге, зеңнің пайда болуының алдын алуға және жағымсыз иісті азайтуға көмектеседі.

Күшті иіс шықса, тексеру үшін сервис орталығына хабарласу керек.

Климат-контроль жүйесі


Қажет болса, кондиционер сүзгісін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз.

1

Пайдалану

Климат-контроль жүйесінің дефлекторлары

Орталық дефлекторлар салонның алдыңғы жағындағы климат-контроль жүйесінің орталық дефлекторлары




00C4E2ABC770

Орталық дефлекторлардың иіңтіректерін жылжыту арқылы ауа ағынының бағытын реттеуге болады.

Орталық ауа өткізгіш дефлекторын жабу үшін иіңтіректі   немесе   бағытында шеткі күйге бұраңыз.

Салонның алдыңғы жағындағы климат-контроль жүйесінің бүйірлік дефлекторлары



A59A18AD5653

Дефлекторлардың иіңтіректерін жылжыту арқылы ауа ағынының бағытын реттеуге болады.

Дефлекторды жабу үшін иіңтіректі   таңбасымен көрсетілген бағытта шеткі оң күйге бұраңыз.

Салонның артқы жағындағы климат-контроль жүйесінің дефлекторлары



B9F0B09AF072

Дефлекторлардың иіңтіректерін жылжыту арқылы ауа ағынының бағытын реттеуге болады.

Дефлекторды жабу үшін иіңтіректі   немесе   таңбасымен белгіленген шеткі күйге солға немесе оңға бұраңыз.

Сақтау бөлімінің дефлекторын реттеу



FAD88DD1081

Оны ашу үшін сақтау бөлімі дефлекторының қақпағын жоғары қарай тартыңыз. Жабу үшін төмен басыңыз.

Хабарлама

Сақтау бөлімінің үрлеу температурасына климат-контроль жүйесінің жұмыс күйі әсер етеді.

- › Сақтау бөліміне ауа ағынын бағыттау үшін климат-контроль жүйесі бет аймағын үрлеу режимінде немесе бет пен аяқ аймағын үрлеу режимінде болуы тиіс. Өдетте сақтау бөлімінің ішіне суық ауа кіреді.
- › Жылыту үшін климат-контроль жүйесін пайдаланған кезде, егер сіз бет аймағын үрлеу режиміне немесе бет пен аяқ аймағын үрлеу режиміне қолмен ауыссаңыз, сақтау бөліміне жылы ауа жіберіледі.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Мобильді телефонды сымсыз зарядтау жүйесі

Сымсыз зарядтауды және оның дыбыс сигналын мультимедиялық жүйенің дисплейі арқылы қосуға немесе өшіруге болады:

【Автоюлікті бақырау】→【Сымсыз зарядтау】.



0E9AB34E32A9

Сымсыз зарядтау функциясын қосқаннан кейін және қуатты ON режиміне ауыстырғаннан кейін немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін үйлесімді смартфонды зарядтау аймағына орналастыруға болады.

Хабарлама

- › Оңтайлы зарядтау үшін телефонды катушканың аймағын төмен қаратып қою керек.
- › Бұл функция тек Qi стандарты бойынша сертифицикатталған және зарядтау аймағына орналастыруға болатын мобильді телефондарда ғана қолданылады.
- › Бір уақытта тек бір телефонды қуаттауға болады.
- › Тегіс емес жолмен жүргенде зарядтау кейде бір үзіліп, содан кейін қайта жаңартылуы мүмкін. Егер мобильді телефон қозғалып кетіп, қуатталуын тоқтаса, оны қуаттау аймағына қайтарыңыз.

› Зарядтау барысында сымсыз зарядтау құрылғысы мен мобильді телефон қызады. Бұл қалыпты жағдай.

Қызып кеткен жағдайда жүйе зарядтауды үзеді және оны температура төмендегеннен кейін жалғастырады.

› Телефон ақаулы болса, ол қуатталмауы мүмкін. Зарядтаудың бұзылуы телефонның ақаулығынан туындағанын анықтау үшін сымсыз зарядтаудың жұмысын басқа үйлесімді телефондардың көмегімен тексеруге болады.

› Егер мобильді телефонның қорғаныс қабы немесе сымсыз зарядтауға кедергі келтіретін басқа да құрылғылары бар болса, оларды алдымен шешіп алу қажет, әйтпесе зарядтау мүмкін болмайды.

› Нақты зарядтау қуаты мобильді телефонның маркасы мен моделіне, ағымдағы заряд деңгейіне және басқа факторларға байланысты өзгереді немесе азаяды. Кішкентай индуктивтілік шарғысы бар мобильді телефондар қуатты зарядтау үшін фирмалық сымсыз зарядтағыштармен жұптастыруды қажет етеді.

Автокөліктің сымсыз зарядтау модулі арқылы зарядтау кезінде зарядтау қуатын төмендетуге болады.

› Жиналмалы телефонның зарядтау шарғысының орналасу ерекшеліктеріне байланысты, оны зарядтамас бұрын телефон шарғысы автокөліктің сымсыз зарядтау панелінің шарғысымен тураланғанына көз жеткізу керек. Әйтпесе, мобильді телефон баяу зарядталуы немесе мүлдем зарядталмауы мүмкін.

› Аккумулятор батареясы зарядының таусылуына жол бермеу үшін қозғалтқышты оталдырмай сымсыз зарядтау функциясын ұзақ уақыт пайдаланбаңыз.

› Зарядтау аймағын сақтау бөлімі ретінде пайдалану қажет болса, сымсыз зарядтау функциясын өшіріңіз.

Ескерту

- › Қауіпсіздік мақсатында жүргізуші автокөлікті жүргізіп келе жатқанда, мобильді телефонды зарядтауға әрекеттенбеуі керек.
- › Қуаттау аймағына микропроцессоры бар карталарды, тиындарды, кілттерді және басқа да металл заттарды салмаңыз. Әйтпесе олар қызып, зарядтағыш құрылғыны бұзуы немесе төтенше жағдайға алып келуі мүмкін.

Егер телефонды зарядтау барысында зарядтау аймағында бөтен металл заттың бар екенін байқасаңыз, күйіп қалмау үшін оны бірден шығарып алуға тырыспаңыз. Сымсыз зарядтау функциясын дереу өшіріп, бірнеше минуттан кейін затты алып тастау керек.

Назар аударыңыз

- › Зарядтау аймағына сұйықтықтың енуіне жол бермеңіз, әйтпесе сұйықтық зарядтау тақтасындағы саңылаулар арқылы сымсыз зарядтау жүйесіне ағып, жүйенің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Күнқағар



99AC1062768B

Егер қарсы жақтан түсіп тұрған күн сәулесі жүргізушіге кедергі жасаса, күнқағарды түсіріп қоюға болады.



F9D77D2083F2

Егер бүйірден түсіп тұрған күн сәулесі жүргізушіге кедергі жасаса, күнқағарды ілмегінен ажыратып, түсіріп қоюға болады.

Косметикалық айна



590E2356A4F0

Күнқағардың ішкі жағында қапқаты ашу арқылы қолдануға болатын косметикалық айна бар.

Егер айна қолданылмаса, қапқағын жауып қойыңыз.

Ұсақ-түйек бөлімі

Ұсақ-түйек тартпасы

1

Пайдалану



A30AA3AA622C

Ұсақ-түйек тартпасын ашу үшін ұсақ-түйек тартпасының қақпағын жоғары тартып, қақпақты төмен қайырыңыз. Ұсақ-түйек тартпасын жабу үшін оның қақпағын жоғары көтеріңіз және бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Ескерту

Көлік жүргізу кезінде ұсақ-түйек тартпасының жабық екеніне көз жеткізіңіз. Әйтпесе апат немесе шұғыл тежелу жағдайында заттар одан ұшып шығуы және жарақат келтіруі мүмкін.

Ұсақ-түйек бөлімі



DB0F90DF351F

Алдыңғы шынтақтаяныштың астында ұсақ-түйек сақтауға арналған бөлім бар. Ұсақ-түйек сақтайтын бөлімді ашу үшін шынтақтаяныштың қақпағын көтеріңіз.



FA8CE23AD8CB

Алдыңғы шынтақтаяныштың алдында белгілі бір қашықтыққа алға және артқа жылжытуға болатын ұсақ-түйек сақтайтын бөлім бар. Артқа жылжитқанда төменгі жақтағы стақанқойғыштарға қол жеткізу мүмкін болады.

Бөлім мобильді телефондар, кілттер, әмияндар және т. с. с. ұсақ заттар үшін қолайлы. Басқа ірі заттарды орналастыруға қолайсыз болуы мүмкін.

Көзілдірік салатын бөлім



476F036E637B

Көзілдірік салатын бөлімді ашу үшін оны төңкеріңіз.

Ескерту

Қозғалыс кезінде көзілдірік салатын бөлім жабық болуы тиіс.

Хабарлама

Үлкен өлшемді көзілдірік бөлімге сыймауы мүмкін.

Стақанқойғыш



E96BC0158F23

Стақанқойғыштарға қол жеткізу үшін сақтау бөлімін артқа сырғытыңыз.

Ескерту

- › Ыстық сусындарды орналастырған жағдайда күйіп қалмау үшін абай болыңыз.
- › Стақанқойғыштарға тек өлшемі сәйкес келетін қақпақтары бар ыдыстарды ғана қоюға болады.

Тым кішкентай немесе тұрақсыз сусын ыдыстарын стақанқойғыштарға қоймаңыз. Олар аударылып кетуі мүмкін, бұл апаттарға немесе жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Сусыны бар ыдыстың бүтін және қақпақпен нық жабылғанына көз жеткізіңіз. Әйтпесе сұйықтық шашырап, автокөліктің электрондық құралдарын зақымдауы, салонды ластауы немесе жарақаттар келтіруі мүмкін.

- › Автокөлік ішінде заттарды дұрыс орналастырмау қозғалыс кезінде олардың кездейсоқ қозғалып кетуіне және жүргізуші мен жолаушыларға жарақат алу қаупін төндіреді. Оған қоса, апат орын алған жағдайда немесе шұғыл тежегенде немесе бұрылған кезде, стақанқойғыштарда, мобильді телефон ұстағыштарында және ашық тұрған ұсақ-түйек бөлімдерінде орналасқан заттар жарақат келтіруі мүмкін.

Бөтелкеге арналған бөлімдер

Әрбір бүйірлік есікте бөтелкеге арналған бөлім бар. Бұл жерге тығыз жабылған ыдыстарды ғана салып қоюға болады.

Ескерту

Бұл жерге бөтелкелерден өзге заттарды қоймаған жөн. Өйтпесе апат немесе шұғыл тежелу жағдайында олар ұшып шығуы және жарақат келтіруі мүмкін.

Назар аударыңыз

Сұйықтық төгілмеуі үшін бөтелке қақпағының тығыз жабық тұрғанын тексеріп алыңыз.

Ілмек



7FB136C42504

Багаж ілмегі жолаушы жағындағы ұсақ-түйек тартпасында орналасқан. Ілмекті басып, оны көрсеткі бағытына бұраңыз. Оған жеңіл заттарды іліп қоюға болады, бірақ максималды жүктеме ілмектің өзінде көрсетілген салмақтан аспауы керек. Сапарға шығар алдында барлық заттың мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Қуат көзі ағытпалары

Хабарлама

Қуат режимі ON күйінде болған кезде электр құрылғыларын қуат көзі ағытпаларына қосуға болатынына қарамастан, ағытпаларды пайдаланған кезде автокөлік қозғалтқышын іске қосу ұсынылады. Бұның арқасында аккумулятордың қуаты ұзақ уақыт таусылмайды. Аккумулятордың қуаты ұзақ уақытқа таусылса, заряд жоғалып, қозғалтқышты дұрыс оталдыру қиындайды.

Алдыңғы қатар орындықтары аймағындағы қуат көзі ағытпасы және USB-порты



66D8AB428BBA

Туре-С қуат көзі ағытпасы және алдыңғы жолаушыларға арналған USB-порты климат-контроль жүйесінің алдыңғы дефлекторларының жанында орналасқан.

Оларды оталдыру жүйесі қосұлы тұрғанда пайдалануға болады. Олар мобильді телефондар мен планшеттер сияқты электр құрылғыларын зарядтауға арналған.

Артқы қатардағы орындық аймағындағы USB- порттары



3922F3642335

Артқы қатардағы орындықтар аймағындағы USB-порттары салонның артқы жағындағы климат-контроль жүйесінің дефлекторларының жанында орналасқан.

Оларды оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда пайдалануға болады. Олар мобильді телефондар мен планшеттер сияқты электр құрылғыларын зарядтауға арналған.

12 В ағытпа



1582464AD339

12 вольтты ағытпа климат-контроль жүйесінің алдыңғы дефлекторларының жанында орналасқан.

Оны қуат ON режимінде болған кезде пайдалануға болады. Пайдалану үшін жай ғана қақпағын ашыңыз.

Ағытпа — қуаты 120 Вт дейінгі электр жабдығын қолдануға арналған 12 В тұрақты токтың қуат көзі.

Бейне жазғыштың қуат көзі ағытпасы



9AFA9175DE57

Бейнежазғыштың қуат көзі ағытпасы салондағы сыртқы артқы көрініс айнасының негізінің жанында орналасқан.

Бұл қуат көзі ағытпасын оталдыру жүйесі қосулы тұрғанда қолдануға болады. Ол номиналды қуаты 10 Вт шамасынан аспайтын бейнежазғышқа арналған 5 В тұрақты ток кернеуін қамтамасыз етеді.


Хабарлама

Бақылау камерасын орнатқан кезде, қозғалыс қауіпсіздігі үшін оның сымы көріністі көлегейлемейтініне көз жеткізіңіз.

Қосымша қуат көзі ағытпалары

Қосымша қуат көзі – кернеу мен қуатты көрсететін жапсырмасы бар оқшауланған сым. Мұндай қуат көздерін автокөлік қозғалтқышы іске қосылғаннан кейін ғана қолданыңыз, әйтпесе олар дұрыс жұмыс істемейді.

Қуат розеткаларының орналасуы




83D7374DC039

- Ⓐ 12 В (1) қуат көзі ағытпасы мотор бөліміндегі аккумулятордың жанында орналасқан.
Ағытпа — қуаты 300 Вт дейінгі электр жабдығын қолдануға арналған 12 В тұрақты токтың қуат көзі.
- Ⓑ 12 В (2) қуат көзі ағытпасы сол жақ алдыңғы орындықтың астында орналасқан.
Ағытпа — қуаты 100 Вт дейінгі электр жабдығын қолдануға арналған 12 В тұрақты токтың қуат көзі.
- Ⓒ 12 В (3) қуат көзі ағытпасы автокөлік жақтауының сол жақ артқы жағында орналасқан.

Ағытпа — қуаты 150 Вт дейінгі электр жабдығын қолдануға арналған 12 В тұрақты токтың қуат көзі.

Қуат көзі ағытпаларының ажыратқыштары



40C52BE896DD

- Ⓐ Қуат ажыратқышы 12 В (1)
- Ⓑ Қуат ажыратқышы 12 В (2)
- Ⓒ Қуат ажыратқышы 12 В (3)

Қуат көзі ағытпасының ажыратқышын басу тиісті электр тізбегін қосады немесе өшіреді.

⚠ Ескерту

Тұтанғыш газдары бар ыдыстарды және қыздыратын құрылғыларды қуат көзі ағытпаларынан жеткілікті қашықтықта ұстаңыз.

 Назар аударыңыз

- › Сусындардың, басқа да сұйықтықтардың немесе бөтен заттардың қуат көзі ағытпаларына кіруіне жол бермеңіз. Бұл қысқа тұйықталуға және басқа да ақаулықтарға алып келуі мүмкін. Егер қуат көзі ағытпасының қорғау қақпағы болса, оны пайдаланбайтын кезде қақпағын жауып қойыңыз.
- › Қуаты номиналды қуаттан асатын жабдық қолданылған жағдайда автокөліктің сақтандырғышы күйіп кетуі мүмкін.
- › Электр қуаты ағытпаларына жоғары дәлдікті жабдықтарды, индуктивтілігі жоғары жабдықтарды және басқа да маңызды жабдықтарды қоспаңыз.
- › Электр қуаты ағытпаларын ылғал немесе жоғары температуралы ортада пайдаланбаңыз.
- › Басқа қуат көздерімен параллель немесе тізбекті қосылыспен қуат көзі ағытпаларын қолданбаңыз.
- › Пайдалану кезінде әдеттен тыс жағдайлар (температураның күрт көтерілуі, түтіннің, бөтен иістің пайда болуы және т.б.) туындайтын болса, дереу оны қолдануды тоқтатыңыз және тексеріс жүргізу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.
- › Жалғанатын сымның су өткізбейтініне және герметикалы екеніне көз жеткізіңіз.

[illegible]

2

Автокөлікті басқару

Автокөлікті басқару қағидалары	92	Дөңгелек түрі	140
Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізу бойынша ұсыныстар	99	Шина қысымын бақылау жүйесі	142
Автокөлікті сынап жүргізу кезеңінде басқару бойынша ұсыныстар	108	Жүргізушінің шаршағанын бақылау жүйесі	144
Қуат / оталдыру ажыратқышы	109	Круиз-контроль жүйесі	146
Автокөлікті оталдыру және өшіру	111	Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйелер	149
Тұрақ тежегіші	114	Жүргізуге көмектесетін жүйелер	179
Берілістерді ауыстырып қосуды басқару	118	Пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесі	185
Рульдің күшейткішінің режимдері	125	Аспаптар тақтасы	193
Жүргізу режимдері	126	Аспаптар тақтасының индикаторлары	200
Дифференциалды құлыптау	130		
Тұраққа қою көмекші жүйесі	133		

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Сіздің автокөлігіңіздің жиынтықталуы туралы ақпаратты сіз оны сатып алу кезінде ұсынылған құжаттардан таба аласыз немесе оны уәкілетті дилерден сұрай аласыз.

Автокөлік жүргізу алдында

Бөтен заттарды алып тастаңыз

Қозғалысты бастамай тұрып автокөлік шанағын толықтай қардан, жапырақтардан және т. б. тазалап алыңыз.

Автокөліктің күйін тексеріңіз

Қауіпсіз және жайлы жүргізуді қамтамасыз ету үшін қозғалысты бастамас бұрын шиналарды, май деңгейін, жарық аспаптарын, автокөліктің сыртқы түрін және күнделікті қарап тексерілуі тиіс басқа да позицияларды тексеріп алыңыз.

Егер автокөлікті жөндеу қажеттігі анықталса, кідірместен сервис орталығына хабарласыңыз.

Есіктер мен капот қақпағын тексеріңіз

Қозғалысты бастамас бұрын автокөліктің барлық есіктерінің жабық екеніне көз жеткізіңіз. Егер қандай да бір есік толық жабылмаған болса, қозғалыс кезінде ол абайсызда ашылып кетуі және апатқа алып келуі мүмкін.

Егер капотты ашқан болсаңыз, жүрмей тұрып, оның жабылғанын тексеріп алу керек. Жабылмаған капот қақпағы қозғалыс кезінде абайсызда ашылып кетуі және апатқа алып келуі мүмкін.

Заттарды салонда орналастыру

Аспаптар тақтасына

Аспаптар панелінің үстіне қандай да бір зат қоюға тыйым салынады. Бұл жүргізушінің көру мүмкіндігіне кедергі келтіріп қана қоймай, қозғалыс басында және қозғалыс кезінде қауіпсіздікке нұқсан келтіріп, апат қаупін тудыруы мүмкін.

Жүргізуші аяғының маңы

Жүргізуші аяғының астына қандай да бір затты орналастыруға тыйым салынады. Олар педальдардың астына тұрып қалуы мүмкін, бұл автокөлікті бақылаудан айырылып қалуға және апатқа алып келуі мүмкін.

Кілемшелер қолдану қажет болса, олардың осы автокөлікке сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Пішіні сәйкес келмейтін кілемшелерді пайдалану, кілемшелердің дұрыс орналаспауы немесе бір-бірінің үстіне айқастырылып қойылуы педальдардың басылуына кедергі келтіруі мүмкін, бұның салдарынан қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмайды, бұл берілістерді ауыстырып қосу қиындатады немесе мүмкін емес етеді, сондай-ақ апатқа алып келуі мүмкін.

Орындықтардың астында

Орындықтардың астына қандай да бір затты орналастыруға тыйым салынады. Бұл орындықтардың күйін реттеуге кедергі келтіруі немесе бекітілмей қалатындай етуі мүмкін, нәтижесінде апатқа алып келуі мүмкін.

Орындықтардың арқалықтарында

Арқаңыз бен орындықтың арқалығының арасына жастықтар және басқа заттар қоймаңыз. Бұл жүргізу кезінде жүргізушінің дұрыс отыру қалпын бұзып қана қоймай, соқтығысқан жағдайда қауіпсіздік белбеуі мен бассүйегіштің қорғаныш функцияларын қамтамасыз етуіне кедергі келтіреді, нәтижесінде өмірге қауіпті жарақаттар келтірілуі мүмкін.

Терезе әйнектерінде

Әйнектерге вакуумдық жабысқақтары бар заттарды бекітуге тыйым салынады. Жабысқақтар линза әсерін беруі және өрттің шығуына алып келуі мүмкін.

Қозғалыс кезінде

Жылдамдық режимін сақтаңыз

Жылдамдықты шектеу белгілерінде көрсетілген жылдамдықтан асыруға тыйым салынады.

Автокөлікке шектен тыс жүк артпаңыз

Шектен тыс жүк артылған автокөлікпен жүру қауіпті.

Белгіленген максималды жолаушылар саны мен жүктің максималды салмағынан асыруға, сондай-ақ жолаушыларды жүксалғышқа отырғызып тасымалдауға тыйым салынады.

Қатты шаршағаныңызды сезіп тұрсаңыз, автокөлікті басқарудан бас тартыңыз

Шаршаған күйде автокөлікті басқару өте қауіпті. Шаршаған жүргізушінің шешім қабылдау жылдамдығы, көру қабілеті және зейін қоюы айтарлықтай төмендейді, мұның салдары ауыр жол апатына әкеп соғуы ықтимал.

Қозғалыс кезінде қозғалтқышты өшірмеңіз

Қозғалтқыш сөніп тұрғанда тежеу жүйесі мен руль күшейткіштері жұмыс істемейді, бұл тежеу тиімділігін төмендетіп, жол апатына әкеп соғуы ықтимал.

Рульді шеткі қалыпта ұзақ уақыт ұстауға тыйым салынады.

Рульді шеткі қалыпта ұзақ уақыт пайдалану басқару жүйесі тиімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін, бұл рульді бұрған кезде ауырлығының артуы түрінде сезілетін болады.

Қозғалыс кезінде тежегіш педалін басып отыруға тыйым салынады

Қозғалыс кезінде тежегіш педалін ұзақ уақыт басып тұруға немесе іске қосылған тұрақ тежегішімен қозғалуға тыйым салынады. Бұл тежегіш қыспақтарының мезгілінен бұрын тозуына немесе тежеу жүйесі бөлшектерінің шектен тыс қызуына алып келуі мүмкін, бұл тежеу тиімділігін төмендетеді және апатқа алып келуі мүмкін.

Тежегіш қыспақтарының тозуы кезіндегі дыбыс

Егер тежегіш қыспақтары желініп кеткен және оларды ауыстыру қажет болса, дискілі тежеу механизмі жағынан өзгеше дыбысы естіледі.

Егер тежеген кезде бөтен дыбыс естіліп тұрса, қозғалысты жалғастыруға тыйым салынады. Әйтпесе тежегіш дискілер қатты тозып, тежеу жүйесінің элементтері зақымдалуы мүмкін, бұл тежеу тиімділігін төмендетеді және апатқа алып келуі мүмкін.

Шинаның жарылуы

Зақымдалған шинамен жүрісті жалғастыруға тыйым салынады. Мұндай жағдайда жүру өте қауіпті және апатқа алып келуі мүмкін. Оған қоса, бұның салдарынан дөңгелекке, аспаға және шанаққа зақым келуі мүмкін. Мұндай жағдайда дөңгелекті дереу ауыстыру қажет.

Төмендегі жағдайларда шиналардың бүтіндігін тексеру қажет:

- › Руль дірілі.
- › Автокөліктің әдеттен тыс дірілі.
- › Автокөліктің әдеттен тыс қисаюы.

Егер қозғалыс барысында шиналар зақымдалған болса, рульді мықтап ұстап, жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз. Шұғыл тежеу және рульді бұрып қалу салдарынан автокөлікті бақылай алмай қалу қаупі туындайды.

Автокөліктің түбіне, шинасына немесе дөңгелегіне күшті соққының тиюі

Автокөліктің түбіне, шинасына немесе дөңгелегіне күшті соққы тиген жағдайда дереу автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз және қарап шығыңыз. Тежегіш сұйықтығы мен отынның аққан жерлерінің, сондай-ақ аспаның, шиналардың, дөңгелектердің, жетек жүйесінің элементтерінің деформациялары мен зақымдануларының бар-жоғын тексеріңіз. Егер жылыстау немесе зақым пайда болса, жүрісті жалғастыру апатқа өкелуі мүмкін.

Ылдиға қарай түскенде

Қозғалтқышпен тежеуді қолданыңыз

Ылдиға қарай түскен кезде тежегіш педалін ұзақ уақыт бойы басып отыру тежегіш механизмінің қызып кетуіне және тежеу тиімділігінің төмендеуіне алып келуі мүмкін, бұл апат қаупін тудырады.

Бейтарап беріліс қосылып тұрғанда қозғалтқышты өшіруге немесе еркін жүріспен жүргізуге тыйым салынады

Егер ылдиға қарай қозғалу кезінде қозғалтқыш өшірулі болса, тежеу жүйесі мен руль күшейткіштері жұмыс істемейді, бұл тежеу тиімділігін төмендетеді және рульге салынатын күшті ұлғайтады. Бұл апатқа алып келуі мүмкін.

Биіктіктері құбылмалы жол телімдерінде

Автокөлікті жиектастың жанында немесе биіктігінде айтарлықтай айырмашылығы бар жол телімінде тоқтатқаннан кейін шиналардың жиектасқа немесе өзге де кедергілерге тиюі салдарынан оның зақымдалмайтынына көз жеткізіңіз.

Жиектастан, жасанды кедір-бұдыр жерден немесе сол сияқты кедергілерден өткен кезде, жылдамдықты азайтып, мүмкіндігінше кедергілерге тік бұрышпен қозғалу керек. Әйтпесе шиналар (әсіресе қапталдары) зақымдалуы мүмкін.

Келесі жағдайларда бамперді зақымдап алмау үшін жылдамдықты төмендету және сақ болу қажет.

- › Саты тәрізді ылдиы бар жерлерде, мысалы, автотұраққа кірген немесе шыққан кезде.
- › Көп деңгейлі тұраққа және тік көтерілетін өрлері бар басқа да жерлерге кіргенде.
- › Тегіс емес және дөңгелектердің сорап іздері бар жерлерде.
- › Шұңқырлары бар жерлерде.
- › Тегіс жерден ылдиға қарай түскенде немесе керісінше.
- › Жасанды тегіс емес жерден өткенде немесе жиектастың жанына тоқтағанда.

Ылғал, қар, мұз басқан жолдарда және басқа да сырғанақ беттерде

Сырғанақ жолмен жүрген кезде шұғыл тежеу, жылдамдықты күрт үдету, рульді бұрып қалу салдары автокөліктің сырғып кетуіне және оны басқара алмай қалып, жол апатына ұшырау қаупіне әкеп соғуы ықтимал.

Суық ауа райында көпірлердің үстімен, көлеңкеде тұрған жол телімдерімен және мұз түзілуі мүмкін басқа да жерлермен жүрген кезде жылдамдықты төмендету қажет.

Су басқан жолда

Су басқан жолда жүрген кезде абай болыңыз.

Мұндай жағдайларда қозғалтқыштың жұмысы бұзылуы және зақымдалуы, сондай-ақ электр компоненттер қысқа тұйықталуы мүмкін. Бұл күрделі апатқа алып келуі мүмкін.

Сондай-ақ су басқан жолда тежегіш қыспақтары су болады, бұл тежелу тиімділігін төмендетуі және апатқа алып келуі мүмкін. Су басқан жерден өткеннен кейін тежегіш педалін бірнеше рет басып, тежегіштерді қыздырып, олардың дұрыс жұмыс істейтініне көз жеткізу керек.

Жолаушыларға арналған сақтық шаралары

Салон ішінде орныңызды ауыстырмаңыз

Қозғалыс кезінде өз орныңыздан тұрмаңыз және салон ішінде орныңызды ауыстырмаңыз. Әйтпесе көлікті күрт тежеген кезде жарақат алуыңыз мүмкін.

Терезеден қолды немесе басты шығаруға тыйым салынады

Көлікті күрт тежеген немесе терезелерді жапқан кезде жақтауға соғылу қаупі бар, бұл күрделі жарақаттар келтіруі, тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Балаларды тізеңізге алып отырмаңыз

Сіз өзіңізді қауіпсіздік белбеуімен байлап қойсаңыз да нәрестелер мен балаларды қолға алып отыруға тыйым салынады. Сондай-ақ балаларға ересектерге арналған қауіпсіздік белбеулерін тағуға тыйым салынады. Әйтпесе күрт тежеу кезінде немесе автокөлік соқтығысқанда ауыр жарақаттар келтіру, тіпті кісі өлімінің орын алу қаупі бар.

Балаларға есіктерді, терезелерді басқаруға тыйым салынады.

Есіктерді, терезелерді басқарған кезде балалар қолдарын, басын, мойнын және денесінің басқа бөліктерін қысып алуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Қозғалыс кезінде есікті ашып қалса, бала көліктен түсіп қалуы және ауыр және тіпті өмірге қауіпті жарақаттар алуы мүмкін.

Балалардың терезелерді және есіктерді абайсыз қолдануына байланысты жазатайым жағдайлардың болуына жол бермеу үшін бала бекітпелерін қолданыңыз және терезелерді құлыптап қойыңыз.

Автокөлікті тоқтату және тұраққа қою

Көлікті жеңіл тұтанатын материалдардың жанында тоқтатпаңыз

Шөбі және жеңіл тұтанатын заттары көп жерлерден аулақ болуға тырысыңыз, автокөлікті мұндай жерлерге тоқтатпаңыз. Қызып тұрған түтін шығару құбыры жеңіл тұтанғыш материалдардың жануына алып келуі мүмкін. Егер автокөліктің артында ағаш немесе фанера тұрса, өртенуден сақтану үшін автокөлік мұндай материалдардан жеткілікті қашықтықта тұруы тиіс.

Нашар желдетілетін үй-жайларда қозғалтқышты ұзақ уақытқа қосып қоймаңыз.

Желдетілуі нашар көлікжай ішінде және басқа үй-жайларда қозғалтқыштың ұзақ уақыт жұмыс істеуі салдарынан пайдаланылған газдар жиналады, бұл иіс газынан улануға алып келуі мүмкін. Бұл денсаулыққа күрделі зиян келтіруі және кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Үнемді жүргізу

Мұқият болыңыз

Алда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі жеткілікті қашықтықты сақтаңыз, қажетсіз жылдамдықты үдетуден және тежелуден сақтаныңыз. Тұрақты жылдамдықта отын шығыны төмендейді.

Қозғалтқыштың бос жүріспен жұмыс істеуіне жол бермеңіз

Отынды артық шығындауға жол бермеу үшін бағдаршамдарда, теміржол өткелдерінде немесе автокөлік кептелістерінде ұзақ тоқтап тұрғанда қозғалтқышты өшіріп қойыңыз.

Артық жүк тиеуден сақтаныңыз

Автокөлікке көп немесе шектен тыс жүк арту отын шығынының артуына алып келеді. Қозғалысты бастамас бұрын автокөлік ішіндегі қажетсіз заттарды шығарыңыз.

Шиналардағы ауа қысымын үнемі тексеріп тұрыңыз

Шиналардағы қысым тым төмен болса, теңселу қарсылығын арттырады, бұл өз кезегінде энергия шығыны мен шиналардың тозуына әкеледі.

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өтіңіз

Жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету автокөліктің ұзақ және үнемді жұмысын қамтамасыз етеді.

Қолданылмайтын электр жабдықтарын өшіріп қойыңыз

Климат контроль жүйесі, қыздырғыш элементтер және электр жабдықтарының басқа да компоненттері көп мөлшерде электр энергиясын қажет етеді, бұл отын шығынын арттырады. Егер электр құралдарын пайдалану қажет болмаса, оларды өшіріп қойыңыз.

Терезелерді жабыңыз

Ашық терезелер ауа кедергісі арттырады, сондықтан отын шығынын ұлғайтады. Қажет болмаса, оларды ашпаңыз.

Инерция бойынша қозғалысты пайдаланыңыз

Бағдаршамның қызыл сигналына жақындағанда немесе еңіске қарай қозғалғанда, автокөлікке инерция бойынша қозғалуға мүмкіндік бере отырып, акселератор педалін босатыңыз.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз.

Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Тұманда жүргізу

Тұман жарықтарын қосыңыз

Автокөлікті тұманда жүргізген кезде тұман фаралары мен шамдарын қосу керек.

Басқа жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерге ескерту үшін дыбыс сигналын қолданыңыз.

Басқа жүргізушінің дыбыс сигналын естіген кезде, өз автокөлігіңіздің орналасқан жерін белгілеп көрсетіп, бірден жауап сигналын беріңіз.

Жылдамдықты түсіріңіз және сақ болыңыз

Тұман жағдайында минималды жылдамдықпен қозғалу және алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін жеткілікті арақашықтықты ұстап отыру қажет.

Буланған әйнектерді қозғалыс кезінде сүртпеңіз

Автокөліктің ішіндегі және сыртындағы температуралардың айтарлықтай айырмашылығының болуына байланысты алдыңғы әйнек ішкі жағынан жиі буланып кетеді, бұл көру мүмкіндігін нашарлатады. Мұндай жағдайда әйнектерді жылыту функциясын қосыңыз немесе автокөліктің ішіндегі және сыртындағы температура теңесуі үшін терезелерді сәл ашып қойыңыз. Бұл булануды болдырмауға көмектеседі.

Егер әйнектерді сүрту қажет болса, автокөлікті тоқтатыңыз. Бұл қозғалыс кезінде жасамаңыз.

Жаңбыр жауып тұрғанда жүргізу

Тайғақ жолмен жүру кезінде абай болыңыз

Жаңбыр жауып тұрғанда көрініс нашарлауы, алдыңғы әйнек буланып кетуі және дөңгелектер бос айналуы мүмкін. Мұндай жағдайда ерекше сақ болыңыз.

Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізу бойынша ұсыныстар

2

Автокөлікті басқару

Ылғал жолмен жүрген кезде шұғыл тежеу, жылдамдықты күрт үдету, рульді бұрып қалу салдары автокөліктің сырғып кетуіне және оны басқара алмай қалып, жол апатына ұшырау қаупіне әкеп соғуы ықтимал.

Жылдамдықты төмендету қажет, себебі жаңбыр жауып тұрғанда дөңгелектер мен жол бетінің арасында су үлдірі түзіледі, бұл жол жабынымен ілінісудің жойылуына алып келеді.

Ескерту

Нөсер жауын кезінде мүмкіндігінше автокөлік жүргізбеңіз.

Су басқан аймақтан (су өткелінен) өту

Тоқтап тұрған сулы учаскеде жүргенде судың тереңдігі 500 мм-ден аспауы керек. Ағып тұрған судан кешіп өткенде, су өткелінің тереңдігі одан да таяз болуы керек.

Су басқан учаскеде жүргенде алдыңғы және қарсы келе жатқан көліктерден пайда болған толқындарды қадағалаңыз. Толқындар өткелдің ең жоғары рұқсат етілген тереңдігінен асып кетуіне әкелуі мүмкін.

Егер кешіп өтетін судың тереңдігі 50-100 мм болса, автокөліктің жылдамдығы 40 км/сағ шамасынан аспауы керек. Автокөліктің судағы жылдам қозғалысы ауа сүзгісінің кіру құбырына шашыранды заттардың түсуіне әкелуі мүмкін, бұл сүзгі элементінің ылғалдануына және техникалық қызмет көрсету циклінің қысқаруына әкеледі.

Егер кешіп өтетін судың тереңдігі 100-350 мм болса, автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ шамасынан аспауы керек.

Егер кешіп өтетін судың тереңдігі 350–400 мм болса автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ шамасынан аспауы керек. Қозғалыс кезінде тоқтамаңыз және берілістерді ауыстырмаңыз.

Су басқан аймақтан өткен кездегі сақтық шаралары

- › Сулы аймақтан өтпес бұрын, тереңдігін тексеріңіз. Егер ол тым терең болса немесе оны анықтау мүмкін болмаса, су басқан жерді айналып өткен жөн. Бұл жағдайда кесіп өтуге тыйым салынады.
- › Жолды жаттап алыңыз. Таныс емес жер телімінде жүрмеңіз, себебі су астында арықтар, люктер және басқа да кедергілер жасырын тұруы мүмкін.
- › Егер судан өткен кезде қозғалтқыш белгісіз себептермен тоқтап қалса, оны қайтадан іске қосуға тырыспаңыз. Бұл ауыр зақым келтіруі мүмкін.

Су басқан жерден кешіп өткеннен кейінгі қарап тексеру және қызмет көрсету

Су басқан аймақтан өткеннен кейін келесі әрекеттерді орындаңыз:

- › Дыбыс сигналын тексеріңіз.
- › Барлық жарықтандыру құрылғыларын тексеріңіз.
- › Тежегіш педалін бірнеше рет басып, тежеу жүйесінің дұрыс істейтініне көз жеткізіңіз.
- › Су басқан учаскеден өткеннен кейін бірден тоқтамаңыз. Турбокомпрессор мен электржетек бөлшектерінің коррозиясының алдын алу үшін 5–10 минут бойы қозғалысты жалғастырыңыз. Қозғалыс кезінде автокөлікке тән емес шудың (металл бөлшектер дыбысының) шығып тұрмауын тексеру үшін жылдамдықты сәл үдетуге болады.
- › Мүмкіндігінше қысқа мерзімде көлікті тексеру үшін жақын маңдағы қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Су басқан жерден кешіп өткен кезде трансмиссия жүйесінің тораптарына су тисе, ол маймен араласып, жүйенің жұмысында ақаулар тудыруы мүмкін.



Назар аударыңыз

- › Су басқан учаскелерден қайта-қайта жүре бермеген дұрыс.
- › Әсіресе су басқан жерлерден өткенде мұқият болыңыз.

Мүмкіндігінше суда жүрмеңіз. Қажет болған жағдайда тек қауіпсіз және сенімді тәсілмен ғана өтіңіз.

- › Су басқан жерді кешіп өту қозғалтқыш пен электр компоненттерге зақым келтіруі мүмкін.

Автокөлікті жылдың ыстық мезгілінде басқару

Ыстық ауа райы мен жоғары ауа температурасы автокөліктің қалыпты жұмысына көмектеспейді және жүргізушінің денсаулығына теріс әсер етеді. Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін келесі сақтық шараларды орындаңыз:

Қозғалтқыштың қызып кетуіне жол бермеңіз

Ыстық ауа райында қозғалтқыштың қызып кету ықтималдығы артады. Сондықтан ауа райы ыстық болған кезде салқындату жүйесін тексертуге және техникалық қызмет көрсетуге ерекше назар аудару керек, радиатор тілімдерінің арасына түсетін бөгде заттарды дер кезінде алып тастау керек.

Шиналардағы ауа қысымын бақылаңыз

Шиналардағы ауа қысымы жоғары температура әсерінің нәтижесінде жоғарылайды, ал ыстық маусымда жоғары температурада шиналар жарылып кетуі мүмкін.

Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізу бойынша ұсыныстар

2

Автокөлікті басқару

Егер қозғалыс барысында шиналар зақымдалған болса, рульді мықтап ұстап, жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз. Шұғыл тежеу мүмкіндігін қолданбаңыз және рульді күрт бұрмаңыз. Бұл автокөлік тізгінін басқаруды жоғалтуға алып келуі мүмкін.

Ыстық өтуден сақ болыңыз

Жылдың ыстық мезгілінде күн белсенділігі мен жоғары температура себебінен ыстық өтуі мүмкін.

Салонды жақсылап желдетіңіз және шаршаған күйде автокөлікті жүргізбеңіз.

Ескерту

Балаларды жабық көлікте қараусыз қалдырмаңыз.

- › Көлік ішінде жалғыз қалған балаға ыстық өтуі немесе денесі сусызданып кетуі мүмкін, бұл денсаулыққа зиян келтіруі және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- › Автокөлікте қараусыз қалған бала сіріңкемен, оттықпен және сол сияқты заттармен ойнап отырып, өрт тудыруы мүмкін.

Назар аударыңыз

- › Автокөлікте оттықтар, аэрозоль баллондарын, газдалған сусындары бар құтылар және көзілдіріктер қалдырмаңыз. Жоғары температура жағдайында оттықтан немесе аэрозольді бөтелкеден газдың ағып кетуі немесе бүріккіштің жарылуы өртке әкеп соғады.
- › Егер газдалған сусыны бар құты жарылып кетсе, сұйықтық электр компоненттерге тиіп кетіп, h қысқа тұйықталу орын алуы мүмкін.
- › Салондағы ауаның температурасының жоғары болуы салдарынан көзілдіріктің полимер линзаларының пішімі өзгеруі және линзалар жарылуы мүмкін.

Автокөлікті жылдың суық мезгілінде басқару

Жылдың суық мезгілінде көлік құралын қар немесе мұз басуы, ал есік тұтқалары, терезелер, артқы көрініс айналары және әйнектазартқыштар секілді қозғалатын бөліктер қатып қалуы мүмкін. Автокөлігіңізді қатып қалудан қорғау және оның қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз ету, жылдың суық мезгілінде көлік жүргізуден мінсіз әсерлер алу үшін келесі ұсыныстарды орындаңыз.

Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізу бойынша ұсыныстар

2

Автокөлікті басқару

Жүргізу алдындағы дайындық

Суық маусым келер алдында немесе суық аймақтарға жол жүрер алдында келесідей дайындық жұмыстарын жүргізу қажет:

- › Өйнекжуғыш сұйықтықтың осы аймақтағы температураға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Бұл сұйықтықтың қатып қалуын және автокөлікке зақым келтіруін болдырмайды.
- › Мұздатудан жақсы қорғауды қамтамасыз ету үшін салқындатқыш сұйықтықтың түрін тексеріп, растаңыз. Автокөлігіңізге арналған салқындатқыш сұйықтықтың тек көрсетілген түрін ғана қолданыңыз.
- › Мотор майының түрін тексеріп, растаңыз. Сіздің автокөлігіңіз үшін көрсетілген мотор майының түрін ғана пайдалану керек.
- › Жылдың суық мезгілінде аккумуляторлардың өнімділігі төмендейді. Батареяны тексеру және батареяның қозғалтқышты іске қосу үшін жеткілікті қуаты бар-жоғын білу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- › Қозғалыс жағдайына байланысты апаттық керек-жарақтарды алдын ала дайындауға болады, мысалы, дабыл шамдары, қар тазалауға арналған күрек, терезелерге арналған қырғыш, іске қосу кабельдері және т.б.

Көлік жүргізуді ыңғайлы ету үшін келесілерді қолдануға болады:

- › Автокөлікті алдын ала оталдырып, салқындатқыш пен орындықтарды жылыту сияқты функцияларды іске қосыңыз, бұл салонды ыңғайлы етеді.
- › Автотұраққа қойғаннан кейін қатып қалмас үшін есік тұтқаларындағы қар мен суды міндетті түрде алып тастаңыз.
- › Суық мезгілде жол үсті қар не мұзбен жабылып қалуы ықтимал. Автокөліктің жүріп өтуін жақсарту және автокөліктің бүйірлік сырғанауын азайту үшін қысқы деңгелектерді немесе сырғанауға қарсы шынжырларды ауыстыру және орнату үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Дизельді автокөліктер үшін

Жылдың суық мезгілінде, егер автокөлік ағымдағы температураға сәйкес келмейтін дизель отынын пайдалану салдарынан іске қосылмаса, жоғары қысымды отын сорғысы мен отын құбырларына ыстық су құюға үзілді-кесілді тыйым салынады. Бұл оның механикалық сынып қалуына әкеп соғуы мүмкін.

Мұндай жағдайда сервис орталығына хабарласу немесе қозғалтқыш бөлігіндегі температура көтерілгенше көлікті жылы ғимаратқа қою керек.

Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізу бойынша ұсыныстар

2

Автокөлікті басқару

Қысқы шиналар

Жылдың суық мезгілінде төмен температурада стандартты шиналардың кейбір ерекшеліктеріне байланысты (ені, каучук құрамы, протектор үлгісі) олардың икемділігі азаяды, тежеу және тарту күштері төмендейді, сондай-ақ шу деңгейі артады. Кейбір жағдайларда жарықтар, қалыптан тыс тозу және басқа да қалпына келмейтін зақым пайда болуы мүмкін.

Жылдың суық мезгілінде, температура 7°C-тан төмендегенде, қысқы шиналарды пайдалану ұсынылады. Қысқы дөңгелектер автокөліктің басқарылуын айтарлықтай жақсартып, тежеу кезіндегі әрекетті жеделдетіп, тоқтау қашықтығын қысқарта алады.

Хабарлама

M+S таңбаламасы бар бүкіл маусымдық шиналар жылдың суық мезгілінде тиімді, әйтсе де әдетте олардың тиімділігі қысқы шиналардан төмен болады. Қарлы және мұз қатқан жолдармен жүрген кезде қысқы шиналарды пайдалану өте маңызды.

Ескерту

Қысқы шиналарды пайдалану автокөліктің пайдалану сипаттамаларын жақсартатынына қарамастан, жылдың суық мезгілінде жүргізу кезінде абай болу керек.

- › Жылдамдық пен айдау режимін көру мүмкіндігіне, ауа райы жағдайларына, жолдың және көліктің ахуалына қарай таңдау керек.
- › Пайдаланылатын қысқы шиналар үшін көрсетілген максималды рұқсат етілген жылдамдық пен жүктемені шамадан асырмаңыз.

Назар аударыңыз

Қысқы шиналар протекторының қатты тозуы жылдың суық мезгілінде шиналардың пайдалануға жарамдылығын айтарлықтай төмендетеді. Ескі қысқы шиналар, тіпті протекторының тозу белгілері болмаса да, пайдалануға жарамдылығын едәуір жоғалтады. Қысқы шиналарды ауыстыру көрсеткіштерімен танысу үшін өз дилеріңізге хабарласыңыз.

Қысқы шиналарды пайдалану қағидалары

- › Еліңізде қабылданған заңнаманың тиісті талаптарын сақтаңыз.
- › Қысқы шиналар барлық дөңгелектерге орнатылуы керек.
- › Пайдаланылатын қысқы шиналардың өлшемі жазғы шиналардың өлшемімен бірдей болуы шарт.

- › Қолданылатын барлық қысқы шиналардың түрі, өлшемі (айналу шеңбері), протекторының бөдері бірдей болуы тиіс.
- › Қысқы шиналарды тек суық мезгілде қолдануға болады.
- › Қысқы шиналарға белгіленген барлық шектеулерді (максималды жылдамдық, максималды жүктеме және т. б.) сақтау керек. Бұл талаптарды сақтамау салдарынан шиналар зақымдалуы және апат орын алуы ықтимал.
- › Шиналарды көрсетілген айналу бағытына қарсы орнатуға тыйым салынады.

Сырғытпайтын шынжырлар

Сырғытпайтын шынжырларды пайдалану мемлекеттік нормалармен және өңірлік нормалармен реттеледі. Пайдаланылатын шынжырлар жергілікті заңнамаға сәйкес келуі керек. Сырғытпайтын шынжырлар тек жетекші дөңгелектерге орнатылады. Сырғытпайтын шынжырларды тек бір ғана дөңгелекке орнатуға тыйым салынады. Орнатқан кезде өндірушінің нұсқауларын орындаңыз және шынжырларды мықтап бекітіңіз.



Назар аударыңыз

Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан кезде келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- › Өлшемі дұрыс емес шынжырлар немесе оларды дұрыс орнатпау тежегіш жүйесінің бөлшектерінің, аспаның, шанақтың және шиналардың зақымдануына себеп болуы мүмкін. Сәйкес келетін сырғытпайтын шынжырларды қолданыңыз және оларды орнату қағидаларын сақтаңыз.
- › Сырғытпайтын шынжырларды орнату үшін автокөлікті көлік қозғалысынан қашық, тегіс жерге тоқтатыңыз, апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз және көліктің артына апаттық аялдау белгісін орнатыңыз.
- › Шиналарға сырғанауға қарсы тізбектерді орнатпас бұрын, қоректендіруді OFF режиміне ауыстырып, тұрақ тежегішін қосу керек.
- › Сырғытпайтын шынжырларды қосалқы дөңгелекке орнатуға тыйым салынады.
- › Шиналардағы қысым жеткіліксіз болған кезде сырғытпайтын шынжырларды орнатпаңыз.
- › Дөңгелек дискілерін зақымдамау үшін абай болыңыз.



Ескерту

Сырғытпайтын шынжырлар орнатылған қозғалыс кезінде келесі сақтық шараларын орындаңыз:

Автокөлікті қолайсыз ауа райында жүргізу бойынша ұсыныстар

2

Автокөлікті басқару

- › Сырғытпайтын шынжырларды орнатқаннан кейін қозғалыс жылдамдығы қайсысының мәнінің азырақ болуына байланысты 40 км/сағ шамасынан немесе сырғытпайтын шынжырлардың өндірушісі ұсынған максималды жылдамдықтан аспауы тиіс.
- › Сырғытпайтын шынжырларды орнатқан сәттен бастап 0,5–1 км қашықтық жүріп өткеннен кейін шынжырларды қарап шығыңыз және олардың орнатылуының дұрыстығын тексеріңіз. Егер сырғытпайтын шынжырлар босап қалса, оларды тартыңыз немесе ауыстырып орнатыңыз.
- › Сырғытпайтын шынжырларды орнату автокөліктің жүрісін нашарлатуы мүмкін. Мүмкіндігінше күрт үдетуден, рульді тез бұрудан және шұғыл тежеуден аулақ болыңыз, себебі бұл апатқа ұшыратуы мүмкін.
- › Егер сіз сырғытпайтын шынжырдың шанаққа немесе түбіне тигенін естісеңіз, дереу тоқтап, шынжырларды тексеріп, оларды қайта тартыңыз. Егер соққылар дыбысы естіле берсе, дыбыс тоқтағанша жылдамдықты төмендетіңіз.
- › Соқпақ және кедір-бұдыр жолдармен жүрмеуге тырысыңыз.
- › Автокөлікті басқара алмай қалмау үшін бұрылыстарда жылдамдықты барынша азайтыңыз.

- › Жолда қар болмаған жағдайда мүмкіндігінше тездетіп шынжырларды шешіп алыңыз. Әйтпесе автокөліктің жүріс сипаттамалары нашарлауы және шиналарға күрделі зақым келуі мүмкін.

Жүргізу негіздері

Жылдың суық мезгілінде көлікті абайлап жүргізу қажет, жолда қар мен мұздың бар-жоғына назар аударыңыз.

- › Қар басқан жолмен қозғалғанда доңғалақтардың қанатшаларына қар жабысып қалуы мүмкін, сондықтан оларды уақытында тексеріп, тазалап отыру керек, әйтпесе бұл рульдің жұмысын қиындатып немесе бұрылу бұрышын азайтып жіберуі мүмкін.
- › Егер алдыңғы және артқы әйнектерде, сондай-ақ артқы көрініс айналарында қар болса және көріністі жауып тұрса, оларды уақытылы тазалап отыру қажет. Сонымен қатар жүргізу кезінде көріністі әйнекті жылыту функциясы арқылы жақсартуға болады.
- › Шұғыл тежеуден, кенеттен жылдамдық алудан, қозғалыс кезінде руль деңгелегінің кенеттен айналуынан аулақ болыңыз, әйтпесе шиналардың сырғанауы көліктің сырғанауына және оның үстінен бақылауды жоғалтуға себеп болуы мүмкін, бұл апатқа әкелуі мүмкін.

Ескерту

Қар басқан жолға уақытша тоқтаған кезде қозғалтқышты сөндіру керек немесе көлікті жақсы желдетілетін жерге қоюды қарастырған жөн. Әйтпесе шығарынды газдар автокөлік салонына кіруі, жолаушылар иіс газымен уланып қалуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Автокөлікті сынап жүргізу кезеңінде басқару бойынша ұсыныстар

2

Автокөлікті басқару

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Шиналар

Жаңа шиналармен алғашқы 500 км жол жүрген кезде ерекше сақ болу қажет.

Алғаш пайдаланылғанда жаңа шиналар оңтайлы ілінісуді қамтамасыз етпейді, сондықтан олар сынап жүргізу кезеңінен өтуі тиіс.

Тежегіш қыспақтары

Пайдаланудың алғашқы 400 километріне дейін жаңа тежегіш қыспақтары максималды тежеу тиімділігін қамтамасыз етпейді.

Оған жету үшін олар сынап тексеріп жүргізуден өтуі тиіс. Егер тежеу жүйесінің жеткілікті тежеу әсерін қамтамасыз етпей тұрғанын сезсеңіз, тежеу күшін көбейту үшін тежегіш педальді қаттырақ басыңыз. Сынап жүргізу кезінде тежегіш жүйесі үлкен жүктемелерге ұшырамауы керек. Мысалы, шұғыл тежеуді, әсіресе көлік құралының жылдамдығы өте жоғары болған кезде және еңіске қарай жүргенде, қолдануға болмайды.



Назар аударыңыз

- › Тежегіш дискілері мен тежегіш қыспақтары пайдалану жағдайларына байланысты әртүрлі қарқынмен тозуы мүмкін.
- › Белгілі бір жылдамдықта, тежеу күшінде және қоршаған орта жағдайларында (температура, ылғалдылық) тежелу кезінде дыбыс шығуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Қуат көзі режимдерін ауыстырып қосу

Смарт-кілт қолыңызда болған кезде қуат режимін қуат/оталдыру ажыратқышын тікелей басу арқылы ауыстыруға болады.



85D41F422E33

Режим	Функция
OFF	Электр жабдық жұмыс істемейді.
ON	Барлық электр жабдықтар қолдануға қолжетімді.

Смарт-кілт автокөліктің ішінде болған кезде, келесі шарттар орындалғанда, қозғалтқышты қуат/оталдыру ажыратқышын басу арқылы оталдыруға болады:

- › Тежегіш педалі басылған.
- › Берілісті ауыстыру селекторының иінтірегі Р күйінде тұр.

⚠ Ескерту

Қозғалыс кезінде оталдыру жүйесін өшіруге тыйым салынады.

⚠ Назар аударыңыз


- › Смарт-кілттерді аспаптар тақтасына, еденге, аспаптар жиынтығына немесе заттарды сақтауға арналған бөлікке қоюға болмайды. Әйтпесе қуат режимдерін ауыстырып қосу мүмкін емес болуы ықтимал.
- › Қозғалтқыш жұмыс істемеген кезде қоректендіруді ON режимінде ұзақ уақытқа қалдырмаңыз. Бұл аккумулятор батареясы қуатының таусылуына әкелуі мүмкін.
- › Автокөліктен шыққан кезде оталдыру жүйесін өшіріңіз және кілтті өзіңізбен алыңыз.

Руль бағанының құлпын ашу

Қалыпты жағдайда

Қалыпты жағдайда қуат/оталдыру ажыратқышын басу бір мезгілде руль бағаны құлпының ашылуына әкеледі, егер қоректендіру ON режиміне орнатылса.

Руль бағанының құлпын ашу мүмкін болмаған кезде



935A6ED07079

Аспаптар тақтасы қуат режимін ауыстырғанда немесе қозғалтқышты оталдырғанда руль бағанының электрондық құлыптау құрылғысы ашылмағанын көрсетсе, руль бағанының құлпын ашу үшін руль дөңгелегін бір жақтан екінші жаққа абайлап бұрып, сол мезетте қуат түймесін басу керек.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Оталдыру

Штаттық режимде оталдыру

1. Смарт-кілтті өзіңізбен алып, жүргізуші орындығына отырыңыз.
2. Орындықты реттеп алыңыз, дұрыс отырыңыз, барлық педальдардың орналасуын тексеріңіз.
3. Тұрақ тежегішінің қосылғанына және берілістерді ауыстырып қосу селекторының иінтірегі Р жағдайында екеніне көз жеткізіңіз.
4. Қозғалтқышты оталдыру үшін тежегіш педалін басыңыз және оталдыру жүйесін қосыңыз.

Қашықтан оталдыру

Автокөлікті кілттегі іске қосу түймесі арқылы от алдыруға болады. Толығырақ ақпаратты "Кілттегі түймелер сипаттамасы" бөлімінен апарып (бет)

Апаттық жағдайда оталдыру



475A8DCFEDDB

Егер

【Кілт салонда ма?】 хабарламасы шықса, бұл смарт-кілттің қуаты таусылғандықтан болуы мүмкін, соның салдарынан көлік оталмайды. Бұл жағдайда кілтті  белгісі бар шынтақ таяныштағы ұсақ-түйек бөліміне салып, қозғалтқышты оталдырып көріңіз. Егер оталдыру әлі мүмкін болмаса, дереу қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Ескерту

- › Жүргізуші жүргізуші орындығында отырғанда ғана қозғалтқышты іске қосуға болады. Бұл қағиданы сақтамау ауыр жарақаттарға және тіпті кісі өліміне алып келе алатын апатқа ұшыратуы мүмкін.

- › Оталдырған кезде ешбір жағдайда акселератор педалін басуға рұқсат етілмейді.
- › Автокөлікті шамалы қашықтыққа жылжыту қажет болған жағдайда да қозғалтқышты оталдыру керек. Әйтпесе апат орын алуы мүмкін.

Хабарлама

- › Жылдың суық мезгілінде дизельді қозғалтқышы бар автокөліктерде қозғалтқышты біршама уақыт бойы алдын ала қыздырып алу қажет. Бұл жағдайда алдымен қуатты ON режиміне ауыстырып, қозғалтқышты іске қоспас бұрын, аспаптар тақтасындағы қозғалтқышты алдын ала қыздырудың  сары индикаторы өшкенше күтіңіз.
- › Қозғалтқыш суып тұрған кезде оның жоғары айналымдармен немесе жоғары жүктемемен жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- › Мүмкіндігінше қозғалтқышты бос жүріспен ұзақ уақыт істетіп қоймаңыз.
- › Егер қозғалтқыш әрең оталса немесе жиі өшіп қала берсе, дереу сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөлікті өшіру

Автокөлікті қалыпты режимде өшіру

1. Автокөлік толық тоқтағаннан кейін берілістерді ауыстыру иінтіретін Р күйіне қойыңыз.
2. Автокөлікті өшіру/ оталдыру үшін қуат ажыратқышын басыңыз.

Автокөлікті апаттық жағдайда өшіру

Автокөлікпен жүру кезінде апаттық жағдай туындайтын болса, мысалы, автокөлікті әдеттегі тәсілмен тоқтату мүмкін болмаса, қозғалтқышты төтенше өшіру үшін келесі операциялардың кез келгенін орындауға болады:

- › Қуат/оталдыру ажыратқышын басып тұрыңыз/.
- › Екі секундтың ішінде қуат/оталдыру жүйесінің ажыратқышын үш рет басыңыз.

Ескерту

- › Күйік шалудан қорғану үшін қозғалтқышты өшіргеннен кейін бірден одан, радиатордан және түтін шығару жүйесінің бөлшектерінен ұстамаған жөн.
- › Қозғалыс кезінде қозғалтқышты өшіру соқтығысуларға және жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- › Шұғыл қажеттілік болмаса, қозғалтқышты мәжбүрлеп тоқтату әрекетіне бармаңыз.

Қозғалтқышты мәжбүрлеп өшіргеннен кейін тежеу жүйесі мен рульдің күшейткіштері жұмыс істемей қалады, сонда тежеу және рульді бұрау үшін көбірек күш жұмсау қажет болады. Сондықтан қозғалтқышты өшірер алдында жылдамдықты барынша азайтып алыңыз.

Хабарлама

Қозғалтқыш жоғары айналымдармен немесе жоғары жүктемемен ұзақ уақыт жұмыс істегеннен кейін, оны тоқтатар алдында бос жүріспен немесе төмен жылдамдықпен біраз уақыт істетіп қою керек.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Сақтық шаралары

Ескерту

- › Автокөлікті қатты еңіс жолда тоқтату салдары апатқа ұшыратуы мүмкін. Қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтаңыз және мұндай жерлерде көлікті тоқтатпаңыз.
- › Егер тұрақ тежеу жүйесі тым қатты жол жабынының еңістік салдарынан өз функциясын атқара алмаса, көліктің сырғып кетуіне жол бермеу үшін тежегіш педалін басыңыз.

Электр-механикалық тұрақ тежегіші

Тұрақ тежегішін қосу



DD297DEE618E

- › Автокөлік тоқтап, қозғалтқышты өшірген кезде электрмеханикалық тұрақ тежегіші (EPB) автоматты түрде қосылады.

Егер тұрақ тежегішін қолдану қажеттігі жоқ болса, қозғалтқышты өшірген кезде EPB ауыстырып қосқышын басыңыз.

- › Автокөлік қозғалыссыз тұрғанда, тұрақ тежегішін EPB ауыстырып/қосқышын тарту арқылы қосуға болады.

Хабарлама

Тұрақ тежегішін белсенді күйге келтіргеннен кейін аспаптар тақтасында тұрақ тежегішінің қызыл индикаторы (Ⓢ) жанып тұрады.

Шұғыл тежеу

Автокөлікті төтенше жағдайда тежеу үшін EPB ауыстырып/қосқышын тартып, ұстап тұрыңыз.

Шұғыл тежеуді EPB ауыстырып қосқышын босату немесе акселератор педалін басу арқылы тоқтатуға болады.

⚠ Ескерту

EPB жүйесін тежеу үшін қолдануға тек төтенше жағдайларда ғана (мысалы, тежегіш педалі сыналанып қалса) жол беріледі.

Тұрақ тежегішін ажырату



F2A25B34DC35

Қоректендіру ON режимінде болған кезде, тұрақ тежегішін өшіру үшін тежегіш педалін және EPB қосқышын басыңыз.

ℹ Хабарлама

› Тұрақ тежегішін өшіргеннен кейін аспаптар тақтасындағы (P) тұрақ тежегішінің қызыл индикаторы сөнеді.

› Егер автокөліктің қуат көзін өшіріп, қайта қосқаннан кейін аспаптар тақтасында тұрақ тежегішінің ақаулығының (P) сары түсті индикаторы жанып тұрса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

EPB қосқышын жоғары тартыңыз, содан кейін тежегіш педалін және EPB қосқышын басып, EPB құлпын ажыратыңыз. Егер ақаулық индикаторы әлі де жанып тұрса, сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясы (AVH)

Бұл функция автокөлік еңісте тоқтаған кезде, бағдаршамның қызыл сигналында немесе көлік жиі тоқтап, орнынан қозғалған кезде оны автоматты түрде ұстап тұрады. Бұл ретте тежегіштің педалін қысып ұстаудың немесе тұрақ тежегішін жиі қосудың қажеті жоқ. Бұл көлік жүргізудің жайлылығын арттырып қана қоймай, автокөліктің өздігінен қозғалу қаупін азайтады.



Жүргізуші есігін жабыңыз, жүргізушінің қауіпсіздік белдігін тағыңыз, автокөлікті оталдырыңыз және автокөлікті бір орында автоматты ұстап тұру функциясының (AVH) қосқышын басып, функцияны қосыңыз немесе өшіріңіз.

1. Автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясын қосыңыз.

Бұл кезде функция күту режимінде болады және аспаптар тақтасында автокөлікті бір орында автоматты ұстап тұру функциясының дайындығының (A) сары индикаторы жанады.

2. Қозғалыс кезінде автокөлікті тоқтату үшін тежегіш педалін басыңыз және бұл функция автокөлікті автоматты түрде тежейді.

Осы сәтте функция қосылады және аспаптар тақтасында автокөлікті бір орында автоматты ұстап тұру функциясы жұмысының (A) жасыл индикаторы жанады.

3. Акселератор педалін басыңыз, тұрақ тежегіші автоматты түрде өшеді.

Егер автокөлік ұзақ уақыт орнынан қозғалмаса, жүйе тежеу күшін ұстап тұру үшін автоматты түрде EPB-ге ауысады, ал автокөлікті бір орында автоматты ұстап тұру функциясы дайындық режиміне оралады.

Хабарлама

Автокөлікті бір орында автоматты ұстап тұру жүйесі келесі жағдайларда мәжбүрлі түрде өшіріледі:

- › Жүргізушінің қауіпсіздік белдігін ағыту кезінде.
- › Жүргізуші есігінің ашу кезінде.
- › Қозғалтқышты өшіру кезінде.
- › Жұмыс уақыты 3 минуттан асып кетті.

Назар аударыңыз

Автоматты түрде жуу немесе сүйреу кезінде автокөлікті бір орында ұстап тұру функциясын өшіріп қойыңыз.

Тұрақ тежегішін автоматты түрде өшіру функциясы

Жүргізуші қауіпсіздік белбеуін таққан, қозғалтқышты оталдырған, берілісті қосқан, акселератор педалін басқан кезде, яғни жүйе жүргізушінің қозғалысты бастағалы жатқанын түсінгенде, тұрақ тежегіші автоматты түрде өшеді.

Өрде қозғалғанда қуатты арттыру үшін акселератор педалін басу керек, бұл автокөліктің артқа сырғуының алдын алады.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Беріліс қорабы режимдерінің сипаттамасы

Тұрақ режимі (P)

P беріліс автокөлікті тұраққа қоюға арналған. P беріліс қосылып тұрған кезде беріліс қорабы механикалық түрде бекітілген, бұл автокөліктің еркін қозғалып кетуіне жол бермейді.

Артқа жүру берілісі (R)

R беріліс автокөлікті артқа жүргізуге арналған.

Бейтарап беріліс (N)

N беріліс қосылған кезде айналдыру моменті қозғалтқыштан дөңгелектерге берілмейді.



Ескерту

- › N берілісінде уақытша тоқтап тұрған кезде тұрақ тежегішін іске қосыңыз немесе тежегіш педалін басып тұрыңыз. Өйтпесе автокөлік жүріп кетіп, нәтижесінде апат орын алуы мүмкін.
- › Апаттық жағдайларға жол бермеу үшін бейтарап берілісте еркін қозғалыспен жүргізуге тыйым салынады.

Алға жүру режимі (D)

Қалыпты жүргізу жағдайында D берілісін пайдаланған жөн.

D режимі қосылып тұрғанда беріліс қорабы оңтайлы отын үнемдеп жүргізу режимін қамтамасыз ету үшін автокөліктің жылдамдығына және қажетті үдеуге байланысты автоматты түрде тиісті беріліске ауыса алады.

Қолмен реттеу режимі (M)

Басып озған кезде жылдамдықты үдету немесе өрге қарай көтерілу немесе ылдиға қарай түсу кезінде M режимін қолдануға кеңес беріледі.

Тегіс емес жолдарда, өрде және осыған ұқсас жол жағдайларында M қолмен реттеу режимінде төмендетілген беріліспен жүруге кеңес беріледі.

Берілістерді ауыстырып қосу

Оталдырғаннан кейін берілістерді қалыпты режимде ауыстырып қосуға болады. Тежегіш педалін қозғалтқыш оталған сәтке дейін басып тұру қажет, себебі баспаған жағдайда D, R немесе M тұрақ тежегішін өшірген кезде автокөлік өз бетінше қозғалатын болады.

Ескерту

Автокөліктің бұзылуына немесе жол апатының орын алуына жол бермеу үшін берілісті көлік толық тоқтағаннан кейін ғана ауыстыру керек.

Хабарлама

Берілістерді ауыстырып қосу аяқталғаннан кейін аспаптар тақтасындағы көмекші белгілердің негізінде дұрыс берілістің қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.



4F19CBB5B02

- Ⓐ Құлыпты ашу түймесі
- Ⓑ Тұраққа қою режимінің түймесі (P)

P режиміне ауыстыру

Автокөлік қозғалыссыз тұрған кезде P берілісін қосу түймесін басыңыз.

Хабарлама

Автокөлік келесі жағдайларда P берілісіне автоматты түрде ауыстырылады:

- › Автокөлік қозғалыссыз күйде тұр және қуат көзі ӨШІРУ режиміне ауыстырылады.
- › Автокөлік қозғалмайды, жүргізушінің қауіпсіздік белдігі тағылмаған, жүргізушінің есігі ашылады.

D, R, N, M режимдеріне ауыстыру




2B32711364A6

Берілістерді ауыстырып қосуды басқару

Өртүрлі берілістер арасында ауысу үшін берілістерді ауыстырып қосу селекторының тетігін 1 немесе 2 позицияға жоғары немесе төмен жылжытыңыз, содан кейін оны жіберген кезде ол автоматты түрде бастапқы қалпына келеді. Аспаптар тақтасында сәйкес беріліс көрсетіліп тұрады.

- › Р күйінен шығу үшін тежегіш педалін және құлыпты ашу түймесін басыңыз, содан кейін берілістерді ауыстыру селекторының тұтқасын қажетті күйге жылжытыңыз.
- › Р режимінен D (немесе R) режиміне ауыстырып қосу үшін тежегіш педалін басып тұрып, құлыпты ашу түймесін басыңыз, содан кейін берілістерді ауыстыру селекторының тұтқасын 2 позицияға артқа (немесе алға) жылжытыңыз.
- › D (немесе R) режимінен N режиміне ауысу үшін берілістерді ауыстырып қосу селекторының тұтқасын алға (немесе артқа) 1 позицияға жылжытыңыз.
- › D режимінен M режиміне ауысу үшін берілістерді ауыстырып қосу селекторының тұтқасын артқа жылжытады; D режиміне қайта оралу үшін иінтірегін бастапқы жағдайына ауыстырады.

Рульдік құлақшалы ауыстырып қосқыштардың көмегімен берілістерді ауыстыру



4A928FBC7AED

- Ⓐ Төменгі беріліске ауыстыру құлақшасы
- Ⓑ Жоғары беріліске ауыстыру құлақшасы

M режимінде жүру кезінде руль астындағы құлақшалы ауыстырып қосқыштардың көмегімен берілістерді қолмен жоғары немесе төмен ауыстыруға болады. D режимінде жүру кезінде руль астындағы құлақшалы ауыстырып қосқыштардың көмегімен уақытша M берілісін қосуға болады. Бұл жағдайда берілісті құлақшалы ауыстырып қосқыштардың көмегімен қолмен жоғарылатуға немесе төмендетуге де болады.

Уақытша M берілісінде жүргенде, сіз ауыстыру құлақшаларын көтеріп тұрсаңыз немесе ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, M берілісінен D берілісіне оралуға болады.

Хабарлама

М берілісінде және қозғалтқыштың тым төмен айналымдарымен жүрген кезде беріліс қорабы автоматты түрде төменірек беріліске ауыстырып қосады; қозғалтқыштың тым жоғары айналымдарында беріліс қорабы жоғарырақ беріліске автоматты түрде ауыстырып қоспайды, сондықтан берілісті қолмен уақытылы реттеп отыру қажет.

Р берілісін апаттық жағдайда құлыптан шығару

Егер әдеттегі жұмыс режимінде Р берілісінен басқа беріліске ауыстырып қосу мүмкін болмаса, Р берілісін апаттық жағдайда құлыптан шығару операциясын орындауға болады.

Назар аударыңыз

- › Мұндай ақаулық жағдайында құлыпты ашуды мамандарға орындату үшін сервис орталығына жүгінуге кеңес береміз. Өз бетіңізше жасалған әрекеттер автокөліктің сәйкес бөлшектерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- › Берілістерді ауыстыру селекторы тұтқасының апаттық жағдайда құлпын ашу қажеттігінің туындауы ақаулықтың бар екенін білдіреді. Автокөлікті қарап тексеру үшін сервис орталығына хабарласу қажет.

1. Тұрақ тежегішін қосып, қуат режимін ON күйіне қойып, шынтақ таяныштағы ұсақ-түйек бөлімін ашыңыз.
2. Стақанқойғыштың астарын алып тастаңыз.




DC6AF5663C47

Берілістерді ауыстырып қосуды басқару

2


Автокөлікті басқару

3. Р берілісінің құлпын ашу тұтқасына қол жеткізу үшін шүберекпен оралған жалпақ бұрағышпен қақпақты ойығынан іліп алыңыз.



8F4F00A775BC

4. Р берілісін құлыптан шығару тұтқасын ойыққа кіретіндей етіп, теріс бағытта шамамен 60 градусқа бұраңыз.



C3D71DEC842

- Ⓐ Сымарқан
Ⓑ Р берілісінің құлпын ашу тұтқасы

5. 8 сатылы АКПП бар модельдер үшін: құлыпты ашу тетігін жоғары көтеру үшін тросты тартыңыз. Берілісті ажырату тұтқасын Р сағат тілінің бағытымен тұтаның бекітілгенін көрсететін жеңіл шертпеге дейін бұраңыз. Осы кезде аспаптар тақтасында беріліс қорабының N режимінде екендігі көрсетіледі.

9 сатылы АКПП бар модельдер үшін: арқанды бұғаттау тұтқасын жоғары көтеретін етіп тартыңыз және оны осы қалыпта шамамен 18 секунд ұстаңыз. Аспаптар тақтасында N беріліс индикациясы пайда болғанда немесе берілістерді ауыстырып қосу селекторының тұтқасында N беріліс индикаторы жанғанда, бұл Р берілісі сәтті бұғаттаудан шығарылғанын білдіреді. Бұл кезде беріліс қорабы N берілісте болады, сымарқанды жіберуге болады.

6. Автокөлік жүрісті аяқтағаннан кейін, тұрақ тежегішін қосыңыз және Р берілісін құлыптан шығару тұтқасын қалпына келтіру үшін жоғарыдағы әрекеттерді кері ретпен орындаңыз.

Баяу старт функциясы

Қозғалтқышты қосқаннан кейін алдыңғы жүріс берілісіне ауыстырып қосыңыз, тұрақ тежегішін өшіріңіз және тежегіш педалін жіберіңіз. Осы кезде автокөлік акселератор педалін баспай-ақ баяу алға қарай жүре бастайды.

Оталдыру және тоқтату

Жүрістің басталуы

1. Қауіпсіздік белбеуін тағыңыз және тұрақ тежегішінің қосылып тұрғанын тексеріңіз.
2. Қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Қозғалтқыш жұмысының тұрақтануын күтіңіз, тежегіш педалін басыңыз және D берілісіне ауыстырып қосыңыз.

Егер жүру кезінде көбірек тарту күші қажет болса (мысалы, өрге шыққанда және т. б.), M берілісін қосу ұсынылады.

4. Тежегіш педалін жіберіңіз, содан кейін автокөлікті үдету үшін акселератор педалін жайлап басыңыз.

Хабарлама

Автокөлік қозғалысты бастаған кезде тұрақ тежегішін автоматты түрде өшіру функциясы тұрақ тежегішін жібереді.

Тоқтату

1. Акселератор педалін жіберіп, тежегіш педалін басыңыз.
2. Жүріп келе жатқан автокөлік толығымен тоқтағаннан кейін тұтқаны P тұраққа қою берілісі күйіне ауыстырыңыз.
3. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
4. Көлік қозғалтқышын сөндіріңіз.

Хабарлама

EPB жүйесіндегі автокөліктерде қозғалтқыш өшірілген кезде тұрақ тежегіші автоматты түрде қосылады.

Назар аударыңыз

- › Қия беткейде уақытша тоқтаған кезде тежегіш педалін басу немесе тоқтап тұру тежегішін қосу қажет. Автокөлікті жүріп кетуге қарсы ұстап тұру үшін акселератор педалін және баяу старт функциясын пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл беріліс қорабының зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- › Беткейде автокөлікті ұстап тұру үшін P берілісін ғана пайдалануға тыйым салынады, себебі бұл беріліс қорабына зақым келтіруі мүмкін.
- › Қия беткейде тоқтаған кезде, қажет болған жағдайда, көліктің сырғып кетуіне жол бермеу үшін доңғалақтардың астына тіреулер орнатыңыз.

› Толық тоқтамайынша Р берілісіне ауыстырып қоспаңыз, себебі бұл беріліс қорабына зақым келтіруі мүмкін.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Рульдің күшейткішінің режимдері

Жеке баптау: оталдыру қосылған кезде рульдік басқару күшейткішінің режимін мультимедиялық жүйенің дисплейі ар баптаулары → **Жүргізу** → **Рульді күшейту** режимі **].**

Синхронды ауысу: жүргізу режимін ауыстырған кезде рульдік басқару күшейткішінің режимі де синхронды түрде ауысады.

Хабарлама

Рульмен басқаруды күшейту режимін ауыстырып қосқанда келесі шарттар орындалуы керек:

- › Рульдің электр күшейткіші жүйесінің қалыпты жұмысы.
- › Автокөліктің жылдамдығы 125 км/сағ төмен.
- › Рульдің көмегімен ешқандай айқын маневр жасалмайды.

Жеңіл

Руль күшейткішінің белсенді жұмысы, жеңіл бұрылу: режим қаладағы тығыз қозғалыс кезінде жарамды.

Жайлылық

Тұрақты көлік жүргізу үшін қолайлы.

Спорт

Көмекші күшті азайтады және рульдің жаңғырығын арттырады; жоғары жылдамдықта, сондай-ақ жаңбыр мен қарда пайдалану ұсынылады.

қылы өзгертуге болады: **【Автоөліктің**
】 → 【Автоөліктің басқаруы】

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Жүргізу режимдері

Режимдер сипаттамасы

Стандарт: тас жолға, асфальт жолға, бетон жолға немесе қар мен мұздың аз мөлшері бар қатты жабыны бар жолға жарамды. Бұл режим жақсы жол жабынында оңтайландырылған және теңгерімді жүргізуді қамтамасыз етеді.


Эко: тас жол, асфальт жолдар, бетон жолдар және басқа да қатты жабыны бар жолдар үшін қолайлы. Бұл режим отын шығыны мен қозғалыс динамикасын сақтай отырып, отын үнемдеуге басымдық береді.

Спорт: тас жолдарға, асфальт жолдарға, бетон жолдарға және басқа да қатты жабыны бар жолдарға жарамды.

Бос жүрістің жоғары айналымы және беріліс ауыстыру кезіндегі кешігуге байланысты орыннан қозғалу және үдеу кезінде жоғары қуатты қамтамасыз етеді.

4L режимі: тік беткейлерге көтерілуге және көлік кептеліп қалған жағдайда оны шығаруға қолайлы. Беріліс саны бір сатыға жоғарылау есебінен автокөлік максималды тарту күшін ала алады, бұл тік беткейлерге көтерілгенде күш береді және батып қалған автокөлікті алып шығуға көмектеседі.

Режимдерді ауыстыру



9F2E2FE4CBA5

- Ⓐ Жүргізу режимдерін ауыстырып-қосқыш
- Ⓑ Төмен жылдамдықты толық жетек режимінің түймесі (4L)

Қоректендіру қосылған кезде, көлік 4L режимінде болмаған кезде, тұтқаны бұру арқылы Эко, Стандарт және Спорт режимдеріне ауысуға болады.

Қозғалтқышты іске қосыңыз, бейтарап беріліске ауысыңыз және көлікті қозғалтпай ұстаңыз, содан кейін 4L режимін қосу немесе өшіру үшін 4L түймесі басыңыз. Түймедегі индикатордың жануы 4L режимінің қосылғанын білдіреді, әйтпесе режим өшірілген.

Хабарлама

- › Режимдерді аспаптар тақтасына ауыстырған кезде сәйкес хабарламалар шығарылады.
- › 4L режимінде басқа режимдерге ауыспас бұрын, алдымен одан шығыңыз, әйтпесе көлік жүргізу режимін өзгерту мүмкін болмайды.
- › Егер режимдердің ауысуы қалыпты болмаса және жүйе тиісті хабарламаны шығарса, нұсқауларды орындаңыз және ауысу шарттары сақталғанына көз жеткізгеннен кейін ауысуға қайта әрекет етіңіз.
- › 4L режимінен шыққаннан кейін автокөліктің соңғы қолданылған режимі автоматты түрде қосылады.

› 4L режиміне ауысқан кезде механикалық соққының дыбысы және автокөліктің жеңіл шайқалуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

› 4L режиміне баяу ауысу үшін дөңгелектерді түзу сызықтық жағдайға қойыңыз.

› 4L режимінде круиз-бақылау жүйесін қосу мүмкін емес, электронды тұрақтандыру жүйесі де үнсіз келісім бойынша өшірілген.

Назар аударыңыз

- › 4L режимінде жүрген жағдайда жылдамдық 40 км/сағ шамасынан аспауы тиіс. Сигналдың іске қосылуын және автокөлік бөлшектерінің зақымдануын болдырмау үшін күрт бұрылыстардан аулақ болуға тырысыңыз.
- › 4L режимін қосу не өшіру алдында автокөлік қозғалыссыз күйде болып, беріліс қорабы бейтарап күйде болуы керек. Бұл шарттар сақталмаса, үлестіру қорабы зақымдалуы мүмкін.
- › Автокөлікті стандартты емес тәсілмен, мысалы, арқан тарту немесе жарыс сияқты жарыстарға қатысу үшін ұзақ уақыт бойы пайдаланбаңыз, бұл бөлшектердің зақымдануына және көліктің қызмет ету мерзімін қысқартуға әкелуі мүмкін.

› Жүргізу режимін тексеру үшін жетекті екі дөңгелек ретінде пайдаланбаңыз (соның ішінде алдыңғы дөңгелектер айнамай, ал артқы дөңгелектер жол жиегінде немесе мұзда/қарда тайғанақтап тұрғанда).

› Дөңгелектері тоқтаусыз бос айналатын батып қалған автокөлікті тартып шығару кезінде (мысалы, қарда, батпақта, құмда және дөңгелектердің бос айналуының басқа жағдайларында) толық жетекті жүйені қызып кетуден қорғау функциясы іске қосылуы мүмкін. Бұл жағдайда автокөлікті шығару әрекеттерін дереу тоқтатып, автокөлікті салқындату үшін абайлап тоқтаңыз. Жүйе қызып кету сигналын өшіргенше күтіңіз, содан кейін автокөлікті шығаруды қайта жалғастырыңыз.

Қызып кету туралы сигналды өшіргеннен кейін температураны тұрақтандыру және толық жетек жүйесінің жұмысын қалпына келтіру үшін тағы бірнеше минут күту ұсынылады. Егер қызып кету сигналы ұзақ уақыт бойы сөнбесе, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

› Барлық төрт дөңгелектің дөңгелеу радиусы бірдей екеніне көз жеткізіңіз.

Шиналарды ауыстыру кезінде ауыстырудан кейін автокөлікте пайдаланылатын барлық төрт доңғалақтың бірдей маркасы мен типі бар екенін тексеру қажет.

Егер шиналардың бүтіндігіне кепілдік беру мүмкін болмаса (толық емес өлшемді қосалқы дөңгелекті қоса алғанда), Эко режиміне өтіп, шиналарды мүмкіндігінше тезірек (50 км шегінде) ауыстырыңыз, барлық төрт шинаның бірдей маркасы мен типіне көз жеткізіңіз.

Егер шиналардағы қысым сигнализациясы іске қосылса, апаттық сигналды тастап, шиналарды тексеру және уақытылы сору керек.

› Ығысу жағдайында көлікті пайдаланудан аулақ болыңыз.

› Қатты жабыны бар жолдарда немесе көшелерде (мысалы, қарапайым тас жолдар, бетон жабыны бар жолдар) 4L режимін қолдануға болмайды.

› Автокөлікті 4L режимінде домкратпен көтерген жағдайда қозғалтқышты оталдыруға немесе дөңгелектерді айналдыруға тыйым салынады.

Өйтпесе, автокөлік алға қарай домалап, домкраттан құлап кетуі мүмкін, бұл өте қауіпті.

Жүргізу режимдерінің жад функциясы

Жүргізу режимдерінің жадысын мультимедиялық дисплей арқылы қосуға немесе өшіруге болады: 【Автокөліктің баптаулары】 → 【Автокөлікті басқару】 → 【Жүргізу】 → 【Жүргізу режимдерінің жадысы】 .

Егер бұл функция қосылған болса, келесі қозғалтқышты іске қосқанда, ең соңғы пайдаланылған автокөлік режимі әдепкі бойынша орнатылады.

Егер бұл функция өшірілсе, келесі рет қозғалтқышты іске қосқанда, стандартты жүргізу режимі орнатылады. Алайда, егер соңғы рет 4L режимі қолданылған болса, онда қозғалтқышты іске қосқан кезде ол стандартты режимнің орнына қосылады.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Дифференциалды құлыптау туралы жалпы мәліметтер

Қандай да бір жетекші дөңгелек бос айналып тұрған кезде автокөлік кедергіні еңсере алуы үшін дифференциалды бұғаттау келесі жақтағы жетекші дөңгелекке жеткілікті айналдыру моментінің берілуін қамтамасыз етеді.

Хабарлама

- › Жаңа автокөлік алғашқы 50 километр жүргеннен кейін мүмкіндігінше дифференциалды құлыптау функциясын қоспауға тырысыңыз.

- › Егер автокөлік бір айдан астам уақыт бойы пайдаланылмаса, дифференциалды тек 50 км жүріп өткеннен кейін құлыптаған жөн.
- › Дифференциалды құлыптау функциясы тек автокөлік батып қалған кезде пайдаланылады. Дифференциалды құлыптау функциясын автокөлік батқан жерден шыққан бойда ажырату керек.

Назар аударыңыз

- › Артық жүк тиелгенде дифференциалды құлыптауды қолдануға болмайды.
- › Дифференциалды құлыптау құрылғысының зақымдануын болдырмау үшін күштік агрегат пен трансмиссияны қайта жабдықтауға тыйым салынады.
- › Асфальт жолмен жүргенде дифференциалды құлыптау функциясын пайдалануға болмайды.

Ескерту

Дифференциалды құлыптағаннан кейін көлік жүргізу кезінде абай болу керек. Рульді қатты айналдырмау керек, бұл автокөліктің орнықтылығын бұзуы мүмкін, бұл апат қаупін арттырады.

Артқы белдіктің дифференциалының құлыпталуы

Қолмен құлыптау және құлыптан шығару



C0D380F2D3BC

Автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз да, артқы белдіктің дифференциалын құлыптау түймесін  басып, құлыптау функциясын қосуға не өшіруге болады.

Түймедегі жанып тұрған жасыл индикатор  мен аспаптар тақтасындағы артқы белдіктің дифференциалын құлыптау функциясының жанып тұрған жасыл индикаторы артқы белдіктің құлыпталып тұрғанын білдіреді.

Түймедегі жасыл индикатор  мен аспаптар тақтасындағы артқы белдіктің дифференциалын құлыптау функциясының жасыл индикаторы сөнгенде артқы белдік құлып ажыратылғанын білдіреді.

Хабарлама

Егер дифференциалды құлыптауды қосқан кезде түймедегі индикатор және артқы көпірдің  дифференциалды құлыптаудың қауының сары индикаторы аспаптар тақтасы жыпылықтап, содан кейін өшсе, бұл бұғаттауды қосу шарттары орындалмағанын білдіреді. Дифференциалды құлыптау функциясы дұрыс қосылуы үшін мынадай негізгі шарттар орындалуы керек:

- › Автокөліктің жылдамдығы 125 км/сағ төмен.
- › Дөңгелектердің айналу жылдамдығының айырмашылығы 50 айн/мин кем.
- › Рөлді басқару күшейткіші іске қосылмаған.

Хабарлама

Дифференциалды құлыптау функциясын өшіру кезінде проблема туындаса, рульді солға не оңға сәл бұру арқылы өшіру процесін тездетуге болады.

Назар аударыңыз

Дифференциалды құлыптаудан кейін, қатты бұрылыстардан аулақ болыңыз. Бұл автокөлік бөлшектеріне зақым келтіруі мүмкін.

Дифференциалды құлыптау

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту

Егер автокөлік дифференциал блоктауын қосып қозғалса және жылдамдығы 30-40 км/сағ жетсе жүйе келесі ескерту сигналдарын береді:

- › Артқы көпір дифференциалын бұғаттау түймесіндегі индикатордың жыпылықтауы.
- › Аспаптар тақтасындағы артқы көпір дифференциалын құлыптаушы  жасыл индикатордың жыпылықтауы.

Бұл жағдайда автокөліктің жылдамдығын азайтыңыз.

Жылдамдықты асырған жағдайда автоматты түрде құлыптан шығару

Егер автокөлік дифференциал блогын қосып жүрсе және жылдамдығы 40 км/сағ-тан асса, дифференциал блогы автоматты түрде өшіріледі.


Құлыптауды өшіргеннен кейін артқы көпір дифференциалын құлыптау түймесіндегі индикатор және аспаптар тақтасындағы артқы көпір дифференциалын бұғаттау  жасыл индикаторы өшеді.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Автотұраққа көмектесу жүйесін анықтау құрылғылары

Тұраққа қою көмекші жүйесі жол жағдайын камералар мен датчиктер арқылы анықтап, алынған нәтижелерге сүйене отырып, жүргізушіге тұраққа қою кезінде қауіпсіздік пен жайлылықты арттыру үшін шаралар қолдануға көмектеседі.



0073E65E0428

Суреттегі белгіше	Түсіндірмелер	Орналасуы
	Камера	Радиатордың торында Жүк бөлігінің есігінде Сол және оң жақ сыртқы артқы көрініс айналарында
	Ультрадыбыстық радар датчигі	Алдыңғы және артқы бамперлерде

Хабарлама

Автокөліктің моделіне байланысты радар датчиктерінің түрі мен саны әртүрлі болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің нақты конфигурациясына қараңыз.

Ескерту

- › Тұраққа қою көмекші жүйесі — көмекші құрал. Ол жүргізуші үшін қоршаған ортаны бағалай алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Тұраққа қойған кезде және басқа да осындай жағдайларда ол айналадағы жағдайын үнемі бақылап отыруы керек.
- › Тұраққа қою көмекші жүйесінде көзден таса аймақтар бар, сондықтан ол кейбір кедергілерді байқамай қалуы мүмкін. Тұраққа қою және басқа да осындай маневрлер жасаған кезде көліктің жанында балалар мен жануарлардың тұрмағанына көз жеткізіңіз.

Назар аударыңыз

- › Артқа жүру кезінде жүк бөлігінің есігі толығымен жабық екеніне көз жеткізіңіз.
- › Камералар мен радар датчиктерін ұрмаңыз.
- › Көлікті жуған кезде жоғары қысымды су ағынын камералар мен радар датчиктеріне бағыттамаңыз. Бұл жүйелердің ақаулығын немесе өрт тудыруы мүмкін.

- › Камералар мен датчиктерді тазалаған кезде абразивті материалдар мен өткір заттарды пайдаланбаңыз. Тазалау үшін жұмсақ шүберекті немесе суды (төмен қысыммен) қолданыңыз.

Хабарлама

Тұраққа қою көмекші жүйелері жұмыс істеген кезде оларға ультрадыбыстық радар датчиктерінің сипаттамалары әсер етеді және келесі жағдайлар жүйелердің кедергілерді аз тиімді анықтауына әкелуі мүмкін, бұл автокөліктің зақымдалуына әкелуі мүмкін:

- › Радар датчиктерінің көрінбейтін анықтау аймағында орналасқан объектілердің болуы, мысалы, төмен объектілер, бамперлер астындағы объектілер, автокөлікке тым жақын немесе тым алыс орналасқан объектілер.
- › Көрінбейтін ілулі заттардың болуы, мысалы, өрт сөндіру жәшігі, көлік құралының қосалқы дөңгелегі, жүк көлігінің артқы бөлігі.
- › Жүйемен бірдей жиілікке ие ультрадыбыстық кедергілердің болуы, мысалы, металл дыбыстары, қысыммен газ шығару дыбыстары, тікелей радар датчигіне бағытталған көлік құралдарының дыбыстық сигналдары.

- › Инелі сым, дуал, жіңішке баған, жіп, арба, екі дөңгелекті велосипед және дыбыс толқындарын тиімді қайтаратын басқа да тым кішкентай нысандар түріндегі кедергілердің болуы.
- › Қардан, матадан немесе дыбыс толқындарын сіңіретін материалдардан жасалған кедергілердің болуы.
- › Беті радар датчигінің сигналын көрсетпейтін материалдардан жасалған кедергілердің және осындай материалдардан жасалған киімдегі адамдардың болуы.
- › Конус тәрізді немесе көлбеу беті бар объектілерді білдіретін кедергілердің болуы.
- › Қабырғалардың бұрыштары және көлік құралдарының артқы бөліктері сияқты перпендикуляр орналасқан кедергілердің болуы.
- › Шөппен немесе тегіс емес жолмен жүру.
- › Артқы нөмірлік белгіні деформациялау немесе жылжыту, сондай-ақ оған ірі сәндік жақтау орнату.
- › Ультрадыбыстық радар датчигінің бөгде заттармен (мысалы, мөлдір автокөлік үлдірімен) зақымдануы, ығысуы немесе көлегейленуі.

- › Жүйелер тұрақты жұмыс істеуі үшін радар датчиктерін таза ұстау, оларға қардың, мұздың және басқа да материалдардың жиналуына жол бермеу қажет.

Соқтығысу қатері туралы ескерту жүйесі

Жүйе сипаттамасы

Соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің радар датчигі радиолокациялық анықтау құрылғысы болып табылады. Тұраққа қою кезінде радар датчиктері көліктің алдында және артында кедергілердің бар-жоғын, сондай-ақ оларға дейінгі қашықтықты анықтайды және дыбыспен немесе экрандағы сурет арқылы ескертулер береді, бұл жүргізушіге көлікті қауіпсіз және оңай қоюға көмектеседі.

Қолдану

Айнала шолу жүйесі жоқ модельдер

- › Оталдыруды қосқаннан немесе қозғалтқышты іске қосқаннан кейін R берілісіне ауысқан кезде артқы жүріспен тұраққа қоюға көмектесетін жүйе автоматты түрде қосылады.
- › Артқы берілісті өшіріңіз және артқы жүріспен тұраққа көмектесу жүйесі автоматты түрде өшеді.

Айнала шолу жүйесі бар модельдер

Жүйені қосу және өшіру айналаны шолу жүйесі сияқты жүргізіледі.

Тұраққа қою көмекші жүйесі

Анықтау ауқымы мен сигнал беру жүйесі

Датчиктердің орналасуы	Анықтау аймағы, [м]
Алдыңғы жақ бүйір	0,6
Артқы жақта ортада	1,5

Егер артқы жүріспен тұраққа қою кезінде көмек көрсету жүйесін қосқаннан кейін радар датчигі анықтау аймағында кедергіні анықтаса, ескерту сигналы беріледі.

Автокөлік пен кедергі арасындағы қашықтық азайған сайын сигнал жиілігі біртіндеп артады. Кедергіге дейінгі қашықтық шамамен 0,4 м болғанда, ұзақ дыбыс сигналы естіледі. Бұл жағдайда артқа қарай жүруді жалғастыруға болмайды.

Хабарлама

Құрастыруға байланысты орнатылған датчиктердің саны әртүрлі болуы мүмкін. Алдыңғы датчиктер болмаса, жүйе алдыңғы бөгеттер туралы ескерте алмайды.

Артқы көрініс камерасы


Жүйе сипаттамасы

Артқы көрініс камерасы автокөліктің артындағы аймақты түсіріп, бейнені дисплейге жібереді, осылайша тұраққа қою процесін қауіпсіз және жайлы етеді.

Қолдану

- › Оталдыру ажыратқышы ON режимінде немесе қозғалтқыш іске қосылған кезде артқы берілісті қосыңыз, сонда артқы көрініс камерасы автоматты түрде қосылады.
- › Артқы берілісті өшіріңіз, сонда артқы көрініс камерасы автоматты түрде өшеді.

Артқы көрініс камерасының интерфейсі



834E8F5D15D3

- Ⓐ Бейнелеу режимін таңдау
Жеке қалауларыңызға байланысты бейнелеу режимін таңдауға болады.

- ④ Динамикалық бағыттаушы сызықтар
Динамикалық бағыттаушы сызықтар автокөлік шанағының енін және руль дөңгелегінің бұрылу бұрышы бойынша есептелген оның болжамды қозғалыс траекториясын көрсетеді, бұл жүргізушіге тұраққа қоюға көмектеседі.

Айнала шолу жүйесі

Жүйе сипаттамасы

Төрт камераның көмегімен айнала шолу жүйесі автокөліктің айналасындағы кеңістікті түсіріп, тиісті бейнені дисплейге жібереді, бұл соқтығысудың алдын алуға көмектеседі және автокөлікті қарапайым әрі қауіпсіз басқаруға мүмкіндік береді.

Қолдану




4DF1724A4B6C

- › Автокөлікті оталдырғаннан немесе іске қосқаннан кейін, дөңгелек шолу жүйесін қосу немесе өшіру үшін  түймесін басыңыз.
- › Артқа жүру берілісі қосылғанда, айнала шолу жүйесі автоматты түрде қосылады.

- › Тұрақ режимін қосқанда, айнала шолу жүйесі автоматты түрде сөнеді.
- › Автокөліктің жылдамдығы 15 км/сағ-тан асқанда, айналмалы шолу жүйесі автоматты түрде өшеді.

Интерфейс элементтерінің орындары



D8A074E76931

- Ⓐ Баптау аймағы
- Ⓑ Үстінен шолу аймағы
- Ⓒ Көрсетілетін аймақ
- Ⓓ Көру белгісі
Ағымдағы түрдің жағын анықтайды.

Функциялардың баптаулары

: кеңінен шолу

Таңдалып тұрған беріліске сәйкес кеңістікті кеңінен шолу үшін сенсорлы түймені түрттіңіз. Кеңінен шолу режимінен шығу үшін түймені қайта түрттіңіз.

Тұраққа қою көмекші жүйесі

⚙️: бағыттау сызықтары

Бағыттау сызықтарын көрсету немесе жасыру үшін сенсор түймені түртіңіз.

Бағыттау сызықтары автокөлік шанағының енін көрсетеді, осылайша жүргізушіге автокөлікті тұраққа қойған кезде көмектеседі.

📡: радар датчиктерін бейнелеу

Бұл функцияны қосу не өшіру үшін түймені басыңыз. Бұл функцияны іске қосқаннан кейін, тосқауыл табылған кезде, орналасқан жерді анықтау үшін радар датчиктері пайдаланылатын болады.

MOD: қозғалатын объектіні анықтау

Бұл функцияны қосу не өшіру үшін түймені басыңыз. Бұл функцияны қосқаннан кейін жаяу жүргіншілер сияқты қозғалып бара жатқан нысан анықталса, экранда ескерту хабары пайда болады.

🚗: көлік жуу режимі

Бұл функцияны қосу не өшіру үшін түймені басыңыз. Функцияны қосқаннан кейін дөңгелектердің қозғалыс траекториясы көрсетіледі, ал сызықтың ені шинаның еніне сәйкес келеді.

⚙️: жүйелік баптаулар

Жүйе баптаулары мәзіріне кіру үшін түймені басыңыз, онда ракурстарды интеллектуалды ауыстыру функциясын қосуға немесе өшіруге болады.


Егер бұл функция қосылған болса және автокөліктің жылдамдығы 10 км/сағ-тан аспаса, онда кедергі анықталған кезде мультимедиялық жүйе автоматты түрде осы кедергіні көрсететін ракурсқа ауысады.

Шолу бұрышын автоматты түрде ауыстыру

Алдыңғы жүріс берілісі қосылғанда автоматты түрде алдыңғы бейненің ауысуы болады; R берілісі қосылғанда автоматты түрде артқы бейненің ауысуы болады.

Шолу бұрышын қолмен ауыстыру

Автокөлік жылдамдығы 10 км/сағ шамасынан төмен болған кезде жоғарыдағы шолу аймағын түртіңіз. Онда бағдарлау түймесі пайда болады. Басқа бағдарды таңдау үшін осы түймені түртіңіз. Көрсетіліп тұрған аймақ осы түйменің көмегімен таңдалған шолу бұрышына сәйкес болады.



6256C17282A4

Ⓐ AUTO түймесі

Ⓑ Еркін шолу бұрышы

Тұраққа қою көмекші жүйесі

Еркін шолу бұрышы режимі таңдалған соң, қажетті бұрышты баптау үшін шолу аймағын жылжытыңыз.

【АУТО】 тұйым еді н басу айналаны шолу бұрышын ауыстырып-қосудың автоматты режиміне оралуға мүмкіндік береді. Шолу бұрышын автоматты түрде ауыстыру режимінде жүйе беріліске байланысты шолу бұрышын автоматты түрде өзгертеді.

Тұраққа қою көмекші жүйесінің баптаулары

Мультимедиялық жүйенің дисплейінен автотұрақпен байланысты функцияларды баптау баптаулары

к параметрлерін таңдаңыз. Нақты баптау параметрлері автокөліктің моделіне байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Алдыңғы көрініс

Бұл функцияны іске қосқаннан кейін кедергі анықталған кезде алдыңғы радар датчиктері мен бақылау камералары жүйесі автокөлік алға қарай 10 км/сағ-тан аз жылдамдықпен қозғалған жағдайда автоматты түрде жұмыс істей бастайды. Егер бірнеше секунд ішінде кедергілерге дейінгі қашықтық өзгермесе, кедергілер жойыла бастаса немесе тұрақ тежегіші қосылса, жүйе автоматты түрде өшеді.

D режимінде төмен жылдамдықта айналаны шолу

Бұл функцияны іске қосқаннан кейін, дөңгелек шолу жүйесінің камералары автокөліктің әр іске қосылуынан кейін D режимінде төмен жылдамдықпен қозғалыстың алғашқы басталуы кезінде автоматты түрде қосылады.

Калибрлеу

Автокөліктің пайдаланылуына қарай, жүктемелерге, селкілдеуге, компоненттердің ескіруіне және жүйенің басқа факторларына байланысты жүйе жұмысында қателер: әртүрлі камералардан алынған кескіндердің дұрыс құрастырылмауы, олардың бұрмалануы немесе бұлдырап көрінуі пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда калибрлеу бейне сапасын жақсартуға көмектеседі.

Калибрлеу туралы нұсқаулар мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі хабарламаларда беріледі.

Зауыттық баптауларға оралу

Айналаны шолу жүйесінің камераларын зауыттық параметрлерге қайтаруға болады.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Дөңгелек түрі

Жүйе сипаттамасы

Доңғалақтың көрінісі жолаушы жағынан артқы көріністің бүйір айнасындағы камераның көмегімен оң жақ алдыңғы доңғалақ аймағының кескінін алады және бұл кескінді дисплейге береді. Бұл көріністі ұлғайтуға және көзден таса аймақтағы кедергілерге тап болмауға мүмкіндік береді.

Ескерту

- › Дөңгелектің түрі көмекші құрал болып табылады. Ол жүргізуші үшін қоршаған ортаны бағалай алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші автокөліктің қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Тұраққа қойған кезде және басқа да осындай жағдайларда ол айналадағы жағдайын үнемі бақылап отыруы керек.
- › Камера көмекші құрал болып табылады. Ол кейбір кедергілерді көрсетпеуі немесе бұрмаланған кескінді беруі мүмкін.

Назар аударыңыз

- › Бейнекамераны ұрмаңыз.
- › Автокөлікті қысымды сумен жуу кезінде ағынды камера аймағына бағыттамаңыз. Су ішке кіріп, жүйеде ақау пайда болуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Қолдану



10E3D2F46E4E

- › Қозғалыс жылдамдығы 15 км/сағ-тан аз болған кезде дөңгелек көрінісін қосу немесе **SVС** түймесін басыңыз.
- › Жылдамдық белгіленгеннен асып кетсе, дөңгелек көрінісі автоматты түрде өшеді.

Дөңгелек көрінісін қосқаннан кейін, көрініс бұрышын қолмен таңдау үшін дисплейдегі , және түймесін басуға болады.

: Оң жақтан алдыңғы көрініс.

: Оң жақтан көрініс.

: Оң жақтан артқы көрініс.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Шина қысымын бақылау жүйесі

Жүйе сипаттамасы

Шина қысымын бақылау жүйесі (TPMS) нақты уақыт режимінде шинаның қысымы мен температурасын бақылап отырады. Қалыпты мәндерден ауытқыған кезде ол жүргізушіге тиісті шаралар қолдану қажет екені туралы сигнал беріп, апаттың алдын алады.

Назар аударыңыз

- › Егер шина түпнұсқа шинаға ауыстырылмаса, TPMS дұрыс істемеуі мүмкін.
- › Сырғытпайтын шынжырларды немесе дөңгелек тысқаптарын орнатқан кезде TPMS дұрыс істемеуі мүмкін.
- › Радиокедергілер әсерінен TPMS дұрыс істемеуі мүмкін.

Хабарлама

- › TPMS жүйесі шиналарға жүйелі түрде күтім жасау қажеттілігін талап етеді. TPMS ескерту сигналдарын бермесе де, шиналар мен олардағы қысымды үнемі тексеріп отыру қажет.
- › Шиналардағы ауа қысымына қозғалыс кезіндегі қызу, қоршаған ортаның жағдайы, қозғалыс ұзақтығы және басқа факторлар әсер етеді. Әдетте ол ± 30 кПа аралығында ауытқиды, бұл қалыпты мән.
- › TPMS жүйесі қосалқы дөңгелектің шинасындағы қысымды бақылай алмайды.

Шиналар туралы ақпарат

Сапар ақпараты терезесіне  өту үшін рульдегі ◀ немесе ▶ түймесін басыңыз. Содан кейін дөңгелектегі қысымды бақылау экранын ашу үшін ▲ немесе ▼ түймесін басыңыз. Мұнда сіз барлық төрт дөңгелектің қысымы мен температурасы туралы ақпаратты көресіз.

Хабарлама

Егер автокөлікте бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды круиз-контроль немесе жолақпен жүру кезінде көмек көрсету жүйелері орнатылған болса, оларды өшіру немесе бұғаттау қажет. Бұл жүйелерді бұғаттау үшін рульдегі "OK" түймесін басып тұрып, жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындаңыз. Олай болмаған жағдайда аспаптар тақтасының интерфейсін ауыстыру мүмкін болмайды.

Хабарландырулар

Шинаның қысымы тым төмен немесе температура тым жоғары болғанда, аспаптар тақтасында келесі ескертулер шығады:

- › Ескертуі бар терезе.
- › Сәйкес шинаның температурасының немесе қысымының жыпылықтайтын мәні.
- › Аспаптар тақтасында шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің сары индикаторы  жанады.

Егер қозғалыс барысында TPMS туралы ескерту болса, шұғыл бұрылыстар мен күрт тежеу әрекеттерін орындамаңыз. Жылдамдықты азайтып, мүмкіндігінше тезірек автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатыңыз.

Өзіндік бейімделу қызметі

Шиналарды ауыстырғаннан немесе дөңгелектерді ауыстырғаннан кейін деректерді жаңарту өзін-өзі бейімдеу функциясының көмегімен автоматты түрде орындалуы мүмкін. Автокөлік 17 минуттан астам уақыт тоқтап, қозғалтқышты іске қосқаннан кейін және шамамен 9 минут ішінде 30 км/сағ-тан жоғары жылдамдықпен қозғалғаннан кейін жүйе шиналардағы қысым датчиктерін бейімдеу мен калибрлеуді автоматты түрде жүзеге асырады.

Егер өздігінен бейімделу кезінде қате пайда болса, TPMS-ті қайта баптау үшін қызмет көрсету орталығына тез арада хабарласыңыз.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Жүргізушінің шаршағаны туралы ескерту

Жүйе сипаттамасы

Жүргізушінің шаршағанын бақылау жүйесі жүргізушінің көлік жүргізу әрекеттерін үнемі қадағалап отырады және осылайша жүргізушінің шаршау дәрежесін анықтайды. Егер жүйе жүргізушінің шаршағанын анықтаса, дыбыс сигналы естіледі және дисплейде жүргізушіге абай болу керек деген ескерту пайда болады.

⚠ Ескерту

- › Шаршағаныңызды сезіп тұрсаңыз, автокөлікті басқарудан бас тартыңыз. Ұзақ сапарға шыққан кезде, демалу мақсатымен үзіліс жасауды жоспарлаңыз.
- › Жүргізуші өзінің жай-күйі көлікті қалыпты жүргізуге кедергі келтірмеуіне толық жауапты болады.
- › Шаршау туралы еске салу – көмекші функция. Жүйе әрдайым жүргізушінің шаршау дәрежесін дұрыс анықтай алмайды. Кейбір жағдайларда жүйе қалыпты әрекеттерді шаршау белгілері ретінде қабылдауы мүмкін.

Қосу және өшіру

Жүргізушінің шаршағаны туралы ескерту функциясын мультимедиялық жүйенің дисплейі арқылы қосуға немесе өшіруге болады, ол үшін **【Авто**лік баптаулары **】** → **【Авто**лік баптаулары **】** → **【Бүгінгілік жабдықтардың функциясы** **】** таңдау керек.

Шаршау туралы ескерту

Аспаптар тақтасында хабарламасы бар терезе пайда болады жүйе келесі жағдайларды анықтаған кезде дыбыстық сигналмен сәйкес үйемелденетін жасау ұсынылады】 :

- › Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған, автокөліктің жылдамдығы 65 км/сағ-тан асады және жүйе жүргізушінің шаршаған күйде автокөлікті басқарғанын анықтайды.
- › 4 сағат үздіксіз көлік жүргізгеннен кейін.



Ескерту

- › Бұл функция көлік жүргізу уақытын ешқандай шектемейді. Ұзақ сапарға шыққан кезде демалу мақсатымен үзіліс жасауды жоспарлаңыз.
- › Кейбір жағдайларда жүргізушінің шаршағаны оның автокөлікті басқару қабілетіне әсер етпейді. Бұл жағдайда жүйе ешқандай ескерту бермеуі мүмкін. Осы себепті, егер жүргізуші шаршау белгілерін сезіне бастаса, жүйе ескерту жасамаса да, тоқтап, жақсылап демалу керек.



Хабарлама

Егер көліктің жылдамдығы 65 км/сағ-тан төмен болса, жүйе жүргізуші шаршау белгілерін көрсетсе де, ескертулер бермейді.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Круиз-контроль жүйесі

Жүйе сипаттамасы

Қозғалыс қарқыны төмен күре жолда бейімделетін круиз-контроль жүйесі акселератор педалін баспай-ақ, автокөлікке белгілі бір жылдамдықпен жүруге мүмкіндік береді.

Ескерту

- › Круиз-контроль жүйесі – көмекші құрал ғана. Ол жүргізушінің орнына жолды және жол жағдайларын бағалай алмайды, оған қоса жүргізушінің орнына автокөлік жүргізе алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Ол әрдайым мұқият бақылап, автокөлікті абайлап жүргізуге тиіс.
- › Круиз-контроль жүйесінің қате іске қосылуын болдырмау үшін оны пайдаланбайтын кезде өшіріп отырыңыз.
- › Круиз-контроль жүйесін дұрыс пайдаланбау апатқа әкелуі мүмкін.
- › Круиз-контроль жүйесін тек қолайлы ауа райы жағдайларында, қозғалыс қарқыны төмен түзу магистральда жүретін кезде ғана пайдалануға рұқсат етіледі.
- › Жүйені қалада, ирелең, тар, тайғақ жолдарда, жаңбыр кезінде және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында пайдаланбаған жөн.
- › Круиз-контроль жүйесін өрде пайдалануға тыйым салынады. Адыр-бұдыр жолмен жүргенде круиз-контроль жүйесі белгіленген жылдамдықты сақтай алмайды.
- › Круиз-контроль жүйесі іске қосылғаннан кейін жүргізушіге жүргізуші орындығынан тұруға тыйым салынады.


Отынды үнемдеу мақсатында жоғары берілісте төмен жылдамдықпен және керісінше қозғалмаңыз.

- › Круиз-контроль жүйесін іске қосқаннан кейін автокөліктің жылдамдығын мүмкіндігінше тез төмендету қажет болса, тежегіш педалін қалыпты режимде басыңыз.

Қолдану тәсілі

Хабарлама

Круиз-контроль жүйесі автомагистральдар мен басқа да жақсы жол жабыны бар жолдармен жүруге арналғандықтан, круиз-бақылау жүйесі қосылған кезде жылдамдық 30-150 км/сағ шегінде болуы керек.



3404E89EB237

- Ⓐ Белгіленген жылдамдықты қалпына келтіру / арттыру (RES+)
- Ⓑ Белгіленген жылдамдықты нөлдеу (CANCEL)
- Ⓒ Жылдамдықты белгілеу/азайту (SET-)
- Ⓓ (CRUISE) қосу/өшіру

Жүйені қосу

1. Круиз-контроль жүйесін іске қосу үшін басқару тұтқасын [CRUISE] күйіне ауыстырыңыз және оны жіберіңіз.

Бұл ретте аспаптар тақтасында  круиз-контроль жүйесінің жасыл индикаторы жанады, бұл жүйенің қосылғанын көрсетеді.

2. Жылдамдықты реттеу үшін иініртректі SET- жағдайына ауыстырып, босатыңыз. Аспаптар тақтасында круиз-контроль жылдамдығын баптау туралы ақпарат көрсетілген кезде круиз-бақылау жылдамдығын баптаудың аяқталғанын білдіреді. Бұл кезде автокөлік берілген жылдамдықпен қозғалады.

Назар аударыңыз

- › Бірінші берілісте қозғалуға тыйым салынады.
- › Круиз-контроль жүйесін пайдалану Стандарт, Эко немесе Спорт жүргізу режимдерінде рұқсат етілгенін ескеріңіз. Басқа жағдайларда круиз-контроль жүйесі дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Круиз-контроль жүйесі

Круиз-контроль жылдамдығын реттеу

- › Басқару иінтірегін [RES+] немесе [SET-] жағына қысқа уақытқа ауыстыру шағын қадаммен круиз-контроль жылдамдығын арттыруға немесе азайтуға мүмкіндік береді.
- › Басқару иінтірегін [RES+] немесе [SET-] жағдайына ауыстырыңыз және автокөліктің жылдамдығын дәйекті арттыру немесе азайту үшін оны ұстап тұрыңыз. Қажетті жылдамдыққа жеткенде, иінтіректі жіберіңіз.

Круиз-контроль режимінен шығу

- › Тежегіш педалін басыңыз.
- › Басқару тетігін [CRUISE] күйіне жылжытыңыз.

Круиз-бақылауды алып тастағаннан кейін жүйе өшірілмейді аспаптар тақтасында круиз-бақылаудың жасыл индикаторы  жанады

Круиз-контроль жылдамдығын қалпына келтіру үшін басқару тұтқасын [RES+] жағдайына ауыстырыңыз және оны жіберіңіз.

Жүйені өшіру


Круиз-контроль жүйесін өшіру үшін басқару тұтқасын [CRUISE] күйіне ауыстырыңыз және оны жіберіңіз. Бұл уақытта круиз-контроль жүйесінің жасыл индикаторы өшеді.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Жүргізу кезінде көмек көрсететін интеллектуалды жүйелерді анықтау құрылғылары

Көлік жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе жол жағдайын камералар мен радар датчиктері арқылы анықтап, алынған нәтижелерге сүйене отырып, жүргізушіге көлік жүргізу кезінде қауіпсіздік пен жайлылықты арттыру үшін шаралар қолдануға көмектеседі.



F3957304AC2C

Суреттегі белгіше	Түсіндірмелер	Орналасуы
	Камера	Артқы көрініс салон айнасының түбінде
	Миллиметрлік диапазонның радар датчиктері	Артқы бампер ішінде

Хабарлама

Автокөліктің моделіне байланысты радар датчиктерінің түрі мен саны әртүрлі болуы мүмкін. Автокөлігіңіздің нақты конфигурациясына қараңыз.

Ескерту

- › Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйелер – көмекші құралдар ғана. Олар жүргізушінің орнына жолды және жол жағдайларын бағалай алмайды, оған қоса жүргізушінің орнына автокөлік жүргізе алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Ол әрдайым мұқият бақылап, автокөлікті абайлап жүргізуге тиіс.
- › Егер басқару кезіндегі интеллектуалды көмек жүйелері тиісті түрде жұмыс істей алмаса, мысалы, берілген автокөлікті басқа көлік құралы сүйреген кезде немесе берілген автокөлік басқа көлік құралын сүйреген кезде, басқару кезіндегі интеллектуалды көмек жүйелерінің функцияларын өшіру қажет.

Камера

Камера қозғалыс жолағының сызықтарын, жол белгілерін, автокөліктің алдындағы объектілерді және т. б. анықтау үшін, басқару кезінде интеллектуалды көмек жүйелерінің жұмысы үшін тиісті ақпаратты қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Ескерту

- › Камераны өз бетінше алуға немесе жөндеуге қатаң тыйым салынады.
- › Камера дұрыс жұмыс істемеген жағдайда нысандар мен жол белгілері туралы дұрыс ақпарат берілмеуі мүмкін, ал жолақ сызықтарын анықтау қиынға соғуы мүмкін.
- › Егер камера шолуы жабық болса, шолудан тыс объектілер анықталмайды.
- › Камера ақаулы немесе зақымдалған жағдайда жөндеу немесе ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына дер кезінде хабарласыңыз.

Ескерту

Камераның функционалдығына анықтау тиімділігінің төмендеуіне, кідірістерге және анықтау қателіктеріне әкелуі мүмкін көптеген факторлар әсер етеді. Мұндай факторларға мыналар жатады (басқасынан бөлек):

- › Тәуліктің қараңғы мезгілінде жарық жағдайларының нашарлығы.

- › Ауа райы жағдайлары: жаңбыр, қар немесе тұман жағдайларында нашар көріну.
- › Автокөлікті теңселтетін жол төсемінің кедір-бұдырлығы.
- › Даладағы жарықтың күрт өзгеруі.
- › Күн сәулесінің тікелей камера объективіне түсуі.
- › Камераның орнатылу қалпы мен бұрышының ауытқуына әкелетін терезе әйнегінің деформациясы немесе зақымдануы..
- › Күрделі жол қиылыстары.
- › Қоршаған ортаның тым төмен немесе жоғары температурасы.
- › Камераның шолуына басқа заттың әсер етуі.
- › Камераның шолуына көліктің қасында келе жатқан басқа көліктің әсер етуі.
- › Қоршаулардан, аспалардан, ағаштардан және басқа да соған ұқсас нысандардан жолға түскен көлеңкелер.
- › Туннельдің нашар жарықтандырылуы.
- › Тар және жалт бұрылыстардан өту.
- › Дұрыс көрінбейтін жол белгісі.

Хабарлама

Егер аспаптар тақтасы жүйенің жұмысы қиындағанын көрсетсе, камераны және оның айналасын ластану мен кедергі келтіретін заттардың бар-жоғына тексеру қажет. Бұл жүйенің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет.

Миллиметрлік диапазонның радар датчиктері

Радарлық датчиктер көліктің бүйіріндегі және артқы жағындағы кедергілерді анықтау және көлік жүргізу кезінде көмек көрсететін интеллектуалды жүйелердің функцияларын іске асыру үшін тиісті ақпарат беру үшін қолданылады.

Ескерту

- › Анықтау тиімділігін бұзбау үшін бамперді өз бетіңізше бояуға немесе оның конструкциясына өзгертулер енгізуге қатаң тыйым салынады.
- › Радар датчигін пайдалануға негізделген функциялар бұл кезде шектеулі болуы мүмкін.
- › Миллиметрлік диапазонның радар датчиктерінің жұмыс істеу ауқымы шектеулі, сондықтан оның ауқымынан тыс тұрған нысандар анықталмайды.
- › Егер радар датчиктері дұрыс жұмыс істемесе немесе зақымданса, жөндеу немесе ауыстыру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ескерту

Миллиметрлік диапазондағы радар датчиктерінің жұмысына анықтау тиімділігінің төмендеуіне, анықтаудың кешігуіне, анықтау қателіктеріне әкелуі мүмкін көптеген факторлар әсер етеді. Мұндай факторларға мыналар жатады (басқасынан бөлек):

- › Қолайсыз ауа райы (тұман, түтін, жаңбыр, қар, шаңды дауыл және т. б.)
- › Радар датчигінің немесе бампердің бетіне бөгде заттардың (қар, мұз, су және шаң) жабысуы.
- › Радар датчигінің ығысуы немесе тұмшалануы.
- › Радар датчигінің немесе бампердің апат немесе соқтығысу салдарынан зақымдануы, сондай-ақ сызаттардың болуы.
- › Анықталатын нысан өлшемінің тым кішкентай болуы.
- › Бірдей жиіліктегі электромагниттік толқындардың әсері.
- › Автокөлікке өте жоғары немесе өте төмен температуралардың әсер етуі, сәйкесінше радар датчиктері температурасының жұмыс істеу ауқымынан тыс шығуы.

Хабарлама

Радар датчиктері дұрыс жұмыс істеуі үшін олардың айналасы мен бамперді таза ұстаңыз, бұл аймақтарды жабысып қалған басқа заттардан тазалаңыз: қар, мұз, шаң және т. б.

Егер радар датчиктерінің бетінде ластанулар анықталса, оларды жұмсақ шүберекпен сүртіңіз немесе сумен шайыңыз.

- › Радар датчиктерін жоғары қысымды су арынымен жууға тыйым салынады.
- › Радар датчиктерін тазалау үшін өткір немесе абразивті заттарды қолдануға тыйым салынады.
- › Химиялық еріткіштерді немесе абразивті тазартқыштарды қолдануға тыйым салынады.

Алға жүруге көмектесетін жүйе

Алға жүруге көмектесетін жүйе жол қатарындағы автокөліктерді анықтау үшін алдыңғы әйнектің жоғарғы жағына орнатылған камераны пайдаланады.

Алдағы нысанға соқтығысу қаупі анықталған кезде дабыл қағылады немесе соқтығысу қаупін азайту үшін жүйе автокөлікті басқаруға араласады.

Алға жүруге көмектесетін функцияларды мультимедиа жүйесі дисплейінің [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе] → [Алға жүруге көмектесетін жүйе] мәзірі арқылы баптауға болады.

Хабарлама

Жүргізу кезінде интеллектуалды көмек жүйесінің интерфейсіне жылдам қол жеткізу үшін рульдің сол жағындағы  түймесін басыңыз.

Ескерту

Кез келген мән-жайда бұл жүйенің қалыпты жұмысына кепілдік беру мүмкін емес. Сондықтан жүйені тексеру мақсатында автокөлікті жаяу жүргіншілерге, жануарларға немесе көлік құралдарына бағыттауға тыйым салынады, өйткені бұл ауыр зақым мен жарақатқа әкелуі мүмкін.

Хабарлама

- › Бұл жүйе басқа автокөлікті сүйрегенде дұрыс істемейді, сондықтан ондай кездерде жүйені ажыратып тастау керек.
- › Күрделі жол жағдайында жүйе қажеттілік болмаған кезде тежеуді жүзеге асыра алады, мысалы, құрылыс алаңында, рельстер арқылы қозғалғанда немесе автокөліктің алдыңғы бөлігіне су тигенде.
- › Жүйе нашар көріну жағдайында (мысалы, жаңбыр, қар, тұман, түнгі уақыт, жел, құмды дауыл) дұрыс істемеуі немесе мүлдем істемеуі мүмкін.
- › Қоршаған орта жарықтығы күрт өзгергенде (мысалы, туннельге кіргенде немесе одан шыққанда, тым жарық болғанда, қарсыдан жарық түскенде және т. б.) жүйе дұрыс істемеуі немесе істемей қалуы мүмкін.

- › Камера айналасындағы аймақты таза ұстап, онда бөгде заттардың жабысып қалмауын қадағалаңыз, әйтпесе жүйе дұрыс істемейді.
- › Автокөліктің қозғалыс жылдамдығы жоғары болған кезде жүйе қозғалмайтын объектіні танымауы мүмкін және жауап бермейді, сондықтан жүргізуші әрқашан белсенді тежеуді қолдануға дайын болуы керек.
- › Автокөлік алдында жақын қашықтықта көлік құралы пайда болса (әсіресе автобус және жүк көлігі сияқты үлкен көлік құралы), жүйе оны дер кезінде анықтамай қалып, нәтижесінде автокөлік тежеп үлгермей қалуы мүмкін.
- › Бұл жүйе бағдаршамдарды, ескерту белгілерін және жол конустарын анықтамайды, сондықтан жүргізуші үнемі белсенді түрде тежеуге дайын болуы керек.
- › Егер анықталатын нысанның түсі қоршаған ортаның түсімен бірдей болса, жүйе дұрыс істемеуі немесе мүлдем істемеуі мүмкін.

Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі

Автоматты түрде шұғыл тежеу жүйесі жаяу жүргіншілерді және велосипедшілерді, сондай-ақ көптеген қозғалыссыз тұрған немесе көлік құралдарының бағытында қозғалатын нысандарды анықтай алады (мысалы, жеңіл көліктер, жүк көліктері, автобустар және т. б.).

- › Тежемей: функция өшірулі.
- › Тежеу: тежеу кезінде көмектесетін жүйенің қосылуы.

Автокөлік төмен жылдамдықпен жүргенде (5–30 км/сағ), жүйе жаяу жүргіншіге немесе көлік құралына соқтығысу қаупі болғанда автоматты түрде тежейді.

Автокөлік жоғары жылдамдықпен жүргенде (30 км/сағ шамасынан жоғары) және жүйе соқтығысу қаупі бар жаяу жүргіншіні немесе көлік құралын анықтағанда, ол алдымен дыбыс белгісін беріп, қауіп деңгейіне қарай тежейді (шектеулі тежеу).

Кейбір апаттық жағдайларда, жүйе тежегішті тікелей іске қосуы мүмкін.

Хабарлама

- › Шұғыл тежегенде апаттық жарық сигналдары қосылып, артыңызда келе жатқан автокөлікке ескертіп, соқтығысу қаупін төмендетеді.
 - › Автокөлік жеткілікті деңгейде төмен жылдамдықпен жүргенде бұл функция автокөлік толық тоқтағанға дейін жылдамдықты тежейді, бірақ автокөлікті қозғалыссыз күйде ұстап тұрмайды. Осындай жағдайда жүргізуші тежегішті белсенді түрде басыу керек.
 - › Егер шұғыл тежеу процесінде жүргізуші акселератор педаліне әсер етсе немесе руль дөңгелегін бұрса, жүйе автоматты тежеу режимінен шығуы мүмкін.
 - › Автокөлік жылдамдығы 65 км/сағ шамасынан асып, жүйе алдағы автокөлікке дейінгі қашықтық тым аз қалғанын анықтаса, аспаптар тақтасында қауіпсіз қашықтықты сақтау қажеттігі туралы ескерту хабары пайда болады.
- Егер круиз-контроль жүйесі қосылып тұрса, қауіпсіз қашықтық туралы ескерту функциясы құлыптанады.
- › Жарықтың жеткіліксіздігі анықтау қашықтығына әсер етеді, сондықтан түнде жүргенде алдыңғы фараларды қосу керек.

Хабарлама

Нысандарды анықтау

- › Жүйе нысандарды бірдей тиімді түрде анықтай бермейді. Бұл автокөліктердің, жаяу жүргіншілердің, жер бедерінің және жолдың жағдайына байланысты.
 - › Велосипедшіні тану үшін ол ересек адам болуы және ересектерге арналған велосипедте болуы керек.
- Жүйе велосипедші мен велосипедтің сұлбасын нақты анықтай алған жағдайда ғана тиімді түрде жұмыс істейді. Бұл жүйе велосипедшінің басын, қолын, иықтарын, аяқтарын және денесінің басқа бөліктерін, оның велосипедін, сондай-ақ оның қалыпты режимде жүріп келе жатқанын дәлме-дәл анықтауы керектігін білдіреді.
- › Жүйе фонға қарама-қайшы келетін жаяу жүргіншілерді анықтай алады (мысалы, киімнің түсіне байланысты). Егер қарама-қайшылығы салыстырмалы түрде аз болса, онда жаяу жүргінші баяу анықталады немесе мүлдем анықталмайды. Бұл ескерту мен тежеу кешігіп орындалатынын немесе мүлдем орындалмайтынын білдіреді.

Жүйе адам денесінің сұлбаларын нақты анықтай алған жағдайда ғана барынша тиімді түрде жұмыс істейді. Бұл жүйе жаяу жүргіншінің басын, қолын, иықтарын, аяқтарын және денесінің басқа бөліктерін, сондай-ақ оның қалыпты қарқынмен қозғалып келе жатқанын дәл анықтауы керек дегенді білдіреді.

Бетпе-бет соқтығысу қатері туралы ескерту жүйесінің сезімталдығы

Сезімталдықтың 3 деңгейі қолданылады.

- › Төмен: көлік жаяу жүргіншіге немесе оның алдындағы көлікке жақындаған кезде жүйе ескерту сигналын береді.
- › Қалыпты: автокөлік пен жаяу жүргінші немесе оның алдындағы көлік құралы арасындағы қашықтықты жүйе қалыпты диапазон шегінде орнатқан кезде жүйе ескерту сигналын береді.
- › Жоғары: жүйе автокөлік жаяу жүргіншіден немесе оның алдында тұрған көлік құралынан үлкен қашықтықта болған кезде ескерту сигналын береді.

Бұрылыстардан интеллектуалды өту

Бұрылыстардан интеллектуалды өту функциясы қосылған кезде, автокөлік бейімделген немесе интеллектуалды круиз-бақылауды қолдана отырып, бұрылысқа тым жылдам кірген кезде жылдамдықты автоматты түрде төмендетеді.

Ескерту

- › Бұрылысқа кіргенде, одан шыққанда немесе бұрылыс кезінде жүйе дәл сол жолақпен алда келе жатқан көлік құралын дер кезінде байқамауы мүмкін. Мұндай жағдайда тежелудің кешігуі мүмкін. Жүргізуші мұқият болып, кез келген уақытта автокөлікті өз басқаруына алуға дайын болуы керек.
- › Ирелеңдеген жолмен жүргенде жүйе қарсы жол қатарындағы автокөліктерді қате анықтап, қажетсіз тежеуге әкелуі мүмкін.
- › Егер тік бұрылыстары бар жолмен (ирек-ирек жолмен) келе жатқанда алдыңғы көлік радар датчиктерінің анықтау аймағынан шығып кетсе, бұл жылдамдықтың кенеттен артуына әкелуі мүмкін. Жүргізуші мұқият болып, кез келген уақытта автокөлікті өз басқаруына алуға дайын болуы керек.

Жол қатарымен жүруге көмектесетін жүйе

Мультимедиа жүйесінің дисплейінде [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе] → [Жол қатарымен жүру көмекшісі] мәзірінің көмегімен жол қатарымен жүру көмекші жүйесіне қатысты функцияларды баптауға болады.

Хабарлама

Жүргізу кезінде интеллектуалды көмек жүйесінің интерфейсіне жылдам қол жеткізу үшін рульдің сол жағындағы  түймесін басыңыз.

Жол қатарымен жүруге көмектесетін жүйе жылдамдық тасжолымен және жол жағдайлары жақсы өзге тасжолмен жүру үшін әзірленген. Алдыңғы әйнектегі камераның көмегімен ол жол төсеміндегі бөлу жолағын анықтайды және автокөлік жол қатарынан ауытқып кеткен кезде бағдарды түзету үшін жүргізушіге хабар беруі мүмкін. Жүйенің кейбір функциялары жүргізушіге соқтығысу қаупін азайту үшін қозғалыс траекториясын өзгертуге көмектеседі.



Назар аударыңыз

Жол қатарымен жүруге көмектесетін жүйе тек нақты жол белгілері болғанда ғана дұрыс жұмыс істей алады. Кейбір жағдайларда ол іске қосылмай қалуы немесе дұрыс істемеуі мүмкін.

Мысалы:

- › Анық емес, бұлыңғыр жол таңбалары, стандартты емес немесе қандай да бір нәрсемен жабылған жол таңбалары болған кезде.
- › Жол бетінде жол таңбасын тануға кедергі келтіретін факторлар (көлтабандар, жарықтар, іздер, мәтіндік белгілер, жаяу жүргіншілер өткелдері, шығыңқы жерлер немесе ойпаңдар және т.б.) болған кезде.
- › Көру мүмкіндігі нашар болғанда (мысалы, жаңбырлы немесе қарлы ауа райы, тұман, тәуліктің қараңғы мезгілі).
- › Бүйірден күшті жел соғып тұрғанда.
- › Жол қатарлары біріккен немесе бөлінген кезде.
- › Камераға жарқын жарық түскенде немесе жарықтандыру қарқындылығы кенет өзгергенде.
- › Камераның айналасындағы алдыңғы әйнек ластанған, мұзданған, зақымдалған немесе бір нәрсемен жабылған жағдайда.
- › Күрт бұрылыстарда, тар жолдармен және бір жағы еңіс жолдармен жүргенде.

- › Алда жүріп бара жатқан автокөлікке тым қатты тақалып, камераның анықтау аймағына кедергі келтіргенде.

i Хабарлама

- › Егер жол қатарын бөлетін сызықтарды кесіп өтер алдында жүргізуші бұрылыс көрсеткішін қосып, рульді бұрып, акселератор немесе тежегіш педалін басса, жүйе басқару процесіне араласпайды. Мұндай жағдайларда жүйе автокөлікті белсенді түрде басқарып отырсыз деп есептейді.
- › Егер жүргізуші рульді мықтап ұстамаса, жүйе оның әрекеттерін анықтай алмайды, сондықтан аспаптар тақтасында тиісті ескерту пайда болады.

Жол қатарымен жүруге көмектесетін функция

Жолақтағы қозғалысқа көмектесу функциясын қосқаннан кейін функцияның жұмыс режимін таңдауға болады.

- › Ескерту режимі: автокөлік жол қатарынан өздігінен ауытқып кеткен кезде жүйе жүргізушіге дабыл сигналын бере отырып, қауіпсіз қозғалыс ережелерін сақтау керектігін еске салады.
- › Жолақ бойынша қозғалыс кезінде көмек: жүйе жүргізушіге автокөлік одан еріксіз ауытқыған кезде қозғалыс жолағында болу үшін руль дөңгелегінің жағдайын түзетуге көмектеседі. Егер түзету орындалмаса, жүргізушіге қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажеттілігі туралы ескерту сигнал беріледі.
- › Қозғалыс жолағының ортасында ұстау режимі: жүргізушіге руль дөңгелегінің жағдайын түзетуге және таңдалған жолақтың ортасында қозғалатындай етіп автокөлікті басқаруға көмектеседі. Егер автокөлік таңдалған жол қатарынан ауытқып кетсе, жүргізушіге қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау қажеттігін еске салатын ескерту сигналы беріледі.

Хабарлама

Жол қатарымен жүруге көмектесетін функция автокөліктің жылдамдығы 60–150 км/сағ аралығында болған кезде ғана жұмыс істей алады.

Жолақ бойынша қозғалыс кезінде көмек көрсету функциясы қосылған кезде аспаптар тақтасында қозғалыс жолағының келесі бөліктері көрсетіледі:

- › Сұр түс: жүйе жол қатарының шекарасын анықтай алмағанын немесе автокөлік жылдамдығы жүйенің талаптарына сәйкес емес екенін білдіреді.
- › Ақ түс: жүйе жол қатарының шекарасын анықтағанын білдіреді.
- › Жасыл түс: жүйе рульдік басқарудың көмегімен қозғалыс бағытын түзетуді орындайтынын білдіреді.
- › Қызыл түс және жыпылықтау: жүйенің апаттық сигнал беріп жатқанын білдіреді — жүргізуші қозғалыс бағытын дереу түзетіп, өз жол қатарына оралуы керек.

Қозғалыс жолағында шұғыл ұстап тұру жүйесі

Функцияны іске қосқаннан кейін, апаттық жағдай туындаған кезде, жүйе соқтығысу қаупін азайту үшін рульдің орналасуын белсендірек реттейтін болады. Мысалы:

- › Егер жол қатарынан шығу немесе жол қатарын ауыстыру кезінде көршілес жол қатарларында көлік құралдарымен соқтығысу қаупі бар.
- › Егер жол қатарынан шыққан немесе жол қатарын ауыстырған кезде жол қатарының сыртқы жағы жолдың шеті болады.

Хабарлама

Жол қатарында төтенше ұстау функциясы автокөліктің жылдамдығы 60–150 км/сағ аралығында болған кезде ғана істейді.

Ескерту

Кейбір жағдайларда жол қатарын қатаң сақтау функциясы іске қосылмай қалуы немесе дұрыс істемеуі мүмкін.

Мысалы:

- › Егер нысанның өлшемдері салыстырмалы түрде шағын болса (мотоцикл, велосипед және т. б.).
- › Нысан қозғалыссыз тұрғанда.
- › Алдағы көлікке қатты жақындағанда және камераны анықтау аймағында кедергі пайда болғанда.

- › Артта келе жатқан көлік құралының қатты жақындауы кезінде және камераны анықтау аймағында кедергі пайда болған кезде.

Интеллектуалды ауытқу жүйесі

Егер осы функцияны қосқаннан кейін және интеллектуалды круиз-контроль жүйесі қосылған кезде жүйе көрші жолақпен келе жатқан ірі габаритті көлік құралын (фура, жүк көлігі, автобус және т.б.) танитын болса, ол көлікті осы көлік құралынан жалтаратындай етіп басқарады. Үлкен габаритті көлік құралынан кейін функция автокөлікті таңдалған жолақтың ортасына қайтарады.

Хабарлама

- › Интеллектуалды бұлтару функциясы, автокөлік жылдамдығы 60-140 км/сағ болған кезде ғана істейді.
- › Бұл функция круиз-контроль өшірілгенде өшеді.



Назар аударыңыз

Келесі жағдайлар интеллектуалды бұлтару функциясын істен шығаруы мүмкін:

- › Жүйе бір жағынан ірі габаритті көлік құралының бар екенін, екінші жағынан да көлік құралы немесе жол жиегі бар екенін анықтағанда.
- › Қараңғы уақытта, қалың тұман, жаңбыр, қар және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында.
- › Автокөлік ирелең жолмен жүргенде.

Ескерту сезімталдығы

Сезімталдық 3 деңгейден тұрады: төмен, стандартты және жоғары.

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі

Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі бар функцияларды мультимедиа жүйесі дисплейінде [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізуге көмектесетін интеллектуалды жүйе] → [Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесі] мәзірі арқылы баптауға болады.

Хабарлама

Жүргізу кезінде интеллектуалды көмек жүйесінің интерфейсіне жылдам қол жеткізу үшін рульдің сол жағындағы  түймесін басыңыз.

Бұл жүйе артқы бампердің екі жағында орналасқан датчиктер арқылы арттағы не көршілес жол қатарындағы автокөліктерді анықтай алады. Егер соқтығысу қаупі болса, жүйе жүргізушіге қауіпсіз қозғалысты сақтау қажеттілігін еске салу үшін ескерту сигналын береді.

Хабарлама


- › Артқы бампердің жиектеріндегі аймақтарды таза ұстаңыз. Мұнда датчиктердің қалыпты жұмысына кедергі келтіретін жапсырмалар, мұз, қар, кір және басқа да бөгде заттар болмауы керек.
- › Автокөлікке техникалық қызмет көрсету немесе оны түрлендіру қате жасалса, датчиктер жылжып кетіп, көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің қалыпты жұмысы бұзылуы мүмкін. Сондықтан автокөлікке техникалық күтім жасау және оны жөндеу үшін ресми сервис орталықтарына жүгінуге кеңес береміз.
- › Бұл жүйе басқа автокөлікті сүйрегенде дұрыс істемейді, сондықтан ондай кездерде жүйені ажыратып тастау керек.

Ескерту

Кейбір жағдайларда жүйе іске қосылмай қалуы немесе дұрыс істемеуі мүмкін. Мысалы:

- › Егер объект (көлік құралы, жаяу жүргінші және т.б.) қозғалмаса.
- › Жаңбыр, қар жауған кезде және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында.
- › Шұғыл бұрылыстарда, еңісте, тым кең не тым тар жолдарда жүргенде.

Ескертуші индикаторлар



55E7BC54D193

Алдыңғы есіктердің ішкі жағында ескерту белгілері суретте көрсетілгендей орналастырылған.

Хабарлама

Көрсеткішке әлденені жапсыруға тыйым салынған, өйткені жүйенің хабарлауына кедергі келтіруі мүмкін.

Қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмекші жүйе

Егер қозғалыс кезінде (12 км/сағ-тан астам жылдамдықпен) жүйе артқы көріністің сыртқы айнасының көзден таса аймағында көлік құралының немесе көрші жолақта жылдам жақындап келе жатқан көлік құралының бар екенін анықтаса, тиісті сыртқы айнадағы ескерту индикаторы жанады. Егер бұл кезде жүргізуші тиісті жақтың бұрылыс көрсеткішін қосса, индикатор жыпылықтап, жол қатарын ауыстыру кезіндегі қауіп туралы хабарлайтын дыбыс ескертуі естіледі.

Есік ашылғанда ескерту жүйесі

Автокөлік тоқтағаннан кейін жүйе екі іргелес жол қатарында келе жатқан көлік құралдарын, велосипедтерді және басқа нысандарды бақылап тұрады.

Автокөліктің есіктері ашылып, жоғарыда көрсетілген объектілермен соқтығысу қаупі туындаған кезде, тиісті жағындағы ескерту белгісі жанады. Егер бұл ретте жүргізуші немесе жолаушы есікті ашуды жалғастырса, онда индикатор жыпылықтайды және есікті одан әрі ашудың қауіптілігі туралы дыбыстық ескерту беріледі.

Есікті ашқан кезде ескерту жүйесі келесі жағдайларда ғана дұрыс жұмыс істейді:

- › Қуат көзі режимі қосұлы.
- › Қуат көзі жүйесінің ажыратқышын ON режимінен OFF режиміне ауыстырып қосқаннан кейін 3 минут ішінде.

Хабарлама

Қуат үнемдеуді кідірту функциясының орнатылған уақыты 3 минуттан кем болса, ол қуат үнемдеуді кідірту баптауларына сәйкес орындалатын болады.

Арттан соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі

Жүйе артта жылдам келе жатқан көлікті анықтап, соқтығысу қаупін анықтаған кезде сол және оң бұрылыс белгілері жиі жыпылықтай бастайды. Бұл жүргізушіге қауіпті объектінің жақындағаны туралы хабарлайтын және бір мезгілде артқы жағындағы жүргізушіге қозғалыс қауіпсіздігін сақтау қажеттілігі туралы сигнал беретін дыбыстық сигналмен және аспаптар тақтасындағы хабарламамен сүйемелденеді.

Артқа жүру кезінде ескерту/тежеу жүйесі

Артпен шығу кезіндегі ескерту функциясын іске қосқаннан кейін, жүйе артқы көрініс айнасындағы көзден таса аймақта жүріп бара жатқан автокөлікпен соқтығысу қаупін анықтаса, ол жүргізушіге қауіпсіз жүргізу ережелерін сақтау керектігін еске салу үшін ескерту сигналын береді.

Егер артқы жүріспен шығу кезінде ескерту функциясы қосылғаннан кейін жүйе соқтығысу қаупін анықтаса, ол шектелген тежеуді орындау арқылы оны азайтады.

Хабарлама

Артқа жүру кезінде ескерту/тежеу функциясы кейбір жағдайларда шектеулі. Мысалы:

› Кедергілер болған жағдайда.

Жүйе тұраққа қойылған басқа көліктер немесе кедергілер арқылы көліктің артындағы нысандарды анықтай алмайды.

- › Автокөлік жылдамдығы тым төмен немесе тым жоғары болғанда.
- › Акселератор педалін шұғыл басқанда.
- › Рульді тез бұрғанда.

Жол белгілерін тану жүйесі

Жол белгілерін тануға байланысты функцияларды баптау үшін мультимедиа жүйесінің дисплейі көмегімен [Автокөлік баптаулары] → [Жүргізу кезіндегі интеллектуалды көмек жүйелері] → [Жол белгілері] тармағын таңдаңыз.

Хабарлама

Жүргізу кезінде интеллектуалды көмек жүйесінің интерфейсіне жылдам қол жеткізу үшін рульдің сол жағындағы  түймесін басыңыз.

Бұл жүйе жол белгілерін алдыңғы әйнекке орнатылған камераның көмегімен анықтайды және жүргізушіге автокөлікті басқаруға көмектесу үшін оларды аспаптар тақтасында көрсетеді.

Ескерту

Бұл функция тек жүргізушіге жол белгілеріне назар аудару керектігін еске салады. Ол жүргізушіні алмастыра алмайды және оның орнына жолдағы жылдамдық шектеулері туралы ақпаратты бағалай алмайды.

Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Ол әрдайым көлікті мұқият басқарып, тиісті заң талаптары мен жол қозғалысы ережелерін сақтауы керек.

Назар аударыңыз

Жүйе тек жылдамдықты шектеу белгісі жақсы көрініп тұрғанда ғана қалыпты істейтін болады. Кейбір жағдайларда ол іске қосылмай қалуы немесе дұрыс істемеуі мүмкін. Мысалы:

- › Егер жол белгісінің түсі оңып кетсе.
- › Егер жол белгісі бұрылыста орнатылған болса.
- › Егер жол белгісі дұрыс емес бұрышпен орналасқан болса.

- › Егер жол белгісі тербеліп тұрса немесе зақымданса.
- › Егер жол белгісі толығымен немесе ішінара жасырылып тұрса.
- › Егер жол белгісін толығымен немесе ішінара мұз, қар, қырау, шаң және т. б. басса.
- › Егер жол белгісі тым алыс орналасса немесе автокөлік тым жоғары жылдамдықпен жүрсе.
- › Егер жол белгісі немесе жылдамдық шектеуі туралы ескерту жол бетінде орналасқан болса.
- › Көру мүмкіндігі нашар болғанда (мысалы, жаңбырлы немесе қарлы ауа райы, тұман, тәуліктің қараңғы мезгілі).
- › Егер камераға жарық сәуле түссе немесе жарық қарқындылығы күрт өзгерсе.
- › Камераның айналасындағы алдыңғы әйнек ластанған, мұзданған, зақымдалған немесе бір нәрсемен жабылған жағдайда.
- › Алда жүріп бара жатқан автокөлікке тым қатты тақалып, камераның анықтау аймағына кедергі келтіргенде.

Хабарлама

- › Жүйемен танылатын жылдамдықтың өлшем бірлігі автокөлік аспаптар тақтасындағы жылдамдықтың өлшем бірлігіне сәйкес келеді.
- › Егер бір белгіде бірнеше жылдамдық шектеуі мәні көрсетіліп тұрса, жүйе ең үлкен мәнді көрсетеді.
- › Егер жылдамдықты шектеу белгілері бірнешеу болса, жүйе максималды мәні бар белгіні қолдануға болады деп санауы мүмкін, сондықтан қозғалыс кезінде осы жол қатары үшін белгіленген нақты шектеуге сүйену керек.
- › Бұрылған кезде жүйе жылдамдық шектеуінің белгісін танымай қалуы мүмкін.

Жол белгілерін тану жүйесі

Функция қосылғаннан кейін жүйе жол белгілерін таниды және оларды жүргізушіге көмектесу үшін аспаптар тақтасында көрсетеді.

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту

Жол белгілерін тану функциясын іске қосқаннан кейін, жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту функциясын да қосуға болады. Егер жылдамдықты шектеу белгісін танығаннан кейін жүргізуші жылдамдықты асырса, жүйе жылдамдықты қажетті диапазонға қайтарғанға дейін мүмкіндігінше тезірек төмендету қажеттілігі туралы ескерту сигналын береді.

Круиз-контроль жылдамдығын шектеу функциясы

Жол белгілерін тану функциясын іске қосқаннан кейін круиз-контроль жылдамдығын шектеу функциясын да қосуға болады.

Егер қозғалыс кезінде жүйе жылдамдықты шектеу белгісін ≥ 40 км/сағ деп таныса және осы жылдамдық круиз-бақылаудың ағымдағы жылдамдығынан ерекшеленсе, жүйе жүргізушіге круиз-бақылаудың ағымдағы жылдамдығын жылдамдықты шектеу белгісіне сәйкестендіру қажеттілігі туралы ескертеді. Мұндай жағдайда круиз-контроль реттегішін [SET-] жағдайына ауыстырыңыз және жүйе круиз-бақылау жылдамдығын белгіде ұсынылған жылдамдықты шектеу белгісіне сәйкес өзгертеді.

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту жүйесінің сезімталдығы

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту сигналын беру сәтін жүргізушінің қалауына сәйкес орнатуға болады.

- › 0 мәнін белгілеген жағдайда: автокөлік белгіленген жылдамдық шегіне жеткенде жүйе дабыл сигналын береді.
- › 0-ден үлкен мән белгілеген жағдайда: жүйе автокөлік белгіленген жылдамдықты шектен асырған кезде ғана дабыл сигналын береді.

- › 0-ден кіші мән белгілеген жағдайда жүйе автокөлік белгіленген жылдамдық шегіне жеткенге дейін дабыл сигналын алдын ала береді.

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі

Қозғалыс қарқыны төмен күре жолда бейімделетін круиз-контроль жүйесі акселератор педалін баспай-ақ, автокөлікке белгілі бір жылдамдықпен жүруге мүмкіндік береді. Жүйе алдында келе жатқан көліктің жылдамдығы белгіленген круиз-бақылау жылдамдығынан аз екенін анықтаған кезде, көлік белгіленген қауіпсіз қашықтықта оның артынан жүре бастайды.



Ескерту

- › Бұл жүйе тек көмекші құрал болып табылады. Ол жүргізушінің орнына жолды және жол жағдайларын бағалай алмайды, оған қоса жүргізушінің орнына автокөлік жүргізе алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Ол әрдайым мұқият бақылап, автокөлікті абайлап жүргізуге тиіс.
- › Круиз-контроль жүйесін дұрыс пайдаланбау соқтығысуға алып келуі мүмкін.
- › Бейімделетін круиз-контроль жүйесін тек жақсы ауа райы жағдайында және бос тасжолмен жүрген кезде пайдалануға болады.



Хабарлама

- › Бұл жүйе басқа автокөлікті сүйрегенде дұрыс істемейді, сондықтан ондай кездерде жүйені ажыратып тастау керек.
- › Бейімделетін круиз-контрольді қолданбайтын болсаңыз, оның орынсыз жұмыс істеуіне жол бермеу үшін оны өшіріп қойыңыз.
- › Бейімделетін круиз-контроль жүйесін қалада, ирелең, тар, тайғақ жолдарда, жаңбыр кезінде және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында пайдаланбаған жөн.


Төмендегідей себептерге байланысты еңісте қозғалу кезінде бейімделетін круиз-контроль жүйесін пайдаланбаған жөн:

Өрге шыққанда немесе түскенде бейімделетін круиз-контроль жүйесі орнатылған жылдамдықты сақтай алмайды.

Автокөлік шыңға шыққанда немесе етекке түскенде жүйе алдағы автокөлікті анықтамай қалуы мүмкін, соның салдарынан жылдамдықты күрт үдету немесе кешігіп тежеу әрекеті орындалуы мүмкін.

- ⓐ Алда келе жатқан көлікке дейінгі қашықтық
Өз көлігі мен алдында келе жатқан көлік арасындағы қашықтықтың қаншалықты қауіпсіз екенін көрсетеді. Қашықтық қысқарып, қауіп факторы артқан сайын дисплейде әртүрлі түстер көрсетіледі, олар жүргізушіге қауіпсіз қашықтықты сақтау қажеттігін еске салып отырады.


Аспаптар тақтасына индикация



992317F582B3

- ⓐ Автокөліктің жүру жылдамдығын орнату
- ⓑ Арақашықтық
Бұл параметр тұрақты шама емес. Бір қашықтық деңгейінде ол қозғалыс жылдамдығына байланысты өзгеруі мүмкін.
- ⓒ Алда келе жатқан көлік құралы
Бұл белгіше жүйе алдында келе жатқан көлікті анықтаған кезде көрсетіледі.

Басқару интiрегi



EA4CA6B6907B

- ⓐ Круиз-контроль жылдамдығын арттыру / қалпына келтіру (RES+)
- ⓑ Круиз-контрольді қосу (CRUISE)
- ⓒ Круиз-контроль жылдамдығын орнату / баяулату (SET-)
- ⓓ Круиз-контрольді өшіру (OFF)
- ⓔ Қашықтық санатын баптау (DISTANCE)

Круиз-контроль режимін іске қосу

1. Қозғалыс кезінде бейімделген круиз-бақылауды іске қосу және дайындық режиміне өту үшін басқару тетігін **【CRUISE】** қыштың астына бұл ретте аспаптар тақтасында ақ түсті индикатор бейімделетін круиз-контроль күту режимінің индикаторы  жанады.
2. Бейімделетін круиз-контроль функциясын іске қосу үшін басқару тетігін **【SET-】** астына ауыстырыңыз. Бұл ретте аспаптар тақтасында бейімделетін круиз-контроль жұмысының жасыл индикаторы  жанады.

Хабарлама

Бейімделетін круиз-контроль функциясын белсенді күйге келтіру үшін мына шарттар орындалуы қажет:

- › Барлық есіктер толығымен жабық.
- › Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- › Қозғалтқыш оталған, D берілісі қосылған.
- › Электрондық тұрақтандыру жүйесі қосылды.
- › Тұрақ тежегіші пайдаланылмайды.
- › Автокөлік жылдамдығы 150 км/сағ шамасынан төмен.
- › "Стандарт", "Эко" немесе "Спорт" жүргізу режимі таңдалды.

Хабарлама

Бейімделетін круиз-контроль жүйесі үшін орнатылған төменгі жылдамдықтың мәні 30 км/сағ құрайды. Автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан төмен болса, жүйе круиз-контрольдің жылдамдығын автоматты түрде 30 км/сағ шамасына орнатады; егер автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан асса, жүйе круиз-контроль жылдамдығын машинаның ағымдағы жылдамдығына тең етіп орнатады.

Круиз-контроль жылдамдығын реттеу

Круиз-контроль жылдамдығын кезең-кезеңімен арттыру немесе азайту үшін иінтіректі **【RES+】** немесе **【RES-】** қалпына келтіріп, оны жіберіңіз.

Круиз-контроль жылдамдығын үздіксіз арттыру немесе азайту үшін иінтіректі **【RES+】** **【SET-】** келтіріп ұстап тұрыңыз. Қажетті жылдамдыққа жеткенде, иінтіректі жіберіңіз.

Хабарлама

Автокөлік алдағы жол бос болған жағдайда ғана белгіленген жылдамдықты үдетеді. Өйтпесе автокөлік алда жүріп бара жатқан көліктің артынан белгіленген қашықтықпен ілесіп жүреді.

Автокөліктер арасындағы қашықтық деңгейін баптау

【DISTANCE】 бақ ару и нт реі арқылы алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты реттеуге болады.

Автокөліктер арасындағы қашықтық санаты бекітілген қашықтық болып табылмайды — бұл алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық. Бір қашықтық санатында жылдамдыққа байланысты арақашықтық өзгеруі мүмкін.

Хабарлама

- Тым қысқа белгіленген арақашықтық апаттық жағдайлар туындаған кезде уақытылы әрекет ете алмауға алып келуі мүмкін. Қысынды қашықтықты орнату жауапкершілігі толығымен жүргізушінің мойнында.
- Су әрі тайғақ жолмен жүргенде, құрғақ тасжолмен жүргенге қарағанда, ұзақ қашықтықты таңдау керек.

Круиз-контроль режимінен шығу

Тежегіш педалін басу круиз-контрольді өшіреді.

Хабарлама

Круиз-контроль функциясы келесі жағдайларда автоматты түрде өшеді:

- Қрғалыс кезінде акселератор педалін 15 минуттан артық басып, жылдамдықты үдетіп жүру.
- N, R немесе P берілісін қосу кезінде.
- Жүргізушінің қауіпсіздік белдігін ағыту кезінде.
- Жүргізуші есігінің ашу кезінде.
- Тұрақ тежегіші қосылған кезде жанады.
- Құлыптауға қарсы тежеу жүйесі іске қосылғанда.
- Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі іске қосылған кезде.
- Тұрақтандырудың электрондық жүйесін қосу/өшіру кезінде.
- Автокөлікті артқа домалату кезінде.
- Тежегіш дискілері қызып кеткенде.
- Автокөлік қозғалтқышы тоқтаған кезде.
- Стандарт, Эко немесе Спорттан басқа жүргізу режимін таңдаған кезде.

Круиз-контроль жылдамдығын қалпына келтіру

Қозғалыс кезінде басқару тетігін **【RES +】** қысып, ауыстырыңыз және круиз-бақылау функциясын қайта қосу үшін жіберіңіз. Бұл ретте соңғы берілген жылдамдық орнатылады.



Хабарлама

Круиз-контроль жылдамдығын қалпына келтіру функциясы келесі шарттар орындалғанда ғана пайдаланылуы мүмкін:

- › Круиз-контроль режимі өшірілгеннен кейін круиз-контроль жүйесі өшірілмеді.
- › Круиз-контроль өшірілгеннен кейін оталдыру сөндірілмеді.

Круиз-контроль жүйесін өшіру

Круиз-бақылау жүйесін өшіру үшін басқару тетігін қысып, ауыстырыңыз және жіберіңіз.

Көлік құралы артынан еру функциясы

Бұл функция алда жүріп бара жатқан көлік құралының артынан автоматты түрде 0–150 км/сағ жылдамдық диапазонында ілесіп жүруге мүмкіндік береді.

Кептелістер жағдайында жүйе алдағы автокөлікке ілесе отырып, жылдамдықты тоқтатуға дейін төмендетеді. Бұл кезде:

- › Егер 3 секунд ішінде алдағы көлік құралы қозғала бастаса, сіздің көлігіңіз автоматты түрде оның артынан ілесетін болады.
- › Егер алда жүріп бара жатқан көлік ұзақ уақыт бойы қозғалмаса (3 секундтан 3 минутқа дейін), онда жүйені қайта қосу үшін акселератор педалін аздап басып жіберу керек.
- › Егер алда жүріп бара жатқан көлік 3 минуттан артық қозғалмаса, онда жүйе қайта ілесетін болады.
- › Егер жүргізуші автокөліктің есігін ашса немесе қауіпсіздік белбеуін ағытса, тұрақ тежегіші автоматты түрде іске қосылады.



Хабарлама

Круиз-контроль функциясы өшірілген кезде, көлік құралы артынан ілесу функциясы автоматты түрде өшеді.

Бұрылыстардан интеллектуалды өту функциясы

Мультимедиялық экран арқылы

【автоюлі к баптаулары】 → 【Жүргізу кезіндегі көмектің интеллектуалдық

ж

к

интеллектуалды түрде өту функциясын қосыңыз.

Толығырақ «Алға жүруге көмектесетін жүйе» бөлімінен қараңыз. (> 153-бет)

Функция шектеулері

Круиз-контроль жүйесі келесі жағдайларда тежеу шарасын қолданбауы мүмкін:

- › Егер алда күтпеген жерден басқа көлік пайда болса.
- › Егер сіздің көлігіңіз жоғары жылдамдықпен келе жатса, ал алдыңғы көлік баяу жылдамдықпен келе жатса немесе бір орында тұрса.
- › Егер сол жолақпен қарсы келе жатқан көлік құралы жүрсе.
- › Егер қозғалыс жолағын басқа көлік құралдары немесе объектілер кесіп өтсе.

› Жолда жаяу жүргіншілер, жануарлар, жол бөгеттері, конустар, тіркемелер, арнайы және шағын габаритті көлік құралдары (мысалы, велосипед, мотоцикл және т. б.) болған кезде.

› Алдында келе жатқан көлік жылдамдығын күрт төмендетсе.

› Егер жақын келе жатқан көліктердің сушашырауы, қар немесе батпақ радар датчигінің жұмысына кедергі келтірсе.

› Автокөліктің алдыңғы бөлігі Алға жүру кезінде жуксалғыштын шектен тыс жүктемесіне немесе басқа себептерге байланысты көтеріліп тұрған жағдайда.

› Бұрылған кезде немесе жол тарылған кезде.

› Алдында келе жатқан көлік құралының құйрық бөлігінің габариттері кіші болғанда немесе жол саңылауы үлкен болғанда.

› Рульдік басқару жұмысында тұрақсыздық туындаған жағдайда немесе қозғалыс жолағындағы автокөліктің тұрақсыз жағдайына байланысты.

› Жаңбыр, қар, тұман, шаң және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайында.

› Тік өрде жүрген кезінде.

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің жұмысы бейімделетін круиз-контрольге негізделген. Радарлы датчик жол қатарының шекарасын анықтаған кезде, жүйе жүргізушіге автокөлікті жол қатарының ортасында ұстауға мүмкіндік береді және жүргізушіге автокөлікті қауіпсіз және оңай басқаруға көмектеседі.

⚠ Ескерту

Жүйе кейбір қозғалыс жағдайларында, ауа райында және жол жағдайларында дұрыс жұмыс істей алмайды. Радарлы датчиктердің нысандарды тану мүмкіндігі нашар жарықта (мысалы, түнде, бұлтты ауа райында), жарықтың тез өзгеруінде (мысалы, туннельге кіріп-шыққан кезде), жер бетіндегі үлкен көлеңкелерде (нысандар, жолға жобаланған ландшафт элементтері) шектеулі, сондықтан жол жағдайларын бағалау кезінде жүйе жүргізушіні алмастыра алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Ол әрдайым көлікті мұқият басқарып, тиісті заң талаптары мен жол қозғалысы ережелерін сақтауы керек.

⚠ Назар аударыңыз

Интеллектуалды круиз-контрольді пайдалану кезінде қолды рульде ұстау керек. Егер жүргізуші рульді ұзақ уақыт бойы ұстап отырмаса, жүйе дыбыс сигналын беріп, автокөлікті өз басқаруыңызға алуыңыз қажеттігі туралы ескертеді. Егер жүргізуші мұны дер кезінде істемесе, жүйе ағымдағы жол қатарында күрт тоқтататын болады.

Шұғыл тоқтату тәртібі: апаттық сигнал шамдары қосылады, автокөлік баяу тоқтайды, беріліс қорабы Р режиміне ауыстырылады, тұрақ тежегіші қосылады.

ℹ Хабарлама

Бұл жүйе басқа автокөлікті сүйрегенде дұрыс істемейді, сондықтан ондай кездерде жүйені ажыратып тастау керек.

Аспаптар тақтасына индикация




FAEA91C2BD25

- ⓐ Автокөліктің жүру жылдамдығын орнату

- Ⓢ Арақашықтық
Бұл параметр тұрақты шама емес.
Бір қашықтық деңгейінде ол қозғалыс жылдамдығына байланысты өзгеруі мүмкін.
- Ⓢ Алда келе жатқан көлік құралы
Бұл белгіше жүйе алдында келе жатқан көлікті анықтаған кезде көрсетіледі.
- Ⓢ Жол қатарының шекарасын белгілеу
Сұр түс: жүйе жол қатарының шекарасын анықтай алмағанын немесе автокөлік жылдамдығы жүйенің талаптарына сәйкес емес екенін білдіреді.
Ақ түс: жүйе жол қатарының шекарасын анықтағанын білдіреді.
Жасыл түс: жүйе рульдік басқарудың көмегімен қозғалыс бағытын түзетуді орындайтынын білдіреді.
Қызыл түс және жыпылықтау: жүйенің апаттық сигнал беріп жатқанын білдіреді — жүргізуші қозғалыс бағытын дереу түзетіп, өз жол қатарына оралуы керек.
- Ⓢ Алда келе жатқан көлікке дейінгі қашықтық
Өз көлігі мен алдында келе жатқан көлік арасындағы қашықтықтың қаншалықты қауіпсіз екенін көрсетеді. Қашықтық қысқарып, қауіп факторы артқан сайын дисплейде әртүрлі түстер көрсетіледі, олар жүргізушіге қауіпсіз қашықтықты сақтау қажеттігін еске салып отырады.

Басқару иінтірегі



EA4CA6B6907B

- Ⓐ Үдеу (RES+)
- Ⓑ Круз-контрольді қосу (CRUISE)
- Ⓒ Бәсеңдету (SET-)
- Ⓓ Круз-контрольді өшіру (OFF)
- Ⓔ Қашықтық санатын баптау (DISTANCE)

Круиз-контроль режимін қосу

1. Қозғалыс кезінде интеллектуалды круиз-бақылауды күту режимін іске қосу үшін басқару тетігін екі рет **【CRUISE】** қымысының ауыстырыңыз. Бұл ретте аспаптар тақтасында ақ түсті индикатор интеллектуалды круиз-бақылау күту режимінің индикаторы  жанады.
2. Интеллектуалды круиз-контроль функциясын іске қосу үшін басқару тетігін  Бұл ретте аспаптар тақтасында интеллектуалды круиз-контроль жұмысының жасыл индикаторы  жанады.



Хабарлама

- › Интеллектуалды круиз-контроль функциясын қосу үшін келесі шарттардың орындалуы қажет: Барлық есіктер толығымен жабық.
- › Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуі тағылған.
- › Қозғалтқыш оталған, D берілісі қосылған.
- › Электрондық тұрақтандыру жүйесі қосылды.
- › Тұрақ тежегіші пайдаланылмайды.
- › Автокөлік жылдамдығы 150 км/сағ шамасынан төмен.
- › "Стандарт", "Эко" немесе "Спорт" жүргізу режимі таңдалды.
- › Жүйе қозғалыс жолақтарының белгіленуін немесе алда келе жатқан көліктерді анықтайды.

Аталған шарттар орындалмай жүйе өшіп қалса, жүргізуші автокөлік жылдамдығы мен бағытын бақылауда ұстау үшін тежегіш және акселератор педальін, сондай-ақ рульді дереу өзі басқаруы керек.



Назар аударыңыз

Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі үшін минималды белгіленген жылдамдық мәні 30 км/сағ құрайды. Автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан төмен болса, жүйе круиз-контрольдің жылдамдығын автоматты түрде 30 км/сағ шамасына орнатады; егер автокөлік жылдамдығы 30 км/сағ шамасынан асса, жүйе круиз-контроль жылдамдығын машинаның ағымдағы жылдамдығына тең етіп орнатады.

【SE

Круиз-контроль жылдамдығын реттеу

Круиз-контроль жылдамдығын кезең-кезеңімен арттыру немесе азайту үшін иінтіректі **【RES+】** немесе **【S-** қалпына келтіріп, оны жіберіңіз.

Круиз-контроль жылдамдығын үздіксіз арттыру немесе азайту үшін иінтіректі **【RES+】** **【SET -】** келтіріп ұстап тұрыңыз. Қажетті жылдамдыққа жеткенде, иінтіректі жіберіңіз.

Хабарлама

Автокөлік алдағы жол бос болған жағдайда ғана белгіленген жылдамдықты үдетеді. Өйтпесе автокөлік алда жүріп бара жатқан көліктің артынан белгіленген қашықтықпен ілесіп жүреді.

Автокөліктер арасындағы қашықтық деңгейін баптау

【DISTANCE】 бақ ару и нт реіг арқылы алдыда жүріп бара жатқан автокөлікке дейінгі қашықтықты реттеуге болады.

Автокөліктер арасындағы қашықтық деңгейі бекітілген қашықтық болып табылмайды — бұл алдыда жүріп бара жатқан көлік құралына дейінгі қашықтық. Бір қашықтық санатында жылдамдыққа байланысты арақашықтық өзгеруі мүмкін.

Хабарлама

- › Тым қысқа белгіленген арақашықтық апаттық жағдайлар туындаған кезде уақытылы әрекет ете алмауға алып келуі мүмкін. Қысқынды қашықтықты орнату жауапкершілігі толығымен жүргізушінің мойнында.
- › Су әрі тайғақ жолмен жүргенде, құрғақ тасжолмен жүргенге қарағанда, ұзақ қашықтықты таңдау керек.

Круиз-контроль режимінен шығу

Тежегіш педалін басу круиз-контрольді өшіреді.

Ескерту

Интеллектуалды круиз-контрольді өшіргеннен кейін автокөлік круиз-контроль жүйесі тарапынан басқарылмайды. Қауіпті жағдайдың туындауына жол бермеу үшін жүргізуші рульді, акселератор педалі мен тежегіш педалін басқаруды дереу өз қолына алуы керек.

Хабарлама

Егер жүргізуші рульге көп күш түсіріп отырса немесе оны кері бағытқа қарай бұрса, ол рульді басқаруды уақытша өзіне қабылдайды, көлденең бағыттағы интеллектуалды круиз-контроль функциясы уақытша құлыпталады, тектік бағыттағы басқару орындалады және басқару бейімделетін круиз-контроль режиміне ауысады. Жүргізуші рульді басқаруды тоқтатқаннан кейін интеллектуалды круиз-контроль жүйесі автоматты түрде қайта қосылады.

Хабарлама

Круиз-контроль функциясы келесі жағдайларда автоматты түрде өшеді:

- › Акселератор педалін 15 минуттан артық басып, жылдамдықты үдетіп жүру кезінде.
- › N, R немесе P берілісін қосу кезінде.
- › Жүргізушінің қауіпсіздік белдігін ағыту кезінде.
- › Жүргізуші есігінің ашу кезінде.
- › Тұрақ тежегіші қосылған кезде жанады.
- › Құлыптауға қарсы тежеу жүйесі іске қосылғанда.
- › Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі іске қосылған кезде.

Электрондық тұрақтандыру жүйесін қосу/өшіру кезінде.

- › Автокөлікті артқа домалату кезінде.
- › Тежегіш дискілері қызып кеткенде.
- › Автокөлік қозғалтқышы тоқтаған кезде.
- › Стандарт, Эко немесе Спорттан басқа жүргізу режимін таңдаған кезде.

Круиз-контроль жылдамдығын қалпына келтіру

Қозғалыс кезінде басқару тетігін **【RES +】** қысқартқышты басып, круиз-бақылау функциясын қайта қосу үшін жіберіңіз. Бұл ретте соңғы берілген жылдамдық орнатылады.

Хабарлама

Круиз-контроль жылдамдығын қалпына келтіру функциясы келесі шарттар орындалғанда ғана пайдаланылуы мүмкін:

- › Круиз-контроль режимі өшірілгеннен кейін круиз-контроль жүйесі өшірілмеді.
- › Круиз-контроль өшірілгеннен кейін оталдыру сөндірілмеді.

Круиз-контроль жүйесін өшіру

Круиз-бақылау жүйесін өшіру үшін

бас

қ ару тетігін

ауыстырыңыз және жіберіңіз.

Функция шектеулері

Круиз-контроль жүйесі келесі

жағдайларда тежеу шарасын

қолданбауы мүмкін:

- › Егер алда күтпеген жерден басқа көлік пайда болса.
- › Егер сіздің көлігіңіз жоғары жылдамдықпен келе жатса, ал алдыңғы көлік баяу жылдамдықпен келе жатса немесе бір орында тұрса.
- › Егер сол жолақпен қарсы келе жатқан көлік құралы жүрсе.
- › Егер қозғалыс жолағын басқа көлік құралдары немесе объектілер кесіп өтсе.
- › Жолда жаяу жүргіншілер, жануарлар, жол бөгеттері, конустар, тіркемелер, арнайы және шағын габаритті көлік құралдары (мысалы, велосипед, мотоцикл және т. б.) болған кезде.
- › Алдында келе жатқан көлік жылдамдығын күрт төмендетсе.
- › Егер жақын келе жатқан көліктердің су шашырауы, қар немесе батпақ радар датчигінің жұмысына кедергі келтірсе.
- › Автокөліктің алдыңғы бөлігі жүксалғыштың шектен тыс жүктемесіне немесе басқа себептерге байланысты көтеріліп тұрған жағдайда.

- › Бұрылған кезде немесе жол тарылған кезде.

Алдында келе жатқан көлік құралының құйрық бөлігінің габариттері кіші болғанда немесе жол саңылауы үлкен болғанда.

- › Рульдік басқару жұмысында тұрақсыздық туындаған жағдайда немесе қозғалыс жолағындағы автокөліктің тұрақсыз жағдайына байланысты.
- › Жаңбыр, қар, тұман, шаң және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайында.
- › Тік өрде жүрген кезінде.

Белгілі жағдайларда интеллектуалды круиз-контроль функциясы жұмыс істемеуі немесе дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Мысалы:

- › Егер жолдың белгілеу сызықтары жоқ болса немесе екі тараптағы жолдың белгілеу сызықтары айқын болмаса, жол қатарларын шектеу сызықтары стандарттан тыс болса немесе әлдебір нәрсемен жасырылып тұрса.
- › Егер жол бетінде жол таңбасын тануға кедергі келтіретін факторлар болса (көлшіктер, жарықтар, іздер, мәтіндік белгілер, шығыңқылар мен ойыстар және т.б.).
- › Көру мүмкіндігі нашар болғанда (мысалы, жаңбырлы немесе қарлы ауа райы, тұман, тәуліктің қараңғы мезгілі).
- › Бүйірден күшті жел соғып тұрғанда.

- › Жол қатарлары қосылып кеткенде немесе айырылғанда, мысалы, жол қиылыстарында, автомагистральдан шығатын жерлерде, күту аймақтарында және т. б.
- › Егер камераға жарық сәуле түссе немесе жарық қарқындылығы күрт өзгерсе.
- › Камераның айналасындағы алдыңғы әйнек ластанған, мұзданған, зақымдалған немесе бір нәрсемен жабылған жағдайда.
- › Бұрылған кезде немесе жол тарылған кезде.
- › Алда жүріп бара жатқан автокөлікке тым қатты тақалып, камераның анықтау аймағына кедергі келтіргенде.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Жүргізуге көмектесетін жүйелерді пайдаланған кездегі сақтық шаралары

Қозғалыс қауіпсіздігі

Автокөлік жүргізуге көмектесетін жүйемен жабдықталғанымен, қауіпсіз жүргізу қағидаларын елемеге болмайды. Көріну шарттарына, ауа райына, жол төсемінің ахуалына және көлік жағдайына сәйкес сапар бойы жүргізу жылдамдығы мен мәнерін бақылап отыру керек.

Қайта жабдықтау

Аспаны қайта жабдықтау және көрсетілгеннен өзгеше шиналарды немесе дөңгелектерді қолдану жүргізуге көмектесетін жүйенің жұмысына әсер етіп, ол істен шығуы мүмкін.

Шу және діріл

- › Кейбір көмекші жүйелердің жұмысы кезінде (мысалы, тежегішті блоктау жүйесі) діріл пайда болады және электр жабдығы жұмысының дыбысы естілуі мүмкін. Бұл ақаулықтардың белгісі болып табылмайды.
- › Автокөліктің аккумулятор батареясының қуаты таусылғандықтан, қозғалтқышты басқа аккумулятор батареясынан іске қосқаннан кейін қозғалтқыш тұрақсыз жұмыс істеуі мүмкін және тежегішті блоктау жүйесінің немесе электрондық тұрақтандыру жүйесінің индикаторлары жанып қалады. Бұл аккумулятор батареясының төмен кернеуіне байланысты және бұл осы жүйелердің ақауын білдірмейді.

Тежегішті блоктау жүйесі

Құрт тежеген кезде немесе тайғақ жол бетінде тежеген кезде тежегішті блоктау жүйесі (ABS) дөңгелектердің бекітілуіне жол бермейді.

Назар аударыңыз

Шұғыл тежеген кезде тежегіш педалін аз күшпен бірнеше рет баспаңыз. Бұл тежеу жолының ұлғаюына алып келеді.

ABS жүйесі автокөліктің тежеу жолын қысқартуға арналмаған. Алда жүріп бара жатқан автокөлікке дейін жеткілікті қашықтықты сақтаңыз. Төменде аталған жағдайларда автокөлігіңіздің тежеу жолы ABS жүйесі жоқ автокөліктермен салыстырғанда ұзынырақ болуы:

- › Батпақта, құмда немесе қарда қозғалған кезде.
- › Сырғытпайтын шынжырлармен жүрген кезде.
- › Соқпақ жолда жүргенде.
- › Шұңқырлары бар жолда немесе тегіс емес жолда жүргенде.

Келесі жағдайларда ABS жүйесі жеткілікті түрде тиімді жұмыс істей алмайды:

- › Шиналар нашар ілінісетін кезде (мысалы, қар басқан жолда шамадан тыс тозған шиналарды қолданған кезде).
- › Дымқыл жолда жоғары жылдамдықпен жүрген кезде.

Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе

Тежеу күшін үлестіретін электрондық жүйе (EBD) алдыңғы және артқы дөңгелектер арасындағы тежеу күшін автоматты түрде үлестіріп, тежеу тиімділігін арттырады, сондай-ақ тежеген кезде ABS жүйесіне автокөліктің тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі.

Шұғыл тежеу кезінде көмектесетін жүйе

Тежегіш педалін күрт басу шұғыл тежеуге көмектесетін жүйені қосуы мүмкін, ол тежеу тиімділігін арттырып, тежеу ізін қысқартады.

Бос айнарудан сақтау жүйесі

Тайғақ жол төсемінде жүре бастағанда немесе үдеткенде бос айнарудан сақтау жүйесі (TCS) тарту күшін сақтауға көмектеседі және жетек дөңгелектерінің бос айналып кетуіне жол бермейді.

Төңкерілуден сақтау жүйесі

Бұрылыстан өту кезінде төңкерілудің алдын алу жүйесі (RMI) автокөліктің қозғалысын бақылайды және оның аударылу қаупін бағалайды. Осындай қатер болса, жүйе төңкерілуден сақтау үшін бір немесе бірнеше дөңгелекті тежеңкіреді.

Қайта соқтығысуды азайту жүйесі

Қайта соқтығысуды азайту жүйесі (SCM) бірінші соқтығысудан (қауіпсіздік жастығы ашылғаннан) кейін автокөліктің жылдамдығын түсіру немесе оны тоқтату үшін автокөлікті автоматты түрде тежейді және сол арқылы екінші рет соқтығысудың және онымен байланысты жарақаттардың ықтималдығын азайтады.

Өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе

Өрде тежегіш педалін жіберіп орыннан қозғалған кезде, өрде орыннан қозғалуға көмектесетін жүйе (HNC) тежеу күшін тағы 2 секунд ұстап, автокөліктің артқа сырғып кетуіне жол бермейді.

Ескерту

Егер өрдің тіктігі 30°-тан асса, көлік өрде орнынан қозғалған кезде артқа қарай сырғып кетуі мүмкін. Сондықтан HNC жүйесіне шектен тыс иек артпау қажет. Қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін сақтаңыз.

Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі

Ылдиға қарай жүру көмекші жүйесі (HDC) өрден төмен қарай қозғалғанда қауіпсіз және біркелкі қозғалысты қамтамасыз ете отырып, тежеу әрекетін орындайды.

Ескерту

- › Еңістегі қозғалыстағы көмекші жүйе қосалқы болып табылады. Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауапты болады және жолдағы жағдайды үнемі бақылап отыруы керек.
- › Егер ылди тым тік болса, HDC жүйесі өрден бірқалыпты түсуге көмектесе алмауы мүмкін. Бұл жағдайда қозғалысты тежегіш педалімен бақылауда ұстаңыз.

Хабарлама

- › Төмен берілісте жүрген кезде HDC жүйесін пайдаланған жөн.
- › Егер автокөлік жылдамдығы 60 км/сағ шегінен асып кетсе, HDC жүйесі автоматты түрде өшеді.

- › HDC жүйесін қосқаннан кейін жылдамдықты бұрынғыша акселератор немесе тежегіш педальдарын басу арқылы реттеуге болады.

Қосу және өшіру



F7EB572ECD97

Егер қуат қосулы немесе қозғалтқыш қосулы болса, HDC қосу немесе өшіру үшін  түймесін басыңыз.

- › HDC жүйесін қосқаннан кейін аспаптар тақтасында төмен түсу кезінде көмек көрсету жүйесінің сары индикаторы  жанады.
- › HDC жүйесін өшіргеннен кейін аспаптар тақтасында түсуде қозғалыс кезінде көмек жүйесінің сары индикаторы  өшеді.
- › HDC жүйесі жұмыс істеген кезде, аспаптар тақтасында төмен қарай қозғалған кезде көмек жүйесінің сары индикаторы  жыпылықтай бастайды.

Электрондық тұрақтандыру жүйесі

Электрондық тұрақтандыру жүйесі (ESC) сырғу қаупін азайтады және кейбір жағдайларда қозғалыс тұрақтылығын арттырып, кейбір дөңгелектерді тежейді.

ESC жүйесі жұмыс істегенде, аспаптар тақтасындағы электронды тұрақтандыру жүйесінің сары индикаторы  жыпылықтай бастайды. Бұл уақытта ерекше сақтық таныту қажет.

❗ Хабарлама

Қалыпты жағдайда ESC жүйесі әрдайым қосулы болуы керек. Оны мынадай ерекше жағдайларда сөндіруге болады:

- › Сырғытпайтын шынжырлармен жүрген кезде.
- › Борпылдақ топырақта немесе омбы қарда жүрген кезде.
- › Автокөлік батып, оны шығарып алу қажет болған кезде.

Осы жағдайлардың әсері тоқтаған соң, ESC жүйесі дереу қосылуы керек.

Қосу және өшіру



44B40061C94D

Қозғалтқышты қосқаннан кейін электрондық тұрақтандыру жүйесін өшіру түймесін басыңыз.

Аспаптар тақтасындағы электронды тұрақтандыру жүйесінің өшірілуінің сары индикаторы жанады, бұл жүйенің өшірілгенін көрсетеді. ESC жүйесін қайтадан қосу үшін түймені тағы бір рет басыңыз.

i Хабарлама

Келесі жағдайларда ESC жүйесі автоматты түрде қосылады:

- » Қозғалтқышты іске қосқан сайын.
- » Автокөліктің жылдамдығы 85 км/сағ мәнінен асқан кезде.

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі

Сақтық шаралары

Динамикалық тұрақтандыру жүйесі (DST) көмекші құрал болып табылады. Ол жүргізушінің орнына жолдағы жағдайды бағалай алмайды оған қоса оның орнына автокөлікті жүргізе алмайды. Кез келген жағдайда жүргізуші қозғалыс қауіпсіздігі үшін жауапты болады. Ол әрдайым мұқият бақылап, автокөлікті абайлап жүргізуге тиіс.

Жүйе сипаттамасы

Сол жақ және оң жақ дөңгелектердің ілінісу коэффициенттерінің айырмашылығы салыстырмалы түрде үлкен болған кезде (мысалы, мұз, қар, тайғақ жолда қозғалыс кезінде), шұғыл тежеу немесе жеделдету жағдайында DST жүйесі автокөліктің қозғалыс бағытын түзету үшін бір ось дөңгелектерінің айналу жылдамдықтарының айырмашылығы негізінде рульдік доңғалақтың айналу бұрышын автоматты түрде реттейді.

DST жүйесі қосулы кезде рульдің бұрылу бұрышын автоматты түрде түзеу шектеулі диапазонда орындалады. Қажетті қозғалыс бағытын қамтамасыз ету үшін жүргізуші рульді нақты жол жағдайына сәйкес белсенді басқарып отыруы тиіс.

Жүргізуге көмектесетін жүйелер

Қосу және өшіру

Динамикалық тұрақтандыру функциясын

мультимедиялық жүйенің дисплейі

арқылы қосуға немесе өшіруге болады,

ол үшін **【Автоөлік баптаулары】** →

【Автоөлікті бақылау】 → **【Жүргізу】** →

【Динамикалық тұрақтандыру жүйесі】

функциясын таңдау керек.

Хабарлама

ESC қосұлы екеніне көз жеткізіңіз.

Әйтпесе DST жүйесінің ауыстырып

қосқышы жұмыс істемейді.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Пайдалы ақпарат

Пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйелерінің қозғалтқыш моделіне байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Автокөлігіңіздің нақты конфигурациясына қараңыз.

Қозғалтқышты және пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету жүйесінің қандай да бір бөлшектерін басқаша жабдықтауға тыйым салынады.

Оттегі датчигі

Оттегі датчигі пайдаланылған газдардағы оттегінің концентрациясын өлшейді және осы ақпаратты қозғалтқышты басқарудың электрондық блогына жібереді, қозғалтқышқа ауа мен отынның арақатынасын реттеуге көмектеседі және сол арқылы жану тиімділігін жақсартады және пайдаланылған газдардағы көміртегі монооксидінің, көмірсутектердің және азот оксидтерінің құрамын азайтады.

Каталиттік бейтараптандырғыш

Каталиттік бейтараптандырғыш — газ шығару жүйесінде орнатылған ең маңызды сыртқы тазарту құрылғысы. Оның ішінде тотықтыру және қалпына келтіру реакциялары арқылы зиянды иісті газды, көмірсутектер мен азот тотықтарын зиянсыз көмірқышқыл газына, су буына және азотқа айналдыратын асыл металды катализаторы бар. Егер каталиттік бейтараптандырғыш дұрыс қолданылатын болса, қызмет көрсетуді талап етпейді, сондықтан оны шешіп алу қажет емес. Егер оны ауыстыру керек болса, сервис орталығына хабарласыңыз.

Назар аударыңыз

Каталиттік бейтараптандырғышқа зақым келтірмеу үшін келесі сақтық шараларын орындаңыз:

- › Этилденген бензинді және марганец пен күкірттің шектен тыс концентрациясы бар бензинді қолданбаңыз.
- › Отын мөлшері өте төмен болғанда автокөлікті жүргізбеңіз. Бұл қозғалтқыш жұмысын қиындатып жіберуі мүмкін (ол тұрақсыз жұмыс істейді немесе толық қуатта жұмыс істемейді), салдарынан бейтараптандырғыш зақымдалады.
- › Қозғалтқышты жоғары айналымда (5 минут және одан астам) ұзақ жұмыс істетуге тыйым салынады.
- › Қозғалтқыштың ақау белгілері болған кезде (мысалы, бірқалыпты істемегенде немесе қозғалтқыш қуаты төмендегенде) жүрісті тоқтатыңыз.
- › Оталдыру білтелерінсіз қозғалтқышты оталдырушы болмаңыз.
- › Автокөлікті итеру немесе сүйреу арқылы қозғалтқышты оталдырмаңыз.
- › Мотор майын мөлшерден тыс құймаңыз.
- › Каталитикалық бейтараптандырғышқа соққы беруден аулақ болыңыз.

Пайдаланылған газдарды рециркуляциялау жүйесі

Пайдаланылған газдарды рециркуляциялау жүйесі газдардың бір бөлігін пайдаланылған газ құбырынан енгізу коллекторына бағыттайды. Таза ауамен араласқан газдар цилиндрлерге түсіп, жанып кетеді. Осылайша пайдаланылған газдардың рециркуляциясы қамтамасыз етіліп, азот тотығының шығарындылар мөлшерін тиімді азайтады.

Турбокомпрессор

Турбокомпрессор отын шығынын азайтады, қозғалтқыштың қуаты мен айналу моментін арттырады, пайдаланылған газдардағы күйе мен азот оксидтері сияқты зиянды заттардың мөлшерін азайтады.

Отын буларын бақылау жүйесі

Автокөлік қалыпты режимде жұмыс істеген кезде, бұл жүйе жанармай буларының жану үшін қозғалтқышқа енуіне мүмкіндік береді, осылайша атмосфераға жанармай буларының шығуын болдырмайды.

Картер газдарын рециркуляциялау жүйесі

Картер газдарын рециркуляциялау жүйесі картердегі газдардың қоспасын (жанбаған отын буы, су буы, пайдаланылған газдар) келте құбыр арқылы кіріс коллекторға бағыттайды, сөйтіп олар қозғалтқыш цилиндрлерінде жанады. Нәтижесінде пайдаланылған газдардың мөлшері азаяды және қозғалтқыштың үнемділігі артады.

Жоғары қысымды отын жүйесі

Жоғары қысымды отын жүйесі жоғары қысымды сорғыдан, отын рампасынан, отын бүркуіштерден және басқару блогынан тұрады. Дәстүрлі жүйелермен салыстырғанда, жоғары қысымды отын жүйесі бүркүді әлдеқайда дәл бақылайды, кез келген жұмыс жағдайында отын беруді автоматты түрде реттейді, сондай-ақ өзін-өзі диагностикалайды. Бүркүді жоғары дәлдікпен бақылау шығарындылар көлемін азайтып, қозғалтқыш тиімділігін арттырып, отын шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Автокөліктің диагностика жүйесі

Қозғалтқыш ақаулығының индикаторы — автокөліктің орнатылған диагностика жүйесінің бір бөлігі.

Борттық диагностика жүйесімен жабдықталған қозғалтқышты электрондық басқару блогы барлық ақау туралы ақпаратты (бірінші кезекте пайдаланылған газдардың шығарылуына байланысты қателер туралы) сақтайды. Кабельді аккумулятор батареясының клеммасынан ажырату осы деректердің жойылуына әкеледі, нәтижесінде жылдам диагностикалау мүмкін болмайды. Қозғалтқыштың ақаулық индикаторының қосылу себебін тексеру кезінде кабельдерді аккумулятор батареясынан ажыратпаңыз.

Пайдаланылған газдардың ұйымшыллығын төмендету жүйесін диагностикалау кезінде автокөліктің артқы жағындағы адсорбердің бекіткіш клапаны тықылдауы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.

Күйе сүзгісі

Функциялардың сипаттамасы

Күйе сүзгісі (DPF) дизельді қозғалтқышы бар автокөліктердің пайдаланылған газ шығару жүйесінде орнатылған. Ол күйенің кішкентай түйірлерін ұстап қалып, ауаға таралуына жол бермейді, бұл шығарылатын зиянды заттардың мөлшерін азайтуға көмектеседі.

Автоматты регенерация

Қозғалыс кезінде күйе сүзгісінде ұсталған қатты түйірлердің көлемі белгілі бір мәнге жеткенде, сүзгіні автоматты түрде регенерациялау бағдарламасы іске қосылады. Түйіршіктер толық жанып кетеді де, күйе сүзгісі оларды ұстап қалу бойынша өз қызметін атқаруды жалғастырады. Қозғалтқыш қызып, бос жүріспен істеп тұрғанда, оның айналымы 1000 айн/мин шамасында қалады. Бұл автокөліктің күйе сүзгісін өздігінен тазарту режимінде тұрғанын білдіреді. Өздігінен тазартуды жеңілдету үшін төменде көрсетілген әрекеттерді бос жүріспен істеп тұрған қозғалтқыш айналымы қалыпқа келгенше орындау керек:

- › Мүмкіндігінше күйі жақсы жолды таңдап, тұрақты жылдамдықпен жүріңіз.
- › Мүмкіндігінше қозғалтқышты бос жүріспен істетіп қоймаңыз.
- › Мүмкіндігінше автокөлікті тоқтатпаңыз және қозғалтқышты өшірмеңіз.



Ескерту

Жүрген кезде күйе сүзгісі автоматты регенерацияланғанда қажетті жол қозғалысы ережелерін сақтаңыз.



Назар аударыңыз

- › Мотор майын жүйелі түрде ауыстырып тұрыңыз, көрсетілген маркадағы майды таңдаңыз.
- › Қатты түйірлер жиналып, каталиттік бейтараптандырғыш ластанбауы үшін тек мемлекеттік стандарттарға сай келетін дизель отынын пайдаланыңыз, қатты қоспалар қоспаңыз.



Хабарлама

Қайта өңдеу сәтті орындалуы үшін мына кеңестерді сақтаңыз:

- › Акселератор педалі қатты басылған күйде қозғалтқыштың төмен айналымдармен ұзақ немесе үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- › Бос жүріспен қозғалтқыштың ұзақ немесе үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- › Қозғалтқышты жиі тоқтатудан және аз уақыт ішінде өшіруден аулақ болыңыз.
- › Қысқа қашықтыққа жиі қозғалудан аулақ болыңыз.

Регенерация бағдарламасын қолмен іске қосу

Кейбір жағдайда автоматты түрде қайта өңдеу барысында күйе сүзгісінде ұсталынған қатты түйіршіктер толық жанып кетпесе және олардың көлемі белгілі бір мәнге жетсе, дисплейде ескерту хабары пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдайда белгілі бір айналымдарда қозғалтқыш жұмысына шектеу қойылуы мүмкін.

Егер аспаптар тақтасында [Тұрған жеріңізде пайдаланылған газ шығару жүйесінің өздігінен тазаруын іске қосыңыз] хабары шықса, бұл жерге сүзгісін дереу арада қолмен тазалау қажет дегенді білдіреді.

Қолмен регенерациялау бағдарламасын іске қосу үшін төмендегі нұсқауларды қатаң сақтаңыз немесе оны қызмет көрсету орталығының нұсқауларына сәйкес орындаңыз:

1. Автотұрақ үшін тегіс және қауіпсіз орынды таңдаңыз, берілісті немесе Р қосыңыз, қозғалтқышты өшіріңіз және тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. 15 минут күтіп, май деңгейін тексеріңіз.

Егер май деңгейі жоғарғы белгіден асып кетсе, көлікті пайдалануды тоқтатып, бірден қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Егер майдың деңгейі қалыпты болса, қозғалтқышты іске қосып, салқындатқыш сұйықтықтың температурасы С-тан жоғары көтерілгенше күтіңіз (салқындатқыш сұйықтықтың температура көрсеткішінің көрсеткіші кем дегенде екі бөлікке ауысуы керек).

3. Қозғалтқышты іске қосып, бос жүрісте қалдырыңыз. Қолмен қалпына келтіру түймесін 5 секунд басып тұрыңыз, содан кейін жіберіңіз. Автокөлік қолмен регенерациялау режиміне көшеді, қозғалтқыштың айналу жиілігі автоматты түрде шамамен 2000 айн/мин дейін көтеріледі, ал аспаптар тақтасында "Қара күйе сүзгісін өздігінен тазалау жүргізілуде" деген хабарлама пайда болады.



798912C07003

4. 10-20 минут күтіңіз. Регенерация процесі аяқталғаннан кейін аспаптар тақтасында хабарлама пайда болады

Өздігінен тазалау аяқталды, жұткен

Бұл кезде қозғалтқыш айналымы автоматты түрде бос жүріс айналымы мәніне дейін төмендейді.

Ескерту

- › Қолмен іске қосылған тазарту кезінде пайдаланылған газ шығару жүйесіндегі температура артып кетуі мүмкін. Автокөлікті құрғақ шөп, ағаш және басқа да тез тұтанатын материалдары бар жерге тоқтатпаңыз.
- › Автокөлік көлікжай ішінде немесе басқа да нашар желдетілетін аймақта тұрғанда, регенерация бағдарламасын іске қосушы болмаңыз.

Хабарлама

- › Күйе сүзгісін тиімдірек қалпына келтіру үшін үрдіс кезінде кондиционерді қосу ұсынылады.
- › Егер регенерация аяқталғаннан кейін аспаптар тақтасындаа бұдан былай **【Шығару жүйесінің орналасқан жер бойынша өзін-өзі тазартуды іске қосыңыз】** хабарламасы көрсетілмесе, бұл процестің сәтті аяқталғанын білдіреді. Автокөлік қалыпты пайдалануға дайын.  Қозғалтқыштың сары ақаулық индикаторы төртінші іске қосу кезінде өшеді.
- › Күйе сүзгісі тазартылып жатқанда ешбір амал-әрекет жасамаңыз. Әйтпесе автокөлік регенерация режимінен автоматты түрде шығып кетеді.

- › Автокөлікті пайдалану шұғыл қажет болған жағдайда, тежегішті немесе үдеткішті басу арқылы регенерация режимінен шығуға болады. Алайда, бұл ретте ескерту ескертпесі жойылмауы мүмкін және мәселені бәрібір жақын арада шешу қажет болады.
- › Егер регенерация бағдарламасы аяқталғаннан кейін ескерту хабарламасы жоғалмаса, дереу қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бензиндік күйе сүзгісі

Функциялардың сипаттамасы

Бензинді күйе сүзгісі (GPF) пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Ол ұсақ түйірлерді ұстап қалып, ауаға таралуына жол бермейді, бұл шығарылатын зиянды заттардың мөлшерін азайтуға көмектеседі. Бензинді күйе сүзгісі белгілі бір күйге жеткенде қатты бөлшектердің толық жануы орын алады, бұл газ шығару жүйесінің бітелуін болдырмайды және автокөліктің қуаты мен үнемділігіне теріс әсер етеді.

Ескерту

Күйе сүзгісін регенерациялау барысында жылу бөлінеді. Тез тұтанатын заттарды газ шығару құбырының, күйе сүзгісінің және жылу экранының маңына орналастырмаңыз. Өйтпесе өрт шығуы мүмкін.

Регенерация

GPF-те көміртегі бөлшектерінің белгілі бір мөлшері жиналған кезде және қозғалатын автокөліктің жағдайы GPF регенерациясының шарттарын қанағаттандырса, регенерация процесі автоматты түрде іске қосылады. Регенерация процесі түйіршіктердің толық жануын және GPF сүзгісі өнімділігінің қалпына келуін қамтамасыз етеді.

Қозғалыс шарттары сақталмаса, автокөлік регенерациялау процесін автоматты түрде іске қоса алмайды.

Аспаптар тақтасында **【Сүзгіні регенерациялау**

қажет】 хаб

пайда болады. Бұл жағдайда қозғалтқышты іске қосқаннан кейін (салқындатқыш сұйықтықтың температурасы орташа деңгейге жеткенде немесе одан жоғары бол

ғанда) асп

регенерациясы **【қажет】** ескертуі жойылғанға дейін регенерация процесін іске қосу шарттарын қанағаттандыратын жүргізу режимін ұстаңыз.

- › Мүмкіндігінше күйі жақсы жолды таңдап, 80 км/сағ тұрақты жылдамдықпен жүріңіз.
- › Тоқтаудан аулақ болыңыз және қозғалтқышты мүмкіндігінше ұзақ ұстаңыз.

Ескерту

Жүрген кезде күйе сүзгісі автоматты регенерацияланғанда қажетті жол қозғалысы ережелерін сақтаңыз.

2

Автокөлікті басқару

Назар аударыңыз

- › Егер көрсетілген қозғалыс жағдайларында регенерация бағдарламасын іске қосу мүмкін болмаса, регенерацияны орындау үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- › Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін отынды ғана құйыңыз. Отынға қосылатын қоспаларды қолданбаңыз. Осылайша сүзгіде түйіршіктердің жиналуының немесе май проблемаларына байланысты каталиттік бейтараптандырғыштың «улануының» (оның ішінара немесе толық істемей қалуының) алдын алуға болады.
- › Мотор майын жүйелі түрде ауыстырып тұрыңыз, көрсетілген маркадағы майды таңдаңыз.

Хабарлама


Күнделікті көлік жүргізу кезінде келесі ұсыныстарды орындаңыз:

- › Акселератор педалі қатты басылған күйде қозғалтқыштың төмен айналымдармен ұзақ немесе үздіксіз жұмыс істеуіне жол бермеңіз.
- › Қысқа қашықтыққа жиі қозғалудан аулақ болыңыз.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Аспаптар тақтасы туралы жалпы мәлімет



CAA1AB1AC00F

- Ⓐ Салқындату сұйықтығының температура көрсеткіші
- Ⓑ Уақыт
- Ⓒ Ақпараттық дисплей

- Ⓓ Сыртқы температура
- Ⓔ Отын деңгейінің индикаторы
- Ⓕ Тахометр
- Ⓖ Жалпы жүріп өткен жол санағышы
- Ⓗ Қосулы беріліс пен берілісті ауыстыру индикациясы
- Ⓘ Жүргізу режимдері
- ⓫ Спидометр

Хабарлама

Аспаптар тақтасының сыртқы түрі таңдалған безендіру тақырыбына байланысты аздап өзгеше болуы мүмкін. Аспаптар тақтасы тақырыбын баптау туралы ақпаратты "Мәзір баптаулары экраны" бөлімінен қараңыз.

Салқындату сұйықтығы температураcының көрсеткіші

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығының болжамды температурасын көрсетеді.

Назар аударыңыз

Егер температура көрсеткіші қызыл аймаққа жақындаса, жылдамдықты дереу төмендетіп, жол жиегіне шығып, тексеру үшін тоқтау керек. Қозғалтқышты салқындату сұйықтығының температурасы қалыпқа келгеннен кейін ғана қайта іске қосуға болады.

Ақпараттық дисплей

Өртүрлі функция белгілерін таңдай отырып, ақпарат орталығында көрсетілетін ақпаратты өзгерте аласыз. Саяхат деректерін , аудио ақпаратты , Bluetooth қосылған телефон туралы ақпаратты , ескертулерді  және баптаулар мәзірін  көруге болады.

Жол жүру деректері: жүріс, отын шығыны, орташа жылдамдық, жол жүру уақыты, жол жүру қоры, шинадағы қысым және т.б. туралы ақпаратты қамтиды. Аудиоақпарат: қазіргі уақытта ойнатылып жатқан аудиофайл туралы мәліметтерді көрсетеді.

Bluetooth телефоны: Bluetooth арқылы қосылған ағымдағы телефон туралы ақпаратты көрсету.

Ескертулер туралы ақпарат: ағымдағы ескерту хабарларын көрсетеді.

Баптаулар мәзірі: жылдамдықты арттыру туралы ескертулерді орнату, безендіру тақырыбын таңдау, сапар деректерін көрсетуді баптау, өлшем бірліктері мен тілді таңдау, техникалық қызмет көрсету аралығын орнату және зауыттық баптауларға оралу кіреді.

Отын деңгейінің индикаторы

Отын бағындағы отынның болжамды мөлшерін көрсетеді.

Хабарлама

Автокөліктің ұзақ уақыт бойы еңісте немесе бұрылыста жүруі жанармайдың бак ішінде жылжуын тудырады, сондықтан көрсеткіштер тұрақсыз болуы мүмкін.

Тахометр

Қозғалтқыштың істеп тұрған айналымдарын көрсетеді.

Қосулы беріліс пен берілісті ауыстыру индикациясы

Қосулы берілісті көрсетеді. Жүйе берілісті жоғарылату немесе төмендету қажеттігін анықтағанда экранда берілісті  жоғарылату немесе  төмендету белгісі пайда болады. Бұл жүргізушіге жоғары немесе төмен беріліске ауысу керектігі туралы ескерту болып табылады.


Жүргізу режимдері

Автокөлікті басқарудың ағымдық режимін көрсетеді. Жүргізу режимдері туралы қосымша ақпаратты "Жүргізу режимдері" бөлімінен қараңыз. (> [126-бет](#))

Спидометр

Жүріп келе жатқан қозғалыс жылдамдығын көрсетеді.

Рульдегі түймелер



- Ⓐ Айналдыру түймелері
- Ⓑ Растау түймесі
- Ⓒ Таңдау түймесі

Таңдау түймесі

«Солға» ◀ немесе «Оңға» ▶ түймесін бассаңыз, ол жол жүру туралы мәліметтер терезесі , аудиоақпарат экраны , Bluetooth телефонының экраны , ескертулер экраны және мәзір баптаулары экраны арасында ақпараттық орталықты ауыстырып қосады.

Хабарлама

Егер автокөлікте бейімделетін круиз-контроль, интеллектуалды круиз-контроль немесе жолақпен жүру кезінде көмек көрсету жүйелері орнатылған болса, оларды өшіру немесе бұғаттау қажет. Бұл жүйелерді бұғаттау үшін рульдегі "OK" түймесін басып тұрып, жоғарыда сипатталған әрекеттерді орындаңыз. Олай болмаған жағдайда аспаптар тақтасының интерфейсін ауыстыру мүмкін болмайды.

Егер жоғарғы деңгей мәзірі қолжетімді болса, оған оралу үшін "Солға" түймесін басыңыз.

Айналдыру түймелері

“Жоғары” ▲ немесе “Төмен” ▼ түймелері басу сапар, Bluetooth телефоны, мәзір баптаулары немесе ескертулер туралы әртүрлі ақпаратты көруге мүмкіндік береді.

Растау түймесі

Баптаулар мәзірінде тұрғанда, [OK] түймесін басып, таңдалған тармаққа арналған мәзірді жайып, тиісті баптауларды белгілеуге болады.

Таңдалған контактіге қоңырау шалу үшін Bluetooth телефон экранында **[OK]** түймесін басыңыз.

Аспаптар тақтасында ескерту хабарламасы пайда бол түймесін ұзақ уақыт басу барлық ағымдағы маңызды ескертулерді уақытша өшіреді.

Сапар ақпараты терезесінде болған кезде жиынтық жүріс, орташа отын шығыны, жол жүру уақыты және орташа жылдамдық мәндерін қалпына келтіру үшін **Ⓚ** түймесін басып тұрыңыз

Сапар туралы ақпарат терезесі

Рөлдегі "Солға" **◀** немесе "Оңға" **▶** түймесін басыңыз, содан кейін сапар деректері терезесіне өту үшін **🚗** басыңыз. Содан кейін осы терезедегі әртүрлі көрсеткіштер арасында ауысу үшін "Жоғары" **▲** немесе "Төмен" **▼** айналдыру түймесін пайдаланыңыз.

Жол жүру деректеріне мыналар кіреді: орташа отын шығыны, орташа жылдамдық, жалпы жүріс, жол жүру уақыты, отынның лездік шығыны, жүріс қоры және шиналардағы қысым.

i Хабарлама

- Жүріс қоры әрбір отын құйғаннан кейін қайта есептеледі.
Қалған отын мөлшерін ескере отырып, автокөлік жүріп өте алатын нақты қашықтық жүргізу мәнері мен жол жағдайларына байланысты болады.
- Аспаптар тақтасында төмен отын деңгейінің **⛽** сары индикаторы жанса, тіпті дисплейде тағы біраз қашықтық жүріп өтуге болатыны көрсетіліп тұрса да, автокөлікке отын құю керек.

i Хабарлама

Отынның орташа шығынын, орташа қозғалыс жылдамдығын, аралық жүрілген жолды, сапар ұзақтығын көрсететін Терезелер (А және В) бар.

- А деректер терезесінде ағымдағы оталдыру циклінің барысында алынған сапар туралы мәліметтер көрсетіледі, 4 сағат өткен кезде оталдыру жүйесін ажыратқанда, олар автоматты түрде нөлденеді.
- В деректер терезесінде соңғы рет қолмен өшірілген сәттен басталған қозғалыс туралы мәліметтер көрсетіледі.
- Ақпарат орталығының дисплейінде аралық жүрілген жол, орташа жылдамдық немесе тұрақты сапар туралы а түймесін басып, А және В деректер интерфейсінің арасында ауысуға болады.
- Ақпараттық орталықтың дисплейінде аралық жүріс, орташа отын шығыны, орташа жылдамдық немесе сапар ұзақтығы туралы ақпарат көрсетілген кезде, руль д оңға түймесін ұзақ уақыт басу арқылы А немесе В деректер терезесінің барлық ақпаратын қолмен қалпына келтіруге болады.

Баптаулар мәзірі

Рөлдегі "Солға" ◀ немесе "Оңға" ▶ түймесін басыңыз, содан кейін мәзір параметрлері экранына өту үшін ⚙ басыңыз, содан кейін параметрлер мәзіріндегі опцияларды ауыстыру үшін "Жоғары" ▲ немесе "Төмен" ▼ түймелерін пайдаланыңыз.

Жылдамдықты шектен асыру туралы ескерту баптаулары

[OK] түймесін басу арқылы жылдамдықты шектен асыру туралы хабарлау функциясын қосуға немесе сөндіруге болады.

Функцияны іске қосқаннан кейін "Жоғары" ▲ немесе "Төмен" ▼ түймелерін басу арқылы ескертудің іске қосылу жылдамдығын реттеуге болады.

Белгіленген жылдамдық мәндеріне жеткенде немесе одан асып кеткенде, аспаптар тақтасында жылдамдықтың тым жоғары екендігі жөнінде ескерту пайда болады және автокөлікті басқару кезінде абай болу керек.

Негізгі тақырып баптаулары

Аспаптар тақтасын безендіру тақырыбын таңдауға болады.

Сапар туралы деректер баптаулары

Қозғалыс деректері терезесінде көрсетілген кейбір тармақтарды жасыруға немесе ашуға болады.

Түймені басу арқылы аралық жүрілген жол, орташа отын шығыны, сапардың ұзақтығы және автокөліктің орташа жылдамдығы туралы деректерді нөлдеуге болады.

Өлшем бірліктерін баптау

Қысым, температура және отын шығынының өлшем бірліктерін баптауға болады.

Тілді баптау

Аспаптар тақтасындағы ақпарат көрсетілетін тілді таңдауға болады.

Техникалық қызмет көрсетуге дейін жүрілген жол

Келесі техникалық қызмет көрсетуге дейінгі қалдық жүріс туралы ақпаратты көре аласыз.

Бұл деректер тек дер кезінде техникалық қызмет көрсету қажеттігін еске салу үшін керек.

Зауыттық баптаулар

Ақпарат дисплейінде көрсетілетін деректердің бір бөлігі зауыттық баптауларға дейін ысырылуы мүмкін.

Ескерту хабарламаларының интерфейсі

Рөлдегі "Солға" ◀ немесе "Оңға" ▶ түймесін басыңыз, содан кейін ескертулер экранына өту үшін ▲ басыңыз. Бұдан әрі барлық маңызды және қосалқы ескертулерді жеке-жеке қарау үшін "Жоғары" ▲ немесе "Төмен" ▼ түймелерін пайдаланыңыз.

Ескерту хабарларының көпшілігі аспаптар тақтасындағы сәйкес индикатор сигналымен сүйемелденеді. Ескерту хабары пайда болған кезде соған сәйкес индикатор да жануы мүмкін.

Ескертулер туралы ақпарат сапар туралы ақпарат алдында басым болады, сондықтан аспаптар тақтасында ең алдымен ескертулер туралы ақпарат көрсетілетін болады.

Ескертулерде берілген нұсқауларды бұлжытпай орындаңыз. Егер нақты нұсқау болмаса, көлікті тексеру үшін тоқтатыңыз немесе қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Назар аударыңыз

- › Ескерту хабарларындағы ақпаратты елеусіз қалдыруға болмайды. Әйтпесе, автокөлік бұзылып, күрделі жөндеуді қажет етуі мүмкін.
- › Ескерту индикаторы жанған жағдайда, маневрдің қауіпсіздігіне көз жеткізіп, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тоқтатып, қызмет көрсету орталығының көмегіне жүгініңіз.

Маңызды ескерту хабарлары

Бірнеше маңызды ескертулер болған кезде, олар кезек-кезек, циклді түрде қайталанады. Ескерту хабары пайда болу себебі жойылған соң жоғалады.

Рульдік дөңгелектегі **【OK】** түймелерін ұзақ уақыт басу маңызды ескерту хабарламасын бұғаттауға мүмкіндік береді. Бұл ретте аспаптар тақтасында , маңызды ескертудің қызыл индикаторы жанады, бұл ескерту хабарламасының пайда болу себебі жойылмағанын көрсетеді.

【 Аспаптар тақтасының тұрғын тақдау】 : аспаптар тақтасы тақырыбының түсін қолмен өзгертуге болады.

Хабарлама

- › Аспаптар тақтасының түсін қолмен өзгерту үшін 【Жүргізу режиміне байланысты аспаптар тақтасының түсін өзгерту】 функциясын өшіру қажет.
- › Кейбір модельдерде жиынтықталуына байланысты 【Жүргізу режиміне байланысты аспаптар тақтасының функциясы болмауы мүмкін.

Аспаптар тақтасының түсін баптау

Аспаптар тақтасының тақырыбының түсін мультимедиялық жүйенің дисплейі

арқылы баптауға болады: 【Автоөлікті баптау】 → 【Автоөлікті баптау】 → 【Борттық жабдық】.

【Жүргізу режиміне қарай аспаптар тақтасының түсін өзгерту】: Өзіңіздің функцияны қосқан кезде жүйе автоматты түрде жүргізу режимін ауыстырудағы аспаптар тақтасының түсін автоматты түрде өзгертеді.

Қосымша ескерту хабарлары

Қосымша ескерту хабарлары бірнеше секундтан кейін автоматты түрде жоғалады, ал аспаптар тақтасында  қосымша ескерту хабарының сары индикаторы жанады, ол ескерту хабарының пайда болу себебі жойылмағанын білдіреді.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті Дилерден сұратуыңызға болады.

Аспаптар тақтасының индикаторлары

Хабарлама

- › Қуат көзі ON режиміне қосылғанда, индикаторлардың немесе ескерту шамдарының бір бөлігі біраз уақыт жануы мүмкін, бұл жүйелердің өзін-өзі тексеріп жатқанын және ақау емес екенін білдіреді.
- › Автокөлік жинақтамасына байланысты аспаптар тақтасында кейбір индикаторлар немесе ескерту шамдары жанбауы мүмкін.



Маңызды хабарламаның барын білдіретін индикатор

Қызыл түспен жанатын индикатор қазіргі уақытта маңызды ескерту бар екенін және кем дегенде бір маңызды ескерту қолмен жасырылғанын көрсетеді.

Ескерту

Ескерту хабарламалары мен көмексөздерді елеусіз қалдырмаңыз. Өйтпесе бұл автокөлікке ауыр зақым келтіруі немесе оқыс жағдайға әкеп соғуы мүмкін.

Хабарлама

Барлық келіп түскен ескертулерді аспаптар тақтасының ескертулер терезесінде көруге болады.



Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің ақаулық индикаторы

Қызыл түспен жанған индикатор көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. Бұл жағдайда көзден таса аймақтарды бақылау жүйесін пайдаланбаңыз және тексеру жүргізу үшін мүмкіндігінше тезірек қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Қозғалыс жолағындағы ұстап тұру жүйесінің ақаулық индикаторы

Қызыл түспен жанған индикатор қозғалыс жолағындағы ұстап тұру жүйесінің дұрыс жұмыс істемегенін көрсетеді. Бұл жағдайда функцияны өшіріңіз және тезірек тексеру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Жол қатарынан ауытқуды ескерту жүйесіндегі ақау индикаторы

Жанып тұрған қызыл индикатор жол қатарынан ауытқуды ескерту жүйесінде ақау бар екенін білдіреді. Бұл жағдайда функцияны өшіріңіз және тезірек тексеру үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Отын сепараторының индикаторы

Дизельді қозғалтқышпен жабдықталған автокөліктерге орнатылған.

Қызыл түспен жанып тұрған индикатор май мен су сепараторындағы су мөлшері нормадан артық екенін білдіреді. Бұл жағдайда суды кетіру үшін дереу қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Беріліс қорабының қызып кету индикаторы

Қызыл түспен жанған индикатор автоматты беріліс қорабындағы майдың температурасы тым жоғары екенін көрсетеді. Егер осы индикатор қозғалтқыш іске қосылғаннан кейін жанса, онда автокөлікті мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге тоқтатып, беріліс қорабы салқындауы үшін қозғалтқышты өшіру керек. Егер осы операцияларды орындағаннан кейін индикатор сөнбесе, сервис орталығына хабарласыңыз.



Пассивті қауіпсіздік жүйесінің ақаулық индикаторы

Қызыл түспен жанған индикатор пассивті қауіпсіздік жүйесінің дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді. Бұл жағдайда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Мотор майы төмен қысымының индикаторы

Қызыл түспен жанған индикатор мотор майының жетіспеушілігін көрсетеді. Бұл жағдайда автокөлікті мүмкіндігінше тезірек қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты өшіріңіз. Әйтпесе қозғалтқыш бөлшектеріне үлкен зақым келуі мүмкін. Қозғалтқыш тоқтағаннан кейін бірнеше минуттан соң мотордағы май деңгейін тексеріп, қажет болған жағдайда оны құйыңыз. Егер май жеткілікті болып, индикатор бұрынғысынша жанып тұрса, сервис орталығына жүгініңіз.



Аккумуляторды зарядтау жүйесінің индикаторы

Егер қозғалтқышты іске қосқаннан кейін осы индикатор қызыл түспен жанса, бұл аккумулятор батареясын зарядтау жүйесінің дұрыс жұмыс істемегенін білдіреді. Автокөлікті тезірек қауіпсіз жерге тоқтатып, сервис орталығына хабарласыңыз.



Қозғалтқыштың салқындатқыш сұйықтығының жоғары температурасының индикаторы

Қызыл түспен жанып тұрған индикатор қозғалтқыштың салқындату жүйесіндегі температура тым жоғары екенін білдіреді. Тексеру жүргізу үшін автокөлікті дереу тоқтатыңыз. Әйтпесе қозғалтқыш зақымдалуы мүмкін.



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі ақауының индикаторы

Қызыл түспен жанған индикатор интеллектуалды круиз-контроль функциясының дұрыс жұмыс істемегенін көрсетеді. Бұл жағдайда круиз-контроль жүйесін өшіріп, диагностикалау және жөндеу үшін қызмет көрсету орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.



Бейімделетін круиз-контроль жүйесі ақауының индикаторы

Жанып тұрған қызыл индикатор бейімделетін круиз-контроль жүйесінде ақау бар екенін білдіреді. Бұл жағдайда круиз-контроль жүйесін өшіріп, диагностикалау және жөндеу үшін қызмет көрсету орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласыңыз.



Тежеу жүйесі ақауының индикаторы

Жанып тұрған қызыл индикатор тежегіш сұйықтығының деңгейі төмен немесе тежеу күшін тарату жүйесінде ақау бар екенін көрсетеді.

Бұл жағдайда дереу көлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Әйтпесе ауыр апат орын алуы мүмкін.



Тұрақ тежегішінің индикаторы

Қызыл түспен жанған индикатор тұрақ тежегішінің қосылғанын білдіреді.

Индикатордың жыпылықтауы тежегіш дискілердің қызып кеткенін немесе жол төсемінің шамадан тыс еңістігін және автокөліктің жылжып кету қаупін білдіреді. Бұл жағдайда тежегіш педалін басып, автокөлікті мүмкіндігінше тезірек тегіс алаңға қойыңыз.



Жабылмаған есік индикаторы

Қызыл түспен жанған индикатор есіктің ашық немесе толық жабылмағанын білдіреді.



Тағылмаған қауіпсіздік белбеуінің индикаторы

Жанып тұрған қызыл индикатор жүргізушінің немесе жолаушының қауіпсіздік белбеуін тақпағанын білдіреді.



Рульдің электр күшейткіші жүйесінің ақау индикаторы

Жанып тұрған қызыл индикатор рульдің электр күшейткіші жүйесінде ақау бар екенін білдіреді, соның салдарынан рульді басқару кезінде көмек көрсетілмейді. Бұл жағдайда автокөлікті қауіпсіз жерге қойып, қозғалтқышты өшіріңіз. Қозғалтқышты қайта іске қосу үшін бірнеше минут күтіңіз. Егер индикатор жанып тұрса, жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мүмкіндігінше тезірек қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Ескерту

Егер индикатор қызыл түспен жанса, бұл рульдік басқарудың электр күшейткіш жүйесінің істен шыққанын білдіреді. Бұл жағдайда рульді бұру үшін көп күш қажет болады. Тез арада жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Қосалқы хабарламаның бар-жоғын көрсететін индикаторы

Сары түспен жанып тұрған индикатор дәл қазіргі сәтте қосалқы ескерту бар екенін көрсетеді.



Ескерту

Ескерту хабарламалары мен көмексөздерді елеусіз қалдырмаңыз. Әйтпесе бұл автокөлікке ауыр зақым келтіруі немесе оқыс жағдайға әкеп соғуы мүмкін.



Хабарлама

- › Қосымша хабарлар мультимедиа жүйесінің дисплейінде бірнеше секунд көрсетілгеннен кейін автоматты түрде жасырылады.
- › Барлық келіп түскен ескертулерді аспаптар тақтасының ескертулер терезесінде көруге болады.



Автоматты бас жарықтандыру функциясының ақаулық индикаторы

Сары түспен жанған индикатор автоматты бас жарықтандыру жүйесіндегі ақау туралы сигнал береді. Бұл жағдайда қажетіне қарай шалғай немесе таяу жарықты қолмен қосыңыз және тексерту және жөндеу үшін мүмкіндігінше тездетіп сервис орталығына хабарласыңыз.



Артқы тұман шамдарының индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор артқы тұман шамдары қосылып тұрғанын білдіреді.



Тұрақ тежегіші ақауының индикаторы

Сары түспен жанған индикатор электрмеханикалық тұрақ тежегіші жүйесінде ақау бар екенін көрсетеді.



Автокөлікті бір орнында автоматты ұстап тұру функциясының индикаторы

Жанып тұрған сары түсті индикатор автокөлікті бір орында автоматты ұстап тұру функциясы қосылғанын және дайындық режимінде екенін көрсетеді.



Тежегішті блоктау жүйесі ақауының индикаторы

Сары түспен жанған индикатор бұғаттауға қарсы тежегіш жүйесінің дұрыс жұмыс істемегенін көрсетеді. Бұл жағдайда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Егер индикатор жанып тұрса, бұл тежегіш жүйесінің жұмыс істеп тұрғанын білдіреді, бірақ құлыптауға қарсы функциясыз.



Электрондық тұрақтандыру жүйесінің индикаторы

Жалт-жұлт еткен сары индикатор электронды тұрақтандырудың іске қосылғанын білдіреді.

Жанып тұрған сары индикатор электронды тұрақтандыру жүйесінің дұрыс жұмыс істемейтінін көрсетеді.



Электрондық тұрақтандыру жүйесінің сөну индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор электронды тұрақтандыру жүйесінің өшірілгенін көрсетеді.



Еңістегі қозғалыс кезіндегі көмек жүйесінің көрсеткіші

Сап-сары индикатор жанып тұр, бұл түсу кезінде көмек көрсету жүйесі қосылғанын білдіреді.

Жалт-жұлт еткен сары түс индикаторы төмен түсу кезінде көмек жүйесінің іске қосылғанын көрсетеді.



Төмен отын деңгейінің индикаторы

Сары түспен жанып тұрған индикатор отын деңгейінің төмендігін көрсетеді.

Егер ылдида жүргенде немесе бұрылғанда бак ішіндегі отын қозғалатын болса, онда бұл көрсеткіш те жануы мүмкін.

Назар аударыңыз

Отынның ең аз мөлшерінде қозғалуға тыйым салынады. Әйтпесе отынның таусылуына байланысты пайдаланылған газдардың уыттылығын азайту жүйесі және қозғалтқыш істен шығуы мүмкін.



Шина қысымын бақылау жүйесінің индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор шинадағы тым төмен қысымды немесе шиналардың температурасы тым жоғары екенін көрсетеді. Бұл жағдайда тексеру үшін автокөлікті тоқтатыңыз және сервис орталығына хабарласыңыз.

Егер индикатор біраз уақыт сары түспен жыпылықтап тұрып, содан кейін үнемі жанып тұрса және бұл кезде дыбыс сигналы шықса, бұл шиналардағы қысымды бақылау жүйесінің дұрыс жұмыс істемегенін көрсетеді.

Ескерту

Бұл индикатор қосылған кезде кілт бұрылу және шұғыл тежеу әрекеттерінен сақтану, мүмкіндігінше тездетіп автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтату және оны қарап шығу қажет.

Автокөлікті шиналардағы тым төмен қысыммен немесе тым жоғары температурамен жүргізу шиналардың зақымдану ықтималдығын арттырады және автокөлікке ауыр зақым келтіруі немесе апатқа әкеп соғуы мүмкін.



Қозғалтқыш ақауының индикаторы

Егер іске қосқаннан кейін осы индикатор сары түспен жанса, онда бұл шығарылған газдардың сапасына әсер ететін қозғалтқыштың дұрыс жұмыс істемеуін білдіреді. Бұл жағдайда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Хабарлама

Жанармай құятын қақпақ орнында орнатылмаған болса, индикатор да жануы мүмкін.



Қозғалтқышқа қызмет көрсету қажеттігінің индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор қозғалтқыштың пайдаланылған газды шығару жүйесімен байланысты емес ақауын білдіреді. Бұл жағдайда қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Қозғалтқышты алдын ала қыздыру индикаторы

Дизельді қозғалтқышпен жабдықталған автокөліктерге орнатылған.

Жылдың суық мезгілінде, қозғалтқыштың температурасы ұсынылған температурадан төмен болған кезде, бұл индикатор сары түспен жанады. Қыздыру білтелері жылынғанда, индикатор сөнеді, демек қозғалтқыш оталдыруға дайын болды. Алдын ала қыздыру уақыты қозғалтқыш пен салқындату сұйықтығының температурасына байланысты өзгеше болуы мүмкін.

Қозғалыс кезінде жыпылықтайтын сары индикатор қозғалтқышты басқаратын электрондық жүйеде ақау бар екенін білдіреді. Мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласу керек.



Артқы белдіктің дифференциал құлпының ақау индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор артқы белдіктің дифференциал құлпында ақау барын білдіреді. Тез арада жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Бетпе-бет соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінің ақау индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесінде ақау бар екенін білдіреді. Бұл жағдайда тексеру және жөндеу үшін мүмкіндігінше тезірек сервис орталығына хабарласыңыз.



Бетпе-бет соқтығысу қатері туралы ескерту жүйесін өшіру индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор бетпе-бет соқтығысу қаупі туралы ескерту жүйесі өшіп тұрғанын білдіреді.



Көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің ақаулық индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор көзден таса аймақтарды бақылау жүйесінің радар датчиктерінің бөгде заттармен бұғатталғанын білдіреді. Бұл жағдайда артқы бампердің ішкі және сыртқы бетінде датчиктерді бітеп тұрған заттардың бар-жоғын тексеріп, бар болса оларды уақытылы алып тастау керек.



Рульдің электр күшейткіші жүйесінің ақау индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор руль күшейткішінің тиімділігі төмендегенін және рульді басқару үшін көбірек күш салу қажет екенін білдіреді. Егер индикатор тоқтағаннан кейін және автокөлік қозғалтқышын қайта оталдырғаннан кейін немесе аз қашықтыққа жүргеннен кейін де жанып тұрса, тексерту және жөндеу үшін дереу сервис орталығына хабарласу керек.



Солға бұрылу индикаторы

Сол жақ бұрылыс көрсеткішін қосқанда, сол жақ бұрылыс индикаторы жанады.

Апаттық сигнал беру жүйесі қосылған кезде барлық бұрылыс көрсеткіштері мен олардың индикаторлары бірге жанып сөнеді.

Хабарлама

Егер бұрылыс көрсеткішінің индикаторы әдеттегіден жылдамырақ жыпылықтаса, бұл бұрылыс көрсеткішінің ақаулы екенін және оның шамын ауыстыру керектігін білдіреді. Бұны мүмкіндігінше тездетіп орындау қажет, әйтпесе басқа жүргізушілер сіздің беріп жатқан сигналыңызды көрмей қалады.



Оңға бұрылу индикаторы

Оң жақ бұрылыс көрсеткішін қосқанда, оң жақ бұрылыс индикаторы жанады. Апаттық сигнал беру жүйесі қосылған кезде барлық бұрылыс көрсеткіштері мен олардың индикаторлары бірге жанып сөнеді.

Хабарлама

Егер бұрылыс көрсеткішінің индикаторы әдеттегіден жылдамырақ жыпылықтаса, бұл бұрылыс көрсеткішінің ақаулы екенін және оның шамын ауыстыру керектігін білдіреді. Бұны мүмкіндігінше тездетіп орындау қажет, әйтпесе басқа жүргізушілер сіздің беріп жатқан сигналыңызды көрмей қалады.



Аралас жарық қосқышының индикаторы

Жанып тұрған жасыл индикатор құрамдасқан жарық ауыстырып қосқышының жұмысын көрсетеді.



Габарит жарықтарының индикаторы

Жанып тұрған жасыл индикатор габарит жарықтары мен нөмір белгісінің жарығы қосылып тұрғанын білдіреді.



Автоматты бас жарықтандыру функциясының ақаулық индикаторы

Жасыл түспен жанатын индикатор автоматты бас жарықтандыру функциясының қосылғанын білдіреді.



Алдыңғы тұман фараларының индикаторы

Жанып тұрған жасыл индикатор алдыңғы тұман фаралары қосұлы екенін білдіреді.



Автокөлікті бір орнында автоматты ұстап тұру функциясының индикаторы

Жасыл түспен жанатын индикатор автокөлікті орнында автоматты түрде ұстап тұру функциясы қосылғанын және жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.



Бейімделетін круиз-контроль жүйесінің индикаторы

Жанып тұрған жасыл индикатор бейімделетін круиз-контроль функциясының іске қосылғанын және круиз-контроль жылдамдығы орнатылғанын көрсетеді.



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесінің индикаторы

Жанып тұрған жасыл индикатор интеллектуалды круиз-контроль функциясының қосылып тұрғанын және круиз-контроль жылдамдығы орнатылғанын білдіреді.



Артқы белдіктің дифференциалының құлыпталу индикаторы

Жанып тұрған сары индикатор артқы белдіктің дифференциал құлпында ақау барын білдіреді.



Жол қатарынан ауытқуды ескерту жүйесіндегі ақау индикаторы

Жасыл түспен жанатын индикатор жолақтан шығу туралы ескерту функциясының қосылғанын білдіреді.



Қозғалыс жолағындағы ұстап тұру жүйесінің ақаулық индикаторы

Жанып тұрған жасыл индикатор жол қатарында ұстау функциясы қосұлы және істеп тұрғанын білдіреді.



Қозғалыс жолағын ауыстыру кезіндегі көмекші жүйе индикаторы

Жасыл түспен жанатын индикатор қозғалыс жолағын ауыстыру кезінде көмек көрсету функциясының қосылғанын білдіреді.



Артпен шығу кезіндегі ескерту жүйесінің индикаторы

Жанып тұрған жасыл индикатор артпен шығу кезіндегі ескерту функциясы қосұлы тұрғанын білдіреді.



Шалғай жарық индикаторы

Жанып тұрған көк индикатор шалғай жарық қосұлы тұрғанын білдіреді.



Бейімделетін круиз-контроль жүйесі дайын екендігінің индикаторы

Жанып тұрған ақ түсті индикатор бейімделетін круиз-контроль функциясының іске қосылғанын және күту режимінде тұрғанын білдіреді.



Интеллектуалды круиз-контроль жүйесі дайын екендігінің индикаторы

Ақ түспен жанып тұрған индикатор интеллектуалды круиз-контроль функциясының қосылып тұрғанын және дайындық күйінде екенін білдіреді.

[illegible]

3

Мультимедиа жүйесі

Сақтық шаралары	214
Орталық дисплей	216
Функциялардың сипаттамасы	219

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз.

Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Сақтық шаралары

- › Жүйені пайдаланған кезде ол Сіздің назарыңызды басқа нәрселерге аудармайтынына және қауіпсіз жүргізуіңізге кедергі келтірмейтініне көз жеткізу қажет. Автокөлікті басқару кезіндегі басты нәрсе — қауіпсіздік. Жол қозғалысының барлық ережелерін бұлжытпай орындаңыз.
- › Автокөлікті жүргізу кезінде жүргізушіге мультимедиа жүйесін басқаруға тыйым салынады. Дыбыс деңгейін дыбыс алаңдатпайтындай және қозғалыс қауіпсіздігіне әсер етпейтіндей етіп баптау керек.

- › Жүйені тек заңда рұқсат етілген аймақтарда ғана пайдалануға болады. Кейбір елдер мен өңірлерде жүргізушінің көз алдында тұрған дисплейді пайдалануға тыйым салынған.
- › Жүйені бөлшектеуге немесе қайта орнатуға тыйым салынады.
- › Жүйеде ақаулар пайда болған жағдайда оны қолдануды дереу тоқтатып, сервис орталығына хабарласыңыз. Оны өз бетіңізше жөндеуге үзілді-кесілді тыйым салынады.

Қолдану

- › Автокөлік қозғала бастаған кезде, кейбір функциялар қауіпсіздік мақсатында қолжетімсіз болады.
- › Басқару тақтасындағы түймелер мен реттегіштерді күшпен баспаңыз.
- › Дисплейді баспаңыз және оны өткір заттармен сызбаңыз.
- › Дисплейді тазалау үшін абразивті тазартқыш және органикалық еріткіштері бар жуғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- › Кескін дірілдеп тұрса, дисплейді ұрмаңыз.

Радио

Автокөлік қозғалысы кезінде жол, ауа райы және басқа жағдайлар кедергі келтіруі, радиосигналдардың қабаттасуына әкелуі және радиостанцияға баптауға кедергі келтіруі мүмкін.

USB-жинақтағыштар

USB-жинақтағыштардың түрлері көп болғандықтан, жүйенің барлық құрылғылармен бірдей үйлесетініне кепілдік беру мүмкін емес.


Bluetooth

- › Өртүрлі функциялары бар мобильді телефондардың көптеген маркалары бар, сондықтан жүйенің барлық құрылғымен үйлесімді болуына кепілдік беру мүмкін емес.
- › Егер Bluetooth құрылғыларын іздеу кезінде мобильді телефон аудиовизуалды жүйені таппаса, телефондағы Bluetooth қызметін қайта іске қосып, құрылғыны қайтадан іздеңіз.
- › Bluetooth қосылысын орнату мүмкін болмаса, телефонмен байланысқан Bluetooth құрылғылары тізіміндегі барлық құрылғыларды алып тастап, әрекетті қайталаңыз.
- › Bluetooth қызметін пайдалану кезінде ақаулар пайда болса, оны өшіріп, қайта қосыңыз.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Рульдегі түймелер



- Ⓐ «Артқа» түймесі
- Ⓑ «+» түймесі
- Ⓒ «Алға» түймесі
- Ⓓ «-» түймесі

- Ⓔ Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесі
- Ⓕ Пайдаланушы функцияларының түймесі
- Ⓖ Дауыспен басқару түймесі

«Артқа» түймесі

Алдыңғы трекке немесе радиостанцияға ауысу үшін түймесін басыңыз.

«Алға» түймесі

Келесі трекке немесе радиостанцияға ауысу үшін түймесін басыңыз.

«-» түймесі

Дыбыс деңгейін арттыру үшін **[+]** түймесін басыңыз.

«-» түймесі

Дыбыс деңгейін азайту үшін **[-]** түймесін басыңыз.

Bluetooth арқылы қоңырау шалу түймесі

Кіріс қоңырауы болмаған жағдайда Bluetooth арқылы қоңырау шалу интерфейсіне ауысу үшін түймесін басыңыз.

Кіріс қоңырауына жауап беру үшін түймесін басыңыз. Қоңырауды қабылдамау үшін осы түймені басып тұрыңыз.

Сөйлесу барысында әңгімені аяқтау үшін түймесін басыңыз.

Пайдаланушы функцияларының түймесі

Пайдаланушы функциялары түймесін * басу арқылы оған бапталған функцияны орындауға болады. Осы түймені ұзақ басқанда, экранда осы түймеге пайдаланушы функциясын тағайындауға болатын баптаулар мәзірі ашылады.

Дауыспен басқару түймесі

Мобильді телефонға (Apple CarPlay немесе Android Auto) қосылған кезде дауыс көмекшісін қосу немесе өшіру үшін дауыс түймесін  басыңыз.

Егер мобильді телефонға қосылмаса, Bluetooth баптаулары терезесіне өту үшін  дауыспен басқару түймесін басыңыз.

Сыртқы құрылғыларды қосу

USB-порт

USB-порт суретте көрсетілгендей, орталық консольдің алдыңғы бөлігінде орналасқан.



E551C5A838C8

Хабарлама

- › Сыртқы құрылғы USB-портқа сенімді жалғанғанын тексеріп алыңыз.
- › Медиа ойнатылып жатқанда құрылғыны шығарып алмаңыз. Әйтпесе жүйе құрылғыны оқымай қалады, сондай-ақ басқа да қателер пайда болады.

Орталық дисплей

Құрылғылардың түрлері

Бұл жүйе құрылғылардың келесі түрлерін қолдайды:

Құрылғы түрі	Спецификация
USB	FAT32 және NTFS файл жүйесі бар USB құрылғылары
Bluetooth	Bluetooth 5.1+EDR, аудио құрылғылар үшін AVRCP 1.6 және A2DP 1.3 нұсқаларындағы профильдерді қолдау.

Файл форматтары

Жүйе файлдардың келесі форматтарын қолдайды:

Файл	Пішім
Аудио	MP3, WMA, AAC, AAC PLUS, WAV/WAVE, FLAC, APE, OGG аудиоформаттары және Android қолдайтын басқа да тегін форматтар
Бейне	MP4, M4V, MOV, 3GP, WMV, AVI, MPEG, MKV, WebM бейнеформаттары және Android қолдайтын басқа да тегін форматтар

Хабарлама

Файлдардың қасиеттеріне (сапа, битрейт, кадр жиілігі, ажыратымдылық, қысу сапасы, зақымданудың болуы және т. б.), ойнату талаптарына, сақтау құрылғысының түріне және басқа факторларға байланысты файлдар олардың форматын жүйе қолдайтынына қарамастан ойнатылмауы мүмкін.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Мультимедиа жүйесінің дисплейі күй жолағы

Мультимедиа жүйесінің дисплейінің жоғарғы бөлігіндегі белгішелер әртүрлі функциялардың күйін көрсетеді. Күй жолағының белгішелері функцияның сипаттамаларына, сигнал қарқындылығына, жалғану күйіне және т. б. байланысты нақты уақыт режимінде өзгереді.


Белгіше	Функция күйі
10:15	Уақытты көрсету
	Дыбыссыз режим қосулы
	Дыбыссыз режим өшірулі
	Bluetooth-қосылыс орнамады
	Bluetooth-қосылыс орнатылды
	USB жұмысындағы ақаулар
	USB-қосылыс орнатылды
	Сымсыз зарядтау күту режимінде
	Сымсыз зарядтау жүйесі қосылды
	Сымсыз зарядтау аяқталды

Функциялардың сипаттамасы

Бас экран және мәзір

Басты бет

Басты бетке өту үшін 🏠 «Басты бет» түймесін басыңыз.




Бұл жерде жиі пайдаланылатын қолданбалардың белгішелері көрсетіледі. Тиісті қолданбаны ашу үшін түймелерден тыс қолданба белгішесінің аймағын түртіңіз.

Қолданба белгішелерінде қосымшаның күйіне байланысты әртүрлі функционалдық түймелер көрсетіледі. Осы түймелерді басу тиісті функцияларды орындауға мүмкіндік береді.

Мысалы, мультимедиа белгішесіндегі ойнату ► түймесін басу арқылы ойнатуды жалғастыруға болады.

Мәзір интерфейсі

Басты беттен мәзірге өту үшін экранды саусағыңызды сол жаққа қарай жүргізіңіз.





Хабарлама

Мәзір экранында көрсетілетін қолданбалар жиынтығы өзгеруі мүмкін. Өз автокөлігіңіздегі нақты көрсетілімге сүйеніңіз.

Тұрақты бүйірлік тақта

Тұрақты бүйірлік тақта экранның сол жағында көрсетіледі.

Басты бетке өту үшін «Басты бет» түймесін басыңыз.

Автокөліктің баптаулар терезесіне кіру немесе одан шығу үшін автокөліктің баптаулар түймесін басыңыз.

Климат-контроль жүйесінің баптауларына өту үшін климат-контроль жүйесінің түймесін басыңыз.

Егер мобильді телефонға қосылу орындалмаса, Bluetooth баптаулары терезесіне өту үшін қосылу түймесін түртіңіз. Егер мобильді телефонға қосылу орындалса, мұнда тиісті қосылу белгішесі көрсетіледі. Мобильді телефонға қосылу мәзіріне өту үшін белгішені түртіңіз.

Тез реттеу тақтасы

Көптеген терезеде экранның жоғарғы бөлігінен төменге қарай сырғыту арқылы тез реттеу тақтасын ашуға болады.



3986CE85FC4B


Жүйе баптаулары

Жүйе баптауларының түймесі тез реттеу тақтасының сол жақ бөлігінде көрсетіледі.

- › Навигация дыбыс деңгейі: қосылған мобильді телефон арқылы навигация функциясын пайдаланғанда дыбыс деңгейін реттеуге мүмкіндік береді. Навигация дыбысын өшіру функциясын қосу немесе өшіру үшін **Δ*** түймесін басыңыз.
- › Мультимедиа дыбыс деңгейі: мультимедиа дыбыс деңгейін реттеу үшін сырғытпаны жылжытыңыз. Мультимедиа дыбысын өшіру функциясын қосу немесе өшіру үшін **□*** түймесін басыңыз.
- › Жарық деңгейін реттеу: экранның жарықтығын баптау үшін сырғытпаны жылжытыңыз. Экран жарықтығын автоматты реттеу функциясын қосу немесе өшіру үшін **☀** түймесін басыңыз.
- › Bluetooth жүйесін қосу немесе өшіру үшін **✱** түймесін басыңыз.
- › Экранды өшіру үшін **🌀** түймесін басыңыз. Экранды қосу үшін оның кез келген жеріне түртіңіз.
- › Рульмен басқару күшейткішінің режимін ауыстыру үшін **🎧** түймесін басыңыз.
- › Сымсыз зарядтау функциясын қосу немесе өшіру үшін **⊕** түймесін басыңыз.

Медиа ойнату көздері

Басты экранда **【Ойнату көздері】** түймесін басу арқылы радио, Bluetooth музыка, USB-жинақтағыштағы музыка мен бейнефайлдар бар мультимедиа терезесіне өтесіз.



524D0E9BC23D

Радио

Мультимедиа экранында радио терезесіне өту үшін жоғары жақтағы **【Радио】** түймесін басыңыз.

- › FM диапазонына ауысу үшін **【FM】** түймесін түртіңіз. AM диапазонына ауысу үшін **【AM】** түймесін түртіңіз. DAB диапазонына ауысу үшін **【DAB】** түймесін түртіңіз.
- › **+** түймесін басып, ағымдағы радиостанцияны таңдаулыға қоса аласыз. Қосқаннан кейін станция жиілігі көрінеді. Бұл түймені басып тұру арқылы осы радиостанцияны таңдаулылардан алып тастауға болады.
- › Радиостанцияларды іздеп, олардың тізімін жаңарту үшін  жаңарту түймесін басыңыз.
- › Белсенді радиостанциялар арасында ауысу үшін **► «Алға»** не **◄ «Артқа»** түймесін басыңыз.
- › Ойнатуды уақытша тоқтату үшін **||** кідірту түймесін басыңыз; ойнатуды жалғастыру үшін ойнату түймелерін **I** басыңыз.
- › **≡** тізім түймесін түрту арқылы ағымдағы диапазонға сәйкес жаңартылған радиостанциялар тізімі көрсетілетін терезеге өтесіз.
- › RDS баптаулары терезесіне өту үшін **【RDS】** түймесін түртіңіз, Сіз RDS функциясын қосқаннан кейін AF, TA, REG, EON және PTY функцияларын қоса немесе өшіре аласыз.



Хабарлама

Автокөлік қозғалысы кезінде жол, ауа райы және басқа жағдайлар кедергі келтіруі, радиосигналдардың қабаттасуына әкелуі және радиостанцияға баптауға кедергі келтіруі мүмкін.

Bluetooth арқылы аудиофайлдарды ойнату

Жергілікті мультимедиа экранында жоғары жақтағы **【Bluetooth арқылы музыка】** түймесін басып, Bluetooth арқылы музыка тыңдау терезесіне өтіңіз.

Bluetooth жалғанбаған болса, алдымен Bluetooth арқылы байланыс орнатыңыз.

Bluetooth арқылы музыка автоматты түрде ойнатылмаса, мобильді телефоныңыздағы аудиоплеерді ашып, ойнатуды бастаңыз.

- › Тректер арасында ауысу үшін **►I «Алға»** не **I◄ «Артқа»** түймесін басыңыз.
- › Ойнатуды уақытша тоқтату үшін **||** кідірту түймесін басыңыз; ойнатуды жалғастыру үшін **►** ойнату түймесін басыңыз.



Хабарлама

- › Bluetooth құрылғылары қолдайтын аудио беру хаттамалары әртүрлі болғандықтан, қолжетімді аудио ойнату функциялары да әртүрлі болуы мүмкін.
- › Музыканы Bluetooth арқылы ойнатқан кезде мобильді телефонда орнатылған плеерді қолданыңыз. Балама плеерді қолданған жағдайда кемшіліктер болуы мүмкін.

USB-жинақтағыштан музыка ойнату

Жергілікті мультимедиа экранында жоғары жақтағы **【USB-жинақтағыштан музыка】** түймесін басып, USB-жинақтағыштан музыка тыңдау терезесіне өтіңіз. USB-жинақтағыштан музыка ойнату үшін аудиофайлдары бар USB-жинақтағышты автокөліктің USB-портына жалғаңыз (орталық консольдің алдыңғы бөлігінде орналасқан).

USB-құрылғыдан бейнефайлдарды ойнату

Жергілікті мультимедиа экранында жоғары жақтағы **【USB-жинақтағыштан бейне】** түймесін басып, USB-жинақтағыштан бейне көру терезесіне өтіңіз. USB-бейнені қолдану үшін медиафайлдары бар USB-құрылғыны автокөліктің USB-портына жалғаңыз (орталық консольдің алдыңғы бөлігінде орналасқан).



Хабарлама

Қауіпсіздік мақсатында қозғалыс кезінде бейнефайлды қарағанда экранға ескерту шығады. Қозғалыс барысында бейне көруге рұқсат беру немесе тыйым салу үшін **【Жүйе баптаулары】** → **【Дисплей】** → **【Көлік жүргізу кезінде бейне көру】** , мәзірін таңдаңыз.

Bluetooth арқылы қоңырау шалу

Қоңырау мәзірі

Bluetooth арқылы қоңырау шалу терезесіне өту үшін басты экранда

【Телефон】 түймесін басыңыз. Егер құрылғы Bluetooth арқылы қосылмаған болса, құрылғыны Bluetooth арқылы қосу және баптау үшін **【Жүйе баптаулары】** →

【Bluetooth】 мәзірін таңдаңыз.



Хабарлама

- › Функциялары әрқалай көптеген мобильді телефон маркалары бар. Сондықтан жүйенің барлық құрылғымен үйлесімділігіне кепілдік беру мүмкін емес.
- › Егер Bluetooth құрылғыларын іздеу кезінде мобильді телефон аудиовизуалды жүйені таппаса, телефондағы Bluetooth қызметін қайта іске қосып, құрылғыны қайтадан іздеңіз.
- › Bluetooth қосылысын орнату мүмкін болмаса, телефонмен байланысқан Bluetooth құрылғылары тізіміндегі барлық құрылғыларды алып тастап, әрекетті қайталаңыз.
- › Bluetooth қызметін пайдалану кезінде ақаулар пайда болса, оны өшіріп, қайта қосыңыз.
- › Телефон нөмірін енгізген соң, қоңырау шалу үшін түймесін басыңыз.
- › Шығыс, кіріс және өткізіп алған қоңырауларды қоса алғанда қоңыраулар тізімін көрсету үшін **【Қоңыраулар тарихы】** түймесін басыңыз. Қоңырау шалу үшін журналдағы кез келген жазбаны түртіңіз.
- › Контактілер тізімін синхрондау және көрсету үшін **【Контактілер】** түймесін басыңыз. Қоңырау шалу үшін тізімдегі контактін немесе телефон нөмірін түртіңіз.
- › Хабарламалар терезесіне өту үшін **【СМС】** түймесін түртіңіз. Ағымдағы қосылған құрылғыдағы SMS-хабарламаларды көре аласыз.



Хабарлама

- › Телефон кітапшасы, қоңыраулар журналы және SMS хабарламалар функциясын қолдану үшін жұптастырылған мобильді құрылғыда авторизация талап етіледі.
- › Кейбір мобильді телефондар жүйе шектеулеріне байланысты SMS-хабарламаларды көру функциясын қолдамайды.
- › Жұптастырылған Bluetooth құрылғысын **【Жүйе баптаулары】** → **【Bluetooth】** , арқылы жойғанда, автокөлікте сақталған қосылу мәліметтері де өшіріледі.

Кіріс қоңырау кезінде

- Кіріс қоңырау келіп түскенде қоңырау терезесі пайда болады.
- › Кіріс қоңырауға жауап беру үшін «Жауап беру» басыңыз.
 - › Қоңырауды аяқтау үшін «Қоңырауды аяқтау» басыңыз.

Функциялардың сипаттамасы

Телефонмен сөйлесу кезінде

Байланыс орнаған соң, кіріс қоңырау экранына ауысыңыз.

- › Қоңырауды аяқтау үшін «Қоңырауды аяқтау»  басыңыз.
- › Автокөліктегі микрофонды қосу немесе өшіру үшін «Микрофон»  басыңыз. Жанып тұрған түйме белгісі микрофон өшіп тұрғанын білдіреді.
- › Тыныш және дауысты байланыс режимдері арасында ауысу үшін «Тыныш/дауысты байланыс»  басыңыз. Жанып тұрған түйме белгісі бұл опцияның қосылғанын білдіреді.
- «Тыныш байланыс» режимі: қоңырау жүйеге Bluetooth арқылы қосылған мобильді телефонның көмегімен орындалады.
- «Дауысты байланыс» режимі: қоңырау автокөлікке орнатылған динамиктер мен микрофон арқылы орындалады.
- › Нөмірді теру үшін «Пернетақта»  басып, пернетақтаны қосуға немесе өшіруге болады.

Мобильді телефонды қосу

Функцияның сипаттамасы

Мобильді телефонды қосу функциясы смартфонңыздағы кейбір қолданбаларды, соның ішінде навигация, музыка ойнату және телефон қоңыраулары қолданбасын автокөліктің мультимедиа жүйесінің дисплейіне шығарып, оларды басқаруға мүмкіндік береді. Бұл жүйе автокөлікті ыңғайлы және қауіпсіз жүргізуге мүмкіндік береді.



Хабарлама

- › Мобильді құрылғылардың операциялық жүйелерінің түрлері мен нұсқаларының үйлесімділігі әртүрлі болғандықтан, iOS операциялық жүйесімен істейтін кейбір телефондар Apple CarPlay функциясын қолдамауы мүмкін.
- › Android телефоныңызда Android Auto орнатылмаған болса, оны Google Play қолданбалар дүкенінен жүктеп алып, соңғы нұсқасын орнатыңыз. Мобильді құрылғылардың операциялық жүйелерінің сан алуан түрлері мен нұсқалары әртүрлі үйлесімдікпен жасалатындықтан, Android операциялық жүйесімен істейтін кейбір телефондар Android Auto функциясын қолдамауы мүмкін.

Мобильді телефонды қосу интерфейсі

Apple CarPlay және Android Auto белгішелерін көруге болатын басты экранға өту үшін қаптал тақтадағы  түймесін басыңыз.

- › Apple CarPlay-ға қосылмаған кезде қолданбаның белгішесі сөндірілген күйде (сұр түсте) болады. Түймеге басқанда құрылғыларды басқару мәзіріне өтесіз. Егер Apple CarPlay-ға қосылу орнатылса, Apple CarPlay қолданбасының белгішесі жанады, осы белгішеге түртіп Apple CarPlay интерфейсіне кіріңіз.
- › Android Auto-ға қосылмаған кезде қолданбаның белгішесі сөндірілген күйде (сұр түсте) болады. Басқару мәзіріне өту үшін осы белгішеге түртіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Android Auto арқылы байланыс орнаса, Android Auto қолданбасының белгісі жанады. Android Auto интерфейсіне кіру үшін оны түртіңіз.

Сым арқылы қосу

Телефонды USB-кабель арқылы автокөліктің USB-портына (USB белгішесімен көрсетілген ) жалғаңыз, содан кейін Apple CarPlay немесе Android Auto пайдалану үшін экрандағы нұсқаулықтарды орындаңыз.

Apple CarPlay немесе Android Auto қолданбасынан шығу үшін USB-кабельді ажыратыңыз.



Хабарлама

Телефонның түпнұсқа кабелін пайдаланған жөн. Әйтпесе қосылыспен проблемалар туындауы мүмкін.

Apple CarPlay жүйелерін сымсыз қосу

1. Мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі баптау мәзірі арқылы Bluetooth-ты қосыңыз: **【Жүйе баптаулары】** → **【Bluetooth】** .
2. Телефоныңыздағы Bluetooth пен Wi-Fi-ды қосыңыз.
3. Мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі баптау мәзірінен мынаны таңдаңыз: **【Жүйе баптаулары】** → **【Құрылғыларды басқару】** , Apple CarPlay басып, iOS операциялық жүйесі бар телефоныңызды тауып, оған қосылыңыз.
4. Apple CarPlay қосылуын аяқтау үшін мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі және телефоныңыздағы нұсқаулықтарды орындаңыз.



Хабарлама

Apple CarPlay өшіру үшін мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі баптау мәзірін пайдаланыңыз: **【Жүйе баптаулары】** → **【Құрылғыларды басқару】** .

Android Auto жүйелерін сымсыз қосу

1. Мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі баптау мәзірі арқылы Bluetooth-ты қосыңыз: **【Жүйе баптаулары】** → **【Bluetooth】** .
2. Телефоныңыздағы Bluetooth-ды қосыңыз.
3. Мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі баптау мәзірінен мынаны таңдаңыз: **【Жүйе баптаулары】** → **【Құрылғыларды басқару】** , содан кейін Android Auto-ны таңдаңыз, Android ОЖ бар смартфонңызды тауып, оған қосылыңыз.
4. Android Auto қосылуын аяқтау үшін мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі және телефоныңыздағы нұсқаулықтарды орындаңыз.




Хабарлама

- › Android Auto өшіру үшін мультимедиа жүйесінің дисплейіндегі баптау мәзірін пайдаланыңыз: **【Жүйе баптаулары】** → **【Құрылғыларды басқару】** .
- › Android Auto-ға қосылмас бұрын, Android ОЖ бар смартфонңызда әзірлеуші режимінде сымсыз қосылу функциясының қосылғанына көз жеткізіңіз. Олай болмаған жағдайда қосылу орын алмайды.

Жүйе баптаулары

Мәзір экранындағы **【Жүйе баптаулары】** түймесін басып, тиісті экранға өтіңіз.



Bluetooth баптаулары

- › **【Bluetooth】** : Bluetooth портын қосу немесе өшіру үшін ауыстырып қосқышты түртіңіз.
- › **【Bluetooth іздеу】** : функция қосылғаннан кейін басқа құрылғыларға осы жүйедегі Bluetooth құрылғысын табуға, онымен жұптастыруға және оған қосуға рұқсат беріледі.
- › **【Құрылғының атауы】** : осы жүйеде құрылғының атауын көрсетеді.
- › **【Қазіргі қосылымдар】** : қазіргі уақытта қосылған Bluetooth құрылғыларын көрсетеді және оларды өшіруге немесе жоюға мүмкіндік береді.
- › **【Қосылым тарихы】** : бұрын жұптастырылған Bluetooth құрылғыларын көрсетеді және оларды ажыратуға немесе жоюға мүмкіндік береді.

Дыбыс баптаулары

- › **【Дыбыс деңгейін баптау】** : навигация, мультимедиа, қоңыраулар және т.б. дыбыс деңгейін реттеуге, автокөлік сигналдарын баптауға және жылдамдыққа байланысты дыбыс деңгейін арттыруды орнатуға мүмкіндік береді.
- › **【Дыбыс әсерлерін баптау】** : DTS дыбыс әсерін қосуға немесе өшіруге мүмкіндік береді. Тыңдау үшін оңтайлы күйді таңдауға немесе орнатуға, эквалайзерді, дыбыс өрісін және басқа параметрлерді баптауға мүмкіндік береді.

Дисплей баптаулары

- › **【Экран жарықтығын баптау】** : **【Автоматты режим】** таңдалғаннан кейін жүйе экран жарықтығын айналадағы жарық деңгейіне және жарықтың түсу бұрышының өзгеруіне байланысты автоматты түрде реттейді. **【Қолмен реттеу режимі】** таңдалған кезде, экран жарықтығын өз бетіңізше реттеу қажет.
- › **【Аспаптар тақтасының жарықтығын реттеу】** : аспаптар тақтасы дисплейінің жарықтығын қолмен баптауға мүмкін береді.
- › **【Экран жарықтығын реттеу】** : мультимедиа жүйесінің дисплейінің жарықтығын қолмен баптауға мүмкіндік береді.
- › **【Уақытты синхрондау】** : **【Автоматты режим】** таңдалған кезде уақыт автоматты түрде синхрондалады. **【Қолмен реттеу режимі】** таңдалғанда сағат белдеуі мен уақытты өзіңіз орната аласыз.
- › **【Уақыт форматы】** : жүйе уақытының 12 сағаттық немесе 24 сағаттық уақыт форматын орнатуға мүмкіндік береді.

- › **【Жүргізу кезіндегі бейне】** : өшіруге немесе жылдамдық шегін орнатуға болады. Қауіпсіздік мақсатында қозғалыс кезінде бейнефайлды қарағанда немесе белгіленген жылдамдықты шектен асырғанда ескерту хабары пайда болады.
- › **【Тіл таңдау】** : дисплейдегі ақпаратты көрсету тілін таңдауға болады.

Жеке баптаулар

Мұнда рульдегі пайдаланушы түймелерінің функциясын баптауға болады.

Жүйе баптаулары

- › **【Нұсқа】** : құрылғы атауы мен жүйенің бағдарламалық жасақтамасының нұсқасын көруге болады.
- › **【Жүйені жылдам іске қосу】** : бұл функция қосылған кезде, мультимедиялық жүйе оталдыруды ON күйіне келтіргеннен кейін 72 сағат ішінде басқару терезесін бірден көрсетеді.
- › **【Жүйе баптауларын қалпына келтіру】** : барлық жүйе баптауларын әдепкі мәндерге қайтарады.
- › **【Зауыттық баптауларға оралу】** : барлық баптауды (жүйе баптауларын және автокөлік баптауларын) зауыттық баптауларға дейін қалпына келтіреді. Бұл ретте барлық жергілікті файлдар, қолданба деректері, жеке файлдар және т. б. жойылады.



Хабарлама

Жүйе баптауларын нөлдеу және зауыттық баптауларды қалпына келтіру:

- › Жүйе баптауларын нөлдеу және зауыттық баптауларды қалпына келтіру процесінде интерфейс жұмыс істемейді.
- › Жүйе баптауларын нөлдеу және зауыттық баптауларды қалпына келтіру әрекеттерін тоқтату мүмкін емес.
- › Зауыттық баптауларды қалпына келтіру шарттары: қуат қосулы, беріліс қорабы P күйінде, автокөлік қозғалыссыз тұр.

Құрылғыларды басқару

- › Apple CarPlay: iOS операциялық жүйесі бар құрылғыларды табуға, қосуға, ажыратуға және жоюға мүмкіндік береді.
- › Android Auto: Android құрылғыларын табуға, қосуға, ажыратуға және жоюға мүмкіндік береді.

[illegible]

4

Қауіпсіздік

Қауіпсіздік белбеулері 234

Қауіпсіздік жастықтары 240

Бала бекіту жүйесі 247

Автокөліктің айдап әкетуге
қарсы жүйесі 254

Соқтығыс кезінде отын
беруді тоқтату жүйесі 256

Оқиғалар туралы деректерді
тіркегіш 257

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз.

Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Сақтық шаралары

- › Қауіпсіздік белбеуінің иық тармағы мойынның үстімен немесе қолтықтың астымен өтпеуі керек.
- › Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы жамбас сүйектеріне барынша тығыз жанасып жатуы тиіс.
- › Бір қауіпсіздік белбеуін тек бір адамға ғана қолдануға болады. Бір белбеуді бірнеше адамға (соның ішінде балаларға) бірге тағуға тыйым салынады.

Егер бір белбеу екі немесе одан көп адамға тағылған болса, автокөлік соқтығысқан жағдайда белбеу соққы күшін бөле алмауымен қатар адамдардың бір-біріне соқтығысу қаупін де тудырады.

- › Қауіпсіздік белбеулерін шиыршықтауға немесе бастау етіп тағуға тыйым салынады.
- › Белбеумен үшкір қырлары мен бұрыштары бар заттарды айналдыра бекітуге тыйым салынады, бұлай тағылған жағдайда апат кезінде белбеу үзіліп кетуі мүмкін.
- › ЖКО кезінде қатты соққының әсеріне ұшыраған, сондай-ақ зақымдалған белбеуді пайдалануға тыйым салынады.
- › Қауіпсіздік белбеулерінің механизмдерін шешіп алуға, бөлшектеуге және түрлендіруге тыйым салынады.
- › Құлпының ішінде бөгде заттар болған жағдайда қауіпсіздік белбеуін пайдалануға тыйым салынады.
- › Қауіпсіздік белбеулері пайдалану кезінде жеңіл тартылуы және жиналуы үшін оларды таза күйде ұстаған және майлы және сулы субстанцияларға, соның ішінде батпаққа, майға, суға, сусындарға, тамаққа және т. б. тиюден сақтаған жөн.

› Белбеулерді бензолдың, бензиннің және өзге де органикалық заттардың көмегімен тазалауға, сондай-ақ оларды түссіздендіруге немесе бояуға тыйым салынады.

› Балаларға қауіпсіздік белбеулерімен ойнауға тыйым салынады.

Егер бала белбеумен ойнау кезінде абайсызда оны мойнына орап алатын болса, бұл белбеудің әрі қарай тартылып шығуына кедергі келтіруі және кісі өліміне дейін ауыр жарақат келтіруі мүмкін. Егер бала белбеуді мойнына орап алып, белбеуді құлпынан шығару мүмкін болмаса, оны қайшымен қиюға болады.

› Автокөліктің қауіпсіздік белбеулері ересектерге есептеліп жобаланған. Балаларға сәйкес келетін бала бекіту жүйелерін пайдаланған жөн.

Егер дұрыс тағылған жағдайда қауіпсіздік белбеуі баланың мойнына немесе иегіне жанасатын және денесінің төменгі бөлігін ұстамайтын болса, сәйкес келетін бала орындығын пайдаланған жөн.

Егер бала қауіпсіздік белбеуін тағып отыра алатындай ересек болса, белбеудің дұрыс тағылғанын қадағалау қажет.

› Жүкті әйелдер ерекше сақтық шараларын сақтауы керек.

Қауіпсіздік белбеуін пайдалануға кеңес береміз. Нақтырақ ұсынымдар алу үшін дәрігермен кеңесуіңізге болады. Жүкті әйелдер қауіпсіздік белбеуін әдеттегідей тағады, алайда оларға қосымша келесі жағдайларға назар аудару қажет:

1) Қауіпсіздік белбеуінің бел тармағы іштің астынан барынша төмен өтіп тұруы тиіс.

2) Белбеудің иық бауы иықтың үстімен өтуі және іштің емес, кеуденің үстінде орналасуы тиіс.

Егер белбеу дұрыс тағылмаса, шұғыл тежеу немесе соқтығысу жағдайында ол ішті қысып қалуы, анаға да, ұрыққа да ауыр жарақат келтіруі, тіпті өлім-жітімге алып келуі мүмкін.

› Өртүрлі аурулары және мүгедектігі бар жолаушылардың да қауіпсіздік белбеуін пайдаланғаны жөн. Нақтырақ ұсынымдар алу үшін дәрігермен кеңесуіңізге болады.

› Қауіпсіздік белбеулері пайдаланылмаса, олар толығымен ішке тартылуы керек. Олардың бұралыуына, қысылуына және кез келген өткір затқа тиюіне жол бермеңіз. Қауіпсіздік белбеуі құлпының корпусын бөгде заттар жауып тұрмауы керек, әйтпесе тілшік құлыпта дұрыс бекітілмеуі мүмкін.

Қауіпсіздік белбеуін дұрыс тағу

- › Орындық арқалығын реттеңіз, кеудеңізді тіктеңіз, орындық арқалығына сүйеніңіз.
- › Белбеу таспасы тегіс жатуы тиіс.
- › Белбеудің иық тармағы иықтың ортасына қонып тұруы тиіс. Ол мойынның үстімен өтіп тұрмауы немесе иықтан сырғып түспеуі тиіс.
- › Белбеудің бел бауы мүмкіндігінше жамбас сүйектеріне тиіп тұруы тиіс.

Ескерту

- › Автокөліктегі барлық адам қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағып отыруы тиіс. Әйтпесе жолаушы орындыққа бекітілмегендіктен, шұғыл тежелу немесе соқтығысу жағдайында ол тіпті өлім-жітімге дейін ауыр жарақаттар алуы мүмкін.
- › Бүкіл сапар уақытының барысында, тіпті қысқа қашықтыққа болса да, автокөлік ішіндегілер қауіпсіздік белбеулерін тағып отыруы тиіс. Әйтпесе апат нәтижесінде жарақат алу немесе кісі өлімі қаупі жоғарылайды.

Алдыңғы орындықтардың алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулері

Соқтығысқан жағдайда алдын ала тартқыштар қауіпсіздік белбеулерін лезде тартып, оларды жақсырақ бекітіп, қорғанысты күшейтеді.

Қауіпсіздік белбеулерінің тартылуын шектегіш көкірек қуысына түсетін қысымды азайта отырып, белгіленген мөндер шегінде белбеуге түсетін жүктемені ұстап тұрады.

Іске қосылу шарттары

Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі автокөлікке алдыңғы жақтан күшті соққы тиген жағдайда іске қосылады.

- › Төмендегідей мардымсыз соққылар кезінде ол іске қосылмауы мүмкін: 25 км/сағ шамасынан кем жылдамдықпен бетон қабырғаға бетпе-бет соғылу және осыған ұқсас басқа да соққылар.
- › ЭТЖ бағанына, ағашқа немесе өзге шағын нысанға 35 км/сағ шамасынан төмен жылдамдықпен бетпе-бет соғылу.

Төмендегідей күшті соққылар кезінде алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі өз функцияларын толық орындамауы мүмкін:

- › Автокөліктің 90° немесе 180°-қа аударылуы.
- › Бүйірден немесе арттан тиген соққы.



Хабарлама

Жинақтамасына байланысты, сіздің автокөлігіңізде алдын ала тартқыштары бар қауіпсіздік белбеулері тек кейбір орындықтарда ғана болуы мүмкін. Автокөліктің нақты құрылымын басшылыққа алыңыз.



Ескерту

- › Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуін қолданған жағдайда оны дұрыс тағыңыз және орындықты автокөлікті басқаруға арналған ең жақсы күйге реттеп алыңыз. Әйтпесе құрылғы өз функцияларын жеткілікті дәрежеде тиімді орындай алмайды, бұл ауыр жарақаттар алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- › Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуінің механизмін орнату, шешіп алу немесе бөлшектеу қажет болса, міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз. Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі дұрыс қолданылмаса, ол тиісінше іске қосылмайды, нәтижесінде бұл ауыр жарақаттар келтіруі, тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- › Алдын ала тартқышты қайта қолдануға болмайды.

Бірінші соқтығысудан кейін алдын ала тартқышты созу немесе ішкі тарту мүмкін болмайды, сондықтан оны ауыстыру үшін міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз.

- › Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеулерінің іске қосылуы жарылыс дыбысымен және ақ түтіннің пайда болуымен бірге жүреді, бірақ бұл өрттің шығуына себеп болмайды және жолаушыларға зиянсыз.
- › Егер алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуі жарамсыз болып қалса, міндетті түрде сервис орталығына хабарласыңыз.

Алдын ала тартқышы бар қауіпсіздік белбеуінің өздігінен іске қосылуынан жарақат келуі мүмкін.

Үш нүктелі қауіпсіздік белбеулерін пайдалану

1. Қауіпсіздік белбеуін тілшігінен ұстап, шарғысынан тартып шығарыңыз. Белбеудің шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз. Егер қауіпсіздік белбеуі толық тартып шығарылмаса, оны күшпен тартып, қайтадан оралуы үшін жібере салыңыз. Осыдан кейін белбеуді қайтадан тартып шығарыңыз.
2. Металл тілшікті сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа сұғыңыз.



D54A9AD12752

3. Қауіпсіздік белбеуінің иық бауын жоғары қарай тартып, бел бауын денеге тығыз жанасып тұратындай етіп реттеңіз. Соқтығысқан жағдайда соққы күшін жамбас сүйектері қабылдайды, бұл жарақат алу ықтималдығын азайтады.
4. Иық тармағын көкірекке тиіп тұратындай және иықтың ортасымен өтетіндей етіп реттеңіз. Бұл соққы күшін дененің жоғарғы бөлігінің мықты сүйектеріне бөлуге мүмкіндік береді.

5. Қауіпсіздік белбеуін шешу үшін құлып түймесін басыңыз. Құлыптан ағытқаннан кейін белбеу толық тартылып оралғанша, оның тілшігін ұстап тұрыңыз. Оның жолаушыларға немесе айналадағы заттарға тиіп кетпеуін қадағалаңыз.



F99634A099C2

Артқы қатардағы ортаңғы орындықтың үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін пайдалану

Артқы қатардың бүйірлік орындықтарындағы қауіпсіздік белбеулері алдыңғы орындықтардың белбеулері секілді қолданылады. Төменде артқы қатардың ортаңғы орындығындағы үш нүктелі қауіпсіздік белбеуін қалай қолдану керектігі туралы айтылады.

1. Қауіпсіздік белбеуін металл тілшігінен ұстап, шарғысынан тартып шығарыңыз. Белбеудің шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз.

2. Төменгі металл тілшікті сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа салыңыз (тілшіктер әртүрлі пішінде болғандықтан, дұрыс емес қосылу мүмкін емес). Қауіпсіздік белбеуінің мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
3. Екінші металл тілшікті қауіпсіздік белбеуінің бойымен жылжытып, оны екінші құлыпқа сырт еткен дыбыс естілгенше салыңыз. Белбеудің шиыршықталмағанына көз жеткізіңіз.
4. Белбеуді ағыту үшін жоғарыда сипатталған әрекеттерді кері тәртіппен орындаңыз.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Сақтық шаралары

- › Қауіпсіздік жастығы қайта пайдаланылмайды.


Соқтығысу кезінде бір рет іске қосылғаннан кейін жастық екінші соқтығысу кезінде қосылмайды. Оны ауыстырту үшін міндетті түрде сервис орталығына жүгініңіз.

- › Қауіпсіздік жастығы — бұл қауіпсіздік белбеуімен бірге жұмыс істеп, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған көмекші құрылғы. Қауіпсіздік жастықтары тиімді жұмыс істеуі үшін жүргізуші мен жолаушылар қауіпсіздік белбеулерін дұрыс таққан болуы және орындықтарда дұрыс отыру қалпын сақтауы тиіс.
- › Дұрыс қолданған жағдайда қауіпсіздік жастықтары тиімді жұмыс істейді, алайда оларды дұрыс қолданбау салдарынан жастықтар өз қызметін дұрыс атқармайтынымен қатар, жарақат келтіруі де мүмкін.
- › Қауіпсіздік жастықтары іске қосылғанда жарылыс дыбысы естіледі және ақ түсті түтін пайда болады, бұл өрттенудің белгісі емес. Бөлінген түтінмен тыныстаған кезде демікпесі және тыныс алу жолдарының аурулары бар жүргізушіде және жолаушыларда тыныс алумен байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Мұндай жағдайда олар автокөліктен дереу шығуы қажет. Егер бұл мүмкін болмаса, автокөліктің терезесін немесе есігін ашып, таза ауа кіргізу қажет.
- › Егер қауіпсіздік жастығы іске қосылғаннан кейін қалған заттар (газ және т. б.) көзге немесе теріге тиген болса, мүмкіндігінше тездетіп сумен жуып шаю қажет. Өйтпесе терісі сезімтал адамдарда аллергиялық реакция туындауы мүмкін.

- › Іске қосылғаннан кейін қауіпсіздік жастығының элементтерінен ұстамаңыз. Кейбір элементтер қатты қызатындықтан, бұдан күйік шалуы және өзге ауыр жарақаттар келтірілуі мүмкін.
- › Қауіпсіздік жастықтарын белгіленгеннен басқа мақсатта қолдануға болмайды.
- › Егер сізге автокөлікке радиотехника аппаратурасын орнату қажет болса, сервис орталығына хабарласыңыз. Радиоаппаратурадан таралатын электр-магнитті толқындар пассивті қауіпсіздік жүйесінің басқару блогына елеулі әсер етеді.
- › Қауіпсіздік жастықтарын және олардың айналасындағы аймақты соққылауға немесе қатты басуға тыйым салынады.

Бұдан қауіпсіздік жастықтары жол апаты кезінде дұрыс іске қосылмай қалуы немесе апат болмаса да өздігінен іске қосылып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайлар жолаушылардың ауыр жарақаттарына, тіпті өлім-жітімге алып келуі мүмкін.

Қауіпсіздік жастықтарының орналасқан жері



59C8C85D1C9E

- Ⓐ Қауіпсіздік қалқалары
 - Ⓑ Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары
 - Ⓒ Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары
- Жүргізушінің қауіпсіздік жастығы
- Алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастығы

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары

Жалпы мәліметтер

Алдыңғы қауіпсіздік жастықтары рульде және алдындағы жолаушы отыратын орынның алдындағы аспаптар тақтасында орналасқан. Рульде және аспаптар тақтасында тиісті белгілер бар. Күшті бетпе-бет соқтығысу кезінде қауіпсіздік белбеуі тартылады да, сонымен бір мезгілде жүргізушінің және алдыңғы жолаушының қауіпсіздік жастықтары іске қосылады, бұл соққыны жұмсартып, жүргізуші мен алдыңғы жолаушының басы мен төсіне түсетін әсерді азайтады.

Жұмыс істеу принципі

Бетпе-бет соқтығысқан кезде орташа және ауыр соққы тигенде датчик автокөлік жылдамдығының кенеттен төмендеуін тіркейді, ал басқару блогы қауіпсіздік жастықтарын дереу іске қосады.

Сақтық шаралары

- › Қауіпсіздік жастықтары автокөліктің түбіне төмендегідей күшті соққылар тиген жағдайда іске қосылуы мүмкін:
 - 1) Жиектасқа соғылу.
 - 2) Жолдың ойығына немесе орға түсіп кету.
 - 3) Кедергіден өткеннен кейін жолдың бетіне соғылу.
- › Автокөлік 90° және 180°-қа аударылған жағдайда қауіпсіздік жастықтары іске қосылуы, алайда өз функцияларын атқармауы мүмкін.
- › Қауіпсіздік жастықтары төмендегідей күшті соққылар тиген жағдайда іске қосылмауы мүмкін:
 - 1) 25 км/сағ шамасынан кем жылдамдықпен бетон қабырғаға бетпе-бет соғылу және осыған ұқсас басқа да соққылар.
 - 2) ЭТЖ бағанына, ағашқа немесе өзге шағын нысанға 35 км/сағ шамасынан төмен жылдамдықпен бетпе-бет соғылу.

- › Егер соқтығысу орын алған нысан деформацияланатын немесе орнынан жылжитын болса, соққы күші азаяды. Мұндай жағдайда қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін. Жүк автокөлігінің артқы бөлігіне соғылған жағдайда автокөлігіңіз оның шанағының астына кіріп кетсе, датчик анықтайтын соққы күші салыстырмалы түрде әлсіз болып, қауіпсіздік жастықтары іске қосылмауы мүмкін.
- › Соққы бұрышы және бағыты секілді факторлар, тіпті соқтығысу жоғары жылдамдықпен орын алған жағдайда да, қауіпсіздік жастықтарының іске қосылмау себебі болуы мүмкін.
- › Рульге немесе аспаптар тақтасының төменгі бөлігіне тым жақын отыруға тыйым салынады.
 - 1) Қалыпты жағдайларда жүргізуші рульде дұрыс отыру қалпын сақтап, мүмкіндігінше рульден алысырақ отыруы тиіс.
 - 2) Алдыңғы орындықтар аспаптар тақтасынан мүмкіндігінше алысырақ орналасуы тиіс.
 - 3) Автокөліктің барлық жолаушысы қауіпсіздік белбеулерін дұрыс тағып отыруы тиіс.
- › Автокөліктің қозғалысы кезінде орындықтың шетінде отыруға немесе аспаптар тақтасына сүйенуге тыйым салынады.

Алдыңғы қауіпсіздік жастығы жоғары жылдамдықпен және соққы күшімен ашылады. Егер ол жолаушының немесе жүргізушінің жанында іске қосылса, бұл ауыр жарақаттарға және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- › Балаларға қауіпсіздік жастықтарына қарсы отыруға тыйым салынады.

Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде балаға ауыр жарақат келтіруі немесе тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Барлық бала артқы орындықтарда отыруы және белбеулерді дұрыс тағуы тиіс.

- › Қауіпсіздік жастықтары іске қосылған кезде жарақаттардан сақтану үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:

- 1) Аспаптар тақтасына қандай да бір затты (қолшатырлар және т. с. с.) қоймаңыз немесе сүйемеңіз.
- 2) Ұсақ-түйек тартпасының қақпағын мықтап жабыңыз.
- 3) Терезелерге және салондағы артқы көрініс айнасына ешқандай сәндік заттар ілмеңіз.
- 4) Рульдегі дыбыс сигналының түймесіне қандай да бір сәндік зат бекітуге тыйым салынады.
- 5) Жүргізуші немесе алдыңғы жолаушы мен сәйкес қауіпсіздік жастықтары арасына жүктерді, үй жануарларын және қандай да бір заттарды қоюға тыйым салынады.

- › Автокөлік салонын сумен және жуғыш құралдармен жууға тыйым салынады. Қауіпсіздік жастығы газ генераторының есебінен іске қосылады. Оның ылғалдануы жастықтың жұмысына әсер етуі мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

- › Қауіпсіздік жастығының қақпағына пломбалаушы балауыз жағуға, жабысқақ таспа және т. с. с. жабыстыруға тыйым салынады. Бұл қауіпсіздік жастығының іске қосылуына кедергі келтіруі мүмкін.

- › Қауіпсіздік жастығының қақпағына зақым келтіруге тыйым салынады.

Қақпағы зақымдалған жағдайда қауіпсіздік жастығы дұрыс іске қосыла алмайды. Сондықтан ешбір жағдайда көлік иесінің өз бетінше қауіпсіздік жастығының қақпағын ашуына немесе оны зақымдауына жол берілмейді.

- › Қауіпсіздік жастықтарын, аспаптар тақтасын және рульді шешіп алуға, өзгертуге және өз бетінше орнатуға тыйым салынады.

Олармен жасалған қате операциялар жастықтардың дұрыс істемеуіне немесе олардың өздігінен іске қосылып кетуіне алып келуі мүмкін, ал бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- › Аспаны қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Автокөліктің биіктігі немесе аспаның қаттылығы өзгергенде қауіпсіздік жастықтарының өздігінен іске қосылуы ауыр жарақаттарға және тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- › Автокөліктің алдыңғы бөлігіне қорғаныш тақта немесе дефлектор орнатқыңыз келсе, кеңес алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Автокөліктің алдыңғы бөлігіне енгізілген өзгертулер пассивті қауіпсіздік жүйесінің соққы датчигі қабылдайтын импульске әсер етеді.

Бұл қауіпсіздік жастықтарының кездейсоқ іске қосылу қаупін тудырады, нәтижесінде ауыр жарақаттар келтірілуі немесе тіпті кісі өлімі орын алуы мүмкін.

- › Автокөліктің алдыңғы бөлігін немесе жүргізуші орындығын жөндеу қажет болса, кеңес алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Дұрыс жүргізілмеген жөндеу жұмыстары пассивті қауіпсіздік жүйесінің соққы датчигі қабылдайтын импульске әсер етуі мүмкін. Бұл жастықтардың дұрыс жұмыс істемеу қаупіне алып келеді және ауыр жарақаттар келтіруі немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары

Жалпы мәліметтер

Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары алдыңғы орындықтардың арқалықтарының қапталындағы қаптауыш астында орналасқан. Орындықтардың арқалықтарында сәйкес белгілер көрсетілген. Бүйірлік қауіпсіздік жастықтары қауіпсіздік белбеулерін толықтырады. Бүйірден соққы тиген жағдайда олар жүргізушінің және жолаушылардың жарақат алу қаупін азайтады және оларды қайталама соққылардан қорғайды.

Жұмыс істеу принципі

Бүйірден соқтығысқан кезде датчик автокөліктің көлденең үдеуі кенеттен өзгерісін тіркейді және басқару блогына сигнал жібереді. Егер жағдай іске қосылу шарттарына сәйкес болса, соққыдан кейін бүйірлік қауіпсіздік жастықтары лезде іске қосылады.

Бүйірден соққы тиген жағдайда соққы тиген жақта орналасқан қауіпсіздік жастығы ғана іске қосылады. Егер соққы алдыңғы жолаушы орнының тұсына келсе, оның бүйірлік жастығы орындықта адам отырмағанына қарамастан іске қосылады.

Айрықша нұсқаулар

- › Бүйірлік қауіпсіздік жастықтығы төмендегідей соққылар тиген жағдайда іске қосылмауы мүмкін:

- 1) Бетпе-бет соғысу.

- 2) Нәтижесінде электрондық басқару блогына әлсіз сигнал берілетін аз күшпен бүйірден соқтығысу.
 - 3) Автокөліктің артынан келген соққы.
 - 4) Автокөліктің төңкерілуі.
- › Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарын қандай да бір затпен жабуға тыйым салынады. Әйтпесе, бұл бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының қалыпты жұмысын қиындатады.
- › Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылу аймағына қандай да бір затты орнатуға тыйым салынады. Әйтпесе, жастық ашылған кезде бұл заттар салон ішінде жан-жаққа шашырап, жарақат келтіруі мүмкін.
- › Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталған орындықтарды, сондай-ақ бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының аймағында орналасқан Электр компоненттерді өз бетіңізше шешіп алуға, жөндеуге және қайта жабдықтауға тыйым салынады.
- › Бүйірлік қауіпсіздік жастықтарының ашылу аймағына жақындамаңыз.

Қауіпсіздік қалқалары

Жалпы мәліметтер

Қауіпсіздік қалқалары салон төбесінің жиектерінде орналасқан. Тіреулерде тиісті белгілер көрсетілген. Қауіпсіздік қалқалары қауіпсіздік белбеулерін толықтырады. Бүйірден соққы тиген жағдайда олар жүргізушінің және жолаушылардың басынан жарақат алу қаупін азайтады және оларды қайталама соққылардан қорғайды.

Жұмыс істеу принципі

Бүйірден соқтығысқан кезде датчик автокөліктің көлденең үдеуі кент өзгерісін тіркейді және басқару блогына сигнал жібереді. Егер жағдай іске қосылу шарттарына сәйкес болса, соққыдан кейін қалқалар лезде іске қосылады.

Айрықша нұсқаулар

- › Қауіпсіздік қалқалары төмендегідей соққылар тиген жағдайда іске қосылмауы мүмкін:
- 1) Бетпе-бет соғысу.
 - 2) Нәтижесінде электрондық басқару блогына әлсіз сигнал берілетін аз күшпен бүйірден соқтығысу.
 - 3) Автокөліктің артынан келген соққы.
 - 4) Автокөліктің төңкерілуі.

› Есіктерге, тіреулерге және төбенің жиегіне сүйенуге, сондай-ақ алдыңғы жолаушы орындығына тізерлеп тұруға тыйым салынады. Өйтпесе қауіпсіздік қалқалары іске қосылған жағдайда басқа қатты соққы тиіп, тіпті кісі өліміне дейін ауыр жарақаттар келтіруі мүмкін. Балалардың дұрыс отыруына ерекше назар аударыңыз.

› Қауіпсіздік қалқаларының ашылу аймағына қандай да бір затты орнатуға тыйым салынады. Өйтпесе қалқалар ашылған жағдайда бұл заттар салон ішінде жан-жаққа шашырап, жарақаттар келтіруі мүмкін.

› Киімге арналған ілмектерге ауыр немесе өткір заттарды ілуге тыйым салынады.

Ілмектерге киімділгішке ілінген киімді ілуге тыйым салынады. Ілмекке киімнің өзін ғана іліңіз. Өйтпесе қалқалар ашылған жағдайда киімділгіш ұшып кетуі және жарақаттар келтіруі мүмкін.

› Қауіпсіздік қалқаларының ашылу аймағында орналасқан компоненттерді өз бетіңізше шешіп алуға, жөндеуге және қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Төбені, төбедегі тұтқаларды, тұтқалардың кронштейндерін және бүйірлік төбе плафондарын өз бетіңізше қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Бала орындықтарын қауіпсіз пайдалану бойынша нұсқаулар

Ескерту жапсырмалары



EE139E1D38BF

Мұндай жапсырма алдыңғы жолаушының күнқағарында орналасқан және автокөліктің алдыңғы қауіпсіздік жастықтарымен жабдықталғанын және тиісті нұсқауларға назар аудару қажеттігін хабарлайды.

⚠ Ескерту

Алдыңғы қауіпсіздік жастығымен қорғалған (белсенді) алдыңғы орындыққа автокөліктің жүру бағытына қарсы қаратылған бала бекіту жүйесін орнатуға тыйым салынады. Өйтпесе бұл баланың ауыр жарақат алуына немесе тіпті өліміне алып келуі мүмкін.

- » Бала автоорындығы алдыңғы жолаушы орнына қозғалыс бағытына қарсы орнатуға тыйым салынады. Өйткені бала қауіпсіздік жастығына тым жақын орналасатын болады. Соқтығысу жағдайында жастықтың іске қосылуы баланы ауыр жарақаттауы немесе тіпті өліміне алып келуі мүмкін.
- » Егер бала автоорындығын арнайы бекіткіштерді қолданбай орнататын болсаңыз, оны қауіпсіздік белбеуін пайдаланып бекітуді қамтамасыз ету қажет. Бала автоорындығына қоса берілген орнату нұсқауларын орындаңыз.
- » Бала автоорындығы автокөлік орындығына дұрыс бекітілген болуы тиіс. Орындықты дұрыс орнатпаған жағдайда шұғыл тежеу және соқтығысу баланың ауыр жарақаттануына, тіпті өліміне де алып келуі мүмкін.

- › Автокөлікке бекітілмеген баланы қорғау құрылғыларын орналастырмаңыз.
Шұғыл тежеудің немесе автокөлікке соғылудың салдарынан құрылғы салон ішіндегі адамдарға және заттарға соғылуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- › Тіпті, бала автоорындығында отырса да балаға басын немесе денесінің басқа жерлерін есік тіреуіне немесе автокөлік төбесінің қаптал бөлігіне сүйеуіне жол бермеңіз.

Қауіпсіздік қалқаларының іске қосылуы өте қауіпті болуы мүмкін. Олардың соққысы күрделі жарақаттарға, тіпті өлім-жітімге алып келуі мүмкін.

- › Автокөлікке арналған бала орындықтарының түрлері көп болғандықтан, бала орындығын орнатар және шешіп алар кезде оның жабдықтау жиынтығындағы нұсқаулықты орындап, тиісті сақтық шараларын сақтаңыз.
- › Бала орындықтарын артқы қатардың бүйірлік орындықтарына орнату ұсынылады. Тиісті бала автоорындықтарын қолданып, оның айналасында жеткілікті бос орын қалдырыңыз және қажет болған жағдайда алдыңғы орындықтың орнын реттеңіз.

Ескерту

Балалар орындығын орнатқан жағдайда, бағыттауыш арқылы өткізгенде қауіпсіздік белбеуінің шиыршықталмауын және бағыттауыш жиегінен асып, майысып тұрмауын қадағалаңыз.

Бала орындықтарын бекіту нүктелері



830C6C4F1DDE

Артқы орындықтың арқалығы мен көпшігі арасындағы саңылауда бала орындығы бекітілетін төменгі төрт нүкте орналасқан. Артқы орындықтың арқалығы артындағы панельде бала орындығының сақтандыру белбеулерін бекітуге арналған 2 бекіту нүктесі орналасқан. Оларды пайдалану үшін артқы орындықтың арқалығын бүгу қажет.

Ескерту

Бала орындығының бекіту нүктелері дұрыс орнатылған бала орындығының жүктемесіне шыдайтындай етіп есептелген. Олар ешбір жағдайда ересектерге арналған қауіпсіздік белбеулерін, аспалы таспалар ретінде және қандай да бір затты немесе құрылғыны автокөлікпен байланыстыру үшін қолданыла алмайды.

Бала орындықтарының ұсынылатын түрлері

ECE R44 стандартына сәйкес бала автоорындығын таңдағанда келесі ақпаратты ескеру ұсынылады.

ISOFIX — бұл халықаралық стандарттарға негізделген бала орындықтарын бекіту жүйесі.

Сапа топтары

Топ	Дене салмағы (кг)	Жасы
0 тобы	10 кг дейін	0-ден 9 айға дейін
0+ тобы	13 кг дейін	0-2 кг аралығында жыл
I топ	9-дан 18-ге дейін	9 айдан 4 жасқа дейін
II топ	15-тен 25-ке дейін	4-тен 7-ге дейін жыл

Топ	Дене салмағы (кг)	Жасы
III топ	22-ден 36-ға дейін	6-дан 12 жасқа дейін

Автокөліктің қозғалу бағытына кері қаратылған бала автоорындығы, 0/0+/1 тобы

Автокөліктің қозғалу бағытына қарай орнатылған бала автоорындығы, I/II/III тобы

Орындыққа орнатылатын бала автоорындығы, II/III тобы

Ескерту

Салмағы 18 кг дейінгі балалар үшін (бақылау жасы 3 жас) бала орындығы автокөліктің қозғалу бағытына қаратылып орнатылуы тиіс.

Хабарлама

Бала орындықтарының көрсетілген салмақ топтары барлық балаларға бірдей сәйкес келмейді; сонымен қатар әрбір бала орындығы сіздің автокөлігіңіздің моделіне сәйкес келе бермейді. Сондықтан баланың бала орындығында дұрыс отырғанына, ал бала орындығының сенімді бекітілгеніне көз жеткізу маңызды.

Бала автоорындығын орнату

Бала бекіту құрылғысын орнатқан кезде баланың жасына, салмағына және бойына сәйкес келетін автоорындық немесе автобесік таңдау қажет.

Өртүрлі топтарға жататын бала автоорындықтарының жарамдылығы

Топ	Орнату орны		
	Алдыңғы жолаушы орындығы	Артқы қатардың орындығы	
		Бүйірлік	Ортаңғы
0	X	U	X
0+	X	U	X
I	X	U	X
II	X	U	X
III	X	U	X

Ескертпе:

U — бұл салмақ тобына мақұлданған әмбебап бала бекіту жүйелеріне жарайды.

X — осы салмақ тобы үшін мақұлданған бала бекіту жүйелеріне жарамайды.

ISOFIX бекіткіші бар бала автоорындықтарын қолдану мүмкіндігі

Топ	Типтік өлшемі	Бекіткіш	ISOFIX бекіткіштерінің орналасқан жері Артқы қатардың бүйірлік орындығы
Автобесік	F	ISO/L1	X
	G	ISO/L2	X
0	E	ISO/R1	IL
0+	E	ISO/R1	IL
	D	ISO/R2	IL
	C	ISO/R3	IL

Топ	Типтік өлшемі	Бекіткіш	ISOFIX бекіткіштерінің орналасқан жері Артқы қатардың бүйірлік орындығы
I	D	ISO/R2	IL
	C	ISO/R3	IL
	B	ISO/F2	IUF
	B1	ISO/F2X	IUF
	A	ISO/F3	IUF

Ескертпе:

IUF — осы топ үшін мақұлданған және автокөліктің қозғалу бағытына қаратылған ISOFIX әмбебап бала бекіту жүйелеріне жарайды.

IL — тиісті тізімдемеге кіргізілген ISOFIX ерекше бала бекіту жүйелеріне жарайды. Аталған бала бекіту жүйелері арнайы автокөліктерге арналуы, белгілі шектеулері болуы немесе жартылай әмбебап санатына жатуы мүмкін.

X — ISOFIX бекіткіштерінің орналасуы бұл салмақ тобының және (немесе) осы типтік өлшемнің ISOFIX бала бекіту жүйелеріне жарамайды.

Бала орындығын қауіпсіздік белбеуінің көмегімен бекіту

1. Артындағы бала алдыңғы орындыққа тимеуі үшін алдыңғы орындықты толық алға жылжытыңыз.
2. Мүмкіндік болса, автокөлік орындығының арқалығын бала орындығының арқалығына мүмкіндігінше тығыз етіп қойыңыз. Бұл бала орындығының сенімді бекітілуі мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді.
3. Бала орындығы орнатылған орындықтың бассүйегішін орындықтың артқы жағына жақын болатындай етіп реттеңіз немесе шешіп алыңыз.
4. Қауіпсіздік белбеуінің иық бауын тартып шығарыңыз, оны бала автоорындығы арқылы өткізіңіз және қауіпсіздік белбеуінің металл тілшігін сырт еткен дыбыс естілгенше құлыпқа сұғыңыз.
5. Бала автоорындығын өз салмағыңызбен орындыққа басыңыз және белбеу керіліп тұратындай және сенімді бекітуді қамтамасыз ететіндей етіп, иық тармағын шарғылы механизмге тартып орауға мүмкіндік беріңіз.
6. Бала орындығын сәл ырғап, оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



Назар аударыңыз

Егер орындықтың биіктігін жоғарылатуға арналған арнайы жастық қолданатын болсаңыз, бассүйегішті шешіп алуға тыйым салынады. Бұл жағдайда бассүйегіштің үстіңгі бөлігі баланың басымен бір деңгейде немесе оған барынша жақын реттелуі тиіс.

Бала орындығын арнайы бекіткіштердің көмегімен орнату

ISOFIX және LATCH — бұл бала автоорындықтарын бекіту үшін арнайы әзірленген стандартты жүйелер. Артқы шеткі орындық орнату кезінде бала автоорындығын бекіту үшін ISOFIX жүйесін де, LATCH жүйесін де қолдануға болады.

1. Артындағы бала алдыңғы орындыққа тимеуі үшін алдыңғы орындықты толық алға жылжытыңыз.
2. Бала орындығы орнатылған орындықтың бассүйегішін орындықтың артқы жағына жақын болатындай етіп реттеңіз немесе шешіп алыңыз.
3. Артқы орындықтың арқалығын бүгіп, сақтандыру белбеуін арнайы бекіту нүктесіне мықтап бекітіңіз. Белбеудің шиыршықталмауын қадағалаңыз. Сақтандыру белбеуін бекіткен кезде оны бассүйегіштің астынан өткізу қажет.
4. Орындықтың арқалығын бастапқы қалпына келтіріп, бекітіңіз. Содан кейін бала орындығының бекіткіштерін төменгі бекіту нүктелеріне сұғыңыз. Екі ISOFIX құлпының да мықтап жабылғанына көз жеткізіңіз.
5. Сақтандыру белбеуін дұрыс тарту үшін бала орындығын пайдалану бойынша нұсқаулықтағы нұсқауларды орындаңыз.
6. Бала орындығын сәл ырғап, оның сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.



Назар аударыңыз

Егер орындықтың биіктігін жоғарылатуға арналған арнайы жастық қолданатын болсаңыз, бассүйегішті шешіп алуға тыйым салынады. Бұл жағдайда бассүйегіштің үстіңгі бөлігі баланың басымен бір деңгейде немесе оған барынша жақын реттелуі тиіс.



Ескерту

- › Егер бала автоорындығы сақтандыру белбеуімен жабдықталған болса, оны бала автоорындығын орнату нұсқаулығын және тиісті арнайы нұсқауларды орындай отырып бекіту қажет.

Олай болмаған жағдайда шұғыл тежеу немесе соқтығысу ауыр жарақаттар келтіруі немесе тіпті өлім жағдайына алып келуі мүмкін.

- › Бала автоорындығының сақтандыру белбеуін тиісті нүктеге бекіткеннен кейін бассүйегішті түсірмеген жөн.

Бассүйегіш сақтандыру белбеуіне жанасып тұрса, ол белбеудің керілуін босатуы және шұғыл тежеу немесе соқтығысу жағдайында бала автоорындығының аударылып кетуіне себеп болуы мүмкін, салдарынан ауыр жарақат алу немесе тіпті кісі өлімі қаупі туындайды.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Жүйе сипаттамасы

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесі автокөлікті айдап әкетуден және ондағы бағалы заттардың ұрлануынан сақтайды. Автокөлікке рұқсатсыз кіруге әрекет жасалған жағдайда айдап әкетуге қарсы жүйе дыбыс және жарық сигналын беру жүйесін іске қосады.

Ескерту

Автокөліктің айдап әкетуге қарсы жүйесін қайта жабдықтауға тыйым салынады.

Қолдану

Жүйені қосу

Смарт-кілтпен немесе интеллектуалды кіру жүйесі арқылы есіктер сәтті құлыпталған жағдайда, апаттық сигнал шамдары бір рет жыпылықтап, автокөлік күзету режиміне өтеді.

Алдын ала орнатылған күзету режимінде сигнал беру жүйесін іске қоспай-ақ автокөлікпен кейбір манипуляцияларды жасауға болады.

Шамамен 15 секундтан кейін жүйе автоматты түрде күзету режиміне ауысып, айдап әкетуден қорғау функциясы қосылады.

Назар аударыңыз

Есіктердің бәрінің жабылғанын тексеріңіз. Әйтпесе, автокөліктің айдап әкетуден сақтау жүйесі іске қосылмайды.

Хабарлама

Айдап әкетуге қарсы жүйенің екі жұмыс режимінде де орталық басқару түймелері жұмыс істемейді.

Жүйені өшіру

Смарт-кілтпен немесе интеллектуалды кіру жүйесі арқылы есіктер сәтті ашылған жағдайда, апаттық сигнал шамдары екі рет жыпылықтап, айдап әкетуден қорғау функциясы өшіріледі.

Сигнал беру жүйесінің іске қосылу шарттары

- › Механикалық кілттің көмегімен құлыпты ашу
- › Есікті мәжбүрлеп ашу әрекеті.

Сигнал беру жүйесін ажырату тәсілдері

- › Автокөліктің қуат көзін қосыңыз.
- › Қозғалтқышты оталдырыңыз.
- › Есіктердің құлпын смарт-кілттің немесе интеллектуалды кіру жүйесінің көмегімен ашыңыз.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.



Ескерту

Қозғалтқышты оталдырар алдында автокөліктің астындағы жердің бетін қарап шығу қажет. Автокөлік түбінде отынның аққан іздері байқалса, автокөліктің отын жүйесінің зақымдалғанын білдіреді. Бұл жағдайда қозғалтқышты оталдырмаған жөн.

Соқтығыс кезінде отын беруді тоқтату жүйесі

Соқтығысу сәтінде қауіпсіздік жастықтары іске қосылатын болса, бұл жүйе отынның берілуін тоқтатады, осылайша отынның төгілуіне байланысты қауіпті азайтуға мүмкіндік береді.

Егер жүйе іске қосылғаннан кейін Сізге қозғалтқышты қайта іске қосу қажет болса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

1. Қуатты OFF режиміне ауыстырыңыз.
2. Қозғалтқышты қайтадан оталдырыңыз.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Жүйе сипаттамасы

Автокөлік оқиғалар туралы деректерді тіркегішпен (EDR) жабдықталған.

EDR негізінен оқиға кезінде автокөлік жүйелерінің жұмысы туралы ақпарат алу үшін динамиканы бақылау жүйелерінің және автокөліктің белсенді қауіпсіздік жүйелерінің деректерін тіркеу мақсатында қолданылады. Алайда соқтығысудың ауырлығына және түріне байланысты EDR тиісті деректерді тіркемеуі мүмкін.

Хабарлама

EDR деректерді тек күрделі апат жағдайында ғана тіркейді. Қалыпты жағдайларда EDR деректерді жазбайды.

Деректерді оқу

Автокөлік өндірушісінен бөлек басқа тараптар (мысалы, құқық қорғау органдары) CANoe құрылғысына жалғанған ноутбуктың және автокөліктің диагностикалық интерфейсінің көмегімен EDR жүйесіне қосыла және онда тіркелген деректерді оқи алады.

Деректерді оқуға арналған құрылғыны CANoe-ге арналған бағдарламалық құрал жеткізушісінен сатып алуға болады.

EDR арқылы тіркелетін деректер және олардың мақсаты:

Деректер элементі	Арналған мақсаты
Бойлық үдеу (delta-V)	Соқтығысу сәтіндегі автокөліктің бойлық үдеуін тіркеу
Максималды тіркелген бойлық үдеу	Соқтығысу сәтіндегі максималды бойлық үдеуді тіркеу
Максималды бойлық үдеуге жету уақыты	Соқтығысу сәтіндегі максималды бойлық үдеуге жету уақытын тіркеу

Оқиғалар туралы деректерді тіркегіш

Деректер элементі	Арналған мақсаты
Автокөлік жылдамдығы	Соқтығысу сәтіндегі автокөліктің жылдамдығын тіркеу
Тежегіш педалінің күйі	Соқтығысу сәтіндегі тежегіш педалінің күйін тіркеу
Жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің күйі	Соқтығысу сәтіндегі жүргізушінің қауіпсіздік белбеуінің күйін тіркеу
Акселератор педалінің күйі	Соқтығысу сәтіндегі акселератор педалінің күйін тіркеу
Айналымдар	Күш агрегатының соқтығысу сәтіндегі бір минуттағы айналымдар санын тіркеу
Қуаттың қосылу циклі	Соқтығысу сәтіндегі қуаттың қосылу циклін тіркеу
Деректерді оқу циклі	Соқтығысу сәтіндегі деректерді оқу циклін тіркеу
Деректерді жазуды аяқтау күйі	Соқтығысу сәтіндегі оқиға туралы деректердің жазылу күйін тіркеу
Деректерді жазудың арасындағы уақыт аралығы	Соқтығысу сәтіндегі деректерді жазудың арасындағы уақыт аралығын тіркеу

Деректер элементі	Арналған мақсаты
Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі	Автокөліктің VIN-нөмірін тіркеу
EDR жүйесіне деректерді жазатын басқару блогының аппараттық қамтамасыз ету сәйкестендіру нөмірі	Соқтығысу сәтінде EDR жүйесіне деректерді жазатын басқару блогының аппараттық қамтамасыз ету сәйкестендіру нөмірі
EDR жүйесіне деректерді жазатын басқару блогының сериялық нөмірі	Соқтығысу сәтінде EDR жүйесіне деректерді жазатын басқару блогының сериялық нөмірі
EDR жүйесіне деректерді жазатын басқару блогының бағдарламалық жасақтамасының нөмірі	Соқтығысу сәтінде EDR жүйесіне деректерді жазатын басқару блогының бағдарламалық жасақтамасының нөмірі
Бөлу	EDR арқылы тіркелген үдеу (көлденең, бойлық) алғаш рет датчик диапазонынан асқан уақыт сәтін тіркеу

Деректерді ашу

Төменде келтірілген мән-жайларды қоспағанда, EDR арқылы тіркелген деректер үшінші тараптарға жария етілмейді:

- › Автокөлік иесінің немесе оның жалға берушісінің келісімі.
- › Полицияның, соттың немесе үкіметтік органдардың деректерді сот процесі кезінде қолдану үшін ресми сұрауы.

Алайда, қажет болса, жазылған EDR деректері келесі мақсаттар үшін қолданылуы мүмкін:

- › Автокөліктің қауіпсіздік сипаттамаларын зерттеу және әзірлемелер жүргізу.
- › Тіркегіштің деректері үшінші тарапқа зерттеу және әзірлеу мақсатында, автокөлік иесі мен көлік құралы туралы ақпаратты ашпай, беріледі.

[illegible]

5

Апаттық жағдайлар

Борттық құрал-саймандар жинағы	262
Автокөлікті көтеру	264
Қосалқы дөңгелек	265
Дөңгелекті ауыстыру	267
Апат жағдайындағы әрекеттер	272
Қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдыру	274
Қозғалтқыштың қызып кетуі	277
Сүйреу	279
Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесі	284

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Борттық құрал-саймандардың орналасуы

Домкрат



80308B795509

Домкрат артқы қатардағы орындық арқалығының артында орналасқан. Оны орындық арқалығын жинаған кезде көруге болады.

1. Артқы қатардағы орындық арқалығындағы ілмектен тартыңыз да, арқалықты жатқызыңыз.
2. Домкраттың реттеу тұтқасын бекіту кронштейнінен домкрат шығарылғанша сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.
3. Қолданып болғаннан кейін домкратты жоғарыда сипатталған әрекеттерді кері тәртіппен орындай отырып орнына қайта салыңыз. Домкраттың мықтап орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Жиынтықтағы басқа да құрал-саймандар



6F13552CF9D6

Құрал-саймандар жинағы, апаттық аялдау белгісі, дөңгелек болттарына арналған кілт және басқа да құрал-саймандар артқы қатар орындығының астында орналасқан. Жиынтықтағы құрал-саймандарды орындық жастығы мен кілемше арасындағы аралықтан шығарып алуға болады.

Ілеспе құжаттар пакеті мен дөңгелек болттарынан сәндік қалпақшаларды шешіп алуға арналған құрал аспаптар тақтасында жолаушы жағындағы ұсақ-түйек тартпасында орналасқан.



Назар аударыңыз

- › Апаттық жағдайларда шаралар қолдану үшін жүргізуші борттық құрал-саймандардың қай жерде орналасқанын және оларды қалай қолдану қажеттігін білуі тиіс.
- › Бірге берілген домкрат тек осы автокөлікке қолданылады. Сіздің автокөлігіңізді көтеру үшін басқа автокөліктердің жинақтамаларындағы домкратты және керісінше қолдануға тыйым салынады.
- › Құралдарды пайдаланғаннан кейін оларды міндетті түрде белгіленген орнына қайта қойып, сенімді етіп бекіту керек. Құрал-саймандарды дұрыс орналастырмау апатқа әкелуі мүмкін.


Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

⚠ Ескерту

- › Тиісті тіреуішке қойылмаған автокөлікте ешқашан жұмыстар жүргізуші болмаңыз, себебі бұл ауыр зақымдар, жарақаттар келтіруі немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.
- › Егер автокөлікті көтеру қажет болса, көтеретін құрал көтеру нүктелерінде орналасуы тиіс; кез келген басқа нүктеден көтеру автокөлікті зақымдауы немесе жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.
- › Жарақаттардан сақтану үшін домкратпен көтерілген автокөліктің астына жатуға тыйым салынады.

Автокөлікті көтеру нүктелері



EF74B6114090

- Ⓐ Домкратпен көтеру нүктелері
- Ⓑ Көтергішпен көтеру нүктелері

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Орналастыру орны



D217F5D40BBA


Қосалқы дөңгелек жүк платформасының астында орналасқан.

⚠ Назар аударыңыз

- › Қосалқы дөңгелек сирек қолданылғандықтан және үйкелу әсеріне азырақ ұшырайтындықтан, оны орнатқаннан кейін дөңгелектердің үйкеліс коэффициенттерінде сәл айырмашылық болады. Жүргізу кезінде абай болыңыз. Мүмкіндігінше тезірек стандартты дөңгелекті жөндеп алуға және қосалқы дөңгелектің орнына салуға кеңес береміз.
- › Ақаулық жағдайларында қолдануға дайын екеніне көз жеткізу үшін қосалқы дөңгелектің күйін (шинадағы ауаның қысымын, жарықтары мен ісіктерінің болмауын) жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

Шығарып алу және орналастыру әдісі

1. Дөңгелек болттары мен қосалқы дөңгелекті көтеру механизмінің айналтұтқасына арналған кілтті шығарыңыз.



60B70237A867

Қосалқы дөңгелек

Айналтұтқаның алдыңғы, ортаңғы және артқы бөліктерін суретте көрсетілгендей дөңгелек болттарына арналған кілтпен біріктіріңіз.

2. Қосалқы дөңгелекті түсіріңіз.



Иінтіректі автокөліктің артқы бөлігіндегі саңылауға және қосалқы дөңгелек көтергішінің ойығына сұғыңыз, содан кейін қосалқы дөңгелекті жайымен түсіру үшін дөңгелек болттарына арналған кілтті сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз.

3. Қосалқы дөңгелекті шешіп алыңыз.



Қосалқы дөңгелекті түсіргеннен кейін, ол орналастырылған түпқойманы шығарып алыңыз және дөңгелекті автокөліктің астынан абайлап шығарыңыз.

4. Ауасы шыққан дөңгелекті қосалқы дөңгелекті шығарып алу тәртібіне кері тәртіппен орнатыңыз.

Назар аударыңыз

Тесілген немесе қосалқы дөңгелекті орнатқан кезде оның көтерілгеніне және сенімді бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

Сенімді бекітілгеніне және ығысып кетпегеніне көз жеткізу үшін дөңгелекті итеріп, тартып немесе бұрап көріңіз. Қажет болса, бекіткішті сәл босатыңыз да, қайтадан бұрап қатырыңыз. Егер дөңгелек нашар бекітілген болса және қозғалыс кезінде селкілдейтін болса, көтергіштің сымарқаны үзіліп кетуі мүмкін, бұл дөңгелекті жоғалтуға алып келеді.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Шина зақымдалуының белгілері

- › Төменде көрсетілген жағдайларда шиналардың бүтіндігін тексеру қажет: Руль дірілі.
- › Автокөліктің әдеттен тыс дірілі.
- › Автокөліктің әдеттен тыс қисаюы.



Назар аударыңыз

- › Егер қозғалыс барысында шиналар зақымдалған болса, рульді мықтап ұстап, жылдамдықты төмендету үшін тежегіш педалін ақырын басыңыз. Шұғыл тежеу әрекетін қолдануға және рульді шұғыл бұруға тыйым салынады. Бұл автокөлік тізгінін басқаруды жоғалтуға алып келуі мүмкін.
- › Шина жарылғаннан кейін қосалқы дөңгелекті дереу орнату керек. Тесілген шина автокөлікті тұрақсыз етеді, бұл апатқа әкелуі мүмкін. Осыған қоса, ақаулы шина дөңгелек дискілерінің, дөңгелектердің, аспаның, автокөлік шанағының және т. б. зақымдалу қаупін тудырады.

Дөңгелекті ауыстыруға дайындық

1. Барлық жолаушыларды автокөліктен түсіріңіз, жүк платформасындағы барлық жүктерді түсіріңіз.
2. Автокөлікті қалыпты көлік қозғалысына кедергі келтірмейтін және қауіпсіз жұмыс істеуіңізге болатын қатты және тегіс жабыны бар алаңға тұраққа қойыңыз.
3. Тұрақ тежегішін қосыңыз.
4. Автокөлік қозғалтқышын өшіріңіз. Берілістерді ауыстырып қосу селекторының тұтқасын Р күйіне ауыстырып, автокөлікті өшіріңіз.

Ескерту

Берілістерді ауыстырып қосу селекторының тұтқасы N күйінде тұрған кезде автокөлікті ұстап тұруға домкратты пайдалануға тыйым салынады. Мұндай жағдайда домкраттың тұрақсыздығы жазатайым жағдайға әкелуі мүмкін.

5. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз, апаттық аялдау белгісін орнатыңыз.
6. Қосалқы дөңгелекті, домкратты, қосалқы дөңгелекті көтеру механизмінің айналтұтқасын, дөңгелек болттарына арналған кілтті және дөңгелеп кетуден сақтайтын тіреуіштерді дайындаңыз.

Назар аударыңыз

- › Домкратты пайдаланар алдында дөңгелектердің астына тіреуіштер орнату керек.
- › Дөңгелектерге арналған тіреуіштерді сервис орталығынан сатып алуға болады. Бұл сұрақ бойынша сервис орталығына хабарласыңыз.
- › Тіреулер болмаған жағдайда дөңгелекті бекітіп қоюға мүмкіндік беретін үлкен тастарды және басқа да балама заттарды пайдалануға болады.

Қосалқы дөңгелекті орнату

Зақымдалған дөңгелекті шешіп алу

1. Дөңгелектерді бекітіп қойыңыз.
Міндетті түрде дөңгелектерге сәйкес келетін тіреуіштерді қолданыңыз және оларды ауыстырылатын дөңгелекке қатысты диагональ бойынша дөңгелектің екі жағына қойыңыз.
2. Дөңгелек болттарының сәндік қалпақтарын шешіңіз.



9105F1624527

Сәндік қалпақтары бар болттармен жабдықталған автокөліктерде алдымен арнайы құралдың көмегімен реті бойынша дөңгелек болттарындағы сәндік қалпақтарды шешіп алу қажет.

Дөңгелек болттарынан сәндік қалпақшаларды шешіп алуға арналған құрал аспаптар тақтасында жолаушы жағындағы ұсақ-түйек тартпасында орналасқан.

3. Болттарды босатыңыз.



Болттарды дөңгелек болттарына арналған кілттің көмегімен сағат тіліне қарсы бағытта бұрай отырып (шамамен 1 айналымға), суретте көрсетілген тәртіппен босатыңыз.

4. Домкратты автокөліктің көтерілетін жеріне орнатыңыз. Көтерілетін жерде сенімді бекітілуін қамтамасыз ету үшін домкраттың күйі мен биіктігін реттеңіз.

Домкратты орналастыру жолын «Автокөлікті көтеру» бөлімінен қараңыз. (> 264-бет)


Назар аударыңыз

Домкратты пайдаланған кезде міндетті түрде төменде келтірілген сақтық шараларын орындаңыз. Әйтпесе домкрат тайып кетуі мүмкін, бұл автокөлікті зақымдауы немесе ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

- Қозғалтқышты міндетті түрде сөндіріңіз.

- Егер автокөлік салонында жолаушылар болса, домкратты пайдаланбаңыз.
- Домкрат тегіс және қатты жерге орнатылуы тиіс.
- Домкраттың астына немесе үстіне заттар төсеменіз.
- Домкраттың көтеру биіктігі тым үлкен болмауы тиіс. Ол дөңгелекті ауыстыру үшін жеткілікті болуы тиіс.
- Домкратпен көтерілген автокөліктің астына жатпаңыз.
- Автокөлікті түсірген кезде ешкімді жарақаттап алмауыңызды қадағалаңыз.

5. Қосалқы дөңгелекті көтеру механизмінің айналтұтқасын орнатыңыз.



Айналтұтқаның алдыңғы, ортаңғы және артқы бөліктерін суретте көрсетілгендей дөңгелек болттарына арналған кілтпен біріктіріңіз. Осыдан кейін айналтұтқаны домкраттың үстіңгі саңылауына сұғыңыз.

6. Автокөлікті көтеріңіз.

Дөңгелекті ауыстыру

Дөңгелек жер бетінен сәл көтерілгенше құрамдас құралды сағат тілінің бағытында бұраңыз.

Назар аударыңыз

- Домкратты қолданған кезде айналтұтқаны домкрат винтінің айналу ортасына сәйкес осымен бұраңыз.
- Алдымен автокөлікті сәл көтеріп, бәрінің дұрыс екеніне көз жеткізіп алу қажет. Осыдан кейін көтеруді жалғастыруға болады.

- Барлық бекіткіш болттар шешіп алыңыз, дөңгелекті шешіңіз.

Назар аударыңыз

- Дөңгелекті жерге қойғанда, зақымдамау үшін шабақтарын жоғары қаратып қойыңыз.
- Қосалқы дөңгелекті орнатар алдында домкраттың тайып кетуінен сақтану және жазатайым жағдайларды болдырмау үшін шешіп алынған дөңгелекті автокөліктің түбінің астына қойған жөн.

Қосалқы дөңгелекті орнату

- Дөңгелектің орнату бетіндегі кірді кетіріңіз.
Қосалқы дөңгелекті орнатар алдында дөңгелек күпшегінің бетін тазарту керек, әйтпесе қозғалыс кезінде дөңгелек болттары босап кетуі мүмкін, салдарынан дөңгелек автокөліктен ажырап кетуі мүмкін.

- Қосалқы дөңгелекті орнатып, болттар дөңгелектің орнатылатын бетіне толық тиетіндей күш сала отырып, сомындарды тартып бұраңыз.
- Домкрат иінтірегін теріс бағытта бұрап, автокөлікті түсіріңіз.
- Әрбір болтты суретте көрсетілген тәртіппен 2–3 айналымға бұрап қатырыңыз.



Тартып бұрау моменті: 120 ± 10 Н·м

Хабарлама

Қосалқы дөңгелекті орнатқаннан кейін, болттарды динамометрлік кілтпен мүмкіндігінше тез қатайтып бұраңыз, қажетті қатайту моментін қамтамасыз етіңіз. Олай болмаса, дөңгелек болттары босап кетіп, түсіп қалуы мүмкін, бұл ауыр жарақаттарға әкелуі мүмкін.

- Егер дөңгелек болттары сәндік қалпақшалармен жабдықталған болса, оларды дөңгелек бұрандамаларына орнатыңыз.

6. Ақаулы дөңгелекті жинаңыз, барлық құрал-сайманды орындарына салыңыз және бекітіп қойыңыз.

Ескерту

Шиналар жанған кезде уытты газ пайда болады. Шиналарды әрмен қарай өңдеу үшін сервис орталығына беріңіз.

Назар аударыңыз

- › Бүлінген немесе деформацияланған болттар мен дөңгелектерді қолданбаңыз.
- › Дөңгелек болттарына арналған кілт болтқа тығыз жанасып тұруы тиіс, әйтпесе жұмыс кезінде ол шығып кетуі және жарақаттар келтіруі мүмкін.
- › Кілтті аяғыңызбен баспаңыз және болттарды басқа құрылғылардың көмегімен тым қатты бұрап қатырмаңыз. Бұл болттарды зақымдауы мүмкін.
- › Орнатқан кезде болттарға майлағыш және май жақпаңыз. Бұрап қатыру кезінде тым көп күш салу болттарды және дөңгелекті зақымдауы мүмкін. Егер болттар босатылған болса, қозғалыс кезінде дөңгелек ажырап кетуі мүмкін, бұл апатқа алып келеді.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Жол-көлік оқиғасы орын алған кездегі іс-әрекеттер

Егер апатқа немесе автокөліктің ақауына байланысты жолда аялдауға мәжбүр болсаңыз, басқа жүргізушілерге ескерту үшін келесі шараларды қолданыңыз:

- › Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз.
- › Жол қозғалысы ережелеріне сәйкес автокөліктің артына апаттық аялдау белгісін қойыңыз.

Автокөлік батып қалған жағдайдағы әрекеттер

Қармен, балшықпен, құммен жүрген кезде автокөлік тұрып немесе батып қалуы мүмкін, сондықтан абай болу қажет.

Автокөлік батып қалғанда келесі шараларды қолданып көруге болады:

1. Қозғалтқышты өшіріңіз де, тұрақ тежегішін қосыңыз.
2. Дөңгелектердің айналасында жиналған батпақты, қарды немесе құмды кетіріңіз.
3. Шиналардың ілінісуін жақсарту үшін дөңгелектердің астына ағаш білеулер, тастар немесе өзге материалдар салыңыз.
4. Қозғалтқышты қайтадан оталдырыңыз.
5. Тұрақ тежегішін өшіріңіз және автокөлікті шұңқырдан шығару үшін айналымдарды абайлап көбейтіңіз.

Егер автокөлік батып қалса немесе түбімен отырып қалған болса және оны жоғарыдағы тәсілмен босатып алу мүмкін болмаса, эвакуациялау қызметіне немесе сервис орталығына хабарласыңыз. Мұндай жұмыстарды дайындығы жоқ тұлғалардың орындауына тыйым салынады.



Ескерту

Батып қалған автокөлікті шығару кезінде келесіні есепке алу қажет:

- › Басқа автокөліктерге, заттарға және адамдарға соғылмау үшін айналада бос кеңістіктің жеткілікті екеніне көз жеткізіңіз.
- › Дәл шығар алдында автокөлік кенеттен жылдамдығын үдетуі немесе артқа сырғып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда ерекше сақтық танытыңыз.
- › Батпақтан не қардан шыққан кезде айналада тастар секілді ірі заттардың бар-жоғына назар аударыңыз. Шұңқырдан шыға келген кезде шанақтың және датчиктердің зақымдалуына жол бермеу үшін оларды алдын ала жолдан алыңыз.

Ескерту

Күрделі жағдайды жою және апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде төменде келтірілген сақтық шараларын басшылыққа алыңыз. Әйтпесе автокөлікке зақым келуі және тіпті адамдардың қауіпсіздігіне нұқсан келуі мүмкін.

1. Сүйреу құлақшасын қолданған кезде автокөлікке зақым келтіруі және тіпті жеке қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін құлақшаның немесе сымарқанның үзіліп және шығып кетуінің алдын алу үшін сүйреу сымарқанының ортасына кабельді демпфер бекітіп қою қажет.

2. Бүйірге қарай немесе тік бұрышпен сүйреуге тыйым салынады. Сүйреу құлақшасын қолданудың оңтайлы бұрышы жоғары-төмен 5°-қа дейінгі және солға және оңға 25°-қа дейінгі диапазонда.
3. Жұлқи отырып сүйреуге тыйым салынады. Сүйреудің бастапқы жылдамдығы 5 км/сағ-тан аспауы тиіс (сүйреу сымарқаны керілгенше қозғалысты жайымен бастаңыз).
4. Сүйреу құлақшасын қолданған кезде тарту күші автокөлік массасынан аспауы тиіс.

Қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдыру

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Аккумулятор зарядының төмен екенінің белгілері

- › Стартер релесі іске қосылады, бірақ стартер айналмайды. Стартер айналады, алайда оның қуаты қозғалтқышты оталдыруға жеткіліксіз.
- › Алдыңғы фаралар әдеттегіден көмескілеу жанып тұрады.
- › Дыбыс сигналы жұмыс істемейді немесе дыбысы жай шығады.

Қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдыру тәсілдері


Егер қозғалтқыш аккумулятор зарядының төмендеуіне байланысты оталмай тұрса, оны аккумулятор батареясын оталдыру сымдары арқылы жалғау арқылы басқа автокөліктің аккумуляторының көмегімен оталдыруға болады.

Жалғанатын оталдыру сымының минималды көлденең қимасы 25 мм² болуы тиіс.

Назар аударыңыз

- › Автокөлік аккумуляторларының бәрі бірдей бұған жарай бермейді. Сыртқы аккумулятор батареясынан оталдыру үшін тек номиналды кернеуі 12 В аккумуляторларды ғана пайдалануға болады.
- › Автокөлікті сүйреп немесе итеріп оталдыруға тыйым салынады.

1. Келесі тәртіпті сақтай отырып, оталдыру сымдарын жалғаңыз:



CD06C53EEA00

Қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдыру

- ④ Заряды отырған аккумулятордың оң клеммасы ⊕

Жалғаған кезде аккумулятордың оң клеммасының қорғаныш қақпағын ашу қажет.

- ⑤ Донор автокөліктің аккумуляторының оң клеммасы ⊕
- ⑥ Донор автокөліктің аккумуляторының теріс клеммасы ⊖
- ⑦ Заряды отырған аккумулятордың теріс клеммасы ⊖

Хабарлама

Автокөліктердің кейбір модельдеріндегі аккумулятордың орналасуы суретте көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін. Өз автокөлігіңіздегі нақты орналасуын салыстырып тексеріңіз.

2. Аккумулятор батареясын зарядтаңыз.

Донор автокөліктің қозғалтқышын оталдырыңыз, айналымдарды сәл арттырыңыз және оны осы айналымдармен шамамен 5 минут жұмыс істетіп қойыңыз. Бұл заряды таусылған аккумулятор батареясын белгілі бір деңгейге дейін зарядтауды қамтамасыз етеді.

3. Аккумуляторының қуаты таусылған автокөлікті оталдырыңыз.

Егер ол әлі де оталмай тұрса, оталдыру сымдарының дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз және аккумуляторды қайтадан зарядтаңыз.

4. Іске қосу сымдарын ажыратыңыз.

Қозғалтқыш оталған кезде оталдыру сымдарын жалғау тәртібіне кері тәртіппен ажыратыңыз.

Ескерту

- › Аккумуляторды зарядтаған немесе қозғалтқышты сыртқы аккумулятор батареясынан оталдырған кезде аккумулятордан газ бөлінуі мүмкін. Бұл ретте жарылыс қаупі бар. Аккумулятор батареясын ұшқын көздерінен, ашық оттан немесе тез тұтанатын материалдардан алшақ ұстау қажет.
- › Аккумулятор сұйықтығы күйдіргіштігімен ерекшеленеді және көз бен теріге ауыр зақым келтіруі мүмкін. Аккумулятор сұйықтығы абайсызда тиген жағдайда зақымдалған жерді судың көп мөлшерімен дереу жуу және дәрігерге жүгіну қажет.
- › Оталдыру сымдарын жалғаған және ағытып алған кезде олардың желдеткішке тимеуін, белбеулерге және т.с.с. оралып қалмауын қадағалаңыз.

Қозғалтқышты басқа автокөліктің аккумулятор батареясынан оталдыру

› Оталдыру сымдарының дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз. Олардың қысқыштарының арасында жанаспауын қамтамасыз ететін белгілі бір арақашықтық болуы тиіс.



Назар аударыңыз

Егер аккумулятор батареясының заряды жиі таусылатын болса, сервис орталығына барып тексертіңіз.

Автокөліктің жабдықталуы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Қозғалтқыштың қызып кетуі

Хабарлама

Төтенше пайдалану жағдайлары (мысалы, сүйреу, беткейге қарай көтерілу, артық жүктемелер және т. б.) қозғалтқыштың қызып кетуіне және автокөліктің жалпы қуатының төмендеуіне алып келуі мүмкін.

Қызып кету белгілері

- › Салқындату сұйықтығының температура көрсеткіші қызыл аймақта тұр.
- › Қозғалтқыштың айналымдар саны көтерілмей тұр.

- › Капот астынан бу шығып тұр.
- › Кондиционер компрессоры автоматты түрде өшуі мүмкін.

Түзеу тәсілдері

1. Автокөлікті қауіпсіз жерге тоқтатып, қозғалтқышты сөндіріңіз. Егер кондиционер қосулы тұрса, оны өшіріңіз.
2. Капот астынан будың шығатынын не шықпайтынын тексеріңіз.
 - › Егер бу шықпаса, капотты ашып, қозғалтқышты оталдырыңыз.
 - › Егер бу шығып тұрса, ол тыйылғанша күте тұрыңыз, одан кейін капотты ашып, қозғалтқышты оталдырыңыз.
3. Салқындату желдеткішінің айналып тұрғанын тексеріңіз.
 - › Егер желдеткіш істемей тұрса, қозғалтқышты өшіріңіз де, сервис орталығына хабарласыңыз.
 - › Егер ол қалыпты жұмыс істеп тұрса, су температурасының төмендеуін күтіңіз және қозғалтқышты өшіріңіз.
4. Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеріңіз.

Егер деңгейі жеткіліксіз болса, сұйықтықты қосымша құйыңыз. Сондай-ақ салқындату жүйесінің келте түтіктерінен сұйықтықтардың ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз. Ағып кету анықталса, ресми сервис орталығына хабарласыңыз.

5. Радиаторда бөтен заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.
- Жылудың берілуіне кедергі келтіретін заттар байқалған жағдайда оларды радиатордан алып тастаңыз.

Ескерту

- › Егер капот астынан бу шығып тұрса, капот қақпағын бірден ашуға болмайды. Бұл күйік шалуға алып келуі мүмкін.
- › Егер радиатор қатты қызып тұрса, радиатор қақпағы мен кеңейткіш бактың тығынын ашпаңыз. Будың немесе салқындату сұйықтығының атқылап шығуы салдарынан күйік шалуға және басқа да ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- › Радиатор қақпағын немесе кеңейткіш бактың тығынын ашар кезде, салқындату желдеткішінен немесе оның белбеулерінен ұстамаңыз және оларға жақындамаңыз. Қақпақты матамен орап, оны абайлап ашыңыз.
- › Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде салқындату желдеткішінен және оның белбеулерінен ұстамаңыз және оларға жақындамаңыз. Қолдарыңыз бен киіміңіз ішіне оралып қалуы, ауыр жарақаттар келтірілуі мүмкін.
- › Қызып тұрған қозғалтқышқа салқындату сұйықтығын құймаңыз. Бұл оның сынып қалуына әкеп соғуы мүмкін. Салқындату сұйықтығын қозғалтқыш толық суығаннан кейін құю қажет.

Назар аударыңыз

Автокөлік қозғалысы кезінде салқындату сұйықтығы температурасының көрсеткіші қайта қызыл аймаққа түссе, жақын жердегі ресми қызмет көрсету орталығына мүмкіндігінше тезірек хабарласу қажет.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.


Арнайы техникамен сүйреу

Ескерту

Сүйреу кезінде автокөліктерді сүйреуге қатысты жергілікті нормативтік талаптарды сақтау қажет.

Тіркеп сүйреу қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше барлық жұмысты сервис орталығының немесе көлік құралдарын эвакуациялау бойынша қызмет көрсететін арнайы компаниялардың қызметкерлеріне тапсыра отырып, ішінара тиейтін немесе платформасы бар эвакуатордың қызметтеріне хабарласу ұсынылады.

Платформасы бар эвакуатормен тіркеп сүйреу



BD0E2FD47BE4

Платформасы бар эвакуатормен тіркеп сүйреген кезде автокөліктің мықтап бекітілгеніне көз жеткізу керек.

Жартылай тиейтін эвакуатормен тіркеп сүйреу

Автокөліктің алдыңғы бөлігінен іліп сүйреу




ED4D6ED4EF6A

Жылжымалы сүйреу арбасын артқы дөңгелектердің астына орналастырыңыз және бекітіңіз.

Сүйреу


Автокөліктің артқы бөлігінен іліп сүйреу



96ECCD48AF01

Жылжымалы сүйреу арбасын алдыңғы дөңгелектердің астына орналастырыңыз және сенімді бекітіңіз.

Тіркеп сүйреу үшін манипуляторы бар эвакуаторды пайдаланбаңыз



71297AEAF72B

Автокөлікті манипуляторы бар эвакуатормен тіркеп сүйреуге тыйым салынады. Бұл шанаққа зақым келтіруі мүмкін.

Назар аударыңыз

Толық жетекті немесе артқы жетекті автокөліктерді сүйреу үшін платформалы эвакуаторды немесе жартылай жүктейтін эвакуаторды және жылжымалы арбаны пайдаланыңыз. Ешбір жағдайда жетекші оське тіреу арқылы сүйреу әрекетін жасамаңыз, себебі мұндай жағдайда автокөлікке күрделі зақым келуі мүмкін.

Сүйреу құлақшасы

Алдыңғы сүйреу құлақшасы



B2611296BEF7

Алдыңғы сүйреу құлақшасы суретте көрсетілгендей шанақтың алдыңғы бөлігінде орналасқан.

Артқы сүйреу құлақшасы



F1A595E26C55

Артқы сүйреу құлақшасы суретте көрсетілгендей шанақтың артқы бөлігінде орналасқан.

Сүйреу сымарқаны

Автокөлікті зақымданудан қорғау үшін сүйреу сымарқаны серпімді болуы тиіс. Жасанды талшықтан немесе ұқсас серпімді материалдардан жасалған сымарқанды пайдалану ұсынылады.

Сүйреу сымарқанын тек автокөліктегі осыған арналған сүйреу ілмегіне немесе сүйреу құлақшасына ғана бекітуге болады.

Сүйреу сымарқанын орнатқан кезде шанақты зақымдап алмау үшін абай болыңыз. Сүйрейтін және сүйретілетін автокөліктердің арасы 4–10 м-ді құрауы тиіс.

Сүйреу сымарқанының ортаңғы бөлігінде жалаушалар қыстырылған болуы тиіс. Тәуліктің қараңғы мезгілінде сүйреген кезде көрінуін жақсарту үшін сүйреу сымарқанына жарық шағылыстыратын материалдар қыстыру қажет.

⚠ Назар аударыңыз

- › Сүйреу сымарқанын өзіңіз сатып алуыңыз керек.
- › Сүйреу үшін болат сымарқанды пайдаланбаңыз. Ол бамперді зақымдауы мүмкін.

Сүйреу құлақшасының көмегімен сүйрету

Автокөлік бұзылған жағдайда, эвакуаторды пайдалану мүмкін болмаған кезде, сүйреу құлақшасын қолдануға болады. Бұл әдісті қатты жабынды жолда төмен жылдамдықпен қысқа қашықтыққа тіркеп сүйреу үшін пайдалануға болады.

⚠ Ескерту

Сүйреу кезінде автокөліктерді сүйреуге қатысты жергілікті нормативтік талаптарды сақтау қажет.

Автокөлікті басқа көлік құралымен сүйреу

Сүйреу кезінде жүргізуші автокөлікте отыруы және рульдің және тежегіш педалінің көмегімен оның қозғалысын басқаруы тиіс. Дөңгелектер, осьтер, рульмен басқару жүйесі, тежегіштер, трансмиссия жүйесі (беріліс қорабы және т. б.), жарықтандыру жүйесі (бұрылыс көрсеткіштері, стоп-сигналдар) ақаусыз күйде болуы тиіс.

Сүйреу тәсілі:

1. Қозғалтқышты оталдырыңыз, берілістерді ауыстыру селекторының тұтқасын N күйіне ауыстырыңыз.

Тіпті қозғалтқышты оталдыру мүмкін болмаса да, қуатты ON режиміне қосыңыз. Автоматтық беріліс қорабы бар автокөліктерде берілістерді ауыстыру селекторының тұтқасын апаттық жағдайда құлыпты ашу құрылғысының көмегімен N күйіне ауыстыруға болады. (> 121-бет)

Толық жетекті автокөліктер үшін Эко немесе Стандарт жүргізу режимін орнату қажет.



Назар аударыңыз

- › Егер N берілісіне қою мүмкін болмаса, автокөлікті сүйреу үшін сүйреу құлақшасын пайдалануға болмайды.
- › Автокөлікті Эко немесе Стандарт режимдерінен өзге режимдерде сүйреу үшін сүйреу құлақшасын пайдалануға тыйым салынады.

2. Апаттық жарық сигналын беру жүйесін қосыңыз, тұрақ тежегішін жіберіп, сүйреудің басталуын күтіңіз.

Автоматты беріліс қорабы (8AT) бар автокөліктер үшін сүйреген кездегі жылдамдық 30 км/сағ-тан, ал сүйреу қашықтығы бір рет үшін 50 км-ден аспауы тиіс.

Автоматты беріліс қорабы бар (9AT) автокөліктер үшін сүйреген кездегі жылдамдық 30 км/сағ-тан, ал трансмиссияның бүкіл қызмет ету мерзіміндегі жалпы сүйреу қашықтығы 50 км-ден аспауы тиіс.



Назар аударыңыз

- › Қозғалтқыш өшірілген кезде руль және тежегіш күшейткіші жұмыс істемейді, ал руль мен тежегішті айналдыру көбірек күш жұмсауды қажет етеді. Сондықтан сүйреу кезінде мүмкіндігінше төмен жылдамдықпен қозғалу қажет.

- › Сүйреу кезінде сүйреу сымарқанының салбырауына жол бермеу үшін алдыңғы көлік құралының стоп-сигналдарын қадағалап отырыңыз.
- › Автокөлікті ұзақ ылдиларға қарай сүйреу үшін сымарқан қолданбаңыз.
- › Автокөлікті қозғалыс бағытына кері бағытта сүйреуге тыйым салынады.


Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесі

Түймелердің сипаттамасы

Шұғыл көмек түймесі (жарық индикаторымен) кітап оқуға арналған шамның жанында орналасқан.



CD6DB098FEDE

- Ⓐ Төтенше қызметтерді шақыру түймесі (sos)
- Ⓑ Индикатор

Төтенше көмекті қолмен шақыру

Сізге құқық қорғау органдарының немесе медициналық ұйымдардың көмегі қажет болған жағдайда ғана бұл жүйені бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке (PSAP) қоңырау шалу үшін пайдалануға рұқсат етіледі.

Қоректендіру жүйесі ON режимінде тұрғанда sos түймесін басып тұрыңыз (2–5 секунд), сонда жүйе көмек алу үшін PSAP қызметіне қоңырау шалады. Қоңырау шалумен бірге жүйе сондай-ақ PSAP пунктіне автокөліктің орналасқан жері туралы ақпаратты және өзге мәліметтерді жібереді.

Төтенше қызметтің жауабын алғанға дейін қоңыраудың күшін жою үшін sos түймесін және бір рет (2–5 секунд) басып тұрыңыз.

Хабарлама

- › sos түймесін басқан кезде міндетті түрде оны 2–5 секунд бойы басы тұрыңыз, әйтпесе телефон қоңырауы жүзеге аспайды.
- › Қосылыс орнатылған кезде оны тек бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметтің операторы ғана үзе алады.

Автоматты түрде төтенше көмек шақыру

Автокөлік (қауіпсіздік жастықтары іске қосылған) күрделі соқтығысуға ұшыраған жағдайда қоректендіру жүйесі ON режимінде тұрғанда жүйе PSAP-тан автоматты түрде көмек шақырады. Қоңырау шалумен бірге жүйе сондай-ақ PSAP пунктіне автокөліктің орналасқан жері туралы ақпаратты және өзге мәліметтерді жібереді.

Хабарлама

Автоматты түрде төтенше қоңырау шалу функциясы кез келген оқиға орын алғанда іске қосылмайды. Көмекті қолмен шақыруға болатын болса, жүйенің автоматты түрде қоңырау шалуды қосуын күтпеңіз, жауап әрекетінің уақытын созбау үшін бұны дереу орындаңыз.

Назар аударыңыз

Төтенше қоңырау шалу функциясына көптеген факторлар әсер етеді, келесі жағдайлар (соның ішінде) төтенше көмек қызметі телефонының қолжетімсіз болуына алып келуі мүмкін:

- › Ақаулы немесе зақымдалған жүйе апаттық қызметті шақырмайды.

- › Дыбыс жабдығы зақымдалған, қоңырау шалу жүйесіне немесе дыбыс жабдығына жалғанған сымның қосылысы зақымдалған немесе сенімсіз қосылған жағдайда төтенше көмек қызметіне қалыпты қоңырау соғу әрекетін жүзеге асыра алмайсыз.
- › Егер қауіпсіздік жастықтары жеңіл соқтығысу немесе соққы жағдайында іске қосылмаса, жүйе төтенше көмек қызметін шақыруды автоматты түрде бастай алмайды. Шақыруды қолмен немесе басқа тәсілдермен орындауға болады.
- › Төтенше қызметтерді шақыру түймесі зақымдалған жағдайда төтенше қоңырауды қолмен жасау мүмкін болмайды.
- › Мобильді желінің әлсіз сигналы, кедергілердің болуы, сигналдың бұғатталуы және т. б. төтенше қоңырау шалуға мүмкіндік бермейді.
- › GPS жабдығының зақымдалуы немесе сигналы әлсіз аймақта болу (мысалы, жерасты гаражында, туннельде, таулы жерде) автокөліктің орналасқан жерінің анықтала алмауына алып келуі мүмкін.
- › Борттық желіні өшіргеннен кейін төтенше қоңыраулар шалу мүмкін емес.
- › Төтенше қоңырауды қолжетімсіз ететін басқа да объективті факторлар болуы мүмкін.

Шұғыл қызметтерді шақыру жүйесі

Индикатордың күйі

Индикатордың күйі	Режимнің сипаттамасы
Жанбайды	Жүйе ұйқы режимінде тұр немесе қоректендіру өшірулі
6 секунд бойы қызыл түспен жанады, содан кейін түсі қызғылт сарыға өзгереді	Жүйені өшіріп қайта жүктеу орындалуда
Жасыл түспен жанып тұр	Жүйе ақаусыз
Жасыл түспен жыпылықтап тұр	Жүйе байланыс режимінде тұр
Қызыл түспен жанып тұр	Жүйенің өзін-өзі тексеруі ақаулық бар екенін анықтады

Хабарлама

Жүйеде ақаулық болған жағдайда, диагностикалау үшін мүмкіндігінше тездетіп сервис орталығына хабарласыңыз.

Қосалқы аккумулятор батареясы

Шұғыл қоңырау шалу жүйесі қосалқы аккумулятор батареясымен жабдықталған. Егер апат жағдайында автокөліктің аккумулятор батареясы істен шықса, ол жүйенің қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді.

Ақаулықтар болмаған жағдайда қосалқы аккумулятор батареясының қуаты жеткіліксіз болса, қозғалтқышты оталдырғаннан кейін жүйе оны автоматты түрде қуаттайды.

Хабарлама

Қосалқы батареяның әдеттегі қызмет ету мерзімі 3 жылды құрайды. Егер аспаптар тақтасында төтенше жағдайда көмек көрсету жүйесінің қосалқы батареясын ауыстыру қажеттігі туралы хабарлама пайда болса, ауыстырту үшін дереу сервис орталығына жүгініңіз.

Қосалқы аккумулятор батареясының күйі туралы ақпарат алу үшін сервис орталығына хабарласуға болады.

6

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және күтім жасау

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету қажеттілігі	288
Мотор бөлімі	289
Ескерту белгілері мен жапсырмалар	296
Бөлшектерді ауыстыру	298
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету	303
Автокөлікке техникалық қызмет көрсету	316
Жоспарлы техникалық қызмет көрсету кестесі	325
Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік	326

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету қажеттілігі

Техникалық қызмет көрсету көліктің күйін бағалауға және оның бұзылуын болдырмауға мүмкіндік береді

Пайдалану барысында автокөлік бөлшектері сөзсіз тозуға ұшырайды. Автокөлікті басқару қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін жоспарлы техникалық қызмет көрсетуді және автокөлікті жөндеуді жүйелі түрде жүргізу қажет. Бұл автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларын барынша ұзақ сақтауға мүмкіндік береді.

Автокөліктің сенімді жұмыс күйін қамтамасыз ету үшін техникалық қызмет көрсету жүргізу

Техникалық қызмет көрсету кезінде пайдалану жағдайларына сәйкес тораптар мен бөлшектерге қажетті профилактикалық жөндеу жүргізуіңізге болады. Мұндай профилактикалық жұмыстар Сізге автокөлікті келесі техникалық қызмет көрсетуге дейін уайымсыз пайдалануға мүмкіндік береді.

Автокөліктің қызмет ету мерзімін арттыру және автокөлікті пайдалану шығындарын азайту

Пайдалану барысында тежегіш қыспақтары, шиналар және басқа да бөлшектер біртіндеп тозады және жарамсыз күйге келеді. Шамадан тыс тозған бөлшектерді пайдалану ақау тудыруы мүмкін, тіпті апатқа себепші болуы мүмкін. Сондықтан жүйелі түрде техникалық қызмет көрсету өткізіп отыру қажет.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Сақтық шаралары

Ескерту

- › Мотор бөлімі — қаупі жоғары аймақ. Мотор бөлімінде жұмыстар жүргізгенде ерекше мұқият болыңыз!
- › Күйік шалудан немесе өрттің шығуынан сақтану үшін май деңгейін тексеру және оны қосымша құю кезінде келесі сақтық шараларын орындау қажет:
 - Қозғалтқышты өшіріңіз.
 - Тұрақ тежегішін қосыңыз.
 - Қозғалтқыштың толық суығанын күтіңіз.

Мотор бөліміне балалардың жақындауына жол бермеңіз.

Майлы сұйықтықтардың қозғалтқышқа тамуына жол бермеңіз.

Мотор бөліміне судың тиюіне жол бермеңіз.

- › Өрттің шығуынан сақтану үшін отын жүйесін немесе электр жабдықтарын жөндеу немесе қызмет көрсету бойынша жұмыстар кезінде келесі талаптарды сақтау қажет:

Аккумулятор батареясының теріс клеммасын ажыратыңыз.

Шылым шекпеңіз.

Ашық от көздерінің жанында жұмыс жасамаңыз.


Назар аударыңыз

Майды толықтырып құйғанда ешбір жағдайда майлардың өртүрлі типтерін араластырмаңыз. Әйтпесе автокөлік бөлшектерінің күрделі ақаулары мен зақымдары орын алуы мүмкін.

Мотор бөлімі

Сұйықтықтар мен майлар деңгейлері

GW4D24




CAFC05B070ED

- Ⓐ Май құятын ауыздың қақпағы
- Ⓑ Майөлшегіш сүңгі
- Ⓒ Төжегіш сұйықтығының бағы
- Ⓓ Әйнекжуғыш сұйықтығының бағы
- Ⓔ Радиатор тығыны
- Ⓕ Кеңейткіш бак

- Ⓖ Кеңейткіш бак


GW4D20M



376A8EBFF4C5

- Ⓐ Май құятын ауыздың қақпағы
- Ⓑ Майөлшегіш сүңгі
- Ⓒ Төжегіш сұйықтығының бағы
- Ⓓ Әйнекжуғыш сұйықтығының бағы
- Ⓔ Радиатор тығыны
- Ⓕ Кеңейткіш бак

GW4C20B




3E20EC646716

- Ⓐ Май құятын ауыздың қақпағы
- Ⓑ Майөлшегіш сүңгі
- Ⓒ Төжегіш сұйықтығының бағы
- Ⓓ Әйнекжуғыш сұйықтығының бағы
- Ⓔ Радиатор тығыны

Мотор майы

Тексеру



8F3D41CDBC64

- Ⓐ Төменгі белгі
- Ⓑ Жоғарғы белгі

Автокөлікті тегіс алаңға тұраққа қойыңыз, қозғалтқышты қалыпты жұмыс температурасына дейін қыздырыңыз, содан кейін оталдыру жүйесінің ажыратқышын OFF режиміне ауыстырыңыз. 10 минуттан кейін майөлшегіш сүңгіні шығарып алыңыз, сүртіңіз және бағыттауыш түтікке қайтадан тірелгенше сұғыңыз. Шамамен 10 секундтан кейін сүңгіні шығарып алыңыз және май деңгейін тексеріңіз. Май деңгейі майөлшегіш сүңгінің төменгі және жоғарғы белгілерінің арасында орналасуы тиіс.

Егер деңгей төменгі белгіге жақын немесе одан төмен болса, оның деңгейі төменгі және жоғарғы белгілердің арасында болуы үшін қосымша май құю қажет.

Хабарлама

- › Майөлшегіш сүңгінің пішіні қозғалтқыш түріне байланысты.
- › Автокөлікпен тік өрді бағындырмас бұрын мотор майының майөлшегіш сүңгінің үстіңгі және астыңғы бөліктерінің арасында кемінде 1/4 қашықтықта орналасқанына көз жеткізіңіз, егер май деңгейі жеткіліксіз болса, мотор майын қосымша құйыңыз.

Ескерту

- › Қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде жетек белдіктері және желдеткіштер секілді айналып тұрған бөлшектерден аулақ болыңыз және олардан ұстамаңыз, себебі қолдарды, киімді немесе құралдарды орап әкету қаупі бар, бұл жазатайым жағдайға алып келуі мүмкін.
- › Мотор майын тексерген немесе қосымша құйған кезде күйіктерден сақтану үшін абай болу қажет.
- › Қолданылмайтын кезде мотор майы сәйкесінше сақталуы тиіс. Майдың топыраққа немесе суға төгілуі қоршаған ортаның ластануына алып келуі мүмкін.

Қосымша құю

Қозғалтқыштың май құю аузының тығынын ашып, асыра төгіп алмай, майды баяу құйыңыз. Шектен тыс құйылған жағдайда, артық мөлшерін дереу құйып алыңыз. Олай болмаған жағдайда, мотор бөлімінің бөлшектері зақымдануы мүмкін.

Тек таза, жоғары сапалы мотор майын ғана қолданыңыз. Қозғалтқыштың жұмыс істеу тиімділігі мен қызмет ету мерзімі бұған тікелей байланысты. Автокөліктің пайдаланушылық сипаттамаларын сақтау үшін көрсетілген май түрін ғана қолданыңыз.

Мотор майына қосылатын қоспалар

Автокөлік жұмыс істеуі үшін мотор майына қандай да бір қоспа қосу қажет емес. Қоспалар қозғалтқыштың жұмысын жақсартуға ықпал етпейді және қозғалтқыштың қызмет ету мерзімін ұзартпайды. Керісінше олар мотор майымен химиялық реакцияға түсуі мүмкін, бұл мотор майының қасиеттерінің нашарлауына алып келуі және қозғалтқышты зақымдауы мүмкін.



Назар аударыңыз

- › Мотор майының деңгейін жүйелі түрде тексеріп және майды ауыстырып отырыңыз. Өйтпесе майдың жеткіліксіз мөлшері немесе оның ескіруі қозғалтқыштың айналатын бөлшектерінің нашар майлануына алып келеді де, нәтижесінде майдың қақтануы және қозғалтқыштың зақымдалуы орын алады.
- › Мотор майының майлағыш және салқындатқыш қасиеттері бар. Тіпті поршеньдер мен клапандарды майлайтын қалыпты жұмыс кезінде де мотор майының бір бөлігі жану камераларына еніп, жанып кетуі мүмкін, бұл уақыт өте келе май деңгейінің азаюына әкеледі. Май көлемінің азаю дәрежесі автокөлікті пайдалану жағдайларына байланысты.
- › Мотор майын қосымша құйған кезде оның артылып төгілуіне жол бермеңіз.

Қозғалтқыштың салқындату сұйықтығы

Тексеру

Кеңейткіш бактағы салқындату сұйықтығының деңгейін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс.

Егер салқындату сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасындағы деңгейге дейін көтерілгенше үстемелеп құю, сондай-ақ салқындату жүйесінде сұйықтықтың аққан жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

Қосымша құю

Қозғалтқыштың суығанын күтіңіз, содан кейін жайымен тығынын бұрап ашыңыз. Салқындату сұйықтығы кездейсоқ шашыраған жағдайда бөлшектердің немесе шанақтың лак-бояу жабынының зақымдалуына жол бермеу үшін дереу сүртіп алу қажет.

Салқындату сұйықтығының көрсетілген түрін ғана пайдаланыңыз.

Хабарлама

- Салқындату сұйықтығының құрамында оның қату температурасын төмендететін этиленгликоль бар. Оны жерге немесе кәрізге құюға тыйым салынады — бұл қоршаған ортаның ластануына әкеледі.

- Салқындату сұйықтығын ауыстыру қажет болған кезде сервис орталығына хабарласыңыз.

Ескерту

- Суымаған қозғалтқыштағы кеңейткіш бактың тығынын шешуге тыйым салынады. Салқындату жүйесінде жоғары қысым болуы мүмкін. Қапакты ашқан кезде ыстық салқындату сұйықтығы атқылап шығуы, бұл күйік шалуға немесе басқа жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- Салқындату сұйықтығының құрамында зиянды заттар бар. Салқындату сұйықтығының дененің қандай да бір бөлігіне тиюіне жол бермеңіз. Теріге тиген жағдайда дер кезінде көп мөлшерде сумен жуыңыз.
- Салқындату сұйықтығын абайсызда жұтып қойған болсаңыз, кідірместен медициналық көмекке жүгініңіз.

Тежегіш сұйықтығы

Тексеру

Бактағы сұйықтық деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз.

Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс.

Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасындағы деңгейге дейін көтерілгенше үстемелеп құю, сондай-ақ тежеу жүйесінде сұйықтықтың аққан жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

Қосымша құю

Тежегіш сұйықтығы бағының қақпағын бұрап ашыңыз және толып кетіп төгілуіне жол бермей, сұйықтықты жайымен құйыңыз. Төгілген жағдайда, сұйықтықтың артық мөлшерін дереу құйып алыңыз. Олай болмаған жағдайда, мотор бөлімінің бөлшектері зақымдануы мүмкін.

Міндетті түрде тежегіш сұйықтығының көрсетілген түрін пайдаланыңыз.

Назар аударыңыз

Бак қақпағын бұрап ашар алдында міндетті түрде қақпақты және оның айналасындағы аймақты тазалап алыңыз, әйтпесе бөтен бөлшектер (шаң, құм және т. б.) тежегіш сұйықтығына түсуі мүмкін, бұл тежелу тиімділігінің төмендеуіне және тежеу жүйесі компоненттерінің зақымдалуына алып келеді.

Ескерту

› Тежегіш сұйықтығының жетіспеушілігі тежеу тиімділігін төмендетеді, бұл апат қаупін тудырады.

› Тежегіш сұйықтығы денсаулыққа қауіп төндіреді және коррозиялық қасиеттерге ие. Ол теріге тиген кезде, зақымдалған жерді дереу көп мөлшерде таза сумен шайыңыз. Жұтып қойған жағдайда дереу дәрігерге қаралыңыз.

Әйнекжуғыш сұйықтық

Қосымша құю

Бактың қақпағын ашыңыз және сыртына төгілуіне жол бермей, сұйықтықты жайымен құйыңыз. Төгілген жағдайда, сұйықтықтың артық мөлшерін дереу құйып алыңыз.

Жақсы тазартқыш қасиеттері бар және суық мезгілде қатып қалмайтын жоғары сапалы жуу сұйықтығын пайдаланыңыз.

Хабарлама

Егер қоршаған ортаның температурасы 0°C-тан төмен болса, қатпайтын жуу сұйықтығын қолдану керек.

Жуу сұйықтығын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Сұйықтық тез тұтанады және оны от көздерінен алыс ұстау керек.

Назар аударыңыз

Сабынды суды немесе басқа сұйықтықтарды жуу сұйықтығы ретінде пайдаланбаңыз. Бұл шанақтың лак-бояу беттерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.



Ескерту

Қозғалтқыш қызып немесе жұмыс істеп тұрған кезде жуу сұйықтығын қосымша құюға тыйым салынады. Сұйықтықтың құрамында спирт бар және оның қозғалтқышқа тиюі өртке әкелуі мүмкін.

Радиатор, желдеткіш

Мотор бөліміндегі радиаторды, желдеткішті және салқындату жүйесінің басқа компоненттерін үнемі тексеріп отырыңыз. Егер бұл компоненттер қатты ластанған болса, оларды уақытылы тазалаңыз. Егер жүйенің қалыпты жұмыс істеп тұрғанына сенімді болмасаңыз, тексеруден өткізу үшін сервис орталығына жүгінізіз.

Ауыр жағдайларда (мысалы, су, құм, топырақ жолдар және т. б.) әрбір жол жүргеннен кейін радиатордың, желдеткіштің және мотор бөліміндегі басқа да салқындату элементтерінің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Егер олар бітеліп қалған болса, тексерту және тазалату үшін сервис орталығына жүгінізіз.

Аккумулятор батареясы

Бұл автокөлік техникалық қызмет көрсетілмейтін аккумулятор батареясымен жабдықталады.

Аккумулятор батареясының заряды жеткіліксіз болған жағдайда, оны уақытылы зарядтау немесе ауыстыру қажет.

Аккумулятор батареясын ауыстыру қажет болған жағдайда оны кәдеге жарату үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Ескерту белгілері мен жапсырмалар

Радиатор қақағындағы ескерту жапсырмасы



Бұл белгі радиатор қақағында орналасқан. Ол қозғалтқыш ыстық кезінде радиатор қақағын ашуға тыйым салынатынын ескертеді. Әйтпесе салқындату сұйықтығы шашыраған жағдайда күйік шалу қаупі бар.

Мотор бөліміндегі ескертуші жапсырмалар



Жапсырмалар мотор бөлімінің алдыңғы қабырғасында немесе радиатор торының сәндік панелінде орналасады және келесідей ақпаратты қамтиды:

- › Кондиционер жүйесіне арналған салқындату агентінің маркасы мен көлемі туралы ақпарат.
- › Салқындату желдеткішінің кез келген уақытта қосылуы мүмкін екені және ешбір жағдайда қолдарды желдеткіштің қорғаныш қаптамасының астына сұғуға болмайтыны туралы ескерту. Бұл ережені сақтамау желдеткіш кездейсоқ қосылып кеткен жағдайда ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.

Аккумулятор батареясындағы ескертуші жапсырмалар

1-түр



2-түр



Бұл белгілер қайта зарядталатын батареяда орналасқан. Олар аккумулятор батареясын орнатар, шешіп алар және тексерер алдында келесі қауіпсіздік шараларын сақтау қажеттігін ескертеді.

- › Балаларға аккумулятор батареясына жақындауға тыйым салынады.
- › Аккумулятор батареясын қолданған немесе зарядтаған кезде жанғыш газ шығуы мүмкін, сондықтан оны жылу көздерінен және ашық оттан алшақ ұстау қажет. Олай болмаса, аккумулятор батареясы өртенуі немесе жарылуы мүмкін.
- › Аккумулятор батареясының ішінде коррозиялық белсенділігі жоғары сұйықтық бар.
- › Онымен жұмыс істеу кезінде қорғаныш көзілдірік киіңіз және өзге де сақтық шараларын сақтаңыз.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Сақтандырғышты ауыстыру

Егер қандай да бір электр құрылғысы жұмыс істемей тұрса, бұл сәйкес сақтандырғыштың күйіп кетуінен болуы мүмкін. Мұндай жағдайда төменде сипатталған тәртіпке сәйкес тексеру жүргізуге және қажет болса, сақтандырғышты ауыстыруға кеңес беріледі:

1. Барлық электр құрылғыларын өшіріңіз.
2. Оталдыру жүйесін өшіріңіз, тұрақ тежегішін қосыңыз және аккумулятор батареясының теріс клеммасын ажыратыңыз.

3. Сақтандырғыштар келесі жерлерде орналасқан:


> Мотор бөліміндегі релелер және сақтандырғыштар блогында (I тип)



91D9E1ACC337

Сақтандырғыштарға қол жеткізу үшін екі ілгегін басып тұрып, көтеру арқылы релелер мен сақтандырғыштар блогының қақпағын шешіп алыңыз.

> Мотор бөліміндегі релелер және сақтандырғыштар блогында (II тип)



967422FC8D9E

- Ⓐ Ілгек
- Ⓑ Бекіткіш

Сақтандырғыштар блогының қақпағын шешіп алу үшін алдымен ілгегін басып және көтеріп тұрып бір жағын ашыңыз, содан кейін екінші жағындағы бекіткішті ажыратыңыз да, қақпақты көтеріңіз.

> Сол жақта аспаптар тақтасының астында



CD1BC3202F36

Қол жеткізу үшін қақпақты шешіп алу қажет.

⚠ Назар аударыңыз

- › Судың немесе өзге сұйықтықтардың сақтандырғыштар блогына кіруіне жол бермеңіз, себебі бұл электр компоненттерінің зақымдалуына алып келуі мүмкін.
- › Сақтандырғыштар блогының қақпағын орнатқаннан кейін оның дұрыс бекітілгеніне көз жеткізіңіз. Қақпақ дұрыс орнатылмаған жағдайда блоктың ішіне ылғалдың немесе балшықтың кіруі сақтандырғыштар жұмысының тиімділігіне әсер етеді.

4. Сақтандырғыштарды шығарып алу үшін автокөлік жиынтығында жеткізілетін сақтандырғыштарға арналған арнайы қысқышты қолданыңыз. Сақтандырғыштар блогының қақпағындағы схемаға сәйкес ақаулы құрылғыға сәйкес келетін сақтандырғышты анықтаңыз және оны тексеріңіз.




3DB47F5BD17A

⚠ Назар аударыңыз

- › Қысқыш пен қосалқы сақтандырғыштар мотор бөліміндегі релелер мен сақтандырғыштар блогының қақпағында орналасқан.
- › Сақтандырғыштар блогының қақпағына электр тізбектері туралы сәйкес ақпарат қыстырылған, ол бойынша сақтандырғыш пен электр компонентінің сәйкестігін анықтауға болады.

› Ақаулық бірнеше сақтандырғыштың күйіп кетуінен туындауы мүмкін болғандықтан, оны жою үшін барлық сақтандырғыштарды тексеріп шығу қажет. Егер ақаулықты жою мүмкін болмаса, сервис орталығына хабарласыңыз.

5. Сақтандырғыштың ішіндегі балқымалы қыстырманың күйін тексеріңіз. Егер ол күйіп кетсе, сақтандырғыштың орнына дәл сондай қосалқы сақтандырғышты салу керек.



1 DE999FF7FC4

- Ⓐ Істеп тұрған сақтандырғыш
- Ⓑ Күйіп кеткен сақтандырғыш

⚠ Ескерту

Ауыстыру үшін жөнделген сақтандырғышты немесе номиналы басқа сақтандырғышты қолдануға тыйым салынады. Өйтпесе электр тізбегіне шектен тыс жүктеме түсуінің салдарынан өрт шығуы мүмкін.

6. Электр тораптарының дұрыс жұмыс істейтінін тексеріңіз.

i Хабарлама

Егер біршама уақыттан кейін қосалқы сақтандырғыш күйіп кетсе немесе электр құрылғысы бұрынғыша дұрыс жұмыс істемей тұрса, бұл автокөліктің электр жүйесінде күрделі ақаудың бар екенін көрсетеді. Бұл жағдайда сервис орталығына хабарласу қажет.

Алдыңғы әйнектазартқыш щеткаларын ауыстыру

Әйнектазартқыш щеткаларын жүйелі түрде қарап тексеріп жүріңіз және төмендегі жағдайлар туындаса, оларды ауыстырыңыз:

- › Щеткаларда жарықтардың болуы немесе резеңкенің ішінара қатаюы.
- › Әйнектазартқыш жұмыс істеп тұрған кезде, щеткалар әйнекте сызаттар қалдырады немесе оны тиісті түрде тазаламайды.

i Хабарлама


Әйнектазартқыштарды көтергенде немесе түсіргенде щеткалардың деформациялануын және бұзылуын болдырмау үшін оларды қатты тартуға тыйым салынады.

1. Автокөліктің қоректендіру жүйесін өшіріңіз және алдыңғы әйнектазартқыштың иінтірегін көтеріңіз.


Назар аударыңыз

Әйнектазартқыштың иінтіректері көтеріліп тұрғанда, капотты ашпаңыз. Әйтпесе капотты және әйнектазартқышты зақымдап алуыңыз мүмкін.

2. Әйнектазартқыш щеткасы мен пластмасса қосқыштың арасындағы бұрышты барынша ұлғайту үшін щетканы суретте көрсетілгендей көрсеткі бағытында бұраңыз.



3. Әйнектазартқыш иінтірегінен щетканы шешіп алыңыз.



- Ⓐ Әйнектазартқыш щеткасы
- Ⓑ Серпімді бекіткіш

Серпімді бекіткіштерді екі жағынан баса отырып, щетканы көрсеткімен көрсетілген бағытқа қарай тартыңыз және оны әйнектазартқыш иінтірегінен ажыратыңыз.

Назар аударыңыз

Әйнектазартқыш щеткасы орнатылмайынша, иінтіректі алдыңғы әйнекке түсіруге тыйым салынады, бұл әйнектің зақымдалуына алып келуі мүмкін.

4. Жаңа щетканы орнатыңыз және иінтіректі қайтадан әйнектің бетіне түсіріңіз.

Орнату ыңғайлы болуы үшін 2-қадамды орындаңыз және әйнектазартқыш щеткасы мен пластик жалғағыш арасындағы бұрышты барынша үлкейтіңіз.

Орнату аяқталғаннан кейін сенімді бекітілгеніне көз жеткізу үшін әйнектазартқышты жоғары-төмен жылжытып көріңіз.

Автокөлік фаралары

Автокөлік зауыттан шығар алдында алдыңғы құрамдасқан фараларға калибрлеу жүргізіледі. Егер автокөлік жүк тасымалдауға жиі қолданылатын болса, алдыңғы фараларды қайта калибрлеу қажет болуы мүмкін. Алдыңғы құрамдасқан фараларды мамандандырылған сервис орталығында калибрлету қажет.

Бөлшектерді ауыстыру

Шамдарды тексеру

Сыртқы жарықтандыру құрылғыларының күйін үнемі тексеріп отырыңыз. Күйіп кеткен шам көлікті басқаруды қиындатады және басқа жүргізушілерге ескерту сигналдарын беруге мүмкіндік бермейді, бұл қозғалыс қауіпсіздігіне теріс әсер етеді.

Шамдарды ауыстыру

Шамдарды ауыстыруды маман орындауы тиіс.

Әдеттегі жағдайда шамдарды өзіңіз ауыстырмаңыз; бұл үшін маманға хабарласыңыз. Себебі шамдарды ауыстыру үшін автокөліктің кейбір бөлшектерін шешіп алу қажет болады. Бұл әсіресе мотор бөлімі арқылы ауыстырылатын шамдарға қатысты. Сондықтан шамдарды сервис орталығында ауыстыртуға кеңес беріледі.

Ескерту

- › Шамдардың ішінде артық қысым болады, бұл ауыстыру кезінде шамның жарылып кетуіне және жарақат келтіруіне әкелуі мүмкін.
- › Егер автокөлік ксенон шамдарымен жабдықталған болса, шамдарды ауыстыру кезінде оларды қоспаңыз. Олай болмаса, жоғары кернеу ауыр жарақаттарға алып келуі мүмкін.
- › Сыртқы жарықтандыру құралдарының және сигналдық жабдықтардың құрылысын өзгертуге тыйым салынады.

- › Міндетті стандарттарда көзделмеген қосымша сыртқы жарықтандыру аспаптары мен сигнал шамдарын орнатуға тыйым салынады.

Автокөлік фараларының ішінен булануы

Автокөлікті жаңбырлы ауа райында жүргізген кезде, автокөлікті жуған кезде немесе осыған ұқсас өзге жағдайларда фаралардың әйнектері булануы мүмкін. Бұл фараның ішіндегі және сыртындағы температура айырмашылығына байланысты орын алады. Бұл құбылыс жаңбырлы ауа райында көлік жүргізген кезде көлік терезелерінің булануына ұқсас және қауіп болып табылмайды. Алайда егер фараның ішінде үлкен тамшылар пайда болса немесе су жиналса, оларды тексерту және жөндеу үшін сервис орталығына хабарласу қажет.

Назар аударыңыз

Фараларды зақымдап алмау үшін фаралардың сыртқы бетін тазалауға еріткіштерді немесе әсері күшті жуғыш құралдарды пайдаланбаңыз.

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Шиналарға күтім жасау

Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін шинаның моделі мен өлшемі автокөлігіңізге сәйкес келуі керек, шинаның протекторы жақсы күйде болуы керек, шинаның қысымы нормаға сәйкес келуі керек.



Ескерту

- › Тозу дәрежесі жоғары, зақымдалған, ауасының қысымы жеткіліксіз немесе артық шиналарды пайдаланбаңыз, себебі бұл апат жағдайына және жарақат алуға немесе тіпті кісі өліміне алып келуі мүмкін.

- › Осы нұсқаулықта келтірілген шиналардағы қысымды ұстау және оларға күтім жасау бойынша барлық нұсқауларды орындау қажет.
- › Шиналарды өртегенде улы газдар бөлінеді, сондықтан шиналарды тиісті жолмен кедеге жарату қажет.

Шиналардағы қысымды тексеру

Шиналардағы дұрыс қысым автокөліктің жақсы басқарылу сипаттамаларын қамтамасыз етеді, протекторлардың қызмет ету мерзімін ұзартады және жүргізу кезінде жайлылық сыйлайды.

Шиналардағы қысымның жеткіліксіздігі олардың әркелкі тозуына алып келеді, автокөліктің басқарылу сипатына және отын шығынына әсер етеді, сондай-ақ шектен тыс қызудың және ауаның ағып кету ықтималдығын тудырады.

Шиналардағы шектен тыс қысым автокөлікпен сапардың жайлылығын төмендетеді, сондай-ақ тегіс емес жол жабынында шиналардың зақымдалу ықтималдығын жоғарылатады және олардың әркелкі тозуына алып келеді.

Шиналардағы (қосалқы дөңгелекті қоса алғанда) ауа қысымын жүйелі түрде тексеріп тұруға кеңес беріледі.

Шиналардағы ауа қысымын шина суығаннан кейін өлшеу қажет. Қысымды қозғалыс тоқтағаннан кейін 3 сағаттан кейін ғана немесе сапар кезінде жүріп өткен қашықтық 1,5 км-ден аспаса, дәл өлшеуге болады. Егер сіз шиналардың қысымын ыстық күйде өлшесеңіз (бірнеше шақырым жүргеннен кейін), онда оның мәні суық күйдегі мәннен 30–40 кПа жоғары болады. Бұл қалыпты жағдай; мұндай жағдайда қысымды суық күйде күтілетін мәнге жеткенше шығаруға болмайды, өйткені соңында ол нормадан төмен болады.

Хабарлама


Тіпті шиналар өте жақсы күйде болса да, олардағы қысым айына 10–20 кПа түсіп отыруы мүмкін, сондықтан оларды жүйелі түрде тексеріп отыру қажет.

Хабарлама

Шинаның қысымын әрбір тексерген кезде сондай-ақ шиналарда зақымдану, тесілу белгілерінің болмауын қарап тексеру, шиналардың тозу дәрежесін және т. б. бағалау қажет. Келесі жағдайларда шиналарды дереу ауыстыру қажет:

- ▶ Шина протекторының немесе бүйір жағының зақымдануы немесе ісінуі.
- ▶ Протектордың шектен тыс тозуы.

Шиналардың тозуын тексеру



ABE909A51C10

- ④ Тозу индикаторлары
- ⑤ Тозу индикаторларының орналасу схемасы

Хабарлама

Тозу индикаторларының орналасқан жерінің суреті схемалық сипатта және анықтама ретінде ғана келтірілген. Автокөлігіңіздің нақты конфигурациясына қараңыз.

Тозған шиналарды мүмкіндігінше тезірек ауыстыру керек.

Жеткілікті терең емес протектор үлгісі немесе көрінетін тозу көрсеткіштері бар шиналарды пайдалану тежеу жолының ұлғаюына, рульмен басқару тиімділігінің төмендеуіне, шиналардың жарылуына және нәтижесінде апатқа әкелуі мүмкін.

Егер шиналардың біркелкі емес тозуы анықталса немесе қозғалыс кезінде тұрақты дірілдер сезілсе, тексерту үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Жаңа шиналарды орнатқан кезде қозғалыс кезінде барынша жайлылықты қамтамасыз ету және шиналардың қызмет ету мерзімін ұзарту үшін міндетті түрде дөңгелектерді теңгеру қажет.

Дөңгелектерді орындарын ауыстырып салу

Шиналардың қызмет ету мерзімін ұзарту және олардың тозуының біркелкілігін қамтамасыз ету үшін шиналардың қысымы мен тозуын кемінде айына бір рет тексеріп отыруға кеңес беріледі. Егер протектордың тереңдігінде 1,5 мм және одан көп айырмашылық бар болса, шиналардың орындарын ауыстырып салу қажет.

Шиналардың орнын ауыстырып салуды кәсіби маман орындауы тиіс. Бұл үшін сервис орталығына хабарласуға кеңес беріледі.

Дөңгелектерді теңгеру

Егер дөңгелектер теңгерілмеген болса, бұл автокөліктің басқарылуын нашарлатуы және шиналардың қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін. Дөңгелектердің теңгерімінің жоғалуы тіпті қалыпты пайдалану барысында да орын алады. Сондықтан теңгеру параметрлеріне сәйкес жүйелі түрде теңгеру жүргізіп отыру қажет.

Шиналардың жалпаюы

Жоғары температура жағдайларында автокөлік ұзақ уақыт тұрақта тұратын болса, шина жер бетімен жанасқан жерінде жеңіл деформацияға ұшырайды. Бұл «шиналардың жалпаюы» деп аталатын қалыпты жағдай. Шиналардың жалпаюы қозғалыс кезінде автокөліктің және рульдің діріліне алып келуі мүмкін. Қозғалыс кезінде шиналар біртіндеп қызады да, бастапқы пішініне келеді, сонда дірілдер тыйылады.

Автокөлік ұзақ уақыт тұрақта тұрған жағдайда шиналардың жалпаюын келесі тәсілдердің бірімен барынша азайтуға болады:

- » Шиналардағы қысымды арттырыңыз (шамамен 300 кПа мәніне дейін). Мұндай қысым қалыпты жүргізу үшін артық болып табылады. Автокөлікті пайдалануды бастамас бұрын шиналардағы қысымды ұсынылған мәндерге дейін азайтып алу қажет.
- » Автокөлікті кемінде 30 күн сайын орнынан 1 рет қозғап отырыңыз (ең оңтайлысы — 15 күн сайын 1 рет қозғау). Орнынан қозғау кезінде автокөліктің тіреу нүктелері кемінде 90°-қа бұрылуы тиіс.

Жаңа автокөліктердегі қорғаныш үлдір

Сатып алғаннан кейін жаңа автокөліктен қорғаныш үлдірін уақтылы шешіп алыңыз. Қорғаныш үлдір автокөліктің сыртына, мысалы, субұрғыш кесіктерге, А және В бағандарының қаптауыштарына және автокөліктің ішіне, мысалы, ішкі тығыздауыштарға, хромдалған қаптамаларға және т.б. жабыстырылады.

Шанаққа күтім жасау

Автокөлікті жуу

Автокөлікті жуу оның сыртқы түрінің сақталуына ықпал етеді, сондықтан оны жүйелі түрде жууға кеңес беріледі.

Хабарлама

Жәндіктердің іздері, құс саңғырығы, шайыр, жол және өнеркәсіп тозаңы, қарамай, күйе, мұзтайғаққа қарсы реагент және т. б. секілді коррозиялық заттар шанақтың бетінде ұзақ уақыт қалатын болса, лак-бояу жабынына күрделі залал келтіруі мүмкін. Жоғары температуралардың (мысалы, тікелей түсетін күн сәулелерінің) әсері коррозиялық әсерді күшейтуі мүмкін.

Лак-бояу жабынының бүлінуінен сақтану үшін автокөлікті толық жуғанға дейін күтпестен, шанақ бетінен кез келген агрессивті затты дереу кетіріп отырыңыз.

Автокөлікті тікелей түсетін күн сәулелерінің әсерінен тасада, көлеңкелі жерде жуу қажет. Егер автокөлік ұзақ уақыт күннің астында тұрған болса, жумас бұрын оны шанағының беті толық суығанша көлеңкеге ауыстырып қою қажет.

Жуу тәртібі

1. Шанақтың бетінде жапырақтар мен құс саңғырығының болмауына көз жеткізіңіз.

Шанақ бетінің тазалығы мен тегістігін қамтамасыз ету үшін мұндай ластануларды дереу кетіріп, бетті бірден таза сумен жуып отыру қажет.

2. Шанды кетіру үшін шанақты таза сумен жақсылап жуыңыз.

Автокөлікті жұмсақ щетканың, ысқыштың немесе жұмсақ шүберектің көмегімен сумен жуыңыз.

3. Жуу мен шаюды аяқтағаннан кейін, шанақты арнайы күдері шүберекпен немесе жұмсақ түкті сүлгімен құрғатыңыз. Автокөлікті табиғи түрде кептіруге қалдыруға болмайды, себебі бұл шанақтың көмескіленуіне және дақтардың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Назар аударыңыз

- › Автокөлікті жууға қышқылды, күшті сілтілі немесе күшті әсер ететін химиялық тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз. Белсенді тазартқыш құралдардың ұзақ уақыт әсер етуі шанақтың лак-бояу жабынының және сәндік беттердің күрделі коррозиясын тудыруы мүмкін, бұл автокөліктің сыртқы түріне кері әсер етеді.
- › Жуғаннан кейін, сондай-ақ жолдың су басқан аймақтарынан өткеннен кейін тежегіш педалін аздап басу арқылы тежеу жүйесінің жарамдылығын тексеру керек.
- › Тығыздауыштарға немесе құлып өзектеріне мұз қатып қалмауы үшін суық ауа райында кілт саңылауларын, есік саңылауларын және сол сияқты жерлерді жумаңыз.
- › Автокөлікті жуған кезде ішкі бөлігін жуу үшін отын құю аузының есігін ашуға тыйым салынады.
- › Автокөлікті жуар алдында әрдайым терезелерді жабыңыз және жоғары қысымды су арынын әйнектердің жиектеріне бағыттамаңыз. Бұл жоғары қысымды судың әсерінен тығыздауыштың деформациялануының және зақымдалуының және автокөлік ішіне судың кіруінің алдын алады.

Жылтырату

Жылтырату автокөліктің сыртқы түрін жақсы күйінде ұстауға ықпал етеді. Барынша жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін жылтыратар алдында автокөлікті жақсылап жуу керек.

Қазіргі уақытта жылтыратқыштардың көптеген түрлері бар. Таңдаған кезде мұқият болу қажет, өйткені сәйкес келмейтін балауызды пайдаланған жағдайда шанақтың дұрыс қорғанышының қамтамасыз етілмеуімен қатар лак-бояу жабынының түсі де өзгеруі мүмкін.

Әдетте автокөлік балауызының қолданылу ерекшеліктері, автокөліктің жасы, лак-бояу жабынының түсі және автокөліктің пайдаланылу жағдайлары сияқты факторларды ескеру қажет. Толық ақпарат алу үшін сервис орталығына немесе білікті маманға хабарласыңыз.

Лак-бояу жабынын қалпына келтіру

Шанақта жарықшақтар мен сызаттар бар не жоғын үнемі тексеріп отыру керек. Мұндай ақаулар анықталған жағдайда ақау орындарындағы металдың коррозияға ұшырауына жол бермеу үшін дереу лак-бояу жабынын қалпына келтіру қажет.

Лак-бояу жабынындағы тек кішкене кетіктер мен сызаттарды қалпына келтіруге болады. Үлкен аумақтың зақымдануын жөндеу үшін мамандарға хабарласыңыз.

Күңгірт лак-бояу жабындарына күтім жасау

Егер автокөлігіңізге күңгірт лак жағылған болса, оған күтім жасау және оны пайдалану келесідей түрде жүзеге асырылады:

- › Автокөлікті тазалауға қатты щеткалары бар автоматты жуу орындарын пайдалануға тыйым салынады: қатты щеткалар лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін. Автокөлікті жұмсақ ысқышпен, бейтарап жуу құралымен және судың көп мөлшерімен қолмен жууға кеңес беріледі.
- › Шанақты тазалаған кезде шектен тыс күш салмай немесе бетін ысқыламай, оны абайлап сүрту және шаю қажет, себебі бұл күңгірт жабынның зақымдалуына және жылтырдың біркелкі болмай қалуына алып келуі мүмкін.
- › Автокөлікті ұзақ уақыт бойы жиі жуу лак-бояу жабынының тым қатты немесе әркелкі жылтырауына алып келуі мүмкін.
- › Автокөлікті тікелей түсіп тұрған күн астында жуушы болмаңыз.
- › Лак-бояу жабынына бояу тазартқыштарын, ажарлағыш материалдар немесе жылтыратуға арналған құралдар (мысалы, жылтырату балауызын) қолданбаңыз, себебі бұл оны зақымдауы мүмкін.

- › Егер Сіз абайсызда лак-бояу жабынына автокөлік балауызын жағып қойған болсаңыз, оны абайлап басу арқылы және шектен тыс күш түсірмей дереу силиконды кетіруге арналған құралдың көмегімен кетіріңіз.
- › Бояуға шайырдың, майдың және басқа да майлы заттектердің тиюіне жол бермеңіз, себебі олар іздер қалдыруы мүмкін.
- › Автокөліктегі шайыр дақтарын шайырды кетіруге арналған құралдың көмегімен кетіруге болады.
- › Жәндіктердің және құстардың саңғырығы секілді ластауыштарды не тазалар алдында сумен жібітіп алып, не жоғары қысымды су пистолетінің көмегімен мұқият жуу арқылы автокөліктен уақтылы кетіріп отыру қажет. Егер мұндай ластауыш шанаққа берік жабысып қалған болса, оған жәндіктерді кетіруге арналған құралды себуге, содан кейін тазалап алуға болады.

Сұйықтықтардың жылыстауын тексеру

Қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін әрбір сапар алдында автокөлік астында отынның, майдың немесе басқа сұйықтықтардың жылыстау іздерінің бар-жоғын тексеруге кеңес беріледі. Жылыстау белгілері байқалған жағдайда диагностика жасату және жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін сервис орталығына жүгініңіз.

Ішкі қуыстарға арналған коррозияға қарсы балауыз

Қуыстарға балауыз жағу коррозияға қарсы технологиясы есіктердің, капоттың, табалдырықтардың және т.б. қуыстары секілді автокөліктің ішкі қуыстарына қолданылады және суды және коррозиялық заттектерді металға жанасудан тиімді оқшаулай алады. Ол беттердің беріктігі мен коррозияға қарсы қасиеттерін жоғарылату және автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін қолданылады.

Автокөлік жоғары температура жағдайларында немесе соқпалы жолдармен жүрген кезде қуыстардағы сары балауыздың артық бөлігі дренаждық саңылаулардан ағуы мүмкін, бұл қалыпты құбылыс болып табылады. Аққан жерлерді сүртіп алу және сатылымда бар жуғыш құралдың аз мөлшері қосылған ыстық сумен шаю арқылы кетіруге болады.

Салонға күтім жасау

Ескерту

Тазартқыш құралдардың құрамында зиянды компоненттер болуы және олар денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін. Салонды тазалау кезінде автокөліктің есіктерін немесе терезелерін ашып қоюға кеңес береміз. Тек автокөліктерге арналған тазартқыштарды қолданыңыз және қаптамадағы нұсқауларға назар аударыңыз.

Хабарлама

- › Электр жүйесі жұмысының бұзылуына жол бермеу үшін автокөлік салонының ішін тазалаған кезде судың немесе басқа сұйықтықтардың тікелей аспаптар тақтасының саңылауларына, еденде немесе оған жақын орналасқан электр құрылғыларына кіріп кетпеуін қадағалаңыз.
- › Автокөліктің еденін сумен жумаңыз, бұл шанақтың коррозиясына алып келуі мүмкін.

Еден жабыны

Еден жабынын шаң-тозаңнан шаңсорғыштың көмегімен жүйелі түрде тазалап отырыңыз. Шаң-тозаңның жиналуы еден жабынының тез тозуына алып келуі мүмкін.

Жуғыш құралдың көмегімен жүйелі түрде тазалау еден жабынының бастапқы тазалығын ұстап отыруға ықпал етеді. Еден жабындарын тазалау үшін көбіктенетін тазартқыш құралдарды пайдаланған жөн. Мүмкіндігінше еден жабынының сулануына жол бермеңіз. Көбіктенгіш құралды сумен ерітпеңіз.

Текстильді материалдар

Салонның текстильді элементтерін шаң-тозаңнан және ластауыштардан шаңсорғыштың көмегімен жүйелі түрде тазалап отыру қажет.

Ластанғаннан кейін дақтың әрмен қарай таралуына жол бермеу үшін матаны дереу тазалап алу қажет. Күйіне байланысты барынша көбірек дақтарды ұқыппен кетіру үшін тазалау кезінде келесі әдістерді қолданыңыз.

Сұйық дақтар: дақтың қалдықтарын абайлап қағаз сүлгімен сорып алыңыз, дақтың қағаз сүлгіге барынша сіңуіне мүмкіндік беріңіз.

Құрғақ дақтар: ластанған жерді барынша кетіріп алыңыз да, содан кейін шаңсорғышпен тазалаңыз.

Ластану дәрежесіне байланысты егер қосымша тазалау қажет болса, келесі әдісті пайдаланыңыз:

1. Ақ түсті түксіз мақта матаны таза суға малып алыңыз.
2. Мақта матаны жартылай құрғағанша (суы тамшылап тұрмағаны жөн) сығыңыз.

3. Мақта матаның бетінде дақтың ізі қалғанға дейін дақты ұқыппен шетінен ортасына қарай бірнеше рет сүртіңіз.
4. Табиғи жолмен кептіріңіз.

Хабарлама

Егер дақ қатты сіңіп қалған болса, оны жұмсақ бейтарап сабын ерітіндісімен немесе маталарды тазалауға арналған құралмен кетіріңіз, құралдың нұсқаулықтарын орындаңыз. Тазалаудан кейін сабын ерітіндісінің немесе жуғыш құралдың артық мөлшерін матадан жуып кетіру үшін жоғарыда сипатталған әрекеттерді қайталаңыз, содан кейін табиғи жолмен кебуге мүмкіндік беріңіз.

Назар аударыңыз

- › Беткі ластануларды өткір заттармен қырмаңыз және ысқыламаңыз, бұл матаны зақымдауы мүмкін.
- › Күшті еріткіштерді, мысалы, әйнектерді тазалауға арналған құралдарды қолданбаңыз.
- › Мотор майы секілді тұрақты дақтарды толық кетіру қиын болады.

Былғары беттер

Шаңсорғыштың көмегімен жүйелі түрде шаң-тозаңын және ластауыштарын тазалап отырыңыз (әсіресе тігістері мен бүктелген жерлерін).

Былғары беттерді ылғал жұмсақ шүберекпен тазалауға болады, содан кейін құрғақ жұмсақ мата кесіндісімен жылтырату қажет. Одан әрі мұқият тазалау үшін былғары бұйымдарға арналған арнайы тазартқыш құралды пайдалануға болады.

Тазартқыш құралды пайдаланғаннан кейін былғары бетті дереу құрғақ жұмсақ матаның көмегімен сүртіп шығу қажет. Тазартқыш құралдарға малынған шүберектерді салон элементтерінің бетіне қойып қалдырмаңыз. Кейбір жуғыш құралдар материалдардың түсінің оңуына немесе тыстама талшықтарының бұзылуына алып келуі мүмкін.

Былғары беттерді тазалау үшін спирт секілді органикалық заттары бар сұйықтықтар, бензин, қышқылды немесе сілтілі ерітінділер пайдалануға тыйым салынады. Тазалау кезінде щеткаларды, қатты ысқыштарды және беті қатты басқа да құралдарды пайдалануға тыйым салынады. Былғары беттерге силиконды немесе гельді жастықтар қоюға тыйым салынады, себебі олар былғарының қатаюына және жарылып кетуіне алып келуі мүмкін.

Жасанды күдері

Күдері материалдың бетіндегі шаңды жұмсақ щетканың, құрғақ шүберектің немесе шаңсорғыштың көмегімен жүйелі түрде тазалап отырыңыз.

Күдері материалдың бетінде дақтар пайда болған жағдайда келесі өңдеу ережелерін сақтау керек:

- › Дақты кетіrmес бұрын алдымен дақтағы қақты кетіріңіз. Егер бетінде қою азық-түліктердің (мысалы, йогурттың, тосаптың және т.б.) дақтары қалған болса, оларды қырғышпен немесе қатты пластинамен қырып алыңыз. Сұйық дақтар үшін ақ сіңіргіш қағазды немесе губканы қолданыңыз.
- › Сүртуге таза суы сығылған ақ түсті шүберекті немесе ысқышты пайдаланыңыз.
- › Тазалау кезінде жасанды күдері беттің шектен тыс ылғалдануына жол бермеңіз. Қажет болса, бетті шүберекпен немесе ысқышпен бірнеше рет сүртіңіз.
- › Жеке дақтарды дереу жою керек. Дақтың одан әрі таралуына жол бермеу үшін оны дақтың шетінен ортасына қарай сүртіңіз.
- › Сүрту кезінде бетті баспаңыз, әйтпесе дақ үлкеюі немесе материалға терең сіңіп кетуі мүмкін.

- › Тазартқыш құралдарды қолданған жағдайда оларды жасанды күдеріден жасалған материалдың бетіне тікелей жақпаған жөн. Еріткіш негізіндегі сілтілі немесе алкогольді тазартқыштарды қолдануға тыйым салынады.
- › Жасанды күдеріден жасалған материал толық кепкеннен кейін қалпына келтіру үшін бетін жұмсақ щеткамен жеңіл тазалауға болады.

Резеңке элементтер

Қоршаған ортаның әсер етуіне байланысты резеңке бөлшектер ластануы және көмескі тартуы мүмкін. Оларды, әсіресе олардың үйкеліске ұшырайтындарын жүйелі түрде резеңкеге күтім жасауға арналған арнайы құралмен өңдеу қажет.

Зақымдануынан және шудың пайда болуынан сақтану үшін резеңке тығыздағыштарды силиконы бар құралдармен өңдемеген жөн. Тек суды және арнайы жуғыш құралдарды ғана пайдаланыңыз.

Пластик элементтер

Хабарлама

Құрамында спирті немесе еріткіштері бар сұйықтықтарды (нитроеріткіштер, салқындатқыш тазартқыш құралдар, жанғыш заттектер, парфюмерия және косметикалық құралдар секілді) пайдалану пластик бөлшектердің бетінің бүлінуіне алып келуі мүмкін. Оларды аздап суланған микроталшықты жұмсақ шүберекпен тазалау керек.

Пластик бөлшектерге атап айтқанда келесілер жатады: шамдардың шыны қалпақтары, желдету саңылауларының дефлекторлары және интерьердің боялған бөлшектері.

Терезелер

Терезе әйнектерінің ішкі және сыртқы беттерін терезелерді жууға арналған құралмен тазалаңыз, содан кейін жұмсақ матаның немесе қағаз сүлгінің көмегімен әйнектерді және пластмасса беттерді құрғатып сүртіңіз.

Назар аударыңыз

Егер артқы терезе қыздырғыш жіптермен жабдықталған болса, ысқылау кезінде шектен тыс күш түсіру оларды ығыстырып жіберуі немесе зақымдауы мүмкін. Сондықтан әйнекті қыздырғыш жіптердің бойымен ұқыпты қимылдармен сүрту қажет.

Қауіпсіздік белбеулері

- › Ластанған қауіпсіздік белбеуін орташа температурадағы сабын ерітіндісінің көмегімен тазалауға болады. Құрамында хлор бар өнімдерді, бояғыштарды және еріткіштерді қолдануға болмайды, себебі бұл қауіпсіздік белбеуінің қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

Сапар алдында қауіпсіздік белбеулерін ашық ауада кептіру керек.

- › Қауіпсіздік белбеуінің бағыттауыш сақинасына шаңның жиналуы оның тартылуын баяулатуы мүмкін. Бұл жағдайда бағыттауыш сақинаның ішкі бетін орташа температурадағы сабын ерітіндісімен тазарту қажет.

Коррозияның алдын алу шаралары

Коррозияның пайда болу жылдамдығына әсер ететін факторлар

- › Шанақтың астыңғы жағында кірдің, шаңның немесе мұздың жиналуы коррозияны тездетеді.
- › Қиыршық тастың әсерінен немесе кішігірім соқтығысулардан бояулар мен басқа қорғаныш жабындарының тұтастығының бұзылуы.
- › Ылғалдылығы жоғары аймақтарда, сондай-ақ ауа температурасы қату нүктесінен төмен түспейтін аймақтарда коррозия тезірек пайда болады.

- › Өнеркәсіптік шығарындылар, теңіз жағалауындағы аймақтардың тұзды ауасы және жол реагенттерінде тұздардың шектен тыс қолданылуы да автокөліктің лак-бояу жабынының бұзылуын және шанақтың коррозияға ұшырауын үдетеді.
- › Жоғары температура нашар желдетілетін бөлшектердің коррозиясын тездетеді.

Автокөлікті коррозиядан қорғау

- › Автокөлікті жақсы желдетілетін және құрғақ жерге тұраққа қойыңыз.
- › Автокөлікті таза ұстаңыз, оны үнемі таза суық сумен және бейтарап жуғыш заттармен жуып отырыңыз.
- › Лак-бояу жабынын зақымдарға қатысты үнемі тексеріп және оларды мүмкіндігінше тезірек жойып отырыңыз.
- › Шанақтың астыңғы бөлігінде құмның, балшықтың немесе мұздың жиналып қалмауын тексеріп, қажет болса, оларды сумен тазалап алыңыз.
- › Кілемшелердің асты құрғақ және таза екеніне көз жеткізу үшін автокөліктің ішкі бөлігін жүйелі түрде тексеріп отырыңыз.

Химиялық заттарды, жуғыш құралдарды, тыңайтқыштарды, тұздарды және т. б. тасымалдаған кезде ерекше абай болыңыз, бұл үшін сәйкес келетін контейнерлерді пайдаланыңыз. Егер сұйықтықтардың төгілгені немесе жылыстағаны байқалса, оларды дереу тазалап алыңыз және құрғақтықты қамтамасыз етіңіз.

- › Су жиналмауы үшін есіктердегі дренаждық тесіктердің тазалығын сақтаңыз.
- › Егер шанақтың бетіне құс саңғырығы, шайыр, жәндіктер, асфальт, цемент, өнеркәсіптік тозаң, тас көмір қарамайы, бензин, бензол немесе басқа да осыған ұқсас материалдар тиген болса, оларды алғашқы мүмкіндік туындаған сәтте тазалап алу қажет.
- › Егер Сізге мұзтайғаққа қарсы реагент қолданылатын жолдармен, сортаң топырақты жерлермен, су жағалауымен және тұзының мөлшері көп басқа да жерлермен жиі жүруге тура келсе, тұщы сумен автокөліктің астыңғы бөлігіндегі тұз шөгінділерін уақытылы жуып отыру және күтім жасау бойынша қосымша шаралар қолдану, мысалы, жүріс бөлігіне арналған қорғаныш орнату қажет.
- › Егер Сіз қиыршық тасты жолдармен жиі жүрсеңіз, дөңгелек доғаларына шашыратқыштарды орнатуды ұсынамыз.

Автокөлікті ұзақ сақтау

Тұрақ орнын тұрақта тұрған кезде автокөліктің күйі нашарламайтындай және келесі жолы қозғалтқышты оталдырудың жеңілдігі қамтамасыз етілетіндей етіп таңдау қажет. Мүмкіндігінше автокөлікті жабық тұраққа қойыңыз.

Автокөлікті ұзақ уақыт (бір айдан ұзақ) тұраққа қою қажет болса, дайындық шараларын жүргізіңіз:

- › Қосымша отын құйыңыз.
- › Шанақты мұқият жуыңыз және құрғатыңыз.
- › Таза және құрғақ күйде ұстау үшін салонды тазалаңыз.
- › Тұрақ тежегішін бұғаттан шығарып, дөңгелектерге тіреу қойыңыз.
- › Бір жақтан терезелерді сәл ашыңыз (үй-жайдың ішінде тұрған кезде).
- › Аккумулятор батареясының теріс клеммасын ажыратыңыз.
- › Әйнектазартқыш щеткаларының астына алдыңғы әйнекке тимейтіндей етіп бүктелген сүлгі немесе шүберек қыстырыңыз.
- › Жабысып қалмауы үшін барлық есік тығыздауыштарын силикон майлағышпен өңдеңіз.

- › Көлікті мақта матадан немесе ауа өткізетін басқа материалдан жасалған тысқаппен жабыңыз. Пластик үлдір секілді ауа өткізбейтін материалдар ылғалды жинақтайды және автокөлік шанағының лак-бояу жабынын зақымдауы мүмкін.
- › Мүмкіндік болса, қозғалтқышты жүйелі түрде іске қосып, жұмыс температурасына жеткенше қыздыру керек.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Техникалық қызмет көрсету қажеттігі:

- › Техникалық қызмет көрсету автокөлігіңіздің ағымдағы күйін диагностикалауға мүмкіндік береді.

Жұмыс барысында автокөліктің барлық бөлшектері тозатыны сөзсіз. Автокөлікті жүргізу қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін жоспарлы техникалық байқаулардан уақытылы өту, тиісінше қызмет көрсету және жөндеу жүргізу қажет. Бұл Сіздің автокөлігіңізге пайдалану сипаттамаларын барынша ұзақ сақтауға мүмкіндік береді.

- › Техникалық қызмет көрсетуден өту автокөлікті сенімді әрі уайымсыз пайдалануыңызға мүмкіндік береді.

Техникалық қызмет көрсету кезінде құрамдас бөлшектердің күйін бағалауға және қажетті профилактикалық жөндеуін жүзеге асыруға және сол арқылы ықтимал ауыр күрделі мәселелердің алдын алуға болады.

Бұл Сізге автокөлікке қызмет көрсету орталығына келесі жоспарлы сапарға дейін автокөлікті сенімді пайдалануға мүмкіндік береді.

- › Техникалық қызмет көрсету автокөлікті пайдалану шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.
- › Техникалық қызмет көрсету автокөліктің қызмет ету мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Тежегіш қыспақтары, шиналар, сондай-ақ автокөліктің кейбір басқа бөлшектері жұмыс кезінде тозып, пайдалану қасиеттерін жоғалтады.

Тозу шегіне жеткен бөлшектер мен құрамдас бөліктерді одан әрі пайдалану ақаулардың туындауына себеп болып, тіпті жол-көлік апатына әкелуі мүмкін. Сондықтан жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден уақытылы өту қажет.

Техникалық қызмет көрсету автокөлікті жөндеуге қатысты мәселелерді азайтуға мүмкіндік береді.

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету түрлері

Күнделікті тексеріс және күтім

Автокөлікті күнде пайдаланған кезде оның иесі автокөлікті тексеріп, оған күтім жасауы тиіс. Автокөлікті тексеру және оған күтім жасау ауқымын және жиілігін автокөлік жүріп өткен жол мен пайдалану уақыты негізінде, сондай-ақ оның қозғалыс кезіндегі жағдайын бағалау арқылы көлік иесі анықтайды. Автокөлікпен ұзақ жолға шығар алдында, сондай-ақ автокөлікті жуу немесе отын құю кезінде оны тексеруге және күтім жасауға кеңес беріледі.

Автокөлікті техникалық тексерістен өткізуге дайындық кезіндегі қауіпсіздік шаралары және тексеріс жүргізілетін орынға қойылатын талаптар:

- › Жүргіншілердің немесе автокөліктің қозғалысына кедергі келтіретін жерлерде тексеру жүргізуге тыйым салынады.
- › Жерлерде тексеруді жүргізбеңіз, себебі автокөлік орнынан қозғалып кетіп, жарақат келтіру қаупі туындайды.

- Жарақаттанып қалмау үшін, тексеруді деңгелектер толығымен айналып болғаннан кейін және автокөлікті тұрақ тежегішіне қойғаннан кейін ғана бастаңыз.

Автокөліктің мотор бөлімін тексеру кезіндегі қауіпсіздік шаралары:

- Қозғалтқыш оталып тұрғанда байқауды жүргізуге болмайды — бұл өте қауіпті.
- Оталдыру жүйесі қосылып тұрғанда тексеру жүргізбеңіз — бұл жарақаттануға алып келуі мүмкін.
- Күйіп қалмас үшін қозғалтқыш өше салысымен бірден газ шығаратын түтік пен радиаторға қол тигізбеңіз.
- Өрт шықпауы үшін мотор бөліміне бөгде заттарды, әсіресе қағазды, матаны және басқа да тез тұтанатын материалдарды салуға тыйым салынады.
- Ақаулар туындамауы үшін құбыршектер мен сымдарды ажыратуға тыйым салынады.

Тексеру нысандары мен тексеріс тәртібі:

- Капотты (қозғалтқыш бөлімін) ашыңыз
 - тежегіш сұйықтығының деңгейі
 - қозғалтқыштағы майдың деңгейі
 - салқындату сұйықтығының деңгейі
 - жуу сұйықтығының деңгейі
- Автокөліктің сыртын қарап тексеру
 - шиналардағы қысым

- шиналардың жарықтары, зақымдары
 - шина протекторының тереңдігі, шамадан тыс тозу
 - жарықтандыру аспаптарының ластануы, зақымдалуы
- Жүргізушінің орнында
 - тұрақ тежегішінің жұмыс істеуі
 - қозғалтқыш жұмысы
 - тежегіш педалінің жұмысы
 - жуу сұйықтығын беру
 - әйнекжуғыштардың жұмысы
 - жарықтандыру жүйесі мен бұрылыс көрсеткіштерінің жұмысы
 - Қозғалыс кезінде
 - тежеу жүйесінің жұмысы
 - қозғалтқыштың төмен жылдамдықта және үдеу кезіндегі жұмысы
 - бір күн бұрын анықталған ақауларды тексеру

Автокөлікке жоспарлы техникалық қызмет көрсету:

Автокөлік иесі <https://haval-motor.kz> ресми сайтында <https://haval-motor.kz/ru/owners/service/regulations-to/> сілтемесі бойынша ТҚК регламенттері блогында көрсетілген мерзімдерге және көлемге қатаң сәйкестікте автокөлікке жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өтіп отыруы тиіс

Автокөлікке техникалық қызмет көрсету

Күтпеген залал туындамауы үшін,
сондай-ақ жоспарлы техникалық қызмет
көрсетуден өту үшін автокөлікке кепілді
қызмет көрсету мүмкіндігін сақтау
мақсатында тек Haval Motor
Kazakhstan Компаниясының сервис
орталықтарына хабарласыңыз.

Жоспарлы техникалық қызмет
көрсетуден кейін Haval Motor
Kazakhstan компаниясының сервис
орталығының қызметкерлері техникалық
қызмет көрсету талонына тиісті белгі
қойып, оны Haval Motor
Kazakhstan компаниясының сервис
орталығының мөрімен куәландыруы
тиіс.

Техникалық сұйықтықтарды тексеру пункттері

1. Май деңгейін тексеру:

Мотор майының деңгейін үнемі тексеріңіз және оны регламентке сәйкес ауыстырыңыз. Тексеруді елемеу қозғалтқыштың айналу бөліктерін нашар майлауға, ақаулардың туындауына және майдың жетіспеуі немесе оның ескіруі себебінен қозғалтқыштың зақымдалуына әкелуі мүмкін.

2. Тежегіш сұйықтығының деңгейін тексеру

Бақтағы сұйықтық деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс. Егер тежегіш сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасындағы күйге дейін көтерілгенше үстемелеп құю, сондай-ақ тежеу жүйесінде сұйықтықтың аққан жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

3. Салқындату сұйықтығының деңгейін тексеру

Бақтағы сұйықтық деңгейін жүйелі түрде тексеріп тұрыңыз. Ол жоғарғы және төменгі белгілер арасында болуы тиіс. Егер салқындату сұйықтығының деңгейі төменгі белгіден төмен болса, ол төменгі және жоғарғы белгілер арасындағы күйге дейін көтерілгенше үстемелеп құю, сондай-ақ салқындату жүйесінде сұйықтықтың аққан жерлерінің бар-жоғын тексеру қажет.

Ауыр пайдалану жағдайлары

Ауыр пайдалану жағдайларында мотор майы мен май сүзгісін жиірек ауыстыруға, техникалық сұйықтықтардың деңгейін әр 1000–2000 км сайын тексеріп отыруға кеңес беріледі;

Ауыр пайдалану шарттарына мыналар жатады:

1. Жоғары жүктемелермен сапар шегу.
2. Қозғалтқыштың бос айналыммен ұзақ жұмыс істеуі немесе ұзақ қашықтықтарға төменгі айналыммен жүру, автокөлікті шаңды жолдарда және ойлы-қырлы жерде ұзақ уақыт пайдалану

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік

Бензинді қозғалтқышы бар автокөлікке бірінші техникалық қызмет көрсетуді қайсысының бұрын орын алатынына қарай 10 000 км жол жүргеннен немесе 12 ай өткеннен кейін жүргізіңіз. Ары қарай қайсысының бұрын орын алатынына қарай әр 10 000 км жүрілген жол немесе пайдаланудың 12 айы сайын. Техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының сервис орталығына уақтылы барыңыз.

Дизельді қозғалтқышы бар автокөлікке бірінші техникалық қызмет көрсетуді қайсысының бұрын орын алатынына қарай 5 000 км жол жүргеннен немесе 6 ай өткеннен кейін жүргізіңіз. Екінші техникалық қызмет көрсету қайсысының бұрын орын алатынына қарай 10 000 км жол жүргеннен немесе 12 ай өткеннен кейін. Ары қарай қайсысының бұрын орын алатынына қарай әр 10 000 км жүрілген жол немесе пайдаланудың 12 айы сайын. Техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының сервис орталығына уақтылы барыңыз.

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік

Бензинді қозғалтқышы бар автокөлікке бірінші техникалық қызмет көрсетуді қайсысының бұрын орын алатынына қарай 10 000 км жол жүргеннен немесе 12 ай өткеннен кейін жүргізіңіз. Ары қарай қайсысының бұрын орын алатынына қарай әр 10 000 км жүрілген жол немесе пайдаланудың 12 айы сайын. Техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының сервис орталығына уақтылы барыңыз.

Дизельді қозғалтқышы бар автокөлікке бірінші техникалық қызмет көрсетуді қайсысының бұрын орын алатынына қарай 5 000 км жол жүргеннен немесе 6 ай өткеннен кейін жүргізіңіз. Екінші техникалық қызмет көрсету қайсысының бұрын орын алатынына қарай 10 000 км жол жүргеннен немесе 12 ай өткеннен кейін. Ары қарай қайсысының бұрын орын алатынына қарай әр 10 000 км жүрілген жол немесе пайдаланудың 12 айы сайын. Техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының сервис орталығына уақтылы барыңыз.

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:

Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:

Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:

Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:

Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:

Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:

Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өту туралы куәлік

Бензинді қозғалтқышы бар автокөлікке бірінші техникалық қызмет көрсетуді қайсысының бұрын орын алатынына қарай 10 000 км жол жүргеннен немесе 12 ай өткеннен кейін жүргізіңіз. Ары қарай қайсысының бұрын орын алатынына қарай әр 10 000 км жүрілген жол немесе пайдаланудың 12 айы сайын. Техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының сервис орталығына уақтылы барыңыз.

Дизельді қозғалтқышы бар автокөлікке бірінші техникалық қызмет көрсетуді қайсысының бұрын орын алатынына қарай 5 000 км жол жүргеннен немесе 6 ай өткеннен кейін жүргізіңіз. Екінші техникалық қызмет көрсету қайсысының бұрын орын алатынына қарай 10 000 км жол жүргеннен немесе 12 ай өткеннен кейін. Ары қарай қайсысының бұрын орын алатынына қарай әр 10 000 км жүрілген жол немесе пайдаланудың 12 айы сайын. Техникалық байқаудан және қызмет көрсетуден өту үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының сервис орталығына уақтылы барыңыз.

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

Жоспарлы техникалық қызмет көрсету туралы белгі

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету күні:

Ағымдағы техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Келесі техникалық қызмет көрсету сәтіндегі жүріп өткен қашықтық:

Сервис орталығының өкілі:
Сервис орталығының мөрі:

[illegible]

7

Кепілді техникалық қызмет көрсету

Кепілдік міндеттемелер жайлы ақпарат	332
Шанақты тексеру	337
Кепілдік туралы нені білу керек	340
Автокөлік иесінің міндеттері	345
Одометрді ауыстыру картасы	346
Автокөлік туралы ақпараты бар тіркеу картасы	349
Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасы	353
Ерекше белгілер	355
Сату алдындағы дайындық	356

Жалпы ережелер

Әрбір жаңа автокөлік иесіне берілмес бұрын Haval Motor Kazakhstan компаниясы анықтаған тәртіпке сәйкес сатылымға дейінгі дайындық пен тексеруден өтеді. Сатушы ұйым автокөлікті сатар алдында сервис кітапшасында міндетті түрде белгі қоя отырып, сату алдындағы дайындық бойынша кешенді жұмыстар жүргізгеннен кейін автокөлікті сізге сатуға міндетті.

Автокөлігіңіздің ұзақ қызмет етуі сервис кітапшасында көзделген уақытылы қызмет көрсетуге толықтай байланысты болады.

Кепілдік міндеттемелер жайлы ақпарат

Haval Motor Kazakhstan компаниясы ұсынатын кепілдік міндеттемелері өкілетті Дилерден сатып алған әрбір автокөлікке таралады. Кепілдік кезеңі автокөлікті бірінші сатып алушыға табыстаған күннен есептеле бастайды. Автокөлік тиісінше қолданылған жағдайда төмендегі әр бөлімде көрсетілген мерзім немесе жүріп өткен қашықтық ішінде зауыттық ақау (автокөлікті өндіру кезінде сапасыз материалдарды қолдану немесе өндіру технологиясын бұзу) салдарынан жарамсыздық себептері туындаса, Haval Motor Kazakhstan компаниясының кез келген уәкілетті Дилері осы бөлімде келісілген автокөліктің жарамсыз бөліктерін жөндеуге немесе ауыстыруға міндетті. Жөндеу немесе ауыстыру әдісін Дилер анықтайды. Кепілдік бойынша ауыстырылған бөлшектер және тораптар дайындаушы зауыттың меншігіне айналады. Кепілдік мерзім түрінде белгіленсе, кепілдік кезеңі жаңа автокөлікті бірінші сатып алушыға берген күннен бастап есептеледі. Жаңа автокөлікті бірінші сатып алушыға беру күні осы сервис кітапшасында келтірілген автокөлікті тіркеу картасында көрсетіледі.

Кепілдік Жүріп өткен қашықтық түрінде белгілеген кезде, жүріп өткен қашықтық сапа бойынша шағым-талап берген күнгі одометр көрсеткіштері бойынша анықталады. Одометр істен шықса, шағым-талап берген күні жүріп өткен қашықтықты анықтау мүмкін болмаса, жүріп өткен қашықтық жеке бастың, отбасылық, үй шаруасы қажеттіліктері және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес басқа қажеттіліктер үшін сатып алынған автокөліктерге айына 4 000 км есебінен анықталады, ал кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін сатып алынған автокөліктер үшін айына 10 000 км есебінен анықталады. Одометр істен шыққан жағдайда автокөлік иесі одометрді ауыстырту үшін Haval Motor Kazakhstan компаниясының сервис орталығына жүгінуі тиіс. Haval Motor Kazakhstan компаниясының Өкілетті Дилері осы сервис кітапшасында келтірілген «Одометрді ауыстыру картасына» белгі қоюы және өз мөрін басуы тиіс.

Автокөліктің қызмет ету мерзімі 6 жылды құрайды.



Назар аударыңыз

Ақаулы автокөлікті пайдалануға қатаң тыйым салынады!

Жаңа автокөлікке кепілдік

Егер анықталған жарамсыздық зауыттық ақауға байланысты туындаса (автокөлікті өндірген кезде сапасыз материалдарды қолдану немесе өндіру технологиясын бұзу), кепілдік ресми Дилерден сатып алынған әрбір автокөліктің бөліктері мен бөлшектеріне қолданылады. Кепілдік кезеңі қайсысы ертерек туындайтынына байланысты 5 жылды немесе 150 000 км жүріп өткен қашықтықты құрайды (тез тозатын бөлшектерге арналған кепілдіктен басқа). Автокөлікті пайдалану нәтижесінде анықталған немесе туындаған барлық кепілдікке кіретін ақауларды HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының ресми Дилері жояды.

Кепілдік міндеттемелер жайлы ақпарат

Тез тозатын бөлшектерге кепілдік

Уақыт/жүрілген жол (қайсысының ертерек болатынына байланысты)	Спецификация
1 ай / 1 000 км	Әйнектазартқыш щеткалары
2 ай / 3 000 км	Шамдар (ерекшелік: жарықдиодты көмескі жарығы бар аспаптар, ксенон шамдар), әйнектер
6 ай / 5 000 км	Қашықтан басқару пультіне арналған қуат элементтері, май сүзгісі, отын сүзгісі, ілініс бөлшектері, бітелер, тежегіш қыспақтары, тежегіш дискілері, кәдімгі реле (басқару блогын қоспағанда)
12 ай / 20 000 км	Оталдыру аккумулятор батареялары 12 вольт (тиісті пайдаланылған және штаттан тыс жабдық болмаған жағдайда)
24 ай / 50 000 км	Автокөліктің барлық хромдалған бөлшектері, сондай-ақ жылтыр металдандырылған жабыны (өртүрлі әдістермен жағылған) бар бөлшектер
Кепілдік мыналарға қолданылмайды	Шиналар, ауаны хош иістендіру жүйесінің картридждері, сақтандырғыштар, сүзгілер (ауа сүзгісі, кондиционер сүзгісі), аспаның және газ шығару жүйесінің элементтерінің коррозиясы

Қосалқы бөлшектерге берілетін кепілдік

Түпнұсқа қосалқы бөлшектерге берілетін кепілдік мерзімі

Автокөліктерге орнатылған немесе ресми Дилерлер орнатпай, сатып алушыларға сатқан барлық жаңа түпнұсқа қосалқы бөлшектер автокөлікке орнатылған күннен бастап немесе жүріп өту қашықтығы шектелмейтін сатылған күннен бастап есептелетін 12 айлық (тез тозатын бөлшектерден басқа) кепілдікпен қамтамасыз етіледі (тіісінші пайдаланбаудың немесе қосалқы бөлшектерді дұрыс орнатпаудың себебінен туындаған ақаулардан басқа). Бұл ретте, егер түпнұсқа қосалқы бөлшек автокөлікке берілген кепілдік аясында ауыстырылған болса, онда ауыстырылған қосалқы бөлшек үшін кепілдік мерзімі автокөлікке берілген кепілдік мерзімімен бір уақытта аяқталады. Егер қосалқы бөлшекке берілген кепілдік шеңберінде бөлшек ауыстырылған болса, онда оның кепілдік мерзімі түпнұсқа қосалқы бөлшекке белгіленген кепілдік мерзімі аяқталған кезде аяқталады.

Шанаққа және лак-бояу жабынына қолданылатын коррозияға қарсы кепілдік

Лак-бояу жабынына берілетін кепілдік

Егер беттің зақымдануы зауыттық ақаулардан (сапасыз материалдарды пайдалану немесе өндіріс технологиясын бұзу) туындаған болса, лак-бояу жабынына берілетін кепілдік автокөлік шанағының барлық боялған бөліктеріне (түбі мен пайдаланылған газды шығару жүйесін қоспағанда) қолданылады.

Көлік иесі Пайдалану нұсқаулығында айтылған автокөлікке күтім жасау бойынша ұсыныстарды сақтаған жағдайда, лак-бояу жабынына кепілдік мерзімі 5 жылды немесе 150 000 км жүрілген жолды құрайды.

Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік

Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік, өтпелі коррозия сапасыз материалдарды пайдалану немесе өндіріс технологиясын бұзу салдарынан туындаса да, барлық металл панельдерге қолданылады. Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік мерзімі жүріп өткен жолына қарамастан, 6 жылды құрайды.

Ресми дилерлердің сервис орталықтарына барған кезде шанақты жыл сайын тексеру өтпелі коррозияға қарсы кепілдік міндеттемелерін орындаудың міндетті шарты болып табылады. Бұл ретте Дилер Сервис кітапшасында тиісті жазбалар жасауы тиіс. Автокөлікті тексеру барысында дилерлік желінің мамандары шанақтың күйін және тиісті жұмыстарды орындау қажеттігін анықтайды. Олар көлік иесіне сыртқы әсерден (сызаттар, жарықтар және бояудың жарықшақтары) туындаған, коррозияның болашақ ошағына айналуы мүмкін анықталған ақаулар туралы хабарлайды және Сервис кітапшасына тиісті жазбалар енгізеді.

Кепілдік міндеттемелер жайлы ақпарат

Өтпелі коррозияға қарсы кепілдік құқығын сақтау үшін Автокөлік иесі тексеруден кейін 3 апта ішінде түпнұсқа бөлшектер мен материалдарды пайдалана отырып, Haval MOTOR KAZAKHSTAN белгілеген технологияға сәйкес өз есебінен жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін ресми Дилердің шанақты жөндеу мамандарына жүгінуі керек.

Егер осы нұсқаулар орындалмаса, Автокөлік иесі өтпелі коррозияға қарсы кепілдік құқығын жоғалтады.



Назар аударыңыз

«Өтпелі коррозия» термині шанақта материалдың немесе өндірістің бастапқы ақауына байланысты қорғаныш жабынының астында шанақ металының коррозиясы нәтижесінде пайда болған шанақтағы өтпелі саңылаудың барын білдіреді. «Шанақ» анықтамасына дөңгелек дискілері мен жылтыратылған сәндік бөлшектер, бамперлер, молдингтер және топсалар сияқты бөліктер кіргізілмеген.

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- | | |
|------------------------|---------------------------------|
| ● құм, тас қиыршықтары | ■ шанақ зақымданған |
| ○ майысқан, дөңес жер | # лак-бояу жабыны зақымданған |
| + сызат | ► автокөліктің түбі зақымданған |

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- | | |
|---|--------------------------------|
| ☐ керемет | ☐ жақсы |
| ☐ қанағаттандырарлық | ☐ жаман |

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- | | |
|-----------------------------|------------------------------|
| ☐ иә | ☐ жоқ |
|-----------------------------|------------------------------|

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- | | |
|------------------------|---------------------------------|
| ● құм, тас қиыршықтары | ■ шанақ зақымданған |
| ○ майысқан, дөңес жер | # лак-бояу жабыны зақымданған |
| + сызат | ► автокөліктің түбі зақымданған |

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- | | |
|---|--------------------------------|
| ☐ керемет | ☐ жақсы |
| ☐ қанағаттандырарлық | ☐ жаман |

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- | | |
|-----------------------------|------------------------------|
| ☐ иә | ☐ жоқ |
|-----------------------------|------------------------------|

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Шанақты тексеру

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- | | |
|------------------------|---------------------------------|
| ● құм, тас қиыршықтары | ■ шанақ зақымданған |
| ○ майысқан, дөңес жер | # лак-бояу жабыны зақымданған |
| + сызат | ► автокөліктің түбі зақымданған |

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- | | |
|---|--------------------------------|
| ☐ керемет | ☐ жақсы |
| ☐ қанағаттандырарлық | ☐ жаман |

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- | | |
|-----------------------------|------------------------------|
| ☐ иә | ☐ жоқ |
|-----------------------------|------------------------------|

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- | | |
|------------------------|---------------------------------|
| ● құм, тас қиыршықтары | ■ шанақ зақымданған |
| ○ майысқан, дөңес жер | # лак-бояу жабыны зақымданған |
| + сызат | ► автокөліктің түбі зақымданған |

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- | | |
|---|--------------------------------|
| ☐ керемет | ☐ жақсы |
| ☐ қанағаттандырарлық | ☐ жаман |

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- | | |
|-----------------------------|------------------------------|
| ☐ иә | ☐ жоқ |
|-----------------------------|------------------------------|

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- | | |
|------------------------|---------------------------------|
| ● құм, тас қиыршықтары | ■ шанақ зақымданған |
| ○ майысқан, дөңес жер | # лак-бояу жабыны зақымданған |
| + сызат | ► автокөліктің түбі зақымданған |

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- | | |
|---|--------------------------------|
| ☐ керемет | ☐ жақсы |
| ☐ қанағаттандырарлық | ☐ жаман |

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- | | |
|-----------------------------|------------------------------|
| ☐ иә | ☐ жоқ |
|-----------------------------|------------------------------|

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Графикалық кескін барлық модельдерге қолданылады



Тиісті таңбаны пайдаланып, тексеру нәтижесін белгілеу

- | | |
|------------------------|---------------------------------|
| ● құм, тас қиыршықтары | ■ шанақ зақымданған |
| ○ майысқан, дөңес жер | # лак-бояу жабыны зақымданған |
| + сызат | ► автокөліктің түбі зақымданған |

Шанақтың жыл сайынғы тексерісі

Автокөліктің жалпы күйі

- | | |
|---|--------------------------------|
| ☐ керемет | ☐ жақсы |
| ☐ қанағаттандырарлық | ☐ жаман |

Бұрын анықталған зақымдар түзетілді

- | | |
|-----------------------------|------------------------------|
| ☐ иә | ☐ жоқ |
|-----------------------------|------------------------------|

Пікір

Күні

Одометр көрсеткіштері, км

сервис орталығының мөрі мен қолы

Шиналар

Жаңа автокөлікке бастапқыда орнатылған шиналарға берілетін кепілдікті шина өндірушісі ұсынады.

Мерзімді техникалық қызмет көрсету

Ресми дилерден мерзімді техникалық қызмет көрсету кепілдік берудің міндетті талабы және Haval Motor Kazakhstan компаниясы белгілейтін және осы сервис кітапшасында көрсетілген талаптарға сәйкес орындалуы тиіс.

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер

Түпнұсқа қосалқы бөлшектер – бұл сапа тексерісінен өткен, тікелей ұсынылатын немесе Haval Motor Kazakhstan компаниясы бекіткен қосалқы бөлшектер. Тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалану қауіпсіздік мақсатында қатаң міндетті болып табылады және автокөліктің жалпы пайдалану шығындарын азайтуға көмектеседі. Кепілдік тек түпнұсқа қосалқы бөлшектерге қолданылады.

Конструкцияны өзгерту

Haval Motor Kazakhstan компаниясы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автокөліктерді кері шақыру науқанын жүргізу, шығарылған автокөліктердің конструкциясы мен спецификацияларына өзгертулер енгізу немесе сатылған автокөліктерге

өзгертулер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Кепілдік төменде аталған жағдайлардан туындаған кемшіліктерге қолданылмайды:

1. Автокөлікті басқа мақсаттарда, мысалы, жарыстар, ралли, уақытқа тексеру үшін қолдану, сондай-ақ автокөліктің толық рұқсат етілген салмағынан асып кету, тиісті жабдықтары жоқ тіркемені және рұқсат берілген салмақтан асатын тіркемені сүйреу үшін қолдану;
2. жол-көлік оқиғалары;
3. автокөліктің бақылау жүйелерінің дилердің уәкілетті сервистік станцияларына бару қажеттігі туралы нұсқауларына қарамастан, клиенттің жарамсыз автокөлікті уәкілетті дилерге жөндеуге кешіктіріп беруі немесе бермеуі;
4. Haval Motor Kazakhstan компаниясының алдын ала келісімін алмай, автокөлікті толық/қайта жабдықтау, жинақтамасына өзгерістер енгізу;
5. жылыстауды уақытылы анықтамауға немесе отынды артық шығындауға байланысты, Haval Motor Kazakhstan компаниясы ұсынбаған пайдалану материалдары мен отынды қолдану нәтижесінде пайдалану материалдары жетіспеген кезде (мысалы, тежегіш немесе салқындату сұйықтығы, май немесе

- жағармай) автокөліктің қозғалуы нәтижесінде зақымдалуы;
6. «Сервис кітапшасында» және «Пайдалану нұсқаулығында» сипатталғандай тиісті техникалық қызмет көрсетпеу;
7. біліктілігі жоқ тұлғалардың жөндеуі немесе техникалық қызмет көрсетуі;
8. тиісінше күтім жасамау және сақтамау; автокөліктің қуатын немесе типін өзгерту;
9. оське түсетін жүктеменің рұқсат берілген мәндерінің, сүйретілетін жүктің ең көп салмағының шамадан асып кетуі;
10. сәйкес келмейтін отынды, құйылатын сұйықтықтар мен майларды қолдану;
11. арнайы құралды қолданбай бөлшектеу кезіндегі сыртқы әсер ету (мысалы, былғары руль тырналған), рульдің механикалық құлыптағышынан былғарыдағы майысқан жерлер, соққыдан немесе механикалық әсер етуден ағаш элементтердегі зақымдалу іздері;
12. мыналардың нәтижесінде туындаған ақауларға, жарамсыздықтарға немесе коррозияға:
- » қышқылдардың немесе сілтілердің әсері;
 - » өнеркәсіптік немесе химиялық шығарындылардың, ауаның қышқылды немесе сілтілі ластауыштарының, өсімдік шырынының, құстардың саңғырығы мен жануарлардың тезек
- қалдықтарының, ағаш шайырының, тұздардың (оның ішінде жол тұзының), мұзға қарсы реагенттердің, бұршақтың, жаңбырдың, желдің және өзге де табиғи құбылыстардың, қиыршық тастардың, тастардың, металл бөлшектердің немесе басқа объектілердің әсері;
13. сервис кітапшасының нұсқауларына сәйкес техникалық қызмет көрсетудің белгіленген регламентін сақтамау;
14. автокөліктерді такси, жеткізу, оқыту қызметі және т. б. ретінде қолдану;
15. түпнұсқа емес аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді пайдаланудан туындаған зақым (түпнұсқа емес қосалқы бөлшектерге (аксессуарларға) және осындай қосалқы бөлшектерді (аксессуарларды) пайдалану нәтижесінде келген зақымдарға кепілдік қолданылмайды);
16. сату алдындағы дайындыққа кіретін операциялар;
17. «Пайдалану нұсқаулығында» және «Көлік иесінің міндеттері» бөлімінде келтірілген автокөлікке күтім жасау ережелерін бұзу;
18. форс-мажор жағдайлары (найзағай, өрт, табиғат апаттары, жер сілкінісі, әскери іс-қимылдар, тәртіпсіздіктер, лаңкестік әрекет және т. б.);

19. автокөлік пен оның элементтерінің сипаттамалары мен жұмысқа қабілетіне ықпал етпейтін әлсіз бөтен дыбыстар, шу, діріл. Нығыздауыштар мен тығыздамалар аймақтарында майлы дақтардың түзілуі;
20. сыртқы және ішкі әрлеу бөлшектерінің, лак-бояу жабынының табиғи тозуы;
21. кез келген жанама зақым: автокөлікті қолданудың мүмкін болмауы, ыңғайсыздықтар және қаржылық шығындар;
22. көлік иесі жазбаша түрде алдын ала хабардар болған ақауы бар автокөліктер;
23. климаттық және физикалық жағдайлардың нәтижесінде туындаған жарықтандыру аспаптарында ылғалдың конденсациялануына кепілдік қолданылмайды;
24. аспа, руль, трансмиссия бөлшектерінің және басқа да бөлшектердің автокөлікті оның бөлшектеріне соққылы жүктемелердің түсірілуіне алып келетін тегіс емес жол төсемімен басқару, соның ішінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес пайдаланушылық күйіне қойылатын талаптарға сай келмейтін жолдармен және көшелермен пайдалану нәтижесінде туындаған бөтен дыбыстар, ақаулар және зақымдар;

Мыналарға да назар аударыңыз:

1. Автокөліктерді пайдалану кезеңінде оларға техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ төмендегі әрекеттерді орындау, автокөлікке тиісінше күтім жасамау, апаттар, тозу, сыртқы және өзге де факторлардың әсері салдарынан туындайтын ақауларды жою, төменде көрсетілген бөлшектерді жөндеу және ауыстыру кепілдік міндеттемелерге кірмейді және автокөлік иелері үшін ақылы түрде жүргізіледі:

- › отын жүйесін тазарту;
- › ілінісу механизмін реттеу;
- › дөңгелектерді орнату бұрыштарын реттеу;
- › қозғалтқыштың компьютерлік диагностикасы;
- › шиналарды ауыстыру жұмыстарын жүргізу;
- › дөңгелектерді теңгеру;
- › фаралар жарығының бағытын реттеу;

сондай-ақ төмендегілер кепілдік міндеттемелерге кірмейді және автокөлік иелері үшін ақылы түрде жүргізіледі: шығыс материалдарын, қалыпты пайдалану кезінде пайдаланылатын немесе тозуға және бұзылуға ұшырайтын басқа элементтерді ауыстыру, жөндеу немесе қалпына келтіру, оның ішінде:

- › сүзгілер;

- › оталдыру және қыздыру білтелері;
 - › бүрікіш форсункалар;
 - › балқығыш сақтандырғыштар;
 - › жетек белдіктері;
 - › шамдар және олардың функциясын атқаратын элементтер;
 - › электрқозғалтқыштардың, генераторлардың, стартердің щеткалы тораптары;
 - › тежегіш қыспақтары;
 - › майлар;
 - › салқындату сұйықтығы;
 - › ілінісу мен тежегіш гидрожетегінің сұйықтығы;
 - › консистенттік жағармайлар;
 - › электролит;
 - › салқындатқыш агент;
 - › әйнектер мен фара жуғышқа арналған сұйықтық;
 - › отын;
 - › әйнектер;
 - › салон қаптамасы мен ішкі өрлеу;
 - › гальвандық жабыны бар бөлшектер;
 - › амортизаторлар;
 - › серіппелер;
 - › орындықтар;
 - › дөңгелек дискілері, шиналар;
 - › әйнектазартқыш щеткалары;
 - › тежегіш қосылыстары немесе қыспақтары, дискілері;
 - › ілінісу дискілері;
 - › резеңке бөлшектер: құбырлар, белдіктер, тығыздағыштар, келте құбырлар, тұрақтандырғыш төлкелер, сайлент-блоктар, манжеттер, тозаңдықтар және т. б.
2. Өндірушінің кепілдігі көлік құралдарының келесі санаттарына таралмайды: Арнайы мақсаттағы автокөліктер; Такси ретінде, жарыстарда, сынақтарда немесе жүргізуді үйрету үшін пайдаланылатын немесе жалға алу үшін пайдаланылатын көлік құралы; Өндірушінің рұқсатынсыз түрлендірілген және өзгертілген және көлік құралының түрін мақұлдау сертификатына (КҚТМС) сәйкес келмейтін көлік құралы; Занды тұлғаға тиесілі және жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдардан тыс пайдаланылатын көлік құралы.
 3. Реттеу, бақылау-диагностика жұмыстары автокөлік иесінің есебінен жүргізіледі.
 4. Автокөлікке кепілді қызмет көрсету оның иесі «АВТОКӨЛІК ИЕСІНІҢ МІНДЕТТЕРІ» бөлімінде көрсетілген міндеттерін тиісінше орындаған жағдайда жүргізіледі.

5. Көлік құралын жеткізу бойынша шығыстар автокөлікке эвакуатордың жету мүмкіндігі болмаған жағдайда, атап айтқанда, автокөлік жолының және/немесе қатты жабыны бар жолдың болмауына байланысты, сондай-ақ т/ж көлігімен жеткізу, су кедергісінен өткізіп жеткізу (паром), әуе жолымен жеткізу және өткіштігі жоғары арнайы техникамен жеткізу тікелей Көлік иесі (сенім білдірілген тұлғасы) тарапынан жеткізу бойынша қызметтерді орындаушыға төленеді.

Автокөлік иесінің міндеттері:

1. Осы сервис кітапшасында және «Пайдалану нұсқаулығында» сипатталған автокөлікті пайдалану және техникалық қызмет көрсету бойынша ұсыныстарды сақтау.
2. Кепілдік бойынша жөндеу үшін автокөлікті ресми Дилерге ұсыну.
3. Осы сервис кітапшасының «Техникалық қызмет көрсету» бөлімінде сипатталған талаптарға сәйкес автокөлікке техникалық қызмет көрсету. Дилерге қажет болған жағдайда автокөлікке техникалық қызмет көрсетілгені туралы жазбаларды сақтау.
Қосалқы бөлшектерге кепілдік оларды орнатуға тиісті құжаттар болған кезде ғана қолданылады.
4. «Пайдалану нұсқаулығында» көрсетілген барлық ұсыныстарды мұқият орындау;
Автокөлікті үнемі жуып, шанақты қорғағыш құралдармен өңдеу;
6. Шанақта жол тұзының, құмның, асфальттың, гудронның, ағаш шайырының және лак-бояу жабынына зақым келтіруі мүмкін басқа да заттардың қалдықтары табылған жағдайда оларды дереу алып тастап, уақытылы және өз есебінен шанақтың лак-бояу жабынының жоғарыда аталған кез келген зақымын жою.
7. Автокөлік иесі ауысқан жағдайда, сондай-ақ автокөлік және/ немесе оның иесі туралы ақпарат өзгерген кезде осы сервис кітапшасында келтірілген Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасында көрсетілген ақпаратты тіркеу үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының өкілетті Дилеріне дереу хабарласу.

Одометрді ауыстыру картасы

Одометрді ауыстыру картасы

Одометр ақаулы болған жағдайда оны ауыстырту үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының сервис орталықтарына жүгініңіз.

Одометрді ауыстыру туралы жазба

Ауыстырылған күні:

Ескі одометрдің көрсеткіштері (км):

Жаңа одометрдің көрсеткіштері (км):

Сервис орталығының атауы:

Сервис орталығының мөрі:

Одометрді ауыстыру картасы

Одометр ақаулы болған жағдайда оны ауыстырту үшін HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының сервис орталықтарына жүгініңіз.

Одометрді ауыстыру туралы жазба

Ауыстырылған күні:

Ескі одометрдің көрсеткіштері (км):

Жаңа одометрдің көрсеткіштері (км):

Сервис орталығының атауы:

Сервис орталығының мөрі:



Автокөлік туралы ақпараты бар тіркеу картасы

Бірінші данасы дилерде сақталады

Көлік иесі туралы ақпарат

Көлік иесінің ТАӨ/компанияның атауы:

Төлқұжат нөмірі/компанияның тіркеу нөмірі:

Қалалық телефон:

Мобильді телефон:

E-mail:

Пошта индексі:

Толық мекенжайы:

Автокөлік туралы ақпарат

Моделі:

Сәйкестендіру нөмірі (VIN-код):

Қозғалтқыш нөмірі / электрқозғалтқыш моделі:

Түсі:

Жинақтамасы:

Шығу күні:

Автокөлік берілген күн:

Дилердің қолы

Қолы/мөрі:

Күні:

Көлік иесінің қолы

Қолы/мөрі:

Күні:

7

Келілді техникалық қызмет көрсету



Автокөлік туралы ақпараты бар тіркеу картасы

Екінші данасы нұсқаулықта сақталады

Көлік иесі туралы ақпарат

Көлік иесінің ТАӨ/компанияның атауы:

Төлқұжат нөмірі/компанияның тіркеу нөмірі:

Қалалық телефон:

Мобильді телефон:

E-mail:

Пошта индексі:

Толық мекенжайы:

Автокөлік туралы ақпарат

Моделі:

Сәйкестендіру нөмірі (VIN-код):

Қозғалтқыш нөмірі / электрқозғалтқыш моделі:

Түсі:

Жинақтамасы:

Шығу күні:

Автокөлік берілген күн:

Дилердің қолы

Қолы/мөрі:

Күні:

Көлік иесінің қолы

Қолы/мөрі:

Күні:



Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасы

Көліктің жаңа иесі туралы ақпарат

Көлік иесінің ТАӨ/компанияның атауы:

Төлқұжат нөмірі/компанияның тіркеу нөмірі:

Қалалық телефон:

Мобильді телефон:

E-mail:

Пошта индексі:

Толық мекенжайы:

Автокөлік туралы ақпарат:

Моделі:

Сәйкестендіру нөмірі (VIN-код):

Қозғалтқыштың нөмірі:

Түсі:

Нөмірлік белгісі:

Жүрген жолы:

☐ Ауысым ☐ Пошта мекенжайының өзгеруі ☐ Қосымша берілді

Көлік иесінің қолы

Сервис орталығы өкілінің қолы:

Бұрынғы
иесінің қолы:

Сервис орталығы
(мөр):

Жаңа
иесінің қолы:

Күні: жылы айы күні

Күні: жылы айы күні

7

Келілді техникалық қызмет көрсету

Көлік иесінің ауысқанын тіркеу картасы

Көліктің жаңа иесі туралы ақпарат

Көлік иесінің ТАӨ/компанияның атауы:

Төлқұжат нөмірі/компанияның тіркеу нөмірі:

Қалалық телефон:

Мобильді телефон:

E-mail:

Пошта индексі:

Толық мекенжайы:

Автокөлік туралы ақпарат:

Моделі:

Сәйкестендіру нөмірі (VIN-код):

Қозғалтқыштың нөмірі:

Түсі:

Нөмірлік белгісі:

Жүрген жолы:

☐ Ауысым

☐ Пошта мекенжайының өзгеруі

☐ Қосымша берілді

Көлік иесінің қолы

Сервис орталығы өкілінің қолы:

Бұрынғы
иесінің қолы:

Сервис орталығы
(мөр):

Жаңа
иесінің қолы:

Күні: жылы айы күні

Күні: жылы айы күні

Күні	Сипаттамасы

Сату алдындағы дайындық

Автокөлікті иесіне берер алдында сатуға дейінгі дайындық жүргізілді.

HAVAL MOTOR KAZAKHSTAN компаниясының
ресми дилерінің мөрі мен қолы

8

Техникалық деректер

Автокөлікті сәйкестендіру 358

Автокөлік параметрлері 361

Автокөліктің жабдықтауы

Осы нұсқаулықта автокөліктердің берілген сериясының стандартты жабдықтары, ұлттық стандарттарға сәйкес жинақтамаға кіретін жабдықтар, сондай-ақ автокөліктің нақты бір моделіне арналған арнайы жабдықтар сипатталғанына назар аударыңыз. Сондықтан осы нұсқаулықта сипатталған кейбір жабдықтардың түрлері мен функциялары сіздің автокөлігіңіздің жинақтамасына кірмеуі немесе тек белгілі нарықтар үшін шығарылатын автокөліктерде қолданылуы мүмкін. Автокөлігіңіздің жинақтамасы туралы ақпаратты автокөлікті сатып алған кезде Сізге берілген құжаттардан таба аласыз немесе оны өкілетті дилерден сұратуыңызға болады.

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN) — бұл келесі жерлерде басылған автокөліктің бірегей сәйкестендіру коды:

- › Аспаптар тақтасының жоғарғы сол жағында




91D1B79537E6

- › Оң жақ лонжеронның алдыңғы жағында



362E8D0917A4

- › Алдыңғы оң жақ есіктің ортаңғы бағанының төменгі бөлігінде орналасқан автокөліктің сәйкестендіру тақтайшасында



64C273F0372D

Хабарлама

Автокөліктің сәйкестендіру нөмірі туралы ақпаратты автокөліктің диагностикалық ағытпасына диагностикалық сканерді жалғау арқылы электрондық басқару блогынан оқуға болады.

Қозғалтқыш нөмірі

GW4D24



43596C1C88A7

Қозғалтқыш нөмірі цилиндрлер блогының суретте көрсетілген жерінде нақышталған.

Хабарлама

Қозғалтқыштың моделі мен нөмірі сондай-ақ қозғалтқыштың алдыңғы бөлігінде газды үлестіру механизмі жетегінің қақпағындағы жапсырмада көрсетілген.

GW4C20B



C3D19A94FB23

Қозғалтқыш нөмірі цилиндрлер блогының суретте көрсетілген жерінде нақышталған.

Хабарлама

Қозғалтқыштың моделі мен нөмірі сондай-ақ қозғалтқыштың алдыңғы бөлігінде газды үлестіру механизмі жетегінің қақпағындағы жапсырмада көрсетілген.

GW4D20M



4889C61DD3AC

Қозғалтқыш нөмірі цилиндрлер блогының суретте көрсетілген жерінде нақышталған.



Хабарлама

Қозғалтқыштың моделі мен нөмірі сондай-ақ қозғалтқыштың алдыңғы бөлігінде газды үлестіру механизмі жетегінің қақпағындағы жапсырмада көрсетілген.

Негізгі параметрлер

Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, коммерциялық атауы, санаты, көлік құралының жасалған жылы, экологиялық класы, рұқсат етілген максималды массасы және басқа да параметрлері секілді қосымша негізгі ақпарат көлік құралының паспортында көрсетіледі.



Назар аударыңыз

Осы нұсқаулықта көрсетілген барлық параметрлер, арнайы белгіленгендерінен немесе бөлек тізімделгендерінен өзге, стандарт жинақтамасы бар модельдерге жатады. Арнайы жабдықтары бар автокөліктердің және басқа елдерге арналып шығарылған автокөліктердің кейбір параметрлерінде көрсетілгендерден айырмашылық болуы мүмкін. Автокөлікпен бірге жеткізілетін құжаттарда көрсетілген параметрлерге сүйенген жөн.

Динамикалық сипаттамалар

GW4D24 қозғалтқышы

Параметр	Деректер
Қозғалтқыш түрі	Турбоурлегіші бар дизельді қозғалтқыш
Қозғалтқыштың айналу жылдамдығындағы максималды пайдалы қуат [кВт / айн / мин]	135/3600
Қозғалтқыштың айналу жылдамдығындағы максималды пайдалы айналдыру сәті(Н·м/айн/мин)	480/1500-2500
Ең жоғары еңсерілетін өр [%]	45

Автокөлік параметрлері

GW4C20B қозғалтқышы

Параметр	Деректер
Қозғалтқыш түрі	Турбоүрлегіші бар бензинді қозғалтқыш
Қозғалтқыштың айналу жылдамдығындағы максималды пайдалы қуат [кВт / айн/мин]	160/5500
Қозғалтқыштың айналу жылдамдығындағы максималды пайдалы айналдыру сәті(Н·м/айн/мин)	380/1800-3600
Ең жоғары еңсерілетін өр [%]	40

GW4D20M қозғалтқышы

Параметр	Деректер
Қозғалтқыш түрі	Дизельді қозғалтқыш
Қозғалтқыштың айналу жылдамдығындағы максималды пайдалы қуат [кВт / айн/мин]	120/3600
Қозғалтқыштың айналу жылдамдығындағы максималды пайдалы айналдыру сәті(Н·м/айн/мин)	400/1400-2600
Ең жоғары еңсерілетін өр [%]	45

Шиналардың техникалық сипаттамалары

Параметр		Деректер
Спецификация	Стандартты шиналар	265/60R18 110H, 265/60R18 114H
	Қосалқы дөңгелек	
Шиналардағы қысым		Алдыңғы есіктің сол жақ бағанының астыңғы бөлігіндегі шиналар қысымы бар тақтайшаны қараңыз
Сырғытпайтын шынжырлар	Спецификация	ТПУ шынжырлар, T150 моделі
	Орнату орны	Артқы дөңгелектер

Дөңгелек параметрлері

Параметр			Деректер
Динамикалық теңгеру параметрлері	Біржақты [г]		≤ 8
	Екіжақты (жиынтық) [г]		≤ 15
Дөңгелектердің орнатылу бұрыштары	Артқы дөңгелектер	Артқы дөңгелектердің орнату бұрышы	$0^\circ \pm 30'$ (бүйірлік ауытқу $\leq 30'$)
		Артқы дөңгелектердің түйісу бұрышы	$0^\circ \pm 30'$ (бүйірлік ауытқу $\leq 30'$)
	Алдыңғы дөңгелектер	Шүберіннің бойлық көлбеу бұрышы	$3,5^\circ \pm 30'$ (бүйірлік ауытқу $\leq 30'$)
		Алдыңғы дөңгелектердің орнату бұрышы	$11' \pm 30'$ (бүйірлік ауытқу $\leq 30'$)
		Алдыңғы дөңгелектердің түйісу бұрышы	$5^\circ \pm 5'$ (бүйірлік ауытқу $\leq 2'$)
		Шүберіннің көлденең көлбеу бұрышы	$12,2^\circ \pm 30'$ (бүйірлік ауытқу $\leq 30'$)

Аспа сипаттамалары

Параметр	Деректер
Алдыңғы аспа	Қос көлденең иінірекке орнатылған тәуелсіз аспа
Артқы аспа	Бойлық рессорлары бар тәуелді аспа

Автокөлік параметрлері

Тежеу жүйесінің параметрлері

Параметр		Деректер
Тежегіш педалі	Еркін жүріс [мм]	10,3 ±1
Алдыңғы тежегіш қыспақтары (үйкелістік жапсырма)	Минималды рұқсат етілген қалыңдық [мм]	2
Артқы тежегіш қыспақтары (үйкелістік жапсырма)	Минималды рұқсат етілген қалыңдық [мм]	2
Алдыңғы тежегіш дискісі	Минималды рұқсат етілген қалыңдық [мм]	29
Артқы тежегіш дискісі	Минималды рұқсат етілген қалыңдық [мм]	20
Артқы тежегіш барабаны	Максималды рұқсат етілген ішкі диаметрі [мм]	212

Майлар мен сұйықтықтардың параметрлері

Автокөлік иесі <https://haval-motor.kz> ресми сайтында <https://haval-motor.kz/ru/owners/service/regulations-to/> сілтемесі бойынша ТҚК регламенттері блогында көрсетілген рұқсаттамаларға сәйкес келетін майлар мен сұйықтықтарды пайдалануы тиіс.